- 4.Жарықбаев К.Б.Развитие педагогической мысли дореволюционном Казахстане. Дисс.докт.пед.наук.- Киев, 1982.
5. Ахметов Т.Ә. Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары. Пед.ғыл.канд...дисс.-Алматы, 2003.- 148 б.
6. Құнанбаев А. Шығармалары.-Алматы:Жазушы, 1968.-568 б.
7. Алтынсарин Ы.Таңдамалы шығармалары.-Алматы: Ғылым,1994-285 б.
8. Әбиев Ж. Педагогика тарихы: Оқу құралы. -Алматы:Дарын,-2006-480 б.
9. Латицкий О.И.Педагогические условия саморазвития личности учащихся гимназии. Автореф. ... дисс.канд.пед.наук.-Хабаровск,2000.-55с.
10. Пустовалов В.М. Духовно-нравственное становление личности будущего учителя: теория и практика. Автореф. ... дисс. канд. пед. наук.-Оренбург,2000-68 с.
11. Тілеуова С.С. Болашақ ұстаздарды оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыруға тәрбиелеу. Автореф. ... пед.ғыл.канд.ғыл.дәреж. алу үшін дайынд.дисс.Алматы,1994-61 б.
12. Ергалиева Г.А. Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде студенттердің өзің-өзі тәрбиелеуінің педагогикалық шарттары. Пед.ғыл.канд.дисс.-Атырау,2006-150 б.
13. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ// ұлттық идеямыз – мәңгілік ел! //Егемен Қазақстан- 2014.-№18
14. Ким А.М. Духовно-нравственное воспитание личности студентов в ВУЗЕ.//Қорқыт Ата атын. Қызылорда мемлекеттік университетінің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектер жинағы.-Қызылорда, 2017.-678 б.
15. Таубаева Ш.Т,ИманбаевС.Т,Солтанов К.М.Рухани адамгершілік құндылықтар-тұлғаның өзіндік дамуының факторы Абай атын. //ҚҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдар» сериясы, -Алматы,- 2017.-№1(53)

МРНТИ 14.25.09

Ж.Ә. Таңатарова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 3 курс докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ҒЫЛЫМНЫҢ ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІСІ РЕТİNДЕ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада қазақстандық патриотизм - елдің, мемлекеттің даму шарттарының бірі ретінде қарастырылады. Өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, балалық шақ пен жастық - патриоттық сезімді сіңіру үшін ең оңтайлы жас, ол қалыптасатын жас. Зерттеудің өзектілігі қазақстандық мектеп оқушыларының – республиканың болашақ азаматтарының патриотизм, елдің үдемелі дамуы және Қазақстан азаматтарының қоғамдық санасын жаңғырту жағдайындағы патриоттық дәрежесі туралы ұсынымдарын талдау қажеттілігінен туындап отыр.

Қазақстанның мемлекеттік егемендікке ие болуы қоғам алдына өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру міндетін қойды. Мектеп жұмысы оқушының белгілі бір біліммен ғана қарулануына емес, білім беру саласындағы негізгі құжаттармен және жобалармен қойылған міндеттерді шешуге, яғни жаңа Қазақстанның патриотын, азаматын тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

**Түйін сөздер:** патриотизм, ғылым, нысана, қазақстандық патриотизм, бастауыш сынып, фактор, дәстүр, құндылық, жауапкершілік, тәрбие, міндет, арнайы курс.

Ж.А. Танатарова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>докторант 3-курса по специальности 6D010200 – Педагогика и методика начального обучения, КазНПУ имени Абая

## КАЗАХСТАНСКИЙ ПАТРИОТИЗМ КАК ОБЪЕКТ ИССЛЕДОВАНИЯ НАУКИ

*Аннотация*

Патриотизм граждан – одно из условий развития страны, государства. Патриотическое воспитание подрастающего поколения является одной из важнейших задач государства, детство и юность – самый оптимальный возраст для привития чувства патриотизма, возраст в котором он формируется. Актуальность исследования продиктована необходимостью анализа представления казахстанских школьников – будущих граждан Республики о патриотизме, о степени патриотизма в условиях поступательного развития страны и модернизации общественного сознания граждан Казахстана.

Обретение Казахстаном государственного суверенитета поставило перед обществом задачу воспитания патриотизма у подрастающего поколения. Работа школы должна быть направлена не на вооружение учащегося определенной суммой знаний, а на решение задач, поставленных основополагающими документами и проектами в области образования, т. е. воспитания патриота и гражданина нового Казахстана.

**Ключевые слова:** патриотизм, наука, цели, казахстанский патриотизм, начальный класс, фактор, традиции, ценности, ответственность, воспитание, задача, спецкурс.

Zh.Tanatarova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>3-doctoral course by specialty 6D010200 – Pedagogy and methodology of primary education, Abai Kazakh National Pedagogical University, e-mail: [zhide.tanatarova@mail.ru](mailto:zhide.tanatarova@mail.ru)

## KAZAKHSTAN PATRIOTISM AS AN OBJECT OF STUDY SCIENCE

*Abstract*

Patriotism of citizens is one of the conditions for the development of the country, the state. Patriotic education of the younger generation is one of the most important tasks of the state, childhood and youth – the most optimal age for instilling a sense of patriotism, the age at which it is formed. The relevance of the study is dictated by the need of the analysis of the performance of Kazakhstani students – the future citizens of the Republic about patriotism, about the degree of patriotism in the conditions of development of the country and modernization of the public consciousness of citizens of Kazakhstan.

Kazakhstan's acquisition of state sovereignty has set the task of educating the younger generation of patriotism. The work of the school should not be aimed at arming the student with a certain amount of knowledge, but at solving the tasks set by the fundamental documents and projects in the field of education, i.e. education of a patriot and a citizen of new Kazakhstan.

**Key words:** patriotism, science, intent, Kazakhstan patriotism, primary class, factor, traditions, values, responsibility, education, task, special course.

Бүгінгі таңда қазақстандық патриотизмді зерттеудегі негізгі концептуалды негіздерін анықтаумен қатар, Қазақстандағы патриотизмнің қалыптасу жолдарын зерттеу өте өзекті болып табылады. Сонымен қатар, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру процессінде мемлекеттің рөлін және оның саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің бірден-бір негізгі факторлары болып табылатын процессті мемлекеттік концепцияларды дамыту жолында қызметін анықтап, азаматтық қоғам шарттарында қазақстандық патриотизмнің қалыптасу тұжырымдамаларын талдау.

Патриотизм мәселесімен терең тамырлас, құрамдас болып дамитын ұғымдар Отан, ана тіл, жер, ұлттық мәдениет, ұлттық идея, ар-намыс, ұлттық мүдделер және т.б. жатады. Қазіргі таңдағы қоғамдық, саяси-экономикалық ахуалдың адам факторынан, рухани дамуымыздың маңыздылыққа ие болып отырған өзекті мәселелерді бірі – оқушылардың қазақстандық патриотизмдерін қалыптастыру болып табылады. Оқушыларды отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеу, қаза тілі мемлекеттік тіл ретінде кең көлемде дамуына, ана тілімізді арындай сақтауға, ел бірлігін нығайтуға атсалысу.

Қазіргі заманғы Қазақстан үшін күшті тұрақтылық және интеграциялық фактор болып, сонымен қатар, қазақстандық мемлекеттендірудің және билік органдарына сенімділік деңгейін көтеруді қамтамасыз ететін шарттардың бірі болып табылатындықтан, бүгінгі күні оқушылардың саяси және патриоттық санасын қалыптастыру бірден бір өзекті мәселе екендігіне көз жеткізуге болады. Патриоттық сана – бұл идеялардың және көзқарастардың Отанға деген позитивті қатынастармен байланысты күрделі басқарылатын жүйесі.

ҚР Елбасы – Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталатын Қазақстан халқына жолдауында жаңа қазақстандық патриотизм мен саяси ерік-жігер тасқыны жаңа саяси бағытында дамып отратын Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары ретінде атап көрсетілді. Елбасының Жолдауында былай деп көрсетілген: «Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, теі мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады» [1].

Яғни, мемлекеттің әрбір азаматы қауіпсіздік деңгейі жоғары, әлеуметтік-экономикалық жағынан дамыған, саяси жағдайы тұрақты елде өмір сүрсе, біздің еліміздің жемісті дамуына үлес қосып, өзінің туған елімен мақтанатын болады.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі бағыттары: рухани-танымдық, әскери-патриоттық, еңбекқорлық дәстүрлерін тәрбиелеу, саяси-құқықтық, кәсіби-салалық, тарихи білім беру болып табылады.

Қандай болсын мемлекет үшін маңызды және бағалы қор ретінде оқушылар болып табылады. Себебі, мемлекеттің келешекте дамуын, елдің жаңа даму бағыттарын анықтау болашақ жастар қолында. Сондықтан, оқушыларға өз елінің, халқының құндылықтарын сақтауға үйрету.

Қазіргі таңда қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы мемлекеттің рөлін анықтау маңызды болып табылады. Отбасы институтынан кейінгі баланың дүниетанымын қалыптастыратын институт ретінде, білім ордасы болып табылатын метеп қабырғасы. Сондықтан, осы бағытты сараптамалып, талдау ең дұрыс жол болып табылады. 2011 жылға 11 ақпанда өткен «Нұр Отан» ХДП XIII Съезінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазақстанның жас азаматтарының басын біріктіретін «Жас Ұлан» бірыңғай қозғалысы мен «Жас Қыран» балалар ұйымдарының жаңа жүйесін құру керектігін атап өтті. Сондықтан да, мектеп оқушыларының бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жұмысын жүзеге асырып жатқан «Жас Ұлан» оқушылардың бірыңғай өзін өзі басқару ұйымының жұмысын қарастырған өзекті.

Бұл ұйымның мақсаты – оқушылардың іс-әрекетін мектептегі тәрбие жұмысына үйлестіре бағыттау арқылы олардың белсенділігі мен қарым-қатынас мәдениетін жан-жақты дамыту, азаматтық тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Ұйымның міндеттері болып:

- қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыр;
- танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;



- жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, кқшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту [2].

Қазақстан патриоты, ең алдымен ҚР Конституциясын, мемлекеттік рәсіздерін: Туын, Елтаңбасын, Әнұранын, Төлқұжатын, Теңгесін, мемлекеттік тілін ерекше құрметтеп, басқа да мемлекеттік нышандарды шын ниетімен қадірлеуі қажет және басқалардан да осыны талап етуі керек. Мемлекеттік рәміздер мен заңға құрмет көрсету бүгінгі өркениетті қоғамдардың өмір салтына айналған дәстүр.

Біз мектеп қабырғасынан баланың бойына патриотизм құндылықтарын қалыптастыра алуымыз қажет, себебі ұлт болашағы осы балалардың қолында. Біз қазақстандық патриотизмді қалыптастыру негізінде еліміздің саяси тұрақтылығын қамтамасыз ете аламыз.

Осылайша, патриотизмді тәрбиелеу-бұл біздің заманымыздың маңызды педагогикалық міндеті. Бұл қасиеттерді тәрбиелеу мен әр оқу жылын бастаған сабақ "Мен - азаматпын"деп аталады. Мақсаты-балалардың туған еліне деген қызығушылығын ояту, оларға туған өлкесі, өздері тұратын ел туралы алғашқы түсінік беру, оларды "азамат", "мемлекет", "ел заңдары" ұғымдарымен, мемлекеттік рәміздермен - Ту, Елтаңба және Әнұранмен таныстыру, азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы кейбір түсінік беру. Сабақта балалар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасының бейнесімен, Қазақстан әнұранының сөздерімен және музыкасымен танысады. Бұған табиғи қосымша Туған табиғат картиналары, қазақстандық кескіндемешілердің полотноларының репродукциялары қызмет етеді. Бұл ретте компьютерлік техника мен графика мүмкіндіктері белсенді қолданылады.

Сондай-ақ ҚР білім беруді дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында білім беру мәселесінің жай – күйі жан-жақты талқыланып, адамгершілік құндылықтарды нығайтуға ерекше назар аударып, қазақстандық патриотизм мен интернационализм негізінде білім алушыларды тәрбиелеудің тиімді жүйесін енгізу қажеттігі баса айтылды[3, 1 б.].

Ендеше білім беру саласының басты міндеті – өскелең ұрпақты ерлік рухында патриоттыққа тәрбиелеу екені айқын. Балаларды тәрбиелеудің маңыздылығы, әсіресе, қазіргі кезеңде адамдардың өз өмірінде адамгершілік бағдарларын жоғалтуына байланысты белгіленді. Адамгершілік құндылықтардың тапшылығы және моральдық нормаларды елемей жаппай құбылыс болып табылады. Сондықтан да патриоттық тәрбие деңгейін арттыру туралы мәселе өткір қойылып отыр. Кіші мектеп жасынан бастап қайырымдылықты, жауапкершілікті, өзінің қадір-қасиетін, азаматтықты тәрбиелеу қажет.

Қазақстандық патриотизм – көздің қарашығындай сақтап келген туған жерін қорғау, елінің салт – дәстүрі мен әдет-ғұрпын сыйлау, ана тіліне деген сый-құрмет, елі мен жерінің өркендеуіне үлес қосу [4, 3 б.].

Қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық патриотизм арқылы көрініс бере отырып, тұлғаның бойында құндылықтың жоғары көрсеткіштері -мемлекет және ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық сана, және ұлттық тарихқа, салт-дәстүрге деген сүйіспеншіліктері қалыптасады. Психологиялық тұрғыда патриоттық құндылықтар сапаға айналып, іс-әрекет (тұлғаның “Мені”) тұрғысынан көрініс береді (Сурет 1).



Сурет 1 – Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтар жүйесі және оны қалыптастырудың факторлары

«Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туыған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси – әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүздеген ұлттар мен ұлыстардың өкілдері өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған Отаны және бұдан былай да мәңгілік тұрақтап қалар мекен болмақ. Сондықтан, олардың әрқайсысы Қазақстанды ата жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.

Қазақстандық патриотизм – елін сүю және оны басқару ісіне, жалпыұлттық міндеттерді шешуге сындарлы қатысу қабілеті. Міндеттері: Отанға қызмет етуді аяқталмағандықтан қалыптастыру; құқықтық мәдениет тәрбиелеу; өз қадыр-қасиетін дамыту және т.б.

Іске асыру механизмі: Оқу пәндері, сабақтан тыс іс-әрекеттер, қосымша білім беру арқылы. Ерлік, намыс және абырой тағылымдары. Патриоттық форумдар, акциялар. Оқушылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары мен белгілерін білуге арналған байқаулар және олимпиадалар.

Сонымен қатар, бастауыш сыныпта қазақ халқының тәлімгерлік мәні зор ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздерде, жұмбақ-жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдеде көптеп кездеседі. Мұндағы ұлттық тәрбиенің негізгі түйіні – адамгершілік, имандылық, ақыл-ой, еңбек, дене, патриоттық тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі. Ел қорғау, батырлық, ерлік істер жайында туған халық мақалдары халықтың бұл әніндегі ой-тілегі, арман мүддесі, патриоттық сезімі қандай екенін білдіріп отырады.

Бастауыш сынып жасындағы оқушыларға патриоттық тәрбие беруде мақал-мәтелдердің мазмұнын түсіндіріп, патриоттық сезімге, ұлттық мақтаныты, Отан, елін, жерін сүюге тәрбиелеудің іргетасын қалауға болады деп түйіндейміз.

Халыққа көп тараған ескі заманнан келе жатқан асыл мұрамаыздың бірі – батырлар жырының патриоттық тәрбие берудегі орны ерекше екендігі белгілі. Батырлар жырының көпшілігі Отанды сүю, басқыншы жаудан елді қорғау, халқы үшін ерлік еңбек ету идеясынан туындаған. Сондықтан, бастауыш сыныпта батырлар жыры арқылы оқушылар санасында патриоттық тәрбиені қалыптастыруға арналған арнайы курстар ұйымдастыру қажеттілігі де туындайды.

Кіші мектеп жасы сыртқы әсерлердің жоғары сезімталдығымен, адамгершілік нормалардың сөзсіз және қажеттігіне үйрететін нәрселердің ақиқаттығына сенуімен сипатталады. Осы жаста балалардың бойында жүйелі және дәйекті адамгершілікке тәрбиелеу үшін үлкен мүмкіндіктер пайда болады. Бастауыш мектеп патриотизм, интернационализм, серіктестік сезімін, шынайылыққа белсенді қатынасты, еңбек адамдарына деген терең құрметпен қарауды қалыптастыруға тырысады. Кіші жастан бастап балаларға, тіпті ең қарапайым болса да, олардың елінің әлемдегі орны мен ролі туралы түсінік беру қажет. Бастауыш сынып оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімге 7-10 жастағы балалардың кіші және үлкен Отан туралы қандай да бір түсінігін қалыптастыру қаншалықты қиын екенін жақсы біледі. Бірақ мұны істеу қажет. Отанға деген махаббатсыз және оның тарихы мен мәдениетіне құрметсіз азамат пен патриот тәрбиелеу, балада өзінің қадір-қасиетін қалыптастыру, оған оң қасиеттерді дарыту мүмкін емес.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1. ҚР Елбасы – Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталатын Қазақстан халқына жолдауы.
2. 2011 жылға 11 ақпанда өткен «Нұр Отан» ХДП XIII Съезінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазақстанның жас азаматтарының басын біріктіретін «Жас Ұлан» бірыңғай қозғалысы мен «Жас Қыран» балалар ұйымдарының жаңа жүйесін құру.
3. ҚР білім беруді дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
4. Шадибекова Р.Е. Бастауыш сынып оқушыларының көркем шығарма арқылы патриотизмін қалыптастыру. П.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін даярланған диссертациясы. Алматы, 2008.

МРНТИ 14.35.07

Джанзакова Ш.И.<sup>1</sup> Темір А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> п.э.д., профессор м.а., Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Педагогика кафедрасының меңгерушісі

<sup>2</sup> Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистранты Атырау қ., Қазақстан

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДА ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада халықтың ұрпақтан - ұрпаққа жеткен халықтың асыл мұрасы фольклор екеніне тоқтала отырып, педагогика ғылымы саласында ұрпақ тәрбиесіне халықтық фольклорды кеңінен пайдаланғаны туралы жан - жақты тоқталады.

Еліміз егемендік алғаннан кейін жалпы білім беру жүйесінен ұлттық тәрбиені жандандару барысында фольклор кеңінен пайдалғаны ғалымдардың еңбектеріне тоқтала отырып берілген.

Ұлттық фольклордың негізі эпостық жырлар, лирикалық жырлар, драмалық жырлар, фольклордың кеңінен тараған саласы ғұрып фольклоры адам дүниеге келіп өткенге дейінгі ұрпақтан - ұрпаққа жалғасатын ғұрыптар, тұрмыс-салт жырлары сараланған.

Тарихи мәдени фольклорлық мұраларымыз бүгінгі қоғамның, сол қоғамда өмір сүріп отырған жастардың ұлттық санасын қалыптастырып, рұхты ұрпақ тәрбиелеуге негіз болатыны қарастырылады.

**Түйін сөздер:** Фольклор, халықтың асыл мұрасы фольклор, ұрпақ тәрбиесі, эпостық, лирикалық, драмалық жырлар, тұрмыс-салт жырлары.

Джанзакова Ш.И.<sup>2</sup> Темір А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>д.п.н., и.о.профессора, заведующий кафедрой Педагогики

Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова

<sup>2</sup> Магистрант Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова Атырау, Казахста

## ВОСПИТАТЕЛЬНЫЙ РОЛЬ ФОЛЬКЛОРНОГО ЖАНРА В РЕАЛИЗАЦИИ ИДЕИ ДУХОВНОГО ВОЗРОЖДЕНИЯ

*Аннотация*

В статье рассматривается тематика наследие народа, передаваемое из поколения в поколение, являющееся фольклором. В наши дни широко используется народный фольклор в области педагогической науки для воспитания подрастающего поколения. После обретения Казахстаном суверенитета в системе общего образования широко использовался фольклор в процессе возрождения национального воспитания.

В основы национального фольклора объявлены эпические, лирические драматические повествования. Наиболее распространенной сферой фольклора был фольклор обычаев и традиций быта, передаваемых из поколения в поколение от рождения человека.

Историческое культурное фольклорное наследие является основой для формирования национального сознания сегодняшнего общества, живущих в данном обществе молодежи, воспитания подрастающего поколения.

**Ключевые слова.** Фольклор, благородное наследие народа, воспитание поколения, эпическая, лирическая, драматическая повествования, быт традиции и обычаи.

Sh.I. Janzakova<sup>1</sup> A.Temir<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Doctor of pedagogical science, professor of Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University

<sup>2</sup>master student of<sup>2</sup> Kh.Dosmukhamedov Atyrau State University

Atyrau, Kazakhstan

## EDUCATIONAL OPPORTUNITIES OF A FOLK GENRE IN THE IMPLEMENTATION OF THE SPIRITUAL REVIVAL IDEA

### Abstract

The article deals the subject of the heritage of the people, transmitted from generation to generation, which is folklore. Nowadays, folklore in the field of pedagogical science is widely used to educate the younger generation. After Kazakhstan gained sovereignty in the general education system, folklore was widely used in the process of reviving national education.

The foundations of national folklore are epic, lyrical dramatic narratives. The most widespread sphere of folklore was folklore of customs and traditions of everyday life, passed down from generation to generation from the birth of a person.

The historical cultural folklore heritage is the basis for the formation of the national consciousness of today's society, youth living in this society, and the upbringing of the younger generation.

**Keywords:** Folklore, the noble heritage of the people, upbringing of the generation, epic, lyrical, dramatic narratives, life traditions and customs.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДА ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Фольклор бізге жеткен халықтың ұрпақтан - ұрпаққа жеткен халықтың асыл мұрасы. Педагогика ғылымы саласы ұрпақ тәрбиесіне халықтық фольклорды кеңінен пайдаланып отырғаны белгілі. Әсіресе, еліміз егемендік алғаннан кейін жалпы білім беру жүйесінен ұлттық тәрбиені жандандару барысында фольклор кеңінен пайдалғаны белгілі.

Фольклортану филология ғылымының негізгі бір саласы болып табылады. Жалпы бізге жеткен қазақ фольклорын жанр және жанрлық деп қарастырып келдік. «Жанр деген көркем форма десе, ал жанрлық – тақырыпқа сәйкес жинақталу,- деп атап көрсетеді[2]

А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде фольклортану мәселесі жақсы зерделенген. Өздеріңізге белгілі ғұлама фольклорды сарындама, яғни, ғұрып фольклоры десе, сауықтама көркем фольклор деп қарастырды[2].

Фольклор жанрын сөз құдіретімен байланыстыратын, музыка, би өнерлерін де жатқызамыз. Фольклор бізге жеткен халықтың ұрпақтан ұрпаққа жеткен халықтың асыл мұрасы. Педагогика ғылымы саласы ұрпақ тәрбиесіне халықтық фольклорды кеңінен пайдаланып отырғаны белгілі. Әсіресе, еліміз егемендік алғаннан кейін жалпы білім беру жүйесінен ұлттық тәрбиені жандандару барысында фольклор кеңінен пайдалғаны белгілі.

Қ.Жұмалиевтің саралауы бойынша: эпостық жырлар; лирикалық жырлар; драмалық жырлар деп сараланған. Фольклордың кеңінен тараған саласы ғұрып фольклоры. Ғұрып фольклоры адам дүниеден өткенге дейінгі ұрпақтан - ұрпаққа жалғасатын ғұрыптар. Бұл жерде тұрмыс салт - жырлары негізгі орын алады.

Тұрмыс - салтқа байланысты фольклор жоғарыда айтқандай адамның өмірімен тікелей байланысты «адам дүниеге келгенде сүйінші, бата, бесік әндері мен жырлары, бесікке салғанда айтылатын әндер мен орындалатын ырым жоралар болса, бала сүндетке отырғызғандағы батырлық әндер, үйлену кезіндегі орындалатын ырым жоралар сыңсу, бата, тойбастар, жар жар, беташар т.б. [3]

1958 – 60 жылдары 2 томдық “Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері” атты еңбегінің 1-томына “Қобыланды батыр” “Алпамыс батыр” “Ер Тарғын” “Қамбар батыр” “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Қыз Жібек” “Айман – Шолпан” эпостары туралы зерттеулері енген.

Махамбет шығармашылығын бірінші рет кең көлемде зерттеген ғалым. Бұл саладағы қызметін ол ақын өлеңдерін жинап бастырудан бастады (1938). 1948 жылы “Махамбет” атты монографиясын жариялады. Монографияда Исатай – Махамбет көтерілісінің тарихына қатысты тың деректер келтірілген. Ғалым осы тақырыпты зерттей жүріп Шернияз Жарылғасұлы, Алмажан Азаматқызы, Ығылман Шөрекұлы шығармаларын бірінші болып талдап, ғыл. айналымға енгізді[3].

Көптеген аңыз болып жеткен шығармаларда күй өнерінің де ерекше маңыздылығын атауға болады. Тарихта күй өнерінің маңыздылығын біз «Ақсақ құлан» халық күйінен көреміз. Шыңғыс ханның ұлы Жошы ханның ұлы аң аулауға шықанда ол мерт болады. Жошы ханға ұлының өлімін жеткізу үшін күйді таңдайды. Хан осы күй арқылы бәрін түсінеді, сөйтіп, сертін бұзбас үшін, домбыраның көмейіне қорғасын құйғызады. Міне, күй арқылы естіртуінен күй өнерінің де тарихи маңыздылығын ерекше атауға болады.

Сонымен қатар, көшпелі қазақ елі еңбекпен, төрт түлі мал шаруашылығымен тікелей байланысты болғаны белгілі. Сондықтан да, төрт түлік мал зенгі баба, туралы әртүрлі шығармалар мен аңыздар бар. Аңшылықпен айналысуымен байланысты көп шығармалар бар.

Лингвист, фольклорист, тарихшы этнограф Х.Досмухамедұлының мұралыры «Аламан» атты еңбегінде түркі жұртының, ұлттық мұраларды жариялауда негізгі орын алды. Аламанға ғұлама төмендегідей анықтама береді «көптің пайдасын ойлай тұрса да, бүтін жұрттың қамын же тұрса да, өзінің мен- мендігін, көп күшін құрбан қыла алмайтын, өз дегенін күшпен орындайтын; өз басын артыққа санап,сөзін сөйлеп соңына ермегендерді, қарсы тұрғандарды түсінбегендігінен, ақылсыздығынан қылды деп білетін, көңіліне жақпаса өзі қойған бастығының бұйрығына, өзі қалаған тәртіптің жолына бас ұрмайтын; Отан сезімі, мемлекет сезімі кем, мен-мендік сезімі өте күшті құлықты аламандық дейміз [4].

«Жалаңтөс батыр», "Исатай – Махамбет", «Кенесары- Наурызбай» мұрасын алғашқы зерттеушілерінің бірі. Батырлық, батыр, ер, ерлік және ұлттық жауынгерлік дәстүр оның ерекшеліктеріне, ерлік тәрбиесіне педагогикалық тұрғыда түсініктеме берді.

«Х.Досмухамедұлының мәдени тарихымыздағы ерен еңбегі не?» дегенде, алдымен ойға оралары әдебиетіміздің классигі Махамбетті «тірілткені», оны алдаспан жыр толғауларын бүгінгі ұрпаққа мирас қылғаны. Тарихын қастерлеген халықтар үрдісіне ден қойсақ, Х.Досмухамедұлы артына басқалай із-жол қалдырмағанның өзінде, біздіңше осынау жалғыз ерлік еңбегімен ғана өз-өзіне мәңгілік ескерткіш орнатқандай еді...[4]. «Қазақ әдебиетінің тарихы» сияқты жинақтаушы еңбегінде асыл қазына , фольклорлық мұрамызды тек өлең жыр, сөз өнері деп қарамай, мәдени рухани ұлттық паспорт тұрмыс салт қалпы , наным сенім айнасы, тәлім тәрбие ұлағаты деп ұқты. Сол себепті де басында ақ зерттеушілердің алғашқысы болып ырым сырым, түс жору, т.б. ұсақ формаларды фольклорға жатқызады. Оның «Аруақпен айтыс» сияқты реликтивтілік құбылыстарын шаммен іздеп тауып, жариялайды [4 , 24 ].

XX ғасырдың басында ұлттық негіздегі басылымдардың ашылуы мен таралауы өте жоғары деңгейде дамыды. Соның ішінде «Сана» журналы біз зерттеуімізге нысана етіп алып отырған фольклортану мәселесін зерттей отырып, жариялау мүмкіндігері өте зор болды. Мәселен, аталған журналда: « ... өз еліміздің өткені туралы, басынан кешкен дәуірлері туралы, бұрынғы осы күнгі мекендері туралы қолдан келгенше толық мағлұмат беру ата - бабаларымыздың істерімен танысып, еткен жаңылыстарына күйініп, жақсылықтарына сүйініп ғибрат алмақ - адамға сана береді»[4,82 б.]. Ғұлама «жеті атасын білмеген мұртұд», - дей келе, ұрпақтан - ұрпаққа жалғасын тарихи мұралараға тоқтала отырып, қазақ - қырғыз жұртының тілімен, әдебиетімен жақсы таныстыру, тіл жұрттың жаны, өз тілін білмеген ел ел болмайды, тілінен айрылған жұрт- жойылған жұрт, салтымызды, тұрмысымызды негіздейтін әртүрлі ойындар, өз ұлтына еңбек еткен ерлерді қадірлеу т.б. қамтитын журналды - білімнің жиынтығы деп қарастырды.

Х.Досмухамедұлы қазақ халық әдебиетінің классификациясына: эпос (жыр) а) батырлық, б) тарихи, в) тұрмыстық (мал шаруашылығы); ертектер; мақал мен мәтелдер; жұмбақтар; ырым - сөздер; жаңылтпаштар; сенім; аңыздар; жылдың мезгіліне байланысты әңгімелер; түс көру және оны жору; ойындар; шежірелер, тұрмыстық поэмалар ( Қыз Жібек, Қозы Көрпеш- Баян сұлу, Айман - Шолпан және т.б.); айтыс, жоқтау жылау-сықтау, мақтау, жұбату, көңіл айту бата - алғыс, қарғыс, әзіл, толғау, намыстандырушы өлең, бесік жыры, жар - жар, той бастар, бет ашар, көрісу, қоштасу өлеңі, емдік әндер, өтірік өлең, жарапазан т.б. [4 ,134 б.].

Қазақ халық әдебиетінің көне мұралары “Қорқыт ата кітабы”, “Оғызнама” жыры, “Алпамыс батыр”, “Қобыланды батыр” т.б. батырлар жырында көзделетін негізгі мақсат бала күнінен батырлар жырын естіп өсіп, ерлікке тәрбиелеу арқылы қанндай қиыншылық болса да шыдап баққан, ұрпақты елін, жерін сүюге, Отанын шетел шапқыншылығынан қасықтай қаны қалғанша қорғауға тәрбиелеу болған.

XX ғасырдың басында өмір сүрген ғұламалардың еңбектерінде ұлттық мұраларға аса мән берілгені, түркі жұртының фольклоры арқылы ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталғанын көреміз. Түркі жұртының тарихын, салт дәстүрлерін зерттеген белгілі ғалым В.В.Радлов «Менің қазақтар арасында ұзақ уақыт тұрып, оларды салт дәстүрімен танысқанымда көзім жеткен ақиқат: бұлардың өзінше мәдениеті бар халық ендігі. Олардың мінез құлқына отырықшы халықтарға қараған көзқарастан басқа көзқараспен қарау керек. Олардың өмірге көзқарасы, салт дәстүрлері, әдет ғұрыптары, бір сөзбен айтқанда, бар өмірі

мен еңбегі малмен тікелей байланысты болғандықтан, жыл бойы көшіп қонуға негізделген. Ойды бейнелеп беруі және ашық, айқын, өткір айта білуі жағынан қырғыздарды, тіпті, Батыс Азияның француздары деуге болады», - деген тұжырымы қазақтардың даму үрдісінің ерекшелігін көрсетеді. 1858-1871 жылдар арасында Шығыс және Батыс Сібір өлкелерін, Қазақ даласын аралап, Сібір татарлары мен Алтай қалмақтарының, қазақтар мен қырғыздардың арасында болып, осы халықтардың тілін үйреніп, тарихы, әдебиеті, мәдениеті, діні, салт-дәстүрі жайында мол материал жинады. Сібір халықтарының тарихы мен ауыз әдебиеті, салт-дәстүрі жайында 8 томдық еңбектің 3 томы қазақ халқының тарихына, мәдениетіне арналған[5].

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін /ертегі, аңыз, мақал-мәтел/ жинап, оны ғылыми жүйеге келтіріп, орыс-қазақ тілінде насихаттаушы фольклоршы, әрі этнограф Әбубәкір Диваев болды. Ол қазақ халық әдебиетінің асыл мұраларын жинағанда батырлық жырларға аса мән берген. “Алпамыс”, “Қобыланды батыр”, “Қамбар батыр”, “Едіге батыр”, “Бекет батыр”, “Шора батыр” жырларын жинақтап жарыққа шығару арқылы ұлттық мұраларымыз тәлімдік тәрбиелік маңыздылығын көреміз [6].

Қазақ ауыз әдебиетінің, фольклордың сан ғасырлық тарихы жайлы М.Әуезов “Батырлар әңгімесінің басы ескі түрік бірлігінің заманындағы әңгімелерден шығады. Қазақ елінің ескілігі жалғыз қазақтікі емес, жалпы түрік жұртының ескілігі деп санау керек”, - деген тұжырымынан түркі халқының өзара байланысын көреміз [7].

Қазақ фольклорын тарихи және тәрбиелік маңыздылығын отандық ғалымдары мен бірге алыс және жақын шет ел ғалымдары да ерекше мән бергенін айқын байқауға болады. Әсіресе, қазақ фольклоры мен этнографиясын жинау, зерттеу ісі А.Левшин, Г.Н.Потанин, В.А.Янушкевич, Ә.Диваев т.б. ерекше атауға болады.

Әсіресе Қ.Жарықбаев пен С.Қ.Қалиевтің «Қазақтың тәлімдік ойлары Антологиясында» 10 томдығында, бірінші, педагогикалық ой пікірлердің ілкі бастау бұлақтары, яғни біздің жыл санауымызға дейінгі Авеста жазуынан басталып, I-Ү ғасырдағы сақ дәуірінен Ү- ҮІІІ ғғ. Түркі тілдес халықтар мәдениетін (Орхан Енисей жазба ескерткіштерді) қамту кезеңі, екінші, орта ғасыр заманындағы тәлімдік ойлар(IX-XIVғғ.), үшінші, қазақ хандығы дәуіріндегі ұлттық тәлім тәрбие(XIV-XVІІІ ғғ.), төртінші, Қазақ хандығының ыдырауы, Қазақстанның орыс патшасына бағынуымен байланысты тәлімдік ойлардың толысу кезеңі (XIX ғ. мен ғ. 20 жылдар мен 90 жылдар аралығындағы кезең), алтыншы, егемен Қазақстандағы ұлттық мәдениеттің қайта жандану кезеңі деп бөліп қарастыра отырып, қазақ ауыз әдебиеті поэзия жанрында халықтық педагогиканың тағылымдық қырларын қамтиды. Олардың зерттеулерінде ұлттық салт - дәстүрлер мен әдет - ғұрыптардың адамның дүниеге келуімен, өмірдің әр кезеңіндегі түрлі оқиғалармен байланысты туындағанын жан - жақты ашып көрсетеді[8].

Рухани жаңғыру идеясын іске асыруда фольклорлық жанрлардың тәрбиелік мүмкіндіктеріне келетін болсақ, қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесіне ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мұрлар оқулықтарда, қосымша білім беретін оқу - әдістемелік құралдарда, деректі және оқу фильмдері арқылы енгізіліп отыр. Қазақ халық әдебиетінің негізгі құндылықтар жүйесіне кіретін эпостық, батырлық, тарихи, тұрмыстық жырлар, мақал мен мәтелдер, жұмбақтар, ырым сөздер, айтыстар, жоқтаулар, көңіл айту, бата бесік жыры, жар - жар, той бастар, бет ашар тұрмыстық тіршілікте де кеңінен іске асуда.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің “Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы” дайындалып, рухани жаңғыру идеясын іске асыруда ұлттық тәлімнің мүмкіндіктер үздіксіз білім беру жүйесіне енгізілді. Мектептің тәрбие жұмысын жетілдіруге арналған республика ғалымдары Б.Баймұратова, М.Сәтімбекова, Ә.Әміровалардың “Балбөбек” бағдарламасы, Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ., “Ұлттық мәдениет тарихы”, “Қазақ мәдениетінің тарихы”, “Қазақ этнопедагогикасы” т.б., Оразаев М., Смаилова М.Ж. “Қазақ халқының салт-дәстүрлері”, М.Х.Балтабаевтың “Елім-ай”, С.Т.Иманбаеваның «Ерлік тағылымы» т.б. бағдарламалары жоғары, орта оқу орындарындағы және мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұлттық үлгіде ұйымдастыруға ықпал етті.

Мәселен, «Ерлік тағылымы» бағдарламасы бойынша оқушы бойында патриоттық құндылықты қалыптастыруды жүйелі, сабақтастықта, әр тарихи кезең бір-бірімен хронологиялық мазмұнға сәйкес дамып отырды. Оқушылардың аса қызығушылық тудырған тақырыптары: ұлттық әскери атаулар, ұлттық әскери терминдердің мағынасы, әскери лауазым иелерінің дәрежесі, қарулары, олардың түрлері, қасиетті рәміздері (байрақ, ту, жалау), ұлттық ойындар, т.б. болды. Түркі халқының ерлік дәстүрінің ерекшеліктеріне тоқталғанда Көкбөрі тарихы, Білге Тоныкөк ерлігі, Күлтегіннің ерлігі, Күлтегін ескерткіштеріндегі таңбалардың маңызына аса мән берілді. Бейбарс сұлтанның ерлігі бойынша сабақты бастамас бұрын «Сұлтан Бейбарыс» көркем фильмін көрсету арқылы олардың батыр туралы мағлұматарын, түсініктерін кеңейтуге жағдай тұғызылды. Дегенмен, зерттеу барысында байқағанымыз,

оқушының менталитетіне жақын фильмдер арқылы олардың патриоттық сезімдеріне ықпал етуге болатыны байқалды[9].

Қорытындылай келе, «рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі поллюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнаамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын»[1], - деген тұжырымынан ұрпақтан - ұрпаққа жалғасқан тарихи мәдени мұраларымыз бүгінгі қоғамның, сол қоғамда өмір сүріп отырған жастардың ұлттық санасын қалыптастырып, рұхты ұрпақ тәрбиелеуге негіз болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// Алматы ақиамы. 13 сәуір, 2017 жыл, 1, 3-4 беттер.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Жалын, 1991.
3. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері. 1 – 2 т. А., 1958 – 60; <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
4. Досмухамедұлы Х. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ана тілі, 1998. -384 бет.
5. Радлов В.В. Алтын сандық. – Алматы: Ана тілі, 1993. -253 б.
6. Диваев Ә. Тарту (Құрастырған Оразаев Ф.). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 256 б
7. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
8. Қазақтың тәлімдік ойлар Антологиясы. Құрастырушылар Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, К.Аюбай. - Алматы. Сөздік – Словарь. 2005. - 408 б.
9. Иманбаева С.Т. Патриоттық тәрбие берудің теориясы мен әдістемесі. Монография. - Алматы. «ОНОН». 2017. -316 б.

**МРНТИ 14.35.07**

*Н. Сарсенова<sup>1</sup> А.Ондаганова<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>п.ғ. к, қауымдастырылған профессор*

*<sup>2</sup>Педагогика және психология мамандығының 2-курс магистранты  
Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті  
Атырау қ., Қазақстан*

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ТҰЛҒАНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ  
МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Аңдатпа*

Мақалада Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұсынған «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты тәрбие тұжырымдамасында негізгі бағыттардың бірі Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие мақсаты білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту қамтылады.

Рухани жаңғыру идеясы негізінде тұлғаның эстетикалық мәдениеті көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие тәрбие тұжырымдамасында көрсетілген тәрбие бағыттарымен тікелей іске асуы қамтылады. Тұлғаның эстетикалық мәдениеті қоғамдағы адамның өмірі мен тұрмысындағы, еңбектегі, көркемөнердегі, табиғаттағы сұлулықпен әсемдікті көре білетін, бақылай алатын және соларды өзі де жасай алатын тұлға тұрғысында тәрбиелеу көзделеді.

**Түйін сөздер:** Рухани жаңғыру идеясы, тәрбие тұжырымдамасы, көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруі, көпмәдениетті орта, эстетикалық мәдениет, сұлулық.

Сәрсенова Н.<sup>1</sup> Ондаганова А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>к.п.н, ассоциированный профессор

<sup>2</sup>магистрант 2-го курса специальности «Педагогика и психология»  
Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова  
г. Атырау, Казахстан

## ФОРМИРОВАНИЕ ЭСТЕТИЧЕСКИХ КУЛЬТУР ЛИЧНОСТИ НА ОСНОВЕ ИДЕИ ДУХОВНОГО ВОЗРОЖДЕНИЯ

### Аннотация

В статье отмечается, что «Концептуальные основы воспитания», предложенные Министерством образования и науки Республики Казахстан, являются одним из главных направлений в концепции воспитания.

Целью мультикультурного и художественно-эстетического воспитания является создание учебно-воспитательными учреждениями образовательного пространства как мультикультурной среды самоидентификации личности, формирования её готовности к освоению и оценки ею эстетических объектов в искусстве.

Идея духовного возрождения основана на непосредственном воплощении эстетической культуры во взаимосвязи с воспитательными направлениями, отражёнными в концепции мультикультурного и художественно – эстетического воспитания.

Формирование эстетической культуры человека направлена на воспитание личности, способной не только видеть и чувствовать красоту жизни, труда, быта творчества (искусства), окружающей природы, но и созидать.

**Ключевые слова:** идея духовного возрождения, концепция воспитания, поликультурное и художественно – эстетическое воспитание, самоидентификация личности, поликультурная среда, эстетическая культура, красота.

N.Sarsenova<sup>1</sup> A. Ондаганова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>kandidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor

<sup>2</sup>2<sup>nd</sup> course undergraduate of “Pedagogic and Psychology” master science  
Atyrau State University after Kh. Dosmukhamedov,  
Atyrau, Kazakhstan

## FORMATION OF AESTHETIC CULTURES OF PERSONALITY ON THE BASIS OF THE IDEA OF SPIRITUAL REVIVAL

### Abstract

This article states about one of the main directions of upbringing concepts of Education and Science Ministry of Republic of Kazakhstan named `Basics of Upbringing concepts` - to build the educational spaces of the Multicultural and artistic-aesthetic upbringing to the multicultural place of individuals` self-identification, to form individuals` cultural behavioral skills in the society, to accept his aesthetic forms in art and existence, to develop his preparation to manage and control.

According to the idea of `Spiritual modernization` the individuals` aesthetic culture is connected with implementation of behavioral directions shown in multicultural and artistic-aesthetic upbringing concepts. Aesthetic upbringing of the individual aims to bring up a person who can see the beauty of social life and work, art and nature, who can control and who can make them by themselves.

**Key words:** Idea of Spiritual Modernization, upbringing concepts, multicultural and aesthetic upbringing, individual`s self-identification of the educational space, multicultural environment, aesthetic culture, beauty.

Қазақстан Республикасының бірінші Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халыққа жолдауында

«Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру



мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек», - деп жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болатынын, жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты ұлттық кодынды сақтай білу, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына әлемдік жаһандану үдерісінде болып жатқан тарихи өзгерістермен байланысты сабақтастықта дамуды көздейді [1]. Расындада, ұрпақтан - ұрпаққа жалғасқан тәрбие бүгінгі жаһандану үдерісінде тұлғаның дамуына рухани тұрғыда ықпал етеді. Рухани жаңғыру идеясында айқындалған бағыттарды мектептің оқу - тәрбие үдерісіне енгізе отырып, ұлттық және әлемдік даму үдерісіндегі құндылықтарды сабақтастыра жүргізу арқылы рухани қасиеттері қалыптасқан тұлға қалыптастыра алуға мүмкіндік бар.

Эстетика ұғымы сұлулық, әдемілік, мейірімділік ұғымдары арқылы түсіндіріледі. Эстетикалық тәрбие тұжырымдамасында атап көрсеткендей халықтардың көркем құндылықтары, ұлттық және жалпыадамзаттық призма арқылы тұлғаның өзіндік санасы жаңа, анағұрлым жоғары деңгейдегі дамуына бағытталады.

Соңғы шыққан сөздіктерде, ғылыми әдебиеттерде эстетика ұғымы эстетикалық талғаммен, білім, эстетикалық қажеттіліктерді дамытумен байланыстырады. Тұлғаның бойындағы эстетикалық құндылықтар тұлғаның мәдениетке деген қарым - қатынасынан, көркемдік білім мен тәрбие алуы, өнерді сезінуі мен қабылдауы, бағалауы, табиғатқа деген сүйіспеншілігі т.б. жатады.

Рухани жаңғыру идеясы негізінде тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру қазақтың ағартушы - демократтары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А. Құнанбаев, М. Жұмабаев т.б. мұралары халқымыздың рухани дамуына өлшеусіз үлес қоса отырып, эстетикалық тәлім-тәрбиенің мәніне ерекше назар аударған.

Ш.Уәлихановтың еңбектерінде халқымыздың өзіне тән қонақжайлылық, үлкенді сыйлау, қарым-қатынас т.б. терең зерттеген. «Табиғат көріністерінен эстетикалық ләззат алып, сұлулық, әсемдік, тартымдылық және ұнасым мен үндестік атаулыны сезімтал сергек көңілмен қабылдау қажет», - деп халықтың салт - дәстүрімен бірге табиғатпен байланыстыра отырып зерделеуі «табиғат - адам» байланысын көрсетеді [2, 56 б.].

Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінде халық ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалана отырып, эстетикалық талғамның жоғары дамуына, қалыптасуына, әдеміліктің түсінуге тәрбиелеу мүмкіндігімен де өте маңызды ертегілер балаларды өзінің әдемілігімен, көркемдігімен баурайды. Оларды әдемілік, сұлулықты қабылдауға үйретеді. Әсіресе, жас буынға халық музыкасы арқылы музыкалық тәрбие беруге көңіл аударады [3, 43 б.].

Ұлы Абайдың шығармалары, әндері, қара сөздері т.б. мұралары тұлға бойындағы қоғамға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда негізгі орын алады [4].

Абай жасөспірімдерге сұлулық, әдемілікке деген көзқарасын, рухани сезімін тәрбиелеп қалыптастыруда ақынның шығармаларының, өлеңдерінің орны ерекше. Туған жердің сұлу табиғатын, адамдардың көңіл-күй сезімдерін жырлауымен ерекшеленеді. Балалардың туған жер табиғатын, тауы мен тасын эстетикалық тұрғыда қабылдай білуге тәрбиелейді. А.Құнанбаевтың қара сөздеріндегі философиялық ой-пікірлері оның табиғат заңдылықтарын терең пайымдай алуымен бірге оған байланысты ғылыми көзқарастарын да танытады. Ол табиғаттың бар байлығы адам баласының аузына тосып, таусылмас азық болып отыратындығын көрсете келіп, өзіне махаббат қылса, сен де оған қылмағың парыз», - деп өскелең ұрпақты табиғат ананы аялап сүйе білуге үндейді [4].

Эстетикалық тәрбие мәселесіне елімізде, алыс және жақын шетел ғалымдарының еңбектерінде аса мән беріледі. Көптеген ғылыми еңбектерде эстетикалық тәрбие беру мәселесі сабақ үстінде және сабақтан, мектептен тыс уақытта іске асатынын атап өтеді. Эстетикалық тәрбие үйірмелер, фестивальдар, экскурсиялар, тарихи және шығармашылық ескерткіштер, мектеп театрлары, ансамбльдер, шығармашылық қойылымдар, мектептегі ақындар театры, сонымен қатар қазіргі таңда интернет, ақпараттық жүйелер арқылы жақсы жолға қойылған. Мәселен, эстетикалық тәрбие өмірдегі және өнердегі керемттілікті сезіну және түсіну, кеңістікте эстетикалық білім мен сезімталдықты қабілеттерді дамыту деп қарастырады:

Тұлғаның эстетикалық мәдениетін дамыту және қалыптастыру гуманитарлық ғылым саласында ұлттық рухани-эстетикалық тұрғыда жетілген толыққанды азамат тәрбиелеу сол ғұламалар өмір сүрген қоғамның да өзекті мәселесіне айналғандығын көреміз.

Рухани жаңғыру идеясы негізінде тұлғаның эстетикалық мәдениеті «эстетикалық тәрбие», «эстетикалық талғам», «эстетикалық ләззат», «эстетикалық мұрат», «сұлулық», «әсемдік, әдемілік»,

«көркемдік» т.б. өзара сабақтастыра отырып, жүйелі тұрғыда іске асырғанда алдымызға қойылған мақсатымыз толыққанды іске асырылады. Жалпы гуманитарлық білім және ғылым беру жүйесіндегі сөздіктерде эстетика ұғымы эстетикалық мәдениетті қалыптастыру тұрғысынан қамтылады.

Қазақстанда Альмухамбетов Б.А. [5], Халитова И.Р. [6], Қышқашбаев Т.А. [7], Қозыбаев Е.Ш. [8], Жолдасбекова С.А. [9], Момынұлы П. [10], Кансеитова Ұ.Р.[11] т.б. ғалымдардың еңбектері бүгінгі қоғамдағы эстетикалық мәдениетті қалыптастыру мәселесі жан - жақты қарастырылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұсынған «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты тәрбие тұжырымдамасында негізгі бағыттардың бірі көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. Бағалау критерийлері қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына; қарым-қатынас мәдениетіне; сөз мәдениетін сақтауға; эстетикалық түсініктерді жетілдіруге; көркемдік мәдениет саласында эстетикалық мұраттарға, өнердегі және болмыстағы мінсіз сұлулыққа шығармашылық қабілеттер қалыптастыруға; ойлауға және шығармашылық қиялға, шығармашылық қызметке мәдениетаралық әрекетке; мемлекеттік тілді, орыс және ағылшын тілдерін білуге; толеранттылық пен ғаламдық пікір қалыптастыруға; көпмәдениетті тұлға қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс танытуы деп атап көрсетеді. Эстетикалық тәрбие сұлулық, көркем мәдениет, дәуірлер мен халықтардың көркем құндылықтары, ұлттық және жалпыадамзаттық призма арқылы адамгершілік-рухани құндылықтар қалыптастыруды көздейді. Өнер құралдарының көмегімен дамудың қазіргі кезеңінде өзіндік санасы жаңа, анағұрлым жоғары деңгейдегі, тұжырымдамалы ойлауға, әлемді тұтас көре білуге, өзінің шығармашылық қызметінде ол туралы құндылықты түсініктерді іске асыруға, ұжымда өмір сүру білігіне, әлем мәдениетімен және адамдармен қарым-қатынаста өзін көрсете білуге қабілетті адам қалыптастыру маңызды міндет болып табылады [12, 11 б.].

Рухани жаңғыру идеясы негізінде тұлғаның эстетикалық мәдениеті:

- білім беру кеңістігін тұлғаның көпмәдениетті ортасы ретінде құру, эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау;
- қарым-қатынас мәдениетіне сөз мәдениетін сақтауға; эстетикалық түсініктерді жетілдіруге; көркемдік мәдениет саласында эстетикалық мұраттарға ұмтылу;
- ойлауға және шығармашылық қиялға, шығармашылық қызметке мәдениетаралық әрекетке, көпмәдениетті тұлға қалыптастыруға бағытталады;
- дәуірлер мен халықтардың көркем құндылықтары, ұлттық және жалпыадамзаттық адамгершілік-рухани құндылықтар қалыптастыруды көздейді;
- әлем мәдениетімен және адамдармен қарым-қатынаста өзін шығармашылығын көрсете білуі.

Рухани жаңғыру идеясы негізінде тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда Атырау қаласындағы Дарын орта мектебінің оқушыларымен жүргізілген тәжірибелік- эксперименттік жұмыстарда жүргізілген шаралардың нәтижесі үш деңгейі (жоғары, орта, төмен) айқындалды. Аталған мектептің ерекшелігі өнерге бейім тұлғалардың эстетикалық мәдениетінің жоғары болғанын көре білдік.

Бірінші деңгей (жоғары деңгей) Рухани жаңғыру идеясы негізінде тұлғаның эстетикалық мәдениеті қалыптастыруда көпмәдениетті ортаны құра біледі, эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалауы жоғары, эстетикалық түсініктерді көркемдік мәдениет саласында эстетикалық мұраттарға ұмтылады (46 пайыз).

Екінші деңгей(орта деңгей). Рухани жаңғыру идеясы негізінде тұлғаның эстетикалық мәдениеті қалыптастыруда көпмәдениетті ортаны құра білуге ұмтылады, эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалауы жоғары, эстетикалық түсініктерді көркемдік мәдениет саласында эстетикалық мұраттарға ұмтылысы бар (50 пайыз).

Үшінші деңгей (төменгі деңгей). Рухани жаңғыру идеясы негізінде тұлғаның эстетикалық мәдениеті қалыптастыруда көпмәдениетті ортаны құра білуге ұмтылысы төмен (4 пайыз). Дегенмен, үшінші деңгей бойынша білім және тәрбиелік деңгейі оқушылардың саны өте аз болды.

Қорытындылай келе, жаһандану үдеріс ағымында сана-сезіміміз бен дүниетанымымыз әлемдік прогресс көшіне ілесе алатындай заман ағымына икемделу арқылы озық дәстүрлерді табысты әлемдік өзгерістермен байланысты сабақтастықта дамуды көздеуді қажет етеді. Тұлғаның эстетикалық мәдениеті қоғамдағы және табиғаттағы сұлулықпен әсемдікті көре білуі, тұлға арасындағы қарым-қатынастағы әдемілік пен сұлулықты түсіне білуге, көркемәдебиеттегі образдарды меңгеруі мен көркемөнердегі эстетикалық көзқарасты, эстетикалық мәдениетті қалыптастыруға бағытталады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. /Айқын. 13 сәуір, 2013
2. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
3. Алтынсарин А. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1990. – 320 б.
4. Абай. Қара сөздер. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.
5. Альмухамбетов Б.А. Эстетическое воспитание учащихся V- VIII классов средствами национального изобразительного искусства (на материалах общеобразовательных школ Казахстана). Диссерт. ...канд.пед.наук. Алматы, 1990. –184 с.
A modern educational institution cannot be imagined without new information technologies. The article examines the process of applying information and communication technologies in education, which allows to increase the efficiency of the educational process.

The problem of using information and communication technologies (ICT) in the process of preparing qualified university graduates is becoming increasingly important.

At the present stage of technological development, the activities of the teacher and students include auditorial work using hardware and software, as well as complemented by the capabilities of the Internet. The use of ICT motivates students to creative learning activities. Formation of the conclusions of the creative process and no software and hardware at the present stage of development of information technology can replace a competent specialist. The motivational component in the context of preparing students for creativity and innovation can be considered in two ways: from the point of view of the place of professional motivation in the overall structure of personality motives; from the point of view of the individual's need for innovations, their receptivity, which determines the content side of the focus of professional activity.

**Keywords:** information and communication technology, educational process, Internet, computer technology.

Жубандыкова А.М.<sup>1</sup>, Абдрахманова М.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> к.п.н., ассоц.профессор,

<sup>2</sup> м.п.н., преподаватель, Казахский государственный женский педагогический университет  
г. Алматы, Казахстан

## ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ВУЗА

### Аннотация

Современное образовательное учреждение невозможно представить без новых информационных технологий. В статье изучен процесс применения информационно-коммуникационных технологий в обучении, что позволяет повысить эффективность образовательного процесса.

Проблема применения информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в процессе подготовки квалифицированных выпускников вуза приобретает все большую актуальность.

На современном этапе развития технологий деятельность преподавателя и студентов включает аудиторную работу с применением аппаратных и программных средств, а также дополняется возможностями сети Интернет. Применение ИКТ мотивирует студентов к творческой учебной деятельности. Формирование выводов процесс творческий и никакие программные и аппаратные средства на современном этапе развития информационных технологий не способны заменить компетентного специалиста. Мотивационный компонент в контексте подготовки студентов к творчеству и инновационной деятельности можно рассматривать в двух планах: с точки зрения места профессиональной мотивации в общей структуре мотивов личности; с точки зрения потребности личности в новшествах, их восприимчивости, что определяет содержательную сторону направленности профессиональной деятельности.

**Ключевые слова:** информационно-коммуникационная технология, учебно-воспитательный процесс, интернет, компьютерная технология.

Қазіргі қоғамды ақпараттық-коммуникациялық технологиясыз елестету мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының білім беруді 2016-2019 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында оқу үдерісінде ақпараттық-қатынастық технологияларды кеңінен пайдалану жалпы білім беруді дамытудың басты бағдарының бірі делінген.

Әлемдік білім алу кеңістігінде интеграциялық үрдістердің тереңдеп, кең қанат жайған жағдайында ақпараттық технологияларды меңгеру өзекті екені сөзсіз. Осы кезеңде біліктілігі жоғары дәрежеде дамыған, білімі жағынан бәсекеге түсе алатын, өзін халықаралық еңбек жәрмеңкесінде еркін сезініп, жүре алатын мамандар дайындау мәселесі Қазақстан жоғары оқу орындарының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады [1, 5 б].

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курсстуденттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасының мазмұны «Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану» модулін қамтиды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады. Мысал үшін Ұлыбританияда мұғалім мамандығын таңдап алған бүгінгі жастардың, өздерінің болашақ оқушылары сияқты, жеткілікті дәрежеде сандық сауаты бар, себебі олар өмір жағдайларының барлық аспектілерінде жаңа технологияның бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сандық технологиялармен үнемі өзара әрекеттесетін ұрпақ өкіліне жатады. АКТ студенттерге ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, оқытушыларға сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Сондықтан оқыту барысында осы технологияларды ойланып қолдану қажет.

Сапалы білім беру қазіргі уақытта, білім алушылардың жұмысын ұйымдастыруда жаңа әдістер мен технологияларды кеңінен пайдалануды, білім беруді ақпараттандыруды талап етеді. АКТ білім алушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, оқытушыларға сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Сондықтан оқыту барысында осы технологияларды ойланып қолдану қажет. Осы тарауда ұсынылған ақпарат



оқытушыларға оқыту барысында ғылыми жетістіктерді пайдалану, оқыту мен оқуды жетілдіру мақсатында жаңа сандық технологияларды қолдану бойынша көмек көрсетуге арналған.[2, 63 б].

Ақпараттық сауаттылық – бұл сандық технологияны пайдалана отырып, ақпараттың орналасқан жерін анықтау, ақпаратты ұйымдастыру, түсіну, бағалау және құру қабілеті. Техникалық жағынан сауатты болу білім алушылардың сандық құралдарды пайдалана білуін + сын тұрғысынан ойлауын + әлеуметтік хабардарлығын + оқуға әлеуметтік тартылуын білдіреді. Педагогикалық іс-әрекеттер, кез-келген әрекет сияқты мақсат, құрал және нәтижемен анықталады.

Бүгінде ақпараттық-қатынастық технологиялар саласының заманауи жетістіктерінің негізінде білім беруді ақпараттандырудың озық тенденциялары байқалуда. Ақпараттандыру проблемалары ашық білім берудің объективті заңды сипаттамасы болып отыр.

Білім беруді ақпараттандырудың қазіргі жағдайын сипаттайтын ғылыми еңбектер мен әдебиеттерге жасалған мынадай талдаулар, шетелдік [Р.Вильям, К.Маклин, Г.М.Клейман, Ж.П.Арно, М.Рокли, Б.Сендов, Т.Хифайед және басқалар], ресейлік [Б.С.Гершунский, Е.И.Машбиц, В.М.Монахов, И.В.Роберт, В.В.Рубцов, И.Е.Вострокнутов, И.И.Трубина, И.Г.Белавина, В.А.Захарова, П.В.Беспалов, М.М.Бужеев, Н.А.Власенко, В.В.Колос, С.П.Кудрявцева] және отандық ғалымдардың [Б.Б.Баймұханов, Е.Ы.Бидайбеков, Д.М.Жүсібалиева, Г.Қ.Нұрғалиева, С.С.Үсенов және басқалар] білім беру ортасын қалыптастырудың мынадай ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді:

- 1) білім алушылар мен оқытушылардың бірлескен жан-жақты дамуы;
- 2) білім беру үрдісіне барлық қатысушылардың даму деңгейі мен жылдамдығын үйлестіру;
- 3) ақпараттық-қатынастық технологиялар көмегімен жалпы білім беретін сабақтардың пәнаралық моделі;
- 4) үнемі өзгеріп отыратын еңбек шарттарына жас ұрпақты дайындау үшін білім алушылар мен оқытушылардың АҚТ-ны пайдалану дағдыларын қалыптастыру;
- 5) «білім беру траекториясын» таңдауды қамтамасыз ету.

Ақпараттық қоғамның критерийлері ретінде келесі үш жағдайды алуға болады:

- Компьютерлердің болуы;
- Компьютерлік желінің даму деңгейі;
- Күнделікті өмірінде іс-әрекетінде ақпараттық технологияны пайдаланатын және ақпараттық салада еңбек ететін тұрғындардың саны

Ақпараттандыру үрдісі келесі өзара байланысқан үш үрдісті біріктіреді:

- 1) интеллектуалдандыру – адамдардың (қоғам мүшелерінің) ақпаратты қабылдау және жасау қабілеттерін дамыту, тудыру;
- 2) компьютерлендіру – ақпаратты іздеу және өңдеу құралдарын жетілдіру үрдісі;
- 3) медиостизациялау – ақпаратты жинау, сақтау және тарату құралдарын жетілдіру үрдісі.

Білім беру жүйесі қоғамды ақпараттандыру үрдісінің негізгі базасы болып табылады. Сонымен қатар, адамның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру ортасы болып табылады. Сол себепті, білім беруді ақпараттандыру және компьютерлендіру мәселесі толыққанды ақпараттық қоғамды қалыптастырудағы бастапқы мәселелердің бірі болып табылады.

Компьютердің көмегімен оқыту мәселесі 80-ші жылдардың соңынан бері зерттелуде.

Оқытуда көрнекілік, ойлау деңгейін көтеру, танымдық, білім деңгейін, өз бетімен жұмыс жасау, интеллектуалдық даму, оқытуда саралау, кәсіби бағытталған және т.б. зерттелген.

Ақпараттық технологияны оқыту құралы ретінде пайдалану келесі жағдайлардың болуына ықпал ететіні жұмыста анықталған:

- білім алушының тұлғасын дамытып, ақпараттандырылған қоғам жағдайында өмір сүруге дайындайды, мысалы ойлау қабілетін дамыту (көрнекі-әсерлі, көрнекі-бейнелі, интуитивті, шығармашылық, ойлаудың теориялық түрін); эстетикалық тәрбиелеу; қатынастық икемділіктерін дамыту, оңтайлы шешім қабылдау білігін қалыптастыру, эксперименттік зерттеу әрекетін жасау білігін дамыту, ақпараттық мәдениетін қалыптастырып, ақпаратты өңдеу икемділігін қалыптастыруға;

- қазіргі заманғы қоғамды ақпараттандыруға байланысты әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға;

- оқу-тәрбие жұмысының барлық деңгейлерін үдетіп, оқыту үрдісінің тиімділігі мен сапасын ақпараттық технологиялар құралдарының мүмкіндіктерін пайдаланып жүзеге асыруға;

- танымды қис-әрекетін белсенді болдыруға, ақпаратты өңдеу құралдарын пайдаланып, пәнаралық байланысты тереңдетуге.

Сонымен ақпараттық технология оқыту мазмұнын өзгертіп, оқыту жүйесіне жаңа элементтер енгізеді. Мысалы, ақпараттандыру жағдайында ЖОО-нда компьютерлік коммуникацияның болуы:

- пәндердің интеграциясын;
- білім алушылардың өздік іздеу және зерттеу жұмысының әдістерін жасауды;
- мәселені білім алушыларға бірігіп шешу жолдарын үйретуді;
- білім алушылар мен оқытушылардың топтық және жеке жұмыс жасау әдістерін үйлестіруді;
- білім алушылар мен оқытушылардың жұмысында компьютерді белсенді пайдалану;
- оқу үрдісінде ақпараттық технологияны тиімді жаңа мазмұнмен, жаңа әдіспен және жаңа ұйымдастыру түрлерін пайдалануды оқытушылардан талап етеді [3, 104 б].

Ақпараттық технологиялар құралдары оқытушылар мен білім алушыларға ғылыми және оқу-әдістемелік ақпаратқа оперативті қол жеткізу құралдары болып табылады.

Кәсіби шебер оқытушы қай уақытта, қашан, қандай, қандай түрде, ақпаратты мазмұндау керек екенін біледі. Бұл жерде тек бір мақсат – берілетін ақпарат тиімді, қажет ақпарат және студенттерге түсінікті болуы керек.

Ақпараттану жағдайында оқытушының шеберлігінің деңгейіне, яғни педагогикалық шеберлігі мен білімінің көлемімен оны жүйелі ұйымдастыру мүмкіндігіне және еңбек сапасына талаптар қойылады.

Білім алушының кәсіби іс-әрекеті нәтижелі болу үшін, ол тек ақпаратты беріп қана қоймай, компьютер көмегімен сол ақпаратты алуда іс-әрекетті студент – компьютер – оқытушы арасындағы байланыстарды нәтижелі болдыруға бағытталу керек. Бұл үшін оқытушы оқытуда студентпен байланысын ұйымдастыру амалын келесі бағыттарда компьютерді пайдаланып студентпен оқытушы арасында оқу байланысын орнату жағдайын жасау; студенттер тобының өзара байланысын және студенттер тобының компьютермен байланысын ұйымдастыру, компьютермен және компьютерсіз оқытудың оңтайлы қатынасын анықтау бағыттарында жүргізу қажет.

Ақпараттандыру жағдайында оқытушының кәсіби іс-әрекеті ақпараттық технология құралдарын пайдалануға байланысты үш бөліктен ұйымдастырушы-әдістемелік, мазмұнды-әдістемелік, аспаптық құралдардан тұратын педагогикалық технологияны ғылыми негізде жасап пайдалануды қажет етеді.

Білім беру жүйесіне инновациялық құралдарды, идеямен технологияны ендіру негізіне:

- педагогикалық технологиялар банкі, олардың оқу-әдістемелік қамсыздандырылуы, тұжырымдары, алгоритмдерінің ақпараттық ресурсы;
- педагогикалық технологияны іріктеу критеріі, жаңа білім беру тәжірибесін жобалаудың алғашқы бастауы;
- нақты оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияны ендіру механизімі алынуы қажет.

Ақпараттық технологияны оқытуда пайдаланудың теориялық негіздерін, дидактикалық негіздерін, оқу-әдістемелік жұмыста нақты пәнді оқытуда ақпараттық технологияны пайдалану, бағдарламалық педагогикалық сценарий жасау жолдарын, электрондық оқытудағы мәселелік жағдайды моделдеу және ұйымдастырушы-әдістемелік іс-әрекет атқару туралы білімді игерген ұстаз ғана ақпараттандыру жағдайында толыққанды қызмет ете алады деуге болады. Әрине бұл жерде педагогикалық тәжірибенің орны ерекше.

Сондықтан, оқытушы іс-әрекетінде ақпараттық технологияны пайдаланудың нақты пәндердегі іорнын, психологиялық, педагогикалық, эргономикалық талаптарын білумен қатар, кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктеріне жататын кәсіби дағдыларды нақтылау қажет:

- іс-құжаттарын даярлаудың, мәліметтер (педагогикалық тәжірибелер) қорын жасап өңдеудің және дидактикалық тірек – құралдар жасауға қажет саймандық бағдарламалық қамсыздандырумен жұмыс істеу дағдысы;
- пәнге арнайы құрылған бағдарламалық қамсыздандырумен жұмыс істеу дағдысы;
- жергілікті және Интернет желісінде жұмыс жасау дағдысы;
- мультимедиялық және геоақпараттық технологиялардың қызмет етуінен хабардар болып, кәсіби қажеттілік шеңберінде пайдалану дағдысы.

Оқыту технологиясының ақпараттық технологияның үнемі даму үстінде болуына сәйкес оқыту технологиясының жаңарып отыруына байланысты жоғарыда келтірілген кәсіби іс-әрекеттердің үнемі жетілдіріліп отыруы қажеттігі туады.

Бұл үшін оқытушы келесі іс-әрекеттерді меңгереді, олар жаңа ақпараттық технологияны ендіруге байланысты:

- педагогикалық бағдарламалық және техникалық құралдардың педагогикалық және технологиялық құжаттары нсалыстырмалы талдау;
- сабақтың логикалық мазмұнын моделдеу;
- межелеген оқыту нәтижелеріне жетудің әдістемелік және ұйымдастыру шарттарын анықтау;

- дидактикалық сәттерді модельдеу;
- оқу-тәрбие үрдісінің аяқталғандығын тексеру және бағдарламалық құралды апробациялау;
- таңдап алынған ақпараттың технология негізіндегі педагогикалық технологияны түзету;
- ақпараттық технологияны нақты пәнді оқытудағы мүмкіндіктерін бағалай білу;
- ақпараттық технологияны әртүрлі пайдалану амалдарын;
- ақпараттық технологияны пайдаланып әртүрлі кәсіби іс-әрекеттер атқару.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде оқытушының іс-әрекетінің құрылымы әртүрлі тұрғыда қарастырылған. Гностикалық, жобалық, құрылымдық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, сараптық іс-әрекеттер алынған.

Ақпараттық-қатынастық құралдар білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін, зерттеу жүргізу мүмкіндіктерін күшейтіп, белсенді және саралап оқытуды қалыптастыру құралы болып табылады. Сонымен қатар, дүниежүзілік ақпараттық ресурстарға қол жеткізу білім алушылардың қоршаған дүниені, қоғамдағы құбылыстарды жеке қабылдауына әсерін тигізеді[4, 11 б].

Ақпараттық технологияны білім беруге ендіру барысында оқу орнының мәдениеті мен оқу үрдісіндегі оқытушының рөлі өзгереді. Білім алушыларға берілген ғылыми және оқу ақпаратының көп болған жағдайында оқытушының пән аумағында және пәнаралық аумағында кәсіби дайындығына қойылатын талаптар көбейе түседі. Сонымен қатар, оқытушының жеке тұлғалық, жалпы мәдени, коммуникативтік білім, білік, дағды және құзыретіне нақты талаптар қойылмақ.

Қазіргі кезде оқу үрдісінде ақпараттық технологиясын ендіру мен ақпараттық ресурстармен жұмыс істеуге байланысты мәселелерді шешу қазіргі ірі педагогикалық мәселелердің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда біздің университетімізде ақпарат құралдарын кеңінен пайдалану жоғары деңгейде жолға қойылған:

- оқу үдерісінің ашықтығы мен студенттер бағасының шынайылығын қамтамасыз ететін «Универ» жүйесі, ARTA SYNERGY электронды құжат айналымы бағдарламасы енгізілген;

- қашықтықтан оқыту жүйесі енгізілген;

- оқу кабинеттері мультимедиялық және компьютерлік техникамен, лицензиялы бағдарламалармен қамтылған;

- «ҚАКАЖ» бағдарламасының көмегімен (Қазақ автоматтандырылған УНИВЕРСИТЕТ УНИВЕРСИТЕТ 11 кітапханалық-ақпараттық жүйе) іздеу және тапсырыс беру, кітап қорын есепке алу, келу статистикасын жүргізу сияқты үдерістер автоматтандырылған.

Қорыта келе, ЖОО-ның оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырады, өздігінен ізденуге шығармашылықтарын дамытуға, креативтілікке жетелейді.

Оқытушылар сабақ барысында берілетін тапсырмаларды АКТ –ның көмегімен орындайтын, интернет желісін пайдалану арқылы түрлі бағдарламалармен жұмыс жасай алатындай тапсырмаларды сауаттылықпен құрастыра білсе, болашақ өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына өз үлесін қоса алатын, ізденімпаз, өзіндік шығармашылық жұмыспен айналыса алатын жан-жақты дамыған маман иесін дайындай алатынымызға сенімдіміз.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді 2016-2019 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы/ Астана, 2016 ж. – 4 б.

2. Koehler, M. J., Mishra, P., & Yahya, K., (2007). *Tracing the development of teacher knowledge in a design seminar: Integrating content, pedagogy and technology/ Computers & Education*, 49(3), 740–762.

3. Mishra, P., & Koehler, M. J., (2006). *Technological pedagogical content knowledge: A framework for teacher knowledge. / Teachers College Record*, 108(6), 1017–1054.

4. Shulman, L. S., (1986). *Those who understand: Knowledge growth in teaching. Educational Researcher*, 15(2), 4–14.

ӘОЖ 37.00  
МРНТИ 14.35.09

*Т.С. Жумашева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>6D010100- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 3 курс докторанты,  
Абай атындағы Каз ҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ЖОО-ДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЛИДЕРЛІК ӘЛЕУЕТІН ДАМУ - БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ САПАСЫНЫҢ АРТУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

*Аңдатпа*

Мақаланың мақсаты педагогикалық ЖОО-ның оқу-тәрбие кеңістігінде студенттердің лидерлік әлеуетін дамытудың маңыздылығын көрсету. Автордың мақсаты болашақ маман үшін лидерлік әлеуетті дамытудың кәсіби маман болып қалыптасуына берер ықпалын ашып көрсету. Ол өз зерттеуінде студенттердің өмірде өзін-өзі бекітуіне қажетті сапаларды олардың бойында қалай қалыптастыруға болады деген сұраққа жауап іздеген. Мақалада лидер, лидерлік әлеует, лидерлік сапа сияқты мәселелердің төңірегінде зерттелген отандық және шетелдік зерттеуші ғалымдардың көзқарастарына талдау жасалған. Мақаланың негізгі тірек ұғымы әлеуетке әртүрлі сөздіктерден анықтама берілген. Автор «білімділік» тәсіл бойынша білім алатын жастардың көпшілігі, оқуды аяқтағаннан кейін қазіргі қоғамда өз бетімен өмір сүруге дайын емес деген пайымдау жасай отырып, лидер болуы үшін меңгеруі тиіс бірқатар сапалар мен қабілеттер, іскерліктің түрлеріне сипаттама жасаған. Дәлірек айтқанда харизма, мақсаткерлік, ынта, ізденімпаздық, тапқырлық, шешендік, амбициоздық, өзара сыйластық, батылдық, өз күштеріне сенім, адалдық, әзіл, достық, ұқыптылық, сыпайылық, өзін-өзі сыншылдық, өз уәделерін әрдайым орындау қабілеті, тиімді және әсерлі қарым-қатынас жасау қабілеті, ымыраға келу және әріптестерін ынталандыру қабілеті, кез келген ортаға бейімделе білу қабілеті, болашақ перспективаларды алдын ала көру қабілеті, ақпараттық ағындардан қажетті мәліметтерді ала білу қабілеті, киімде мінсіз мәнерлер мен стильді көрсете білу лидердің негізгі сапасының құрамдас бөлігі деген тұжырымға келеді. Сондай-ақ, автор оқырманды лидерлікті дамытуға тиімділігі жоғары оқыту әдістеріне сипаттама жасаған.

**Түйін сөздер:** заманауи маман, әлеует, лидер, лидерлік әлеует, өз-өзіне сенімділік, бастамашылық, жетекшілік.

*Zhumasheva T.S.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>PhD. 3 course Specialty6D010100 Pre-school education and upbringing,  
Sorbonne-Kazakhstan at AbaiKazNPU,  
Almaty, Kazakhstan*

## **DEVELOPMENT OF LEADERSHIP POTENTIAL OF UNIVERSITY STUDENTS-THE KEY TO IMPROVING THE QUALITY OF TRAINING OF FUTURE SPECIALISTS**

*Abstract*

The purpose of the article is to show the importance of developing the leadership potential of students in the educational space of universities. The aim of the author is to reveal the influence of the development of leadership potential for the future specialist on the formation of a professional specialist. The article analyzes the views of domestic and foreign scientists and researchers studied in the framework of such problems as leader, leadership potential, leadership quality. The main concept of the article in the potential given definition from different dictionaries. The author characterized a number of qualities and abilities, types of skills that must have in order to become a leader, creating an opinion that the majority of young people studying by the method of "education", after graduation are not ready for independent life in modern society. The author also described the methods of highly effective training for the development of reader leadership. Key words: modern specialist, potential

**Keywords:** modern specialist, potential, leader, leader, leadership potential, self-confidence, initiative, leadership.

Т.С. Жумаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>докторант 3-курса по специальности 6D010100-Дошкольное обучение и воспитание,  
Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан

## РАЗВИТИЕ ЛИДЕРСКОГО ПОТЕНЦИАЛА СТУДЕНТОВ ВУЗОВ - ЗАЛОГ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

### Аннотация

Цель статьи - показать важность развития лидерского потенциала студентов в учебно-воспитательном пространстве вузов. Цель автора раскрыть влияние развития лидерского потенциала для будущего специалиста на формирование профессионального специалиста. В статье проанализированы взгляды отечественных и зарубежных ученых-исследователей, исследованных в рамках таких проблем как лидер, лидерский потенциал, лидерское качество. Основное понятие статьи в потенциале дано определение из разных словарей. Автор охарактеризовал ряд качеств и способностей, видов умений, которые должны обладать для того, чтобы стать лидером, создавая мнение о том, что большинство молодежи, обучающейся по методу «образованность», после окончания обучения не готовы к самостоятельной жизни в современном обществе. Автор также охарактеризовал методы высокоэффективного обучения для развития лидерства читателя.

**Ключевые слова:** современный специалист, потенциал, лидер, лидер, лидерский потенциал, уверенность в себе, инициативность, руководство.

Лидерлік азаматтық қоғамды қалыптастыру мен дамытудың маңызды факторы болып табылатын әлеуметтік құбылыс ретінде зерттелінді. Қоғамда әрдайым ұлт мүддесіне, адамзат өркениетіне адал қызмет етушілер «зиялылардың» лидерлер болғаны тарихтан белгілі. Сондықтан қазіргі кезде кәсіби мамандарды даярлау мәселесі заманауи маманның белгілі бір салада дипломат, аналитик немесе кәсіпкерлік құзыреттіліктерге ие адам болғанын қажет етеді. Дәлірек айтқанда ол өзінің ұқыптылығымен, тиянақтылығымен, жауапкершілік сезімі жоғарылығымен, мақсатына жетуге талпынысымен көзге түсетін, болашағын болжай алатын, өз-өзіне сенімді, табанды, кез келген жағдайда лайықты сәтті күте білетін, сәтсіздік болған жағдайда келесі жаңа қадамдар мен әрекеттерді жасауға қабілетті, ұйымшыл, мақсатқа ұмтылғыш, басқаларды ынталандыру қабілеті жоғары мотивацияға ие, әрқашаншындықты айтатын адалдығымен ерекшеленеді. Іс жүзінде ЖОО-да қайта құрылған біліктілік стандарты шеңберінде «білімділік» тәсіл бойынша білім алатын жастардың көпшілігі, оқуды аяқтағаннан кейін қазіргі қоғамда өз бетімен өмір сүруге дайын еместігін көрсетеді, олар өз-өзіне сенімсіз және әлеуметтік мәдени жағдайды дұрыс емес деп бағалайды. Қоғамның және еңбек нарығында белгілі бір құндылықтар жүйесі бар, өмірлік ұстанымдары айқын, лидердің нышандары бар жаңа формациядағы мамандарға деген қажеттілігі және педагогикалық ғылымның теориясы мен практикасында осы сапаларды оқыту үдерісінде жас ұрпақтың бойына қалыптастырудың жеткіліксіз зерттелуінің арасында қарама-қайшылық туындайды.

Біздің зерттеуіміздің негізгі мәселесі оқу процесінде студенттердің өмірде өзін-өзі бекітуіне қажетті сапаларды олардың бойында қалай қалыптастыруға болады деген сұраққа жауап іздеу. Бұл сапалардың жиынтығын білім алушылардың «әлеуеті» деп белгілейік.

Зерттеу жұмысымызда қарастырылатын негізгі тірек сөздердің бірі «әлеует» категориясы педагогика үшін аса маңызды жалпығылыми әдіснамалық ұғым болып табылады. Адамға қатысты айтылатын бұл ұғымның философиялық сөздіктегі түсіндірмесі адамның бойындағы «күш-жігер», «қайрат» деген сөздерімен мағыналас екендігін көрсетеді. Басқаша айтсақ, адамның белгілі бір мәселені шешу, нәтижеге жету үшін жұмсайтын қор, ішкі мүмкіндіктер көзі. Ұғымды ең алғаш тұрмыста қол жеткен нәтижелер мен болашақты екі бөліп қарастыру үшін қолданысқа Аристотель енгізген.

Ал, әлеуметтік педагогикалық сөздікте әлеует (потенциал) «потенциал» сөзі (potentia латын тілінен шыққан – күш деген мағынаны білдіреді) – белгілі бір міндеттерді шешу, қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдалануға болатын мүмкіндіктер, көздер, қаражат, қорлар және т. б. жиынтығы: жеке адамның, қоғамның, белгілі бір саладағы мемлекеттік меншіктің (әскери, экономикалық, шығармашылық, өмірлік) мүмкіндіктері деп түсіндіріледі [1, 215б].

Адамның «әлеуетін» зерттеуде бірқатар психологиялық және әлеуметтік еңбектерді талдау жұмысы (В. Н. Маркова, Б. М. Теплова, Н. С. Лейтес, С. Л. Рубинштейна, Р. Л. Кричевский, Т. И. Артемьева, Е. В. Кудряшов, Б. Д. Парыгина, В. И. Добренькова және т.б.)

И. А. Дрыгина студенттің лидерлік әлеуетінің негізгі базалық элементтері ретінде мынандай сапаларды бөліп шығарады [2]:

1) лидерлік қажеттіліктерін – дербестендіру, дамыту, мойындау, ықпал ету, жету, сыйлау, қарым-қатынас, сондай-ақ жетекшілік атқаруға ұмтылу;

2) лидерлік мүмкіндіктер - басқару қабілеті, ұйымдастыру, талдау, ықпал ету және т. б.;

3) лидерлік құндылықтар – білім беру процесінің субъектілері арасындағы оң қарым-қатынастар, конструктивтік топтық қатынастар, танымдық-кәсіби мақсаттарға қол жеткізу және т. б.;

4) құралдар – (әлеуметтік - педагогикалық) ЖОО-ның білім беру ортасының жағдайы, студент тұлғасының лидерлік әлеуетін өрістетуге объективті ықпал етеді.

Ғылыми әдебиетте әртүрлі «әлеует» түрлерін бөліп көрсетеді: лидерлік, шығармашылық, ғылыми, зерттеу, білім беру және т.б. Осы тұрғыда Б.А.Тұрғынбаева біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту жайында көлемді еңбек жұмысын жасағанын ескерткіміз келеді [3].

Жас маман үшін қажетті сапаларға орала отырып, біздің зерттеу аясында «лидерлік әлеуетін» дамуы ерекше қызығушылық тудырады. «Лидер» ұғымының анықтамасы, сондай-ақ лидердің және басшының ерекше белгілері кеңес дәуірі кезеңінде ресми түрде Б. Д. Парыгинмен бекітілген. Ол лидер нақты бір міндетті шешу кезінде топты ұйымдастыру үшін топ мүшелерінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде алға шығарылатын кіші топтың мүшесі болып табылады. Ол осы міндетті шешу кезінде топтың басқа мүшелеріне қарағанда жоғары белсенділік танытады, басқаларына ықпалы жоғары. Осылайша, лидер өзіне белгілі бір қызметтерді қабылдай отырып, нақты жағдайға алға шығарылады. Топтың қалған мүшелері лидерлікті қабылдайды, яғни лидер жетектейді ал қалғандары соның ізінен жүреді деген қарым-қатынас құрайды. Лидерлікті топтық құбылыс ретінде қарастыру қажет: лидержалғыз болуы мүмкін емес, ол әрқашан топтық құрылымның элементі ретінде беріледі, ал лидерлік жүйе бұл құрылымдағы қарым-қатынастардың жүйесі болып табылады. Сондықтан лидерлік феномені кіші топтың динамикалық үдерістеріне жатады. Бұл үдеріс жеткілікті түрде қарама-қайшы болуы мүмкін: лидердің талап ету шарасы және топтың басқа мүшелерінің оның жетекші рөлін қабылдауға дайындық шарасы сәйкес келмеуі мүмкін» [4]. Бүгінде лидерлік әлеуетті дамыту мәселесі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылып жатыр. Мәселен, Б.М. Баймуханбетов «Лидер белгілі бір топты жарқын болашаққа, игі істерге жетелеу және тәуекелге бел буу мен батыл әрекет жасауға әзір болу іскерлігіне ие топ мүшесі», ал «Лидерлік – топ мүшелеріне мәнді ықпал ететін, басшылықты қолына ала алатын, тұлғалық бағалауға, өзгеріс жасауға бейімді әлеуметтік психологиялық құбылыс» деп анықтады [5, 646]. Психолог Ж.Б. Намазбаева Лидер – топ мүшелерінің мақсаттарын қамтитын және топтық іс-әрекеттің сипаты мен бағытын айқындайтын, жауапты шешімдерді қабылдауға құқықты екенін топтың қалған барлық мүшелері мойындаған тұлға. Сонымен, неғұрлым беделді тұлға бола отырып, лидер бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруда және топтағы арақатынастарды реттеуде шынайы басты рөлді атқарады. Топта, ұжымда әдетте жетекшілік міндетін өзіне алатын бір адам болады [6, 976]-деп түйіндейді. Р.С.Немов, лидер ұғымын келесідей үлгіде қарастырады - бұл әлеуметтік топтың мүшесі, оның беделін, билігін және өкілеттігін осы топтың басқа мүшелері сөзсіз мойындайды, оның психологиялық ықпалында болады және оның ізімен жүруге дайын [7, 4836]. Т.И. Артемьева: лидерді алдында айқын, қол жетімді мақсаты бар және бұл мақсатқа жету үшін басқалардың қызметін үйлестіре алатын, белгілі бір қоғамдастықтың беделді мүшесі ретінде көрсетеді [8, 1216]. Е. В. Кудряшова лидерді жетекшімен салыстыра отырып, біріншісін тұрақтылығы аз және көбінесе топтағы көңіл-күйге тәуелді деп есептейді. Бағыныштыларға басшылық ету лидердің қолында жоқ, белгілі бір жүйенің және әртүрлі санкциялардың жүйесімен қамтамасыздандырылады ал, жетекшінің шешім қабылдау процесі күрделі және көп жағдайлармен осы топта міндетті түрде байырғы мән-жайлардың болуы қажет емес, ал көшбасшы тікелей өзі шешім қабылдайды [9, 986]. Осылайша, аталған зерттеушілердің лидерлік мәселесіне арналған жұмыстарын талдау бізге көшбасшы деген ұғымға қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Лидер – бұл жоғары социометриялық мәртебесі бар топтың беделді тұлғасы, топтық шешімдер қабылдау және бірлескен қызметті ұйымдастыру кезінде басты рөлде мойындалатын топ мүшесі.

Бұл тұрғыда «көшбасшылық әлеуетті» біз тұлғаның жеке және іскерлік ресурстары арқылы қол астындағылардың беделіне қол жеткізу мақсатында нақты объективті жағдайларда қызметін жүзеге асырудың тиімділігін қамтамасыз ететін және айқындайтын ерекше сапа ретінде қарастырамыз. Алайда, шетелдік зерттеушілердің (П. Друкер, Р. Дилтс, Р. Перо, Дж. Рон, Х. Сильва, М. Фишер, А. Залезник, Ф.Р.Манфред, Э.Коно, Д.Фокс және т. б.) қазіргі заманғы лидердің әлеуметтік портретіне арналған көптеген жұмыстары, бізді лидер «басқаларды ол қалаған нәрсесін жасауға мәжбүр етіп қана қоймай, олардың оны жасауға ниеттеніп отырғанына сендіреді» және де өз таланттары мен қабілеттерін

барынша жоғары деңгейде ашуға ұмтылып, үнемі өзін-өзі жетілдіре отырып, бәрінде бірінші болуға ұмтылады деп дәлелдейді.

У. Дисней, Г. Форд, Б. Гейтс, М. Бауэр, Дж.Уэлч, М. Делли және т.б кәсіпкерлердің өмірі мен табыстарын, жетістіктерін талдай келе, жоғарыда аталған авторлар лидер деп «өзін өзі жасаған адамды» атайды. Американдық философ Джим Рон былай деп жазады: «нағыз лидерлер отбасында немесе жұмыста оларда бар талантпен, тәжірибемен және мүмкіндіктерімен көрінеді. Лидер болып қалыптасады егер сіз қаласаңыз ғана болады, біреу мұны байқай отырып, сізді көтермелейді, сізге өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді, демек, сіз өз қабілеттеріңізді іске асыра аласыз».

Сондай-ақ, осы шетелдік авторлардың еңбектерін талдай отырып, біз барлық салаларда әрдайым табысты болу үшін лидерге меңгеруі тиіс бірқатар сапалар мен қабілеттер, іскерліктің түрлерін табамыз. Олар: харизма, мақсаткерлік, ынта, ізденімпаздық, тапқырлық, шешендік, амбициоздық, өзара сыйластық, батылдық, өз күштеріне сенім, адалдық, әзіл, достық, ұқыптылық, сыпайылық, өзін-өзі сыншылдық, өз уәделерін әрдайым орындау қабілеті, тиімді және әсерлі қарым-қатынас жасау қабілеті, ымыраға келу және әріптестерін ынталандыру қабілеті, кез келген ортаға бейімделе білу қабілеті, болашақ перспективаларды алдын ала көру қабілеті, ақпараттық ағындардан қажетті мәліметтерді ала білу қабілеті, өз идеяларын, жоспарларын объективті өлшей білу, киімде мінсіз мәнерлер мен стильді көрсете білу. Осылайша, ресейлік және шетелдік зерттеулерді талдау «лидер» ұғымын әртүрлі елдердің зерттеушілері әрқалай қарастыратынын көрсетті. Ресей зерттеушілері кеңес дәуірінің тәжірибесіне сүйене отырып, бұрынғысынша лидерді кіші топтың ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Шетелдік зерттеушілер лидерді табысты, үнемі өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі дамытуға ұмтылған адам және оның жағымды қасиеттері көп деп көреді. Қазіргі заманғы маманның осындай түрі бүгінде еліміздің еңбек нарығында сұранысқа ие.

Лидерлер – қарапайымдылық жетістікке жетудің басты принципі деп есептейді. Ол барлық қызметкерлерін өз әрекеттерін қарапайым тәсілмен атқаруға үйретуге тырысады. Ол өзінің ізбасарларына жоғары мақсаттарды меңзей отырып ерекше назар аударады. Пайда төмендегенде немесе төменгі нәтижелерді көрсеткенде осы жағдаяттан шығу жолын ұсыну үшін көмек қолын ұйым мүшелеріне, топтарына созады.

Лидерлер–өз қателерін мойындайды және оларды шешу үшін қажетті шараларды ашық түрде қолданудан қорықпайды. Олар өз жұмыскерлеріне сыйластықпен қарайды, оларды бағалайды, сенімдерін үнемі қорғайды. Ал өз кезегінде жұмысшылар лидерге адал және тіпті олар үшін жанын қиюға дайын болады.

Лидерлер–қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті тұлға. Белгілі бір әлеуметтік топтың мақсат-мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайықты қасиеттерді жия білген адам лидер ретінде танылады.

Ол тұлғаға деген адал және сыйластық қарым-қатынас, жоғары мақсатқа жетудегі қайсарлық мынадай құндылықтарға ие.

Лидерлер – адамның және оның әрекеттерінің үнемі жоғары сатыға көтерілуі үшін жағдай жасайды және олар өз қызметкерлерінің жетістікке жеткен жұмысын мойындап марапаттайды.

Лидерлер – өзіне пікірлес, сыбайластар іздейді. Басшылардың, лидерлердің жеке қасиеттеріне байланысты тұжырымдар қалыптасқан:

1. Харизматикалық (харизма - грек тілінен charisma- қабілет, талап деген мағына береді) – өзіне баурап алатындай қасиеттерінің болуы.

2. Айрықшалық - жоғары зияттылық; жан-жақты білімділік; өз-өзіне сенімділік; бастамашылық сияқты қасиеттердің жинақталуы.

Е.Кричевскийдің құндылықтар алмасу теориясы бойынша, топтың құндылықтарын толық іске асыра алатын адамдар ғана лидер бола алатындығын айтады [10].

Осылайша, лидерде болатын сапалардың артықшылығын саралаудың негізінде біз бүгінгі күндегі жас заманауи маманның бойында оның лидерлік сапалары болуы тиіс деп санаймыз. Осы ойлар отандық педагогика ғылымы саласындағы зерттеулерде де көрініс тапқан. Соның ішінде ғалым Ұ.М.Әбдіғапбарова, Б.Б.Баймұханбетов, Б.А.Байкуловалардың еңбектерінде лидерлік пен басшылық арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар салыстырылып көрсетілген. Олар басшының билік тұрғысынан, әкімшілік тарапынан тағайындалғанымен, оның бойында лидерлік сапалардың болуы қажеттігін көрсетеді [11].

Сонымен бірге, қазіргі заманғы баспасөз беттерін талдау көрсеткендей, көптеген ұйымдар өз қызметінің тиімділігін арттыруға көбірек көңіл бөле отырып, қазір басқа елдердің мамандарын тартады,

олар өздерімен бірге жетіспейтін білім мен дағдыларды алып қана қоймай, сонымен қатар ұйымның жұмысын қайта құруға және лидерлікті дамытуға өз үлесін қосады. Осыған байланысты, біздің зерттеуде айтылған мәселелерді шешу жолдарының бірі-білім беру процесінде студенттердің ары қарай өмірде өзін-өзі бекіту үшін қажетті қасиеттерді дамытуға ықпал ететін әдістерді, тәсілдерді және құралдарды әзірлеу және қолдану болып табылады. Мұндай әдістерге: коучинг, тренинг, семинар, дискуссиялық дәрістер, іскерлік ойындар және өзін-өзі дамыту немес өз бетімен білім алу жатады.

Біз тәжірибелік-эксперименталды тексеруге студенттердің субъектілік белсенділігінің қағидасына негізделген оқытудың интерактивті моделінің тиімділігі туралы гипотеза жатады деп ойлаймыз. Бұл оқыту үдерісі оқытушы мен студент арасындағы «ересек-ересек» қарым-қатынас қағидасына және білім беру үдерісі субъектілерінің кері байланыс принципіне негізделетін болады. Аталған интерактивті оқыту үлгісі жоғары курс студенттері оқу үрдісінде студенттердің лидерлік әлеуетін дамытуға бағытталған.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Мардахаев Л.В. Словарь по социальной педагогике. М., Академия, 2002.
2. Дрыгина И.В. Активизация лидерского потенциала личности студента в образовательном процессе вуза : дис. ... канд. пед. наук. Красн о-ярск, 2004
3. Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы, 2012. –211 б.
4. Парыгин Б.Д. Основы социально-психологической теории. М.: Мысль, 1971. 348 с.
5. Баймұханбетов Б.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру. (PhD диссерт) Алматы, 2014-159б
6. Намазбаева Ж.Ы. Жалпы психология: оқулық ҚР білім және ғылым министрлігі. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ Психология институты, 2006. –296 б.
7. Немов Р. С. Психология. Учебник для студ. высш. пед. учеб. заведений. В2 кн. Кн.2 Психология образования. М.: Просвещение: Владос, 1994. 496 с.
8. Артемьева Т.И. Методологический аспект проблемы способностей. АН СССР, Ин-т психологии. М.: Наука, 1977. 184 с.
9. Кудряшова Е.В. Лидер и лидерство (Исследования лидерства в современной западной общественно-политической мысли). Архангельск: Изд-во Поморского межд-го педагогического ун-та им. М.В.Ломоносова, 1996. 145 с.
10. Кричевский Р.Л. О функции и механизме идентификации во внутригрупповом межличностном общении // Психология межличностного познания. – М., 1981. - С. 96-99
11. Әбдіғанбарова Ұ.М., Баймұханбетов Б.Б., Байқұлова Б.А. Оқушылардың лидерлікке даярлығын тәрбиелеудегі әдістемелік, диагностикалық құралдар: оқу-әдістемелік құралы. - Тараз, 2017. – 50 б.

**МРНТИ 14. 35. 07**

*Карбаева Ш.Ш.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Кандидат педагогических наук, доцент,  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г.Алматы, Казахстан

**КВАЛИФИКАЦИОННЫЕ ТРЕБОВАНИЯ К РЕЗУЛЬТАТАМ ОБУЧЕНИЯ ГЕОГРАФИИ  
В ВЫСШЕМ ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ**

*Аннотация*

Новые подходы к организации высшего педагогического образования устанавливают новые требования к разработке нормативно-управленческих документов образовательного учреждения. Образовательные программы – один из видов нормативных документов, которые в каждом учреждении образования уникальны по своему содержанию и структуре. На основе государственного стандарта высшего профессионального образования в вузах Казахстана реализуются компетентностно-ориентированные образовательные программы для уровневой подготовки выпускников (бакалавр, магистр и PhD).

В статье рассмотрен один из вариантов проектирования ожидаемых результатов обучения географии в условиях компетентностно-ориентированного подхода высшего образования Республики Казахстан.



Исходя из структурного анализа образовательных программ и содержания географического образования высшей школы, выявлены подходы к определению ожидаемых результатов обучения, которые служат основанием для отслеживания динамики развития обучающихся.

**Ключевые слова:** проектирование ожидаемых результатов; компетентностно-ориентированный подход; географическое образование; результаты обучения географии; квалификационное требование.

*Карбаева Ш.Ш.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ЖОҒАРЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚИТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ**

*Аңдатпа*

Жоғары педагогикалық білім беруді ұйымдастырудың жаңа тәсілдері білім беру мекемелерінің құқықтық-басқару құжаттарын дайындауға жаңа талаптар қояды. Білім беру бағдарламалары – ол әрбір білім беру мекемелерінде өзінің мазмұны мен құрылымы бойынша ерекшеленетін нормативтік құжаттардың бірі. Жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес Қазақстанның жоғары оқу орындарында түлектерді даярлау деңгейлері (бакалавр, магистр және PhD) үшін құзыреттілікке-бағдарланған білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Мақалада Қазақстан республикасы жоғары оқу орындарында құзыреттілікке-бағдарланған тәсіл жағдайында географияны оқытудың күтілетін нәтижелерін жобалау нұсқаларының бірі қарастырылған. Білім беру бағдарламалары мен географиялық білім мазмұнына құрылымдық талдау жасау барысында білім алушылардың даму динамикасына, сондай-ақ еңбек нарығындағы біліктілік талаптарына қарағанда негіз болатын оқытудың күтілетін нәтижелерін анықтау тәсілдері айқындалды.

**Түйін сөздер:** оқытудың күтілетін нәтижелерін жобалау; құзыреттілікке-бағдарланған тәсіл; географиялық білім беру; географияны оқыту нәтижелері; біліктілік талаптары.

*Karbayeva Sh.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan*

## **QUALIFICATION REQUIREMENTS FOR LEARNING GEOGRAPHY OF PEDAGOGICAL EDUCATION**

*Abstract*

New approaches to the organization of higher pedagogical education set new requirements for the development of regulatory and management documents of educational institutions. One of the types of normative documents is educational programs, which are unique in their content and structure in each educational institution. With the transition to the state standards of higher professional education in universities of Kazakhstan implemented competence-oriented educational programs for level training of graduates (bachelor, master and PhD).

The article considers one of the design options for the expected results of teaching geography in terms of competence-based approach of higher education of the Republic of Kazakhstan. Based on the structural analysis of educational programs and the content of geographical education of higher education, the approaches to the definition of expected learning outcomes, which serve as a basis for tracking the dynamics of the development of students, are defined.

**Keywords:** expected results; competence-oriented approach; geographical education; results of geography training; qualification requirement.

**Введение** В мировом образовательном пространстве складываются позитивные тенденции, ориентированные на обеспечение нового качественного уровня системы образования. Главными из них являются развитие нового подхода к образованию, как средству формирования человеческого капитала, и совершенствование понимания качества образования. Поэтому государственный общеобязательный стандарт всех уровней образования определяет кардинальные преобразования образовательной системы,

в том числе, и высшего образования. С переходом на модернизированные профессиональные стандарты и образовательные программы требования к количеству специалистов и качеству их подготовки будут задаваться рынком труда. Этот подход актуален для Казахстана, поскольку позволит обеспечить подготовку квалифицированных специалистов и тем самым повысить конкурентоспособность экономики.

Качественные изменения в профессиональной подготовке педагогов невозможны без осмысления системой непрерывного педагогического образования, готовящей кадры для средней общеобразовательной школы, нового видения содержания, методов и технологий обучения современных обучающихся [1, 2]. В связи с этим на основе реализации компетентностно-ориентированного подхода, как методологического принципа проектирования многоуровневого образования, разрабатываются образовательные программы специальностей бакалавриата, магистратуры и PhD по географии.

Образовательная программа определяется как комплекс основных характеристик образования (объем, содержание, планируемые результаты), организационно-педагогических условий, форм аттестации, который представлен в виде учебного плана, академического календаря, рабочих программ учебных дисциплин (модулей), иных компонентов, а также оценочных и методических материалов. Однако ученые, представители российской школы педагогики, обсуждая вопрос на профессиональном уровне, дают расширенное и уточненное определение. Например, С.Е.Шишов подчеркивает, что «образовательная программа – это нормативно-управленческий документ образовательного учреждения, характеризующий специфику содержания образования и особенности организации образовательного процесса» [3, 4].

*Разработка содержания, описание принципов построения, технология реализации* образовательной программы теоретически важны и практически значимы, особенно в условиях модернизации высшего образования, цель которой обеспечить соответствие качества подготовки кадров запросам рынка труда и ожиданиям социума.

### **Основная часть**

Одним из главных параметров определения качества образования являются его результаты, которые устанавливаются на основе оценки учебных достижений обучающихся. Большинство обучающихся, освоивших теоретические знания на достаточно высоком уровне, слабо ориентируются в практико-ориентированных проблемах географии и географического образования на развитие общества и др. Для достижения качественного уровня географического образования необходим новый методологический подход к организации содержательной и процессуальной сторон обучения.

В международной образовательной практике наблюдается тенденция принятия модели образования, ориентированного на результат, при которой организация образовательного процесса в школе связана с ее «регуляцией на выходе». Данная модель предполагает создание многоуровневой системы целей, которые рассматриваются как ожидаемые результаты [5].

Зачем создавать ожидаемые результаты?

Во-первых, для того, чтобы цели обучения были видимыми; чтобы способствовать ознакомлению с обязательными требованиями; для предоставления четкого понимания развития обучения, т.е. постановка целей обучения ориентирует преподавателей и обучающихся на достижение конечного результата обучения. Ясная цель позволяет точно отбирать содержание обучения, выделять в нем основные дидактические единицы и соответствующие им методы обучения, упорядочивает все стороны процесса обучения, придает ему необходимую целостность и единство.

Во-вторых, для мотивации учеников, чтобы ученики могли планировать свое обучение; чтобы предоставить структуру для оценки обучения. Если раньше в качестве основной цели обучения и воспитания выдвигалась подготовка специалиста, способного работать на благо государства и общества, то сегодня акцент смещается на задачу самореализации личности, удовлетворение ее потребностей. Поэтому наряду с содержанием обучения еще одной и более важной дидактической проблемой является проблема качества деятельности преподавателя, применяемых им методов обучения, которая зависит общая эффективность любой системы образования [6].

Обзор научной литературы показывает, что существуют различные способы определения целей как ожидаемых результатов. Они могут быть определены на национальном (государственном) уровне, на уровне образовательных областей и на уровне учебных достижений обучающихся по конкретным предметам и уровням обучения.

Изучение и анализ зарубежного и отечественного опыта по разработке содержания образования, различных подходов описания ожидаемых результатов обучения позволили нам определить подходы к

определению ожидаемых результатов обучения по географии. В контексте этих исследований считаем, что содержательная и методическая составляющие предмета географии высшего образования должны быть направлены на реализацию общей цели обновленного содержания среднего образования. Цель компетентностно-ориентированного образования заключается развития у обучающихся способности к самостоятельной деятельности. Готовность к ценностному осмыслению ситуаций, происходящих событий, к самостоятельному выбору необходимой информации и ее эффективному использованию для максимальной самореализации и полезного участия в жизни общества, а также компетентности решения возникших проблем на основе нравственных норм являются основной задачей обновленного содержания образования [7].

География на сегодняшний день является востребованной на рынке труда в подготовке высококвалифицированных педагогических кадров, которая формируют общечеловеческие и социально-личностные ценности в контексте научного мышления и мировоззрения. Цели образовательной программы географии высшего образования (бакалавр, магистр и PhD) конкретизированы нами, исходя из целей обновленного содержания среднего образования в Республике Казахстан.

1. Целью образовательной программы 6B015 - Подготовка учителей по географии является подготовка высококвалифицированных педагогических кадров по географии, владеющих поликультурностью, коммуникативностью, способных творчески и высокопрофессионально решать на современном научно-практическом уровне социально значимые задачи в педагогической сфере деятельности, а также обладающих высокой социальной и гражданской ответственностью, способных осуществлять профессиональную деятельность.

2. Целью ОП по специальности 7M015 - Подготовка учителей по географии является подготовка высококвалифицированных педагогических кадров, востребованных на рынке труда; формирование систематизированных знаний в области естественнонаучных дисциплин и применение инновационных технологий изучения общих закономерностей; формирование ключевых и специальных компетенций магистров, обладающих высокой социальной и гражданской ответственностью, способных осуществлять профессиональную деятельность; освоение магистрантами основ научно-исследовательских и экспериментальных методов наблюдения и анализа географических процессов и явлений; формирование общечеловеческих и социально-личностных ценностей в контексте научного мышления и мировоззрения.

3. Целью ОП по специальности 8D015 - Подготовка учителей по географии является создание на основе интеграции образования и науки эффективной системы подготовки научно-педагогических кадров новой формации, способных решать вопросы совершенствования образования; реализация образовательного процесса в соответствии с принципами международной практики подготовки научно-педагогических кадров высшей квалификации, конкурентоспособных на современном рынке труда; формирование специальных компетенций доктора философии (PhD), обладающих высокой социальной и гражданской ответственностью, способных осуществлять профессиональную деятельность; формирование общечеловеческих и социально-личностных ценностей в контексте естественнонаучного мышления и мировоззрения [8].

А.К.Маркованың соңғы жұмыстарының бірінде, адам еңбегінің нәтижесінде орын алатын, белгілі еңбек функцияларын орындау қабілеттері мен ептіліктері бар, өзіндік және жауапты әрекет жасауға ықпал ететін психикалық жағдай ретіндегі кәсіптік құзыреттілік анықтамасы анықталады. «Құзыреттілік» түсінігін автор еңбек функцияларын орындауда және жеткілікті нәтижелерге қолжеткізуде өнімді әрекет етуге мүмкіндік беретін тұлғаның өсуімен байланыстырады. Анықтамалардан көрсетілгендей, біліктіліктер мен қабілеттіктерде орын алған, құзыреттіліктің негізін қалаушы компоненттердің бірі операциялық-әрекеттік орын алады. Н.И.Запрудский кәсіптік құзыреттілікті «белгілі бір деңгейде кәсіптік міндеттемелерін орындау мүмкіншіліктерін қамтамасыз ететін, білім, ептіліктер мен машықтар, тұлғаның кәсіби маңызды сипаттамалары» деп түсінеді. Кәсіптік құзыреттілік моделіне бұрын қабылданған кәсіби мағыналы білімдер танымдық мотивтері кіреді, артық немесе «уақытылы» алынбаған білімдер, меңгеруге жатқан дайындық аспектілері, нәтижелік диагностикалар мен өзіндік диагностикалар. Кәсіби-педагогикалық құзыреттілікке қатысты, бұл феноменнің мағынасы кәсіптік құзыреттілік пен педагогикалық құзыреттілік түсінігінде. Менеджердің сипаттамасына педагогикалық құзыретті маман ертіңде көзқарас жасайық. Кәсіби әрекеттің жеке субъектісі ретінде, менеджер қоғамдық білімдер мен құндылықтардың тасымалдаушысы ретінде қоғамдық субъектіні ұсынады. Менеджердің субъекті сипаттамасы күшінде аксиологиялық және когнитивтік, білімдік жазықтық қосылады. Еңбек ұжымының мүшесі бола тұра, менеджер өзін жеке-психологиялық, тәртіптік және коммуникативтік сипаттамаларда өзін жан-жақты көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген анықтамаларды қорытындылай отыра, менеджердің кәсіптік құзыреттерінің құрамын ұсынуға болады (кесте 1)

Уәждемелік
Когнитивтік
Кәсіптік құзыреттілік
Оталық-әрекеттік
Рефлексивті

1 кесте. Менеджердің кәсіптік құзыреттілігінің компоненттері

Е.А.Климовқа сәйкес, кәсіби әрекеттің бес сызбасы берілген: «Адам-Табиғат», «Адам-Техника», «Адам-Белгі», «Адам-Бейне», «Адам-адам». Менеджер еңбек ұжымының менеджері ретінде және әлеуметті жетекші ретінде, әлбетте, «Адам-адам» типті жүйесіне енгізіледі. Е. А. Климов белгілегеніндей, бұл мамандық кестесінің адамына тән белгілері:

1) жеткшілік ету, тәрбиелеу, оқыту, «адамның түрлі сұраныстарына қызмет ету әрекеттерін жүзеге асыруға»;

2) тыңдау және тыңдай білу біліктілігі;

3) кең ой-өріс;

4) коммуникативті мәдениеті;

5) «ойдың жүректік бағыты, адамның сезіміне, ойына және мінезіне, оның тәртібіне, ойша елестету қабілеті мен ептілігі, оның ішкі әлемін жасай білуге бақылаушылық»;

6) «сенімділікке негізделген адамға деген жобалау тәсілі, адам әрқашан да жақсы болады»;

7) уайымдау қабілеті;

8) бақылаушылық;

9) «халыққа толығымен қызмет атқарудың дұрыстығында терең әрі болашаққа деген сенімділік»;

10) стандарттық емес жағдайларды шешу;

11) өзін-өзі реттеудің жоғары дәрежесі.

Мамандықтардың түрлі типтері үшін әрекет құрамын талдау отыра, әрекеттің 5 тобы белгіленеді: қозғалмалы; қозғалысты; қабылдау, қиялдау және логикалық істер кіретін танымдық әрекеттер; араласудың тұлғааралық әрекеттері; күш салу келісімінің әрекеті.

Атап айту керек, менеджер субъект ретінде осы барлық әрекеттерді (аз дәрежеде бірінші топтың әрекетін) жүзеге асырады. Бұл менеджердің субъект ретінде зияткерлік және тәртіптік мәдениеттің жанжақтылығын анықтайды. Кәсіптік әрекет субъектінің қойған мақсатына қарай сыныпталуы мүмкін: гностикалық (танымдық), түрлену және ізденіс мақсаты, бұл ретте, екінші мен үшінші міндеттің қойылуына және шешімнің жаңа тәсілдері мен құралдарын табуға байланысты. Бүгінгі құзыреттілік тұғыры парадигмасы жағдайындағы өзекті мәселелердің бірі – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту. Жалпы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыру проблемасы ең алдымен, оқушыны тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған іс-әрекет [7].

Қазіргі уақытта отандық психологияның Н.В.Кузьмина мен оның мектебінің, А. К. Маркова, С.В.Кондратьева, В. А. Кан-Калика, Л. М. Митина және т.б. зерттеулерінде оның кәсіптік әрекетінің тиімділігін анықтайтын, маман тұлғасының субъекті қасиеттерінің проблемасы арнайы теориялық және сараптамалық зерделеудің заты болды.

Бұл кәсіптік және педагогикалық құзыретті маманның субъективті қасиеттерінің жалпы құрылымын ұсынуға мүмдік туғызады. Н.В.Кузьмина бойынша субъективті факторлардың құрамына кіретіні: бағыттау типі; қабілет деңгейі; құзыреттілік, оған кіретіні: кәсіптік және педагогикалық құзыреттілік, әлеуметтік-психологиялық, дифференциалды-психологиялық, аутопсихологиялық құзыреттілік. Бұл факторлық құрылымның үш негізгі компоненттері көзге көрінерлік: тұлғалық, жеке және кәсіптік білімдер мен ептіліктер, ол дегеніміз, өзіндік дамудың заттық негізі мен деңгейімен анықталатын кәсіптік құзыреттілік [8].

Мұндағы маңыздысы құзыреттіліктің өзінің саралануы және аутопсихологиялық құзыреттілік сияқты оның маңызды деңгейін анықтау. Ол әлеуметтік интеллект түсінігінде негізделеді, «нақты, ойлау процесінің қолайлы әсер ету ерекшелігіне және әлеуметтік тәжірибені жинақтауға, өзін-өзі түсіну қабілеттілігіне, сондай-ақ басқа да адамдардың, оларды арақатынастарымен және аралық оқиғаларды жобалауға негізделген».

Аутопсихологиялық құзыреттілік кәсіптік сана сезім, өзін-өзі тану және өзіндік даму түсініктерімен ара қатынаста болады [9]. А.К.Маркованың зерттеулеріне негізделі отыра, педагогикалық құзыретті маманның субъективті қасиеттерінің құрылымы келесі сипаттамаларының блоктарымен ұсынылады (кесте 2)

Объективті сипаттамалар
Пәндік-кәсіптік білімдер, ептіліктер, машықтар
Кәсіптік – педагогикалық білімдер мен ептіліктер
Орнатудың кәсіптік-педагогикалық, психологиялық позициялары
Жеке тұлғалық ерекшеліктері

Н.В. Кузьмина ұсынған құрылыспен салыстарғанда, бұл құрылыста, арнайы қабілеттер блогы бөлінбеген және құзыреттілік түсінігі басқаша түсіндіріледі. Егер Н.В.Кузьминаның тұжырымдамасында құзыреттілік басқа да кәсіби әрекеттермен қатар орналасқан құзыреттілік болса, онда А.К.Маркованың тұжырымдамасында кәсіби құзыреттілік аталық түсінік (ол дегеніміз, әрекетте байқалатын және оның тиімділігін қамтамасыз ететін барлық субъективті қасиеттер).

Қазіргі уақытта жасалған (Л. М. Митина) сол сызбаның контексіндегі педагог тұлғасының моделі «әрекет-қатынас-тұлға» педагогикалық қабілеттің бес маңызды сипаттамасын анықтайтын (Н.В.Кузьмина бойынша), 3 кестеде ұсынылған.

3 кесте. Тұлғаның педагогикалық маңызды сипаттамалары

• Жобалаушы –гностикалық қабілеттері
• Рефлексивті-перцептивті қабілеттер
• Педагогикалық мақсатты тұжырымдау
• Педагогикалық ойлау
• Педагогикалық рефлексия
• Педагогикалық такт
• Педагогикалық бағыт

Өзіне назар аудартатыны, біріншіден, қабілеттер өз бетімен субъективті факторлардың әрекет тиімділігін анықтаушы ретінде шықпайды, екіншіден, бағыт басқа да тұлғалық сипаттармен қатар орналасады. Субъективті «қасиеттер» (сапалар, сипаттамалар, факторлар) құрылысы туралы қолданыстағы қиялдардынара қатынасы мыналарға негізделеді: субъектінің психофизиологиялық (жекелеген) қасиеттері, кепілдеме ретінде берілетін оның субъекті рөлінің алғышарттары ретінде; қабілеттер; бағытталушы және басқа да жеке тұлғалық қасиеттері; кәсіптік-педагогикалық білімдер мен ептіліктер [10].

Кәсіптік құзыреттілік - түсінігін мазмұнды толтыру түрлі тәсілдерін қарастырдық және бұл санаттың мазмұнды бөлімін біртіндеп анықтауға назар аударуға тырыстық.

Осымен бірге, маңызды болған проблеманың аспектісі, түсінікті анықтаудың басты көздерімен байланысты, бұл, әрине, бұл санаттың түсінігін анықтауға көмектесті.

Зерттеу барысында менеджердің тұлғалық қасиетін, психологиялық-педагогикалық және пәндік (экономикалық, басқарушылық) білім салаларында терең хабардарлықпен, кәсіптік ептіліктері мен машықтарымен, жеке тұлғалық тәжірибесімен және жұмыс барысында болашаққа мақсат қойған, өз-өзіне сенімді және маңызды нәтижелерге қолжеткізуге қабілетті маманның білімділігімен сипатталатын біріктірілген кәсіптік құзыреттіліктің түсінігінен бастадық. Нақты кәсібіне сәйкес маманның шеберлігі кәсіби құзыреттілік ұғымымен сипатталады [11].

Сонымен, кәсіби-педагогикалық құзыреттілік - бұл білімнің психологиялық-педагогикалық саласында тұжырымдама жиынтығы бойынша белгіленетін тұлғаның біріктірілген қасиеті; ұжымдағы әлеуметтік-құндылықты қызметтерді орындауға, тәртіптің келеңсіз жағын жоюға және ескертуге мүмкіндік беретін тұлғаның әлеуметтік-құндылықты сипаттамасын даму процесі мен өзіндік дамуына белсенді әсер ететін қабілеттер.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата современного образования // Интернет-журнал "Эйдос". – 2006.

– URL: <http://www.eidos.ru/journal/2006/0505.htm>. (дата обращения: 02.06.2019)

2. Абсатова М.А., Ешметова Г.Ж. Кәсіби өзін-өзі анықтау мен кәсіби құзыреттілік ұғымдарына қатынасы // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», – №1 (53), 2017. – С.13-14.



3. Бим-Бад Б.М. Педагогический энциклопедический словарь.– М.: Большая Российская энциклопедия. - 2002. - С. 296-297.
4. Абсатова М.А., Қожан А. Студенттердің зерттеушілік құзыреттілігінің құрылымы // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», – №1(53), 2017. – С.137-138.
5. Хуторской А.В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты: доклад на отделении философии образования и теории педагогики РАО 23 апреля 2002. Центр «Эйдос», – URL: <http://www.eidos.ru/journal/2002/0423.htm>. (дата обращения: 01.06.2019)
6. Щербакова Т.Н. Мотивация развития психологической компетентности педагога // Гуманитарные и социально-экономические науки. 2004. №3. С.152-158. – URL: <http://nauka-pedagogika.com/psihologiya-19-00-13/dissertaciya-psihologicheskaya-kompetentnost-uchitelya-akmeologicheskij-analiz#ixzz5sXUsVGI8> (дата обращения: 04.06.2019)
7. Сардарова Ж.И., Жұмашева НС. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың өзекті мәселелері // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», – № 2 (62), 2019. – С. 96- 99
8. Татур Ю.Г. Компетентность в структуре модели качества подготовки специалистов // Высшее образование сегодня. – 2004. – № 3. – С. 25-28.
9. Равен Джон. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация. Текст.: Пер. с англ. / Джон Равен. М.: Когито-Центр, 2002. - 127с.
10. Саудабева Г.С., Айтбаева М.А. Студенттердің өзіндік жұмысы олардың құзыреттілігін қалыптастыру себепкер шарты ретінде // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», – № 2 (62), 2019. – С. 191-192
11. Дуйсебекова Ж. Е. Компетентностный подход как современная парадигма иноязычного образования в Казахстане // Молодой ученый. – 2018. – №23. – С. 415-418.

## МРНТИ 14.01.07

С.Ж. Рамазанов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Г.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің І курс PhD докторанты,  
Талдықорған қаласы Қазақстан

### ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Бүгінгі таңда көтеріліп отырған мәселенің күрделігіне орай, зерттеу жұмысы толығымен шешім тапты дей алмаймыз. Жоғары оқу орындарының тұтас педагогикалық үдерісінде ұлттық және жалпы адамзаттық игіліктерді студент жастардың рухани танымын қалыптастыруда пайдалану, озық этнопедагогикалық тәжірибелерді саралай отырып, оқу-тәрбие үдерісіне ендіру мәселесі әлі де зерттеп, зерделей түсуді қажет ететін күрделі үдеріс.

Сондықтан бұл мақалада рухани адамгершілігі қалыптасқан ұрпақты тәрбиелеуде ғасырлар бойы жинақталған өмірдің мәні туралы халықтың мәдени мұраларын, даналық ұлағаттарды пайдаланудағы маңыздылығы қарастырылады

Мақалада рухани құндылықтардың орнығуы және құндылық әлемінің нағыз бейнесі, жоғары оқу орынындағы студенттердің жеке тұлғалық, руханилық адамгершілік жағдаяттарының нобаялары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** мораль, рухани-адамгершілік, жаһандану, кинестетика, рухани жаңғыру», «рухани құндылық», объектісі, мәдениет, толерантты

*S.Zh. Ramazanov<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> PhD student of the 1st course in Zhetysu state University named after I. Zhansugurov,  
Taldykorgan, Kazakhstan*

## **PEDAGOGICAL BASES OF FORMATION OF SPIRITUAL VALUES OF STUDENTS OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS**

*Abstract*

This article is about to date, due to the complexity of the problem raised; we can not say that the research work is completely solved. A complex process that requires further study and study of the problems of the use of national and universal heritage in the formation of spiritual knowledge of students, implementation in the educational process with the analysis of advanced ethno pedagogic experience. his article discusses the importance of using the cultural heritage and the wisdom of the people about the essence of life accumulated over the centuries in the education of the spirituality of generations.

The article deals with the establishment of spiritual values and the true image of the value world, sketches of personal, spiritual moral situations of University students.

**Key words:** Morality, spiritual and moral, globalization, kinesthetic, spiritual modernization, spiritual value, object, culture, tolerance.

*С.Ж. Рамазанов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Докторант PhD 1 курса Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова,  
г. Талдыкорган, Казахстан*

## **ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ СТУДЕНТОВ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ**

*Аннотация*

На сегодняшний день из-за сложности поднимаемой проблемы, мы не можем сказать, что исследовательская работа полностью решена. Сложный процесс, требующий дальнейшего изучения и изучения проблем использования национального и общечеловеческого достояния в формировании духовного познания студенческой молодежи, внедрения в учебно-воспитательный процесс с анализом передового этнопедагогического опыта.

В данной статье рассматривается важность использования культурного наследия и мудрости народа о сущности жизни, накопленной за столетия, в воспитании духовности поколений.

В статье рассмотрены вопросы установления духовных ценностей и истинного образа ценностного мира, эскизы личностных, духовно- нравственных ситуаций студентов вуза.

**Ключевые слова:** нравственность, духовно-нравственная, глобализация, кинестетика, духовная модернизация, духовная ценность, объект, культура, толерантность.

Жастардың әлеуметтік үрдісі біздің еліміздегі ауыспалы уақыттың әлеуметтік тапшылығымен сәйкес, құндылықтардың ауысуы, «өзіміз-басқалар» «біз-олар» негізінде адамдардың шоғырлануы, ұлттық көңіл күймен айқындалады. Жүргізілген әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық зерттеулер заманауи қазақ қоғамындағы қатыгездіктің пайда болуымен: ксенофобия, этнофобия, мигрантофобиямен айшықталады.

Заман өзгеріп, тәуелсіздіктің беделі артып қайта жаңа қоғам құру уақытында Қазақстан халқы Елбасының бастауымен өткенін саралап, болашағын бағдарлау үстінде. Мемлекетіміздің алға қойған мақсат-мүдделерінің қатарына жататын белестері: өркениетті елдердің қатарына қосылу, әлеуметтік-мәдени өмірді, руханиятты гуманизациялау, саяси өмірді демократияландыру, тұлғаның қадір-қасиетін көтеру. Осы өмір құндылығын бағаламайтын, оны әлеуметтік, рухани тұрғыдан жан-жақты қорғамайтын мемлекет ешқашанда өркениетті елдердің қатарына жатпақ емес. Жаһандану мен әлемдік ақпараттандыру уақыты жүріп жатқанда «Рухан жаңғыру» негізінде қайта рухани жаңғырып діліміздің түлеуі және тұлғаның қадірінің көтерілуіне ықпал етеді деген үміт туды.

Руханилық пен рухани құндылықтар ХХ ғасырдың басында Ә.Бөкейханов[7], М.Дулатов[8], М.Тынышбаев[9], М. Шоқай[10], А.Байтұрсынов[11] сияқты қазақ зиялыларының еңбектерінен көрініс тапқан. Мәселен қазақ халқының 1930жылдары көрген аштығы, елдің іргесі сөгіліп шетелдерге диаспора болып қоныс аударылуы осы мәселенің қандай көрініс тапқаны тарихта белгілі. Сондықтан Нұрмұратов Серік Есентайұлы ғасырлар бойы соның ішінде ХХ ғасырда қазақ халқы өркенетті елдерге сай мәдени

құндылықтардың тасымалдаушы субъектісіне айнала бастады дейді. Және көп ұлттың өкілдері орныққан елдегі әлеуметтік тұрақтылыққа үйреніп келе жатқанымызды сипаттайды [1,163 б.].

Қазіргі уақытта М. Х. Балтабаевтың пікірінше, оқу қызметінің қазіргі жағдайы, адам жүйесінің тұрақты даму талаптарына жауап бере алмайды және сай келмеуіне байланысты оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесі проблемасының өзектілігі өсіп келеді дейді. Өкінішке орай, нақты педагогикалық шындығында терең моральдық-рухани және адамгершілік-рухани мәселелер өте нашар [2, 14 б.].

Өскелең ұрпақты таза мәдениет пен жасанды өркениеттің әлемдік жетістіктеріне тартудағы ең бастысы: жақсы жағдайда білім алушының эрудициясы қарқынды даму үшін аудио, бейне, тактильді және кинестетикалық жадысына жүктелуіне әсер етуі мүмкін.

Белгілі философ В. Ф. Шаповалов " ... білім сапасы заманауи әлем алдында тұрған қиындықтардың сипатына жауап бермейді деп санайды.

Оқу үрдісінде адамның шығармашылық әлеуеті толық іске асырылмайды, өйткені қазіргі жүйе тек қана ағымдағы сұраныстарға ғана емес, перспективаға бағдарланады [3, 591б].

Қазіргі таңдағы студенттер, білім алушылар жаңаша қалыптасуы керек екені анық: оларды моральдық идеалды іздеуге және әртүрлі рухани қажеттіліктер мен адамгершілік мүдделер түрінде адамгершілік құндылықтарды таңдауға жан-жақты дайындау қажет [2,14б.].

Профессор И. Ф. Исаявтың пікірі бойынша жоғары мектепте " ... Рухани, кәсіби қажеттіліктер кәсіби мүдделермен тығыз байланыста: қажеттіліктерді өзектендіру дәрежесі қоғам мен жеке тұлғаның мүдделері жоғары болған сайын соғұрлым жоғары. Мүдделер, қажеттіліктер сияқты, өздерінің тасымалдаушылары болып табылатын адамдардың қызметінен тыс өздері жоқ. Адамдардың өмірі мен қызметінде қалыптасатын заттар, адамдар, қатынастар, нормалар, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мүдделер объектісі болып табылады...» адамдардың қызметінен тыс өздері жоқ [4, 208б.].

Енді қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтарына жан-жақты өнегелі тәрбие беру – қоғамымыздың алға қойып отырған басты мақсаттарының бірі – рухани тәрбие. Республикамызда жас ұрпақты жастайынан мейірімділік, ізгілік, қайырымдылық, адамгершілік секілді құнды қасиеттерді бойына сіңіре білу, сондай-ақ салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу, рухани бай адам баласын қалыптастыру қажет. Бұл жөнінде Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мәні терең, мазмұны бай мақаласында ұлттық рухани болмысымыздан ажырамау, ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен өнеріміз, әдебиетіміз, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс екендігін айтып өтті [6].

Сондықтан да біз қазіргі жастардың, әсіресе студенттердің ұлттық сана-сезімінің қалыптасу деңгейі және осыған сәйкес патриотизм, азаматтылық пен әлеуметтік белсенділіктерінің деңгейі қандай болатындығына енжар қарай алмаймыз. Бүгін бәсекеге қабілетті адамзат капиталы бар елге жол, жалпыға ортақ еңбек қоғамына жол, өмірдің мүлде жаңа сапасына жол ұлттың руханиадамгершілік түлеуі арқылы ғана ашылады деген қағида аксиомаға айналуы тиіс. Қазақстан ЖОО-да «Рухани жаңғыру», «Рухани құндылық» сынды пәнді енгізу қажеттілігін дәл осы көзқарас тұрғысынан зерделенген жөн.

Осы тұрғыдан алғанда ЖОО-ғы студенттердің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру моделін төмендегідей ұсынудамыз.



**Компонеттер:**

**Мотивациялық Танымдық Мінез құлық**

**Құндылықтар:** тапқырлық, шешендік, еңбек сүйгіштік, отансүйгіштік бауырмалдық, интернационалдық.

**Нәтижесі:** қазақ халқының рухани-құндылықтарын терең меңгерген, маман және тұлға болып қалыптасады.

ЖОО-да енгізудің маңыздылығы бүгінгі таңда мемлекетімізде жаһандану мен әлемдік білім кеңістігіне кірігу үдерістері қарқынды жүргізіліп жатқандығымен де негізделеді.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Рухани құндылықтарды жобалау – бұл педагогикалық шындыққа қоғамдық тұрғыдан бағытталған, мақсатты анализге бағытталған система құраушы іс-әрекет, болжау, меңгеру және рухани құндылықтарды дамытуды ұйымдастыру.

Мұндай жүйеде жоғарғы тәрбиелі және мақсатты педагогикалық образ қалыптасады, белгілі бір моральдық идеалға (көбінесе формальды) ие, адамдық адамгершілік қасиеттері дамиды.

Халқымыздың көптеген рухани құндылықтарының бастауы сонау ғасырлар қойнауынан нәр алған еді, соларды халқымыз қадірлеп сақтап, дамыта білген. Бұл – тарих ақиқаты. Осы тұрғыдан алғанда, жоғарғы оқу орынындағы студенттерге ұлттық құндылықтарымызды бүгінгі заман сұранысымен сабақтастыра

байланыстырып, оқу-тәрбие үдерісіне ендіруіміз қажет. Ал бұл ұлттық құндылықтарды білім алушылардың бойына сіңіруге, сондай-ақ, ғылыми тұрғыда негізделген білім берудегі қоғамдық пәндердің алатын орны ерекше. Осы тұрғыдан яғни философия әлеуметтану, дінтану, тарих, мәдениеттану, пәндері ұлттық мұраларымыздың негізгі насихаттаушысы, жаршысы десек қателеспейтініміз анық.

Әлемдегі ғаламдану үдерісі, қоғамның рухани адамгершілікті қамтитын мәдениеттердің өзара байланысы және этномәдени дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтардың құрамды бөлігі ретіндегі ұлттық құндылықтар негізінде тұлғаны қалыптастыруды алдыңғы қатарға шығарады.

Бұл тұрғыдан рухани адамгершілігі қалыптасқан ұрпақты тәрбиелеуде ғасырлар бойы жинақталған өмірдің мәні туралы халықтың мәдени мұраларын, даналық ұлағаттарды пайдалануы жоғары деңгейде маңызды болмақ.

Аталған міндеттер мен мақсаттар болашақ студент жастар бойында корпоративтік рухты қалыптастыруға; университеттік қауымдастықпен бірлесу сезіміне тәрбиелеуге; университеттің дәстүрлерін құрметтеуге, сақтау мен молайтуға; білім алуға деген жауапкершілікті күшейтуге; азаматтық және патриоттық құндылықтарды, көзқарастар мен сенімдерді қалыптастыруға; мемлекеттің рәміздері — Қазақстан Республикасының Елтаңбасын, Туын, Гимнін мақтаныш етіп, оларға құрметпен және қастерлеп қарауға; қоғамдық-саяси сауаттылық негіздерін қалыптастыруға; студенттерді заңдылықтарды, қоғамдық және ұжым өмірінің нормаларын құрметтеу рухында тәрбиелеуге; ұлтымыздың өткені мен мәдени мұрасына құрмет көрсетуге; Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдерінің мәдениетіне толерантты түрде қарауға; әр түрлі әлеуметтік мәселелерді шешуге және үн қосуға даяр болу сияқты иммунитет қалыптастырады деген ойдамыз. Осылардың ішінде біз патриоттық тәрбие мен қоғамдық-саяси сауаттылықты қалыптастыруға басымдылық береміз. Өйткені патриотизм жастармен қоғамдық сана негізінде ұғынылуы керек.

Студенттер бойында қоғамдық-саяси сауаттылықтың негіздерін қалыптастыру, олардың заңдылықты, қоғамдық өмір нормаларын қастерлеуге, біздің халқымыздың тарихи өткені мен мәдени мұрасына құрмет көрсету рухында тәрбиелеу егемен, тәуелсіз ел үшін — қажеттілік.

Біз рухани құндылықтар арқылы тәрбие беру шеңберінде азаматтық-патриоттық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие беру секілді бағыттарды дамытуды көздейміз. Аталмыш зерттеуіміз бойынша студенттер бойында нық азаматтық ұстаным мен патриоттық сананы қалыптастыруда және тәуелсіздіктің құндылықтары мен жетістіктерін ұғындыру, оларды ұлттық идеология төңірегіне топтастыру. Бұл – ұзақ мерзімді мақсат. Оған қол жеткізудің басты жолы – толеранттылық, бірлік, өзара көмек, қайырымдылық т.б.

Осы рухани құндылықтар бойынша зерттеген І. Ерғалиев, А.Г. Косиченко, С.Е. Нұрмұратов, Ж.Р.Бәшірова т.б. ғалымдар руханилық тек адамға ғана тән маңызды қасиет, адам өзін және басқаны тану барысында руханилық қасиеттерін дамытады, адам өз күшіне сеніп, өз ақылына жүгінгенде ғана үйлесімдікте өмір сүре алады деген ортақ пікір білдіреді. Психологиялық тұрғыдан, қоғам үшін әлеуметтік-тарихи мәні бар және жеке адамдар үшін тұлғалық мағынасы бар болмыстың белгілі бір құбылыстары құндылық ретінде сипатталады. Құндылық қоғамның моральдық қатынастарының көріну формасы ретінде әрекет етеді.

Сондықтан, құндылық, жеке тұлғаның адамгершілігі, абыройы және олардың адамгершілік сипаттары, моральдық нормалар, қағидалар, қайырымдылық ұғымдары. Бұлардың өзі құндылық ұғымының педагогикалық мәнін білдіреді. Сонымен, Айнагүл Абдумажитовна әлеуметтанушы, философтар мен педагогтардың зерттеулеріндегі құндылықтарды жіктеу идеяларына сүйене отырып, рухани құндылықтар ұғымына төрт сатыдағы жіктемеге бөліп төмендегідей келтіреді.

1. Ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтар: Мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, дін. Ар-ұят. Намыс. Абырой. Парыз. Қарыз. Дәстүр. Әдет-ғұрып, салт, ұлттық дүниетаным, туыстық қатынастар, Отан-Ана. Жер.

2. Әлеуметтік мәдени құндылықтар: Әлеуметтік орта, Статус, Бедел, Тұрмыс, Теңдік, Еркіндік, өнер.

3. Жоғары сапа деңгейдегі ХХІ ғасыр құндылықтары: Адам құқықтары. Демократия. Азаматтық қоғам. Өркениет. Әлемдік мәдениет. т.б.

4. Жалпы адамзаттық құндылықтар: Адам өмірі. Білім. Бостандық. Отбасы. Қарым-қатынас. Адам бақыты. Ұрпақ жалғастыру. Еңбек ету. Табыс. Ынтымақтастық. Белсенділік. Тәуелсіздік. Махаббат. Зандылық. Бостандық. Мәдениет. Бейбітшілік. Денсаулық [5, 116].

Жаңа рухани құндылықтардың қалыптасуындағы болашақтарына философиялық тұрғыдан аксиологиялық болжамдар жасаған жөн. Студенттердің құндылықтарын жетілдіру процесіне құндылықтық бағдар беру қажет. Ғалым С.Е.Нұрматовтың пікірінше адамның жетілдіру процесі

«құндылықтық бағдар құбылысымен астасып жатады. Құндылықтық бағдарлар әлеуметтік субъектінің рухани себепкерлігі кешенін құрайтын әлеуметтік психологиялық құрылымдар жүйесі дейді. Және құндылықтық бағдарлар «мәдениет құндылықтары», рухани құндылықтар» деген ұғымдарға жақын дей келе олардың ерекшеліктері бар дейді [1, 386].

Студенттердің қоғаммен құндылықтарын тарихи өтпелі жағдайдалар болып жатқан қоғамдағы гуманистік ұстанымдар арқылы жаңғыртып отыру қажет. Сондықтан олардың мәдениетінің өркендеуіне байланысты рухани өмірде өздерінің бір септік жасап болатының түсіну қажет.

Сондай-ақ әр адамның рухани әлемі өзіндік локальді жүйе сияқты. Рухани құндылықтықтардың қалыптастыруда әр студент жеке тұлға, адам болғандықтан дербес ерекшеліктері болады. Бұл жерде ғалымдардың пікірлерін ескеретін болсақ, белсенділік қажет. Себебі, белсенділік жоғары оқу орынындағы жас мамандарда, жас тұлғаларда, білім алушыларда құндылықтар жасауда мүмкіндіктері шексіз. Бірақ әрбір қоғамда өзінше әлеуметтік-психологиялық, дәстүрлік, идеология жүйесіне сәйкес келе бермейді және шектеулер болуы мүмкін. Жоғары оқу орындарындағы студенттерге рухани тәрбиенің кейбір қырларын түсіндіруде дамытып жетілдіруде тарихи тұлғалардың рухани мұралары насихаттала түскені орынды және әрбір жас ұрпақ, қалыптасушы жас маманның жүрегіне жететін деңгейде дәрістелсе ғана өзінің тиімді нәтижелерін береді.

Қорытындылайтын болсақ, тәуелсіздік алғалы құндылықтар жүйесі көптеген өзгерістерге еніп жатыр. Бұл жерде дәстүрлік пен жаңашылдықтың қатынасындағы белгілі бір баланс сақталса ғана әлеуметтік, рухани ауытқулар мен жаңылысулар болмайтыны белгілі.

Сондықтан бұл жастар, студенттер біздің индикаторларымыз рухани құндылықтар еркіндік пен шығармашылықтың, қайырымдылық пен ізгіліктің арасында қалыптасады. Жаһандануымызға байланысты мысалы, өзбек, украиндар, балттық грузиндерге қарап солар сияқты өзіміздің ұлттық қадірімізді жібермеуіміз қажет. Осы жерде мынандай жақсы бір ғұлама сөзбен аяқтағым келеді. Ақылды қариялар жоқ елде, ақылды жастар өсіп шықпайды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Нұрмұратов С.Е. «Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы». - Алматы, 2000-300 б
2. Балтабаев М.Х. Концепция «Духовно-нравственного воспитания учащихся в системе непрерывного образования». - Алматы, 2002.-14б.
3. Шаповалов В.Ф. Основы философии. От классики до современности. Учеб.пособ.- М.: ФАИР-ПРЕСС, 2000.- 591б.
4. Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя.- М.: изд.центр Академия, 2002.- 208б.
5. Таутенбаева А.А. «Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру». - Алматы, 2009-27 б.
6. Нұрсултан Назарбаев – Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру (статьи, интервью, выступления, экспертные комментарии и справочно-аналитические материалы) – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2017. – 512 с.
7. Бөкейханов Ә. Кітапта: Қазақстың тәлімдік ой-пікір антологиясы. II том. - Алматы, 1998.-416 б.
8. Дулатов М. Шығармалар жинағы. - Алматы, 1991.-380 б.
9. Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. - Кызыл-Орда, 1925-86с.
10. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. – Алматы, 1992.-310 б.
11. Байтұрсынов А. Шығармалары. - Алматы, 1989-320 б.

МРНТИ 14.35.07

С.С. Чункенова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің PhD докторанты,  
Талдықорған қ., Қазақстан

## БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУ

*Аңдатпа*

Аталған мақалада мұғалімнің кәсіби қызметі ұғымының мәні мен мазмұны қарастырылады, педагогтардың кәсіби қызметіне қойылатын заманауи талаптар айқындалады. Мақала қазіргі заманғы қоғамның өзекті мәселелеріне арналған, себебі заманауи қарқынды дамып келе жатқан әлем педагогикалық кадрларды даярлауға сапалы жаңа талаптар қояды. Маманнан жоғары кәсіпқойлық пен құзыреттілік, ұтқырлық, кәсіби бейімделуге, үнемі өзін-өзі жетілдіруге қабілеттілікті талап етіледі. Қазіргі жағдайда қоғамда кәсіби іс-әрекеттің әртүрлі аймағында құзырлы мамандарға қажеттілік күн санап өсіп отыр. Отандық білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістерге байланысты жаңа білім беру негізінде педагогтың кәсіби тұлғалық қасиеттерін дамыту маңызды болып табылады. Сонымен қатар мақалада отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс тапқан мұғалім тұлғасының кәсіби іс-әрекеті туралы пікірлері айтылады.

**Түйін сөздер:** кәсіби дайындық, педагог, дайындық, бастауыш сынып мұғалімі, педагогтың кәсіби дамуы, педагогикалық қабілет.

S.S. Chunkunova<sup>1</sup>,

PhD student, Zhetysu state university named after I.Zhansugurov,  
Taldykorgan, Kazakhstan

## PREPARATION OF PRIMARY SCHOOL TEACHERS FOR PROFESSIONAL AND PEDAGOGICAL ACTIVITY

*Abstract*

This article discusses the essence and content of the concept of professional activity of teachers, defines the modern requirements for professional activity of teachers. The article is devoted to one of the topical issues of modern society, as the modern dynamically developing world imposes qualitatively new requirements for the training of teachers. From a specialist requires high professionalism and competence, mobility, ability to professional adaptation, constant self-improvement. In modern conditions, the need for competent specialists in various fields of professional activity is growing in society. Due to the changes taking place in the domestic education system, it is important to develop professional personal qualities of the teacher on the basis of new education.

The article also provides opinions about the professional activity of the teacher's personality, reflected in the works of domestic and foreign scientists, teachers, psychologists.

**Key words:** Professional training, teacher, readiness, primary school teacher, professional development of the teacher, Pedagogical ability.

С.С. Чункенова<sup>1</sup>,

<sup>1</sup> Жетісуский государственный университет имени Ильясa Жансугурова, PhD докторант,  
г.Талдықорған, Казакстан.

## ПОДГОТОВКА УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

*Аннотация*

В данной статье рассматриваются сущность и содержание понятия профессиональной деятельности учителя, определяются современные требования к профессиональной деятельности педагогов. Статья посвящена одной из актуальных тем современного общества. Современный динамично развивающийся мир предъявляет качественно новые требования к подготовке педагогических кадров. От специалиста требуется высокий профессионализм и компетентность, мобильность, способность к профессиональной

адаптации, постоянному самосовершенствованию. В современных условиях в обществе растет потребность в компетентных специалистах в различных областях профессиональной деятельности. В связи с изменениями, происходящими в отечественной системе образования, важно развитие профессиональных личностных качеств педагога на основе нового образования.

В статье также приводятся мнения о профессиональной деятельности личности учителя, отраженные в трудах отечественных и зарубежных ученых, педагогов, психологов.

**Ключевые слова:** профессиональная подготовка, педагог, готовность, учитель начальных классов, профессиональное развитие педагога, педагогические способности.

Бүгін біз, педагогтар ретінде, сонымен қатар ата-аналар ретінде, білім беруде өз көзқарасымызды өзгертуіміз керек: педагог баланы оқытпай, балаға білім алуға көмектесуі қажет. Мұғалімнің кәсіби және жеке қасиеттеріне талаптар өсіп келеді. Бастауыш мектептің қазіргі мұғалімі бір мезгілде мұғалім, тәрбиеші, балалардың қызметін ұйымдастырушы, оқушылармен, олардың ата-аналарымен, әріптес-педагогтармен, педагогикалық үдерісті зерттеуші, кеңесші, ағартушы және қоғамшы болып табылады. Педагог өзінің кәсіпқойлығы мен педагогикалық шеберлігінің деңгейін үнемі арттыруға, жаңа шығармашылық ізденісті жүргізуге міндетті.

Педагогикалық мамандыққа тек кәсіпқойлар ғана емес, өз ісіне нағыз берілген, пайда болған қиындықтарды жеңе алатын және шығармашылықпен жұмыс істей алатын жарқын тұлғалар қажет. Бұл ретте, осындай тұлғалар тек бірен-саран, тек алдыңғы қатарлы озаттар мен новаторлар ғана болмауы қажет. Бұқаралық мұғалім кәсіби-тұлғалық дамудың жоғары деңгейіне көтерілуі қажет.

Өзінің кәсіби жолын бастаған кез келген адам қажетті тәжірибенің жоқтығынан қиындықтарға тап болады. Мұғалімнің қалыптасуы басқа мамандық өкілдеріне қарағанда қиынырақ болады, себебі педагогикалық білім бастауыш мұғалімнің табысқа жетуіне кепілдік бермейді. Мұғалім болу үшін аудиториялық бағдарламалық білім жеткіліксіз. А. Макаренконың өзі былай деп жазған: "Педагогтың ғылыми білімін, әдістемелік шеберлігін және жеке қасиеттерін синтездеу, педагогикалық техника мен озық педагогикалық жетістіктерді шебер меңгеру қажет". Сонымен қатар, мұғалімдік шеберлікті көбіне педагогтан оқушыға беру керек.

Әрбір мамандық адамның дағдыларына, құзыреттеріне және жеке сипаттамаларына ерекше талаптар қояды.

Ал жоғарғы оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлаудың жалпы мәселесін және оларда жаңалықты енгізуге сәйкес оқыту процесі бойынша зерттеу нәтижелері бойынша мәселесімен көптеген ғалымдарымыздың Б.А.Әбдікәрімов, Қ.Бөлеев, А.Е.Әбілқасымов, К.Ә.Дүйсенбаев, С.М.Кенесбаев, Ж.К.Оңалбек, Қ.Ералин, М.А.Құдайқұлов, Б.К. Момынбаев, М.С.Молдабеков, О.Сыздықов, А.З.Тұрсынбаев, А.А.Каложный, А.З.Тұрсынбаев, Н.Д. Хмель және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазіргі мектепте жас мұғалімнің кәсіби қалыптасуында педагогикалық қабілеттілік айқындаушы рөлді атқарады. Педагогикалық қабілеттер-бұл балалармен жұмыс істеуге бейімділігі мен уәждемесі, балаларға деген махаббаты біріктірілген тұлғаның қасиеттері.

Педагогикалық қабілеттер келесі компоненттерді қамтиды:

- ұйымдастырушылық: мұғалімнің оқушыларды біріктіру, оларды танымдық іс-әрекетке ынталандыру, өз бетінше міндеттерді бөлуге, жұмысты жоспарлауға үйрету;

- дидактикалық: оқу материалын таңдау, зерттеу пәнін барынша толық және жан-жақты ашып көрсету, барлық мүмкін болатын түрлі ресурстарды дайындау, оқу материалын мәнерлі, айқын және дәйекті баяндау, әр баланың танымдық қабілеттерін дамытуды ынталандыру;

- перцептивті: баланың эмоционалдық жағдайын объективті бағалау, оқушы тұлғасының психологиялық ерекшеліктерін анықтау және есепке алу іскерлігінде көрінеді;

- коммуникативтік қабілеттер: ойларын анық және нақты баяндай білу, сендіру, дәлелдеме салу, талдау, пікір айту, ұтымды және эмоциялық ақпаратты беру, тұлғааралық байланыстар орнату, өз іс-әрекеттерін әріптестердің әрекеттерімен келісу, түрлі іскерлік жағдайларда қарым-қатынастың оңтайлы стилін таңдау, диалогты ұйымдастыру және қолдау;

- зерттеу қабілеті: зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу, оқушылардың зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын үйрету;

- ғылыми-танымдық қабілеттер: педагогтың өз саласында ғылыми білімдерді терең игеруін көздейді;

- рефлексивті қабілеттер: өз қызметінің нәтижелерін және жеке даму деңгейін, жеке жетістігін саналы түрде бақылай білу; креативтілік, бастамашылық, ынтымақтастыққа ұмтылу, шығармашылыққа, өзін-өзі талдауға бейімділік сияқты қасиеттердің қалыптасуы. Рефлексия мұғалімге өзінің кәсіби қызметінің өзгеруіне итермелей отырып, балалармен өткізілген сабақтардың тиімділік дәрежесін түсінуге көмектеседі [1, 108 б].



Педагогикалық қабілеттердің барлық компоненттері өзара тығыз байланысты және бір-бірін толықтыратынын атап өткен жөн.

Әрине, қазіргі заманғы білім беру технологиялары нақты тапсырмаларды орындау бойынша балаларға арналған нақты нұсқаулықтарды болжайды. Мұғалім толық жауаптарға қол жеткізе отырып, оқу сұрақтарын дәл қоюы керек. Балаларды оқытуға жүйелі түрде қарау, сұрақтарды тұжырымдау қажет. Тамаша сұрақ қоюды үйреніп, бала зерттеушінің дағдыларын дамытады, күрделі мәселелерді шеше алады, іс-әрекет жасап, өз оқуының рефлексиясын жүргізе алады. Оқушыларды тығырықтан шығар жолды табу туралы мәселені қалыптастыру үдерісі туралы ойлауға ынталандыруды ұсынамыз: кейде соқпақ бейтаныс болады, бірақ бұл бәрі баланың жаңалықтар мен білімге саяхатының бір бөлігі болып табылады.

Жас педагогқа сабақ уақытын бақылау, сондай-ақ сабақ қарқынының тиісті деңгейін бақылау өте қиын. Осыған байланысты, жас педагогтарға тек мектепте ғана емес, өмірде де белсенді қолдана отырып, тайм-менеджменттің негізгі дағдыларын меңгеруді ұсынамыз. Сабақтың әр минутын тиімді пайдалануды үйренген мұғалім өз оқушыларында уақыт жауапкершілігін, өз уақыт ресурстарын басқару және жоспарлау дағдыларын қалыптастыра алады. Осы ұсыным шеңберінде оқушылардың сабақта қызмет түрлерін ауыстыру (4-9 қызмет түрі жеткілікті деңгей болып саналады) және валеологиялық талаптар (көздің шаршауын алдын алу, дұрыс отыру, дұрыс тыныс алу, зейін аудару және қалпына келтіру) анағұрлым қолданбалы сипатқа ие.

Мұғалім – оқушы деңгейінде де, мұғалім – мұғалім, мұғалім- ата – ана деңгейінде де өзара іс-қимыл жасау педагог жұмысының аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Дәл педагогтің оқушымен ынтымақтастығы шеңберінде өзара байыту, баланың құндылықты дамуы жүргізіледі, одан әрі оқыту үшін қажетті құзыреттер қалыптасады. Дұрыс ұйымдастырылған ынтымақтастықтың арқасында оқушының да, мұғалімнің де рефлексия қабілеті дамиды. Жас педагогқа педагогикалық командалар құрамында жұмыс істеуді үйрену қажет. Командада мамандардың кең аясымен: басқа мұғалімдермен, логопедпен, психологпен, әлеуметтік педагогпен жұмыс істеу керек. Бұл ынтымақтастық, соның ішінде, мұғалім-шеберлердің сабақтарына қатысу, тәжірибе алмасу, анағұрлым күрделі мәселелер мен мәселе бойынша олармен кеңес беруді көздейді. Қазіргі білім беру жүйесі ата-аналардың белсенді қосылуынсыз бола алмайды. Дәл осы педагогтар мектептің базалық құндылықтарын бөлісетін ата-аналармен әріптестік қарым-қатынасты құруға жауап береді. Білім берудегі жауапкершіліктің жаңа мәдени парадигмасы барлық күштерді (ата-аналар мен мектеп) баланың жеке басының табыстылығы үшін біріктіруді көздейді [2, 30 б].

Ең бастысы, әрбір балаға, оның ішінде сабақта жеке көзқарас ұсынымы болып табылады. Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің мотивациясы жоғалмауы тиіс, мұғалім әр оқушы үнемі іспен айналысатындай етіп, сабақты жүргізуі тиіс. Педагогтың қызметі нәтижелері әрбір оқушы үшін табыс әкелетін қызметті іздеуге бағытталуы тиіс.

Қазіргі педагогтың, педагог – шебердің айрықша ерекшелігі-үнемі өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі сынау, эрудиция және құндылық дамуының жоғары деңгейі. Мұғалімнің кәсіби өсуі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылусыз мүмкін емес. Қазіргі мұғалім үшін жеткен жетістіктермен ешқашан шектелмеу, міндетті түрде алға жылжу өте маңызды, себебі мұғалімнің еңбегі – шексіз шығармашылық үшін керемет қайнар көзі болып табылады. Үлкен космологиялық компанияның танымал иесі Мэри Кей Эш бір жолы: "Өзіңізді шектемеңіз. Көптеген адамдар өзін қолдарынан келер іспен ғана шектейді. Сіз әлдеқайда көп нәрсеге қол жеткізе аласыз. Тек істеген ісіңізге кәміл сенсеңіз болды" деген болатын [3, 90 б]. Кәсіпқойлыққа ұмтылу-бұл өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі, қанағаттандыру және тану көзі. Қазіргі заманғы мұғалім-күлімсіреуге және оны қоршаған ортаға қызығушылық танытуға қабілетті адам, себебі мектептегі мұғалім балаға қызық болғанға дейін мектепте жұмыс істемек.

Біз педагогикалық жүйе бола отырып, кәсіби дайындық педагогикалық өзара іс - қимыл субъектілерінің қоғамдық және жеке қажеттіліктеріне негізделген мақсаттардың, мазмұндардың, нысандардың, әдістер мен құралдардың белгілі бір жиынтығын қамтитынын анықтадық; бұл-жеке тұлғаның белгілі бір кәсіби қызметке дайындығын қалыптастыру процесі мен нәтижесі.

Бүгін, инновациялық компоненттің өсуі жағына қарай білім парадигмасы өзгергенде, кәсіптік білім беру мақсаты өзгеріске ұшырайды: кәсіби біліммен және іскерлікпен қамтудан білім алушылардың кәсіби дамуына, тар салалы маманды дайындаудан - өзекті құзыреттілігі бар кәсіби маманды даярлауға [4, 10 б].

Бұл үдеріс студенттерді ЖОО жүйесінде кәсіби даярлаудың жеткілікті нәтижелі нұсқасын таңдау мен іске асыруды көрсетеді. Бастауыш сынып мұғалімінің әзірленген моделі болашақ маманның арнайы, әлеуметтік және жеке құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық үдерістің басым міндеттерін іске асыруға мүмкіндік берді.

Осылайша, жүргізілген зерттеу ұсынылған мәселенің өзектілігі және мақсатты кәсіби дайындық арқылы оны шешу мүмкіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Бұл мақалада біз мұғалімнің бастауыш мектеп жағдайында жұмыс істеуге кәсіби дайындығының зерттеулеріне талдау жасадық.

Нәтижесінде студенттердің аз бөлігінде ғана кәсіби дайындығының орташа деңгейі бар деген қорытынды жасауға болады. Біз эксперимент жүргізу үшін топтар қалыптастырдық. Біз студенттердің кәсіби дайындығына эксперименталды топ ретінде өлшеулер жасадық. Қалыптастырушы эксперимент барысында студенттер тобының оқу іс-әрекетін ұйымдастыру барысында болашақ педагогтарды тиімді кәсіби даярлау моделін апробациялауға баса назар аударылды. Осының нәтижесінде студенттік топтың оқу қызметін ұйымдастыру барысында болашақ педагогтарды тиімді кәсіби даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтау және тәжірибелік-эксперименттік негіздеу қажеттілігі расталды. Оларға мыналар жатқызылды:

- студенттік топтың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру барысында болашақ педагогтарды кәсіби даярлау моделін жүзеге асыруға педагогикалық цикл пәндері оқытушыларының дайындығы;

- студенттік топтың оқу іс-әрекеті барысында зияткерлік орта құру;

- субъект-студенттік топтың оқу іс-әрекеті барысында оқытушы мен студенттердің субъективті өзара іс-қимылы;

- студенттердің перцептивті және рефлексивті біліктерінің қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін оқу жағдайларын жасау;

- топта студенттердің көшбасшылық қасиеттерінің сұранысқа ие болу жағдайларын жасау және олардың оқу қызметінде көрініс табуын ынталандыру [5, 78 б ].

Осылайша, студенттік топтың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру барысында болашақ педагогтарды кәсіби даярлау рефлексивті әлеуетті дамыту, сондай-ақ эмоциялық-еріктік тұрақтылықты арттыру негізінде шығармашылық міндеттерді шешуге олардың дайындығын қамтиды. Бұл ретте психологиялық дайындық болашақ маман ретінде студенттің қасиеттерін, сапасын, әлеуетін дамытудың ұйымдастырушылық, таза функционалдық аспектілерін, олардың оқу іс-әрекетінің тұрақты жеке уәждемесін қалыптастырумен ұштастыруы тиіс.

Педагогикалық қызметтің әр түрлі түрлеріне, атап айтқанда, педагогикалық шеберхана технологиясын пайдалануға дайындық туралы айта отырып, біз бір жағынан болашақ педагогтың жеке тұлғасын қалыптастыруда және кәсіпқойлық негізі ретінде ғылыми-теориялық және практикалық құзыреттілікте көрсетілген және қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететін мұғалімге қойылатын кәсіби негізделген талаптардың жиынтығы ретінде дайындықты айқындауды ұстанамыз (В. А. Сластенина бойынша). Даярлау-үдеріс, ал дайындық-осы үдерістің нәтижесі ретінде қарастырылатын Т.А. Воронованың және Т.Н [6, 89 б ]. Мельниченконың зерттеулеріне сүйене отырып, біз дайындық-даярлаудың нәтижесі деген пікірді ұстанамыз [7, 80 б ].

Болашақ мұғалімдерді даярлау моделін құра отырып, біз құзыреттілік тәсілді қолдана отырып, олардың кәсіби дайындығын бағалау өлшемшарттарына назар аударамыз.

*Болашақ мұғалімнің сипаттамасын бағалау өлшемшарттары*

Өлшемшарттар	Көрсеткіштер
Сөйлеу мәдениетінің деңгейі және кәсіби әдеп негіздерін меңгеру (білім алушылармен, олардың ата-аналарымен, мектеп әкімшілігімен, әріптестерімен жұмыс жүргізу кезінде)	Құрмет білдірген екіпінмен сөйлеу, сыпайылық, интонация, биязылық, әдептілік, дәлдік, түсінікті, айқындылық, мазмұндық, мәнерлілік, сөйлеу жарқындылығы
Сырт келбеті	Мұқияттылық, ұқыптылық, білім беру мекемесінің стиліне киімі мен сәнді шаш стилінің сәйкестігі
Тұлғалық қасиеттері	Әдептілік, тілектестік, жанжал жағдайларын болдырмау мүмкіндігі, ізгі ниет, қайраттылық (айқындық, табандылық, тәуелсіздік, ұстамдылық)
Білім алушыларды педагогикалық үрдіске тарту қабілеті	Балалар психологиясын білу, оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін есепке алу. Қолайлы психологиялық климат жасай білу.
Тұрақты істерді ұйымдастыру және өткізу	Күнделіктерді тексеру, мектеп және сынып бойынша кезекшілікті ұйымдастыру, апта сайын бес минуттық жұмысты жоспарлау, тапсырмаларды тарату.

Осылайша, біз студенттерді бастауыш мектепте білім беру мониторингін ұйымдастыруға дайындау - бастауыш мектептің болашақ мұғалімінің теориялық және практикалық дайындығын қамтитын күрделі үдеріс деп есептейміз.

Студенттердің кәсіби дайындық көрсеткіштерінің белгіленген өзгерістері студент тобының оқу іс-әрекетін ұйымдастыру барысында болашақ педагогтарды кәсіби даярлау моделінің тиімділігін куәландырады. Бұл Пирсон өлшемінің көмегімен қорытынды диагностиканың нәтижелерін салыстыру арқылы белгіленген айырмашылықтардың статистикалық анықтығымен расталады.

Осылайша, мұғалімнің даярлығын педагогикалық мамандыққа оң көзқарасты қалыптастыруға бағытталған және педагогикалық шеберлік негіздерін әзірлеу үшін қажетті әдіснамалық көзқарастар, нанымдар, теориялық білімдер мен тұжырымдамалар жүйесін меңгеруді қамтамасыз ететін оқу-тәрбиелік әсерлерді кешенді ұйымдастыру процесі ретінде қарастыру қажет. Мұғалімнің дайындық процесі, осылайша, жеке тұлғаның қасиеттерін қалыптастыруға және оларды педагогикалық қызмет барысында одан әрі дамытуға бағытталған.

Мектептегі мұғалім балалар үшін жұмыс істейтінін, тек керісінше емес екенін ұмытпай, осыны негізге ала отырып, жас педагогтарды тәрбиелеу және дамыту қажет. Дәл осыдан кейін мектеп білім алушылар мен педагогтар үшін өмір қуанышы, бейбітшілік, үйлесім мен ынтымақтастық әлеміне айналады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Ткаченко Е.В. Гуманизация и гуманитаризация педагогического образования. Некоторые итоги, проблемы, задачи – М., 1995ж. – С. 108.
- 2 Ковалев А. Г. Личность воспитывает себя. / А.Г. Ковалев - М., "Айрис-пресс", 1993, – С. 30.
- 3 *Кэй Эш Мэри. Путь к успеху. Издательство Манн, Иванов и Фербер, Америка, 2010 г. – С. 90.*
- 4 Абдуллина О.А. *Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования.* - М.: Просвещение баспасы, 1990ж. – С. 10.
- 5 *Бабанский Ю.К. Педагогика. – М.: Просвещение баспасы, 1983ж.– С. 78.*
- 6 *Сластенин В.А., Педагогика: учебник для вузов / В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов; под ред. В. Сластенин.-8-е и зд. - М.: Академия, 2008. – С. 89.*
- 7 *Т.Н. Мельниченко. Профессиональная деятельность интернов педагогического вуза и критерии ее оценивания: учебное пособие/ Краснояр. гос. пед. ун-т им. В.П. Астафьева.-Красноярск, 2018. – С. 80.*

**МРНТИ 14.23.07**

Ұ.Қ. Қыяқбаева<sup>1</sup>, Г.М. Мышбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> п.ғ.к., профессоры

<sup>2</sup> «БД010100 - Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу және Әлеуметтік педагогика» кафедрасының  
2 курс докторанты

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
Алматы қ, Қазақстан.

**САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ (LESSON STUDY) ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН  
ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

*Аңдатпа*

Мақалада болашақ мамандарды тиімді оқытуда Lesson Study технологиясын қолдану кезеңдері нақты және анық көрсетілген. Өзін-өзі басқару, реттеу мен дамытудың ұтымды құралы ретінде Lesson Study педагогтарға бірлесе жоспарлау, тәжірибеде туындаған проблемаларды коучинг пен тәлімгерлік арқылы шешу, сабақ жоспарларын жақсарту үшін сабақтарды бірлесе талдау мен талқылау секілді тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану дағдыларын үздіксіз дамыту мүмкіндіктері ұсынылған. Сонымен қатар, білімді түрлендіруде, білім беру процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі ретінде орталық тұлға болып табылады.

«Жаңа формация мұғалімі - рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін - өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға екендігін ескере келе, мақалада оқытушылардың кәсіби біліктілігін дамытуда зерттеу көздері ұсынылған.

**Түйін сөздер:** жаңаша көзқарас, тиімді оқыту, өзін-өзі басқару, зерттеу, талдау, жоспарлау.

U.K. Kyakbaeva<sup>1</sup>, G.M. Myshbayeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Professor,

<sup>2</sup>Doctoral 2-year student of the Department of Preschool Education and Social Pedagogy  
Kazakh National Pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan

## LESSON STUDY (LESSON STUDY) AS AN EFFECTIVE TOOL FOR THE DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF TEACHERS

*Abstract*

In the article the stages of application of technology of Lesson Study are clearly and clear reflected in the effective educating of future specialists. As effective facilities of self-government, organization and development teachers are recommended by such possibilities as joint planning, decision of problems arising up at practice through couch and tutorship, for the improvements planning of lessons through effective methods and receptions of analysis and discussion of lessons together, and also application of skills of continuous development. At the same time, a teacher-researcher and teacher-leader as a teacher of new structure are a central person in transformation of education, in reformation of educational process.

A "teacher of new structure is the specialist spiritually developed, socially getting strong, well-educated creatively capturing all types of pedagogical instruments, creative personality that constantly aspires to self-perfection. In the article the sources of researches are presented for professional development of teachers.

**Keywords:** new approach, effective educating, self-government, study, analysis, planning.

Ұ.Қ. Қыяқбаева<sup>1</sup>, Г.М. Мышбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> к.п.н., профессор

<sup>2</sup>докторант 2-го курса кафедры «Дошкольного образования и социальной педагогики»  
Казахский национальный педагогический университет им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан

## ИССЛЕДОВАНИЕ УРОКА (LESSON STUDY) КАК ЭФФЕКТИВНЫЙ ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ

*Аннотация*

В статье четко и ясно отражены этапы применения технологии Lesson Study в эффективном обучении будущих специалистов. В качестве эффективных средств самоуправления, упорядочения и развития педагогам рекомендованы такие возможности как совместное планирование, решение проблем, возникших при практике через коучинг и наставничество, для улучшения планирования уроков при помощи эффективных методов и приемов анализа и обсуждения уроков совместно, а также применение навыков непрерывного развития. В то же время, учитель-исследователь и учитель-лидер в качестве учителя новой формации является центральным лицом в преобразовании образования, в реформировании образовательного процесса.

«Учитель новой формации - духовно развитый, социально окрепший, образованный специалист творчески овладевший всеми видами педагогических инструментов, творческая личность, которая постоянно стремится к самосовершенствованию. В статье представлены источники исследований для профессионального развития учителей.

**Ключевые слова:** новый подход, эффективное обучение, самоуправления, изучение, анализ, планирование.

Бүгінгі қоғамның оқытушылар алдына қойып отырған басты міндеті, артар жүгі - сапалы білім берумен қатар жан-жақты дамыған, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан тұлға қалыптастыру. Тұлға - қалыптастыруда - оның тәні мен жанын қатар дамыту, танымдық қызығушылығын дамытудың әдіс-тәсілдерін іздеу, анықтау, жүйелеу, қолдану. Елбасымыздың Жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын оқытушы жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз [1].

Мемлекеттік білім стандарты жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу-студенттердің білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салары анық.

Қазіргі таңда оқу орындарында педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау ісі күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Педагогикалық тәжірибе – оқыту, білім беру және тәжірибесі, дәлірек айтсақ нәтижесі студенттің жеке тұлғалық сапаларынан көрінетін, белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылатын педагогикалық процесс. Бүгінгі күні әр педагогтың негізгі мақсаты – өз кәсіби деңгейін үнемі дамытып отыру. Ал бұл жұмыстың ең тиімді әрі қолжетімді екі түрі бар:

- 1) сабақтарды бірлесе жоспарлау
- 2) өзара сабақтарға қатысып, оларды жақсарту мақсатында талдау мен талқылау.

Осы екі әрекетті де қамтитын бірден бір құрал - Сабақты зерттеу (немесе Lesson Study) әдісі. Сабақты зерттеу әдісі (Lesson Study) мұғалімдердің кәсіби біліктілігін тұрақты түрде дамытудың тиімді амалы екендігі барша педагогикалық жұртшылыққа мәлім. Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісінің мазмұны бойынша құнды мәліметтер беріп, олардың тәжірибесінің жақсаруына көп септігін тигізетіндігі сөзсіз. Мысалы, педагог авторлардың бір тобы дайындаған «Lesson Study: өз сабағын зерттегісі келетіндер үшін» атты әдістемелік ұсынымда бұл әдістің қолдану алгоритмі мен қадамдары нақты көрсетілген [2, 45]. Ал Ж.Байғаринованың «Сабақты зерттеу (Lesson study): А-дан Я-ға дейін» атты әдістемелік ұсынымдарында әдістің қолдану тәжірибесінде туындайтын көптеген теориялық және практикалық мәселелер жан-жақты қарастырылған [2, 18]. Күні кеше басқа оқытушылардың сабақтарына қатысушылар негізінен тек педагогтың әрекеттерін бақылап, олардың кем-кетік жерлерін тізбектеп, сабақ талқылауда сол кемшіліктерді тілге тиек етіп, педагогқа ақыл айтып, нұсқау беретін. Ал бүгінде Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісі бойынша сабаққа қатысқандар өздері таңдаған зерттеу проблемасы ауқымында студенттердің әрекеттерін бақылап, олардың қалай оқитындықтарына назар аударып, студенттермен сұхбаттасып, олардың оқудағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындап, сабақты талқылағанда осыларды дерек ретінде қолданып, сабақты жақсартуға қолданады. Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісінің мынандай негізгі ұстанымдарына тоқтала кетейік. Олар:

- Сабақты бірлесе жоспарлау.

(теориялық, әдістемелік немесе қарым-қатынас саласындағы проблеманы) шешу мақсатында,

- Сабаққа қатысу барысында студенттердің үйрену әрекеттерін бақылау. (студенттердің жетістіктері мен қиындықтарын) айқындау мақсатында,

- Студенттермен сұхбаттасу. (сабаққа дейін немесе кейін, сұраныс-тапсырыстарын анықтау, оларды сабақ барысында ескеру) жүзеге асыру мақсатында,

- Сабақ жоспарын жақсарту. (сабаққа жағымды өзгерістер) енгізу мақсатында.

Оқытушылардың жұмысы осылайша мынандай айналым аумағында жалғаса береді: «проблема айқындау – проблеманың теориялық мәселелері мен шешу жолдарын коучинг арқылы айқындау – бірлесе жоспарлау – өзара сабаққа қатысу – сабақты талдау – сабақ жоспарын жақсарту». Олардың кәсіби әрекеттері «Бірлесу, ақылдасу, қолдау» ұғымдары аясында жүзеге асырылады. Осылайша Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісі оқытушыларды тұрақты түрде, толассыз кәсіби шеберлігін дамытуға ынталандырып, ұжымдағы ынтымақтастықты дамыта түседі. Сол себепті де көптеген білім беру ұйымдарында Сабақты зерттеу (Lesson Study) топтарына негіздей бастаған. Бұл жағдай дұрыс та, өйткені мұндай топтарда оқытушылар өзін-өзі басқарып, өз әлеуеттерін өздігімен дамытатын орта қалыптастыруда. Мұндай жұмыстар педагогтардың сабаққа дайындалу және сабақты бақылау мәдениетінің өзгеруіне алып келетіндігі даусыз. Lesson Study топтарының жұмысы туындаған проблеманы шешу мақсатында кемінде топтастырылған үш сабақтық циклден құралуы керек, өйткені бір немесе екі сабақ ауқымында проблеманы шешуінің объективті болуы екіталай. Lesson Study топтарында жұмыс жасау үшін:

Біріншіден, Lesson Study топтарының жасақталуы мұғалімдердің өз еркі бойынша жүзеге асырылғандығы дұрыс. Осы арқылы оларда өз жұмысының нәтижесіне деген жауапкершіліктің артатындығы анық.

Екіншіден, Lesson Study топтары педагогтардың кәсіби біліктілігін арттырудың негізгі құралы болғандықтан, туындаған проблеманың теориялық мәселелерін зерттеп, оны шешудің амалдары мен тәсілдерін сабақтар топтамасы басталмай тұрып айқындау қажет.

Осылайша педагогтар Lesson Study топтарында теориялық ұғымдармен танысып, күнделікті тәжірибеде туындаған проблемаларды өздігімен шешуге дағдыланады, яғни өздерінің кәсіби біліктілігін үнемі дамытып отырады. Өзін-өзі дамытатын механизм жұмысының бір көрінісі іспетті бұл әрекет.

Үшіншіден, студенттер білім беру үдерісінің белсенді қатысушылары болуы үшін оларды сабақты жоспарлау ісіне қатыстыру керек. Ол үшін Lesson Study тобының мүшелері таңдап алған шәкірттермен сабаққа дейін сұхбаттасып, сабақтың қалай өтетіндігі туралы интервью алып, оны сұхбат парақтарына жазып алуына болады. Әрине, мұнда студенттерге олардың пікірі сабаққа өзгерістер енгізу үшін қажет екендігі және де олардың құпия болатындығы туралы айтылады. «Студент үнін» ескеру арқылы педагогтар сабақтың қалай өту керектігі, қандай сабақтың тиімді болатындығы, не және қалай оқу керектігі туралы көп мағлұмат алатындығы сөзсіз. Осылайша педагогтар өз сабақтарына студент көзімен «іштен» қарап, жоспарды «тұтынушы» тұрғысынан сараптау мүмкіндігіне ие болады. Мұндай «оқыс», «оғаш» жаңаша көзқарас бұрын қарастырылмаған мәселелерге назар аударып, еленбей жүрген проблемаларды шешуге бағыттауы ықтимал.

Сабаққа дейін студенттерден интервью алу арқылы педагогтар студенттердің білім алу, оқу мен үйрену барысындағы мұң-мұқтажы мен мүддесін, қалауы мен тапсырысын, сұранысы мен ынтасын анықтау мүмкіндігін беріп, оқыту мен үйретуді соларға бейімдейді. Бұл жәйттің сабақ сапасына жағымды ықпал жасайтындығы сөзсіз. Бұған қоса студенттерде өзіне деген сенімі артып («Педагог менің пікіріммен санасады екен! Менің пікірім құнды екен! Менің ұсыныстарым сабақ барысында пайдаланды!»), өз біліміне деген жауапкершілігі де ұлғаяды.

Сабаққа дейін студенттерге мынандай сұрақтар қоюға болатын шығар: «Алдағы сабақтан не күтесіз? Не білгіңіз келеді? Осы тақырыптың ең басты ұғымдары қандай деп ойлайсыз? Осы сабақта қандай әдіс-тәсілдерді қолданған тиімді болады деп ойлайсыз? Топтарға қалай бөлу керек? Сіз кіммен бір топта отырғыңыз келеді? Сізге тобыңызда кім жақсы көмектеседі? Сабақтың нәтиже «өнімі» қандай болуы керек деп ойлайсыз? Педагог болсаңыз, бұл сабақты қалай өткізер едіңіз?» және т.б.

Төртіншіден, жоғарғы оқу орнының әкімшілігі тарапынан Lesson Study топтарының жұмысын мұқият қадағалаудың қажеті шамалы болар, өйткені әсіре қадағалау мардымсыз нәтижеге әкелетіндігі белгілі. Жыл бойы жоғарғы оқу орнының әкімшілік мүшелері тек бір ғана жоғарғы оқу орнының Lesson Study тобының жұмысына қатысып, олардың жұмысының қарқынды және тиімді өтуіне атсалысқаны жөн. Басқа Lesson Study топтары әкімшіліктің ерекше ынтасын көргеннен соң осы топтардың жұмысына қызығушылық танытып, солардан үйренетіндігі әбден ықтимал.

Бұл жерде тек Lesson Study топтарының жұмыс нәтижелерін алдын-ала айқындап алған дұрыс болар. Мысалы, сондай құралдардың бірі ретінде Lesson Study тобының портфолиосын атауға тұрарлық. Белгіленген мерзім соңында (тоқсан немесе оқу жылы) әр Lesson Study тобы оқу орнының алқалы бір жиынында өз портфолиоларымен барша жұртты таныстырып, жұмыстарын қорытындыласа.

Портфолиоға жиналатын құжаттар мен дәлелдемелерді қиындатпаған жөн, оның мазмұнын педагогтардың өздері айқындауы керек. Портфолиоға қойылатын талаптар алдын-ала елдің назарына ұсынылып, талданып-талқыланып, педагогикалық кеңесте бекітілсе дұрыс болар еді. Мұнда мынандай дәлелдемелердің болғаны орынды: сабақ жоспарлары (әсіресе әр сабақтың алғашқы жоспары мен оның өзгертілген, жақсартылған нұсқаларының болғаны дұрыс: бұл оларды салыстыру мүмкіндігін береді), бақылау мен интервью парақтары, сабақты талқылаудың хаттамасы (егер жүргізілсе), оқушылардың сабақтағы жазбаша жұмыс үлгілері, фотосуреттер, видеожазбалар (егер жүргізілсе), теориялық материалдар мен ресурстар, коучингтердің жоспарлары, студенттердің сабаққа берген кері байланысы мен сабақ туралы рефлексиясы, қатысушылардың жазбаша пікірлері, т.б.

Lesson Study топтарының жұмыс нәтижелерін қорытындылауды ықшам сабақтар көмегімен де жүзеге асыруға болады. Сонымен, жоғарғы оқу орындарының оқытушыларының кәсіби біліктілігін тұрақты түрде дамыту ісін 4-6 адамдық Lesson Study топтары ауқымында ұйымдастырған тиімді деп есептеуге тұрарлық. Өзін-өзі басқару, реттеу мен дамытудың ұтымды құралы ретінде Lesson Study топтары педагогтарға бірлесе жоспарлау, тәжірибеде туындаған проблемаларды коучинг пен тәлімгерлік арқылы шешу, сабақ жоспарларын жақсарту үшін сабақтарды бірлесе талдау мен талқылау секілді тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану дағдыларын үздіксіз дамыту мүмкіндігін ұсынады.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» / Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2018.
2. Абдраманова Ж.Б., Биярова С.Б., Зейнолдина Г.Т. Lesson Study: өз сабағын зерттегісі келетіндер үшін: әдістемелік ұсыным. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015.
3. Байғаринова Ж.К. Сабақты зерттеу (Lesson study): А-дан Я-ға дейін: әдістемелік ұсынымдар. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 36 б.
4. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. – Алматы, 2015. – 180 б.
5. Аймағамбетова Қ.А., Құлмаханбет А.Е. Мектеп жасына дейінгі баланың зерттеушілік іс-арекетіне таным дағдысының әсері. \Хабаршы ҚазҰПУ., №2(58), 2018ж.

**МРНТИ 14.01.29**

*Г.С.Таженова<sup>1</sup> Л.Т.Макулова<sup>2</sup> Г.Есенбаева<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институтының докторанты, аға оқытушы, Алматы қ., Қазақстан;*

<sup>2</sup>*Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, Тараз қ., Қазақстан;*

<sup>3</sup>*Қазақ Спорт және Туризм Академиясының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан*

**«МЕДИАБІЛІМ» ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы ашылады. Олардың бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жүргізе алуға жан-жақты дайындығын қамтамасыз ететін медиабілімдері мен медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық және қолданбалы жолдарын қарастыру сөз етіледі.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қоғамдық өмірдің барлық саласының ақпараттануы адамның кәсіби және тұлғалық дамуының қайнар көзі ғана емес, қосымша түйткілдер де туғызатын үрдіс. Арналардың көптігі, ақпарат материалдарының таралуының сан салалығы мен жылдамдығы тұтынушыларға олардың сапасын бағалауға, талдап, саралап ұғынуға мүмкіндік бермей жатады. Осыған орай, оны тұтынушы аудиторияның ақпаратты іздеу, тұтыну, мазмұнын өз бетінше саналы ұғынуға дайындаудың мәні артуда. Бұл жағдайда тұтынушыларда медиаөнімнің мазмұны, көздеген мақсатын айқындауға қажетті медиа жайындағы жүйелі білімдердің, біліктер мен ептіліктердің қажеттілігі даусыз.

Әлемдегі озық мемлекеттердің медиабілім тәжірибесін зерттеп, медиабілімнің мәселелеріне сараптамалық талдау жасап қарау, отандық медиабілім теориясының кеңеюі мен қалыптасып дамуына ықпал етеді, болашақ жастардың медиасуаттылығын қалыптастырудың теориялық, әдістемелік негіздерін жасау үшін алдымен Канада, АҚШ, солтүстік еуропалық елдері және Ресейдің білім жүйесіндегі медиабілімнің даму деңгейіне талдау жасауды жөн деп көрдік.

**Түйін сөздер:** БАҚ, Интернет, медиабілім, медиасуаттылық, ақпараттық қауіпсіздік.

Таженова Г.С.<sup>1</sup> Макулова Л.Т.<sup>2</sup> Есенбаева Г.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>ст.преподаватель,Казахский национальный педагогический университет им. Абая,  
г.Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>к.п.н., доцентТаразский государственный педагогический университет,  
г.Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>Ст. преподаватель, Казахская Академия Спорта и Туризма,  
г.Алматы, Казахстан

## ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ПОНЯТИИ «МЕДИАЗНАНИЕ»

### Аннотация

В статье раскрывается важность формирования у студентов медиакомпетентности при работе студентов со СМИ, чтобы получить всестороннюю подготовку на их пути к формированию теоретической и прикладной медиакомпетентности.

Опыт показывает, что осознание всех сторон общественной жизни является процессом не только источником профессионального и личностного развития человека, но и дополнительной проблемой. Обилие каналов, разнообразие и скорость распространения информационных материалов не позволяют потребителям оценивать, анализировать и дифференцировать их качество. В связи с этим возрастает ценность поиска потребителем информации, потребления и подготовки контента для самосознания аудитории. В этом случае нет необходимости в систематических знаниях, навыках и гибкости в средствах массовой информации для определения содержания потребителей и назначения средств массовой информации.

Анализ медиа-опыта ведущих стран мира, сравнительный анализ вопросов медиаобразования оказывает содействие в расширении и развитии отечественной теории медиаобразования, с целью создания теоретико-методологических основ формирования медиакультуры будущей молодежи, мы решили провести анализ уровня развития медиаобразования в Канаде, США, странах Северной Европы и российской системе образования.

**Ключевые слова:** СМИ, Интернет, медиаобразование, медиаграмотность, информационная безопасность.

Tazhenova G.S.<sup>1</sup>, Makulova L.T.<sup>2</sup>, Yessenbaeva G.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>teacher, Kazakh National Pedagogical University named after Abai,  
city –Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>docent, Taraz State Pedagogical University city  
Taraz, Kazakhstan

<sup>3</sup>teacher, Kazakh Academy of Sport and Tourism city  
Almaty, Kazakhstan

## FORMATION AND DEVELOPMENT OF THE CONCEPT "MEDIAKNOWING"

### Abstract

The article deals with importance of formation of students' media competence when dealing with the media to receive comprehensive training on their way to formation Theoretical and Applied media competence.

Experience shows that the awareness of all aspects of social life is a process not only a source of a person's professional and personal development, but also an additional problem. The abundance of channels, the variety and speed of distribution of information materials do not allow consumers to evaluate, analyze and differentiate their quality. In connection with this, the value of consumer searching for information, consumption and preparation of content for the audience's self-awareness increases. In this case, there is no need for systematic knowledge, skills and flexibility in the media to determine the content of consumers and the appointment of the media.

Analysis of media experience of leading countries of the world, a comparative analysis of media education issues assists in the expansion and development of the national theory of media education, in order to create the theoretical and methodological foundations for the formation of media culture of future youth, we decided to



analyze the development level of media education in Canada, the United States, the Nordic countries and Russian education system.

**Key words:** media, the Internet, media education, media literacy, information security.

Бүгінгі қоғамда адам баласы БАҚ арқылы тоқтаусыз келіп жатқан ақпарат ағынының әсері жағдайында өмір сүруде. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қоғамдық өмірдің барлық саласының ақпараттануы адамның кәсіби және тұлғалық дамуының қайнар көзі ғана емес, қосымша түйткілдер де туғызатын үрдіс. Арналардың көптігі, ақпарат материалдарының таралуының сан салалығы мен жылдамдығы тұтынушыларға олардың сапасын бағалауға, талдап, саралап ұғынуға мүмкіндік бермей жатады. Осыған орай, оны тұтынушы аудиторияның ақпаратты іздеу, тұтыну, мазмұнын өз бетінше саналы ұғынуға дайындаудың мәні артуда. Бұл жағдайда тұтынушыларда медиаөнімнің мазмұны, көздеген мақсатын айқындауға қажетті медиа жайындағы жүйелі білімдердің, біліктер мен ептіліктердің қажеттілігі даусыз.

Зерттеу барысындағы талданған әдебиеттерді қорытындылай келе, «медиабілім» (ағылшынша *media education*) термині салыстырмалы түрде қолданысқа жаңа енген: баспасөз, теледидар, радио, кинематография, жарнама, Интернет, оның әртүрлі қосымшалары сияқты бұқаралық ақпарат және басқа коммуникация құралдарының әсерін қарастыратын жалпы білімнің саласы. Бұл білім ең алдымен медиа саласының мамандарын даярлауда қолданылады, сондай-ақ барлық адамдардың ақпараттық коммуникациялық сауаттылығын арттыруда пайдаланылады. Соңғысын «медиақұзыреттілікті» (*ағылшынша media competence*) қалыптастыратын білім ретінде түсіну қабылданған.

Әлемдегі озық мемлекеттердің медиабілім тәжірибесін зерттеп, медиабілімнің мәселелеріне сараптамалық талдау жасап қарау, отандық медиабілім теориясының кеңеюі мен қалыптасып дамуына ықпал етеді, болашақ жастардың медиасауаттылығын қалыптастырудың теориялық, әдістемелік негіздерін жасау үшін алдымен Канада, АҚШ, солтүстік еуропалық (Германия, Финляндия, Дания, Норвегия, Швеция) елдері және Ресейдің білім жүйесіндегі медиабілімнің даму деңгейіне талдау жасауды жөн деп көрдік.

Қазіргі кезеңде Канадада медиабілім өз дамуының өте жоғары деңгейінде. Ол жердегі педагогтардың медиасауаттылықты насихаттау бойынша үлкен жемісті еңбегі оң нәтиже беріп отыруы, бұл саладағы жұмыстың ертерек қолға алынуына байланысты. Атап айтсақ, Канаданың 1987 жылдан бастап-ақ, ең халқы көп – Онтарио провинциясының мектеп біліміне медиабілім кіріктірілген болатын. Ол жайындағы әдебиеттерді зерделеу барысында, 1989 жылдан бастап, 2004 жылға дейінгі кезеңде провинциялық (аумақтық) білім департаменттері мен министрліктері медиабілімді өнер және ағылшын тілі курстарына біртіндеп енгізгендігін, ал 1999 жылдың қыркүйек айынан бастап, Канаданың барлық аумақтарында медиамәдениет мектеп оқу бағдарламасының міндетті компонентіне айналғандығын анықтадық. Осылайша, Канада дүниежүзіне медиабілім ресми мәртебесін алған ең бірінші ел болып танылғандығы мәлім болды.

АҚШ орта мектебінің барлық сатыларында дерлік, міндетті медиабілім беру мәселелерімен айналысуды салыстырмалы түрде Канададан көп кейін қолға алына бастаған. Алайда, медиабілімді мектеп бағдарламасына кіріктірудің алғышарттары - жекелеген зерттеушілер мен педагогтардың, бүкіл елдегі медиасауаттылық орталықтары мен ассоциацияларының белсенді күш салуының арқасында жүзеге асты. Бүгінгі таңда, барлық 50 штатта да *Language Arts* пәнінің білім стандарттарына, медиасауаттылыққа үйрету енгізілген. Яғни, «визуалды медиамәтіндерді түсіну мен кіріктірудің визуалды біліктілігі мен стратегиясын пайдалану» және «әртүрлі медиамәтіндердің ерекшеліктері мен компоненттерін түсіну» маңызды болып табылады.

АҚШ-тағы медиабілім қозғалысы медиа әсерінің жағымсыз мәселелерін қарастырғанына қарамастан, жалпы антимедиалық қозғалыс болып табылмайды. Керісінше, медиасауаттылықтың жас ұрпақты әлеуметтендіруде ажырамас бөлігі ретінде қарастырылатын, педагогтар мен әртүрлі типті ұйымдардың азаматтық құқық пен тұтынушылар құқықтарын қорғайтын білім, діни, денсаулық сақтау, экологиялық коалициясы болып табылады.

Америка университеттерінде медиабілім бұрыннан бері - ақ, өте қарқынды дамып келе жатқан сала. Сонау 60-жылдардан бастап, іс жүзінде барлық америкалық университеттер мен колледждерде әртүрлі формада медиа бойынша курстар жүргізіледі. Атап айтсақ, журналистика, коммуникация, кинематография, өнер, мәдениеттану, саясаттану және т.б. факультеттерінде. 46 штатында медиабілім ағылшын тілі мен өнерді оқытумен байланысты, ал 30 штатта медиабілім әлеуметтік ғылымдар, тарих және азаматтық құқық, экологиялық-медициналық цикл пәндері бойынша сабақтарда пайдаланылады. Осыған қосымша мұғалімдердің кәсіби ассоциациясы медиабілімді мемлекеттік стандарттарға енгізуге

тырысуда. АҚШ ғалымы К. Тайнер (K. Tuner) медиабілімді коммуникацияға қол жеткізудің, жүзеге асырудың, талдаудың тәсілі ретінде анықтайды [1].

Австралияда медианы оқып үйрену міндетті мектеп бағдарламасына енеді. П. Гринэвей (Peter Greenaway) медианы мәдениетті тарату, жаңа білімдердің қайнар көзі деп біледі [2].

Солтүстік Еуропалық елдерде медиабілім: қоғамды түсіну, демократиялық өмірге белсенді және саналы қатысу үшін әлеуетті құрал болып табылатын медианың барлық түрлеріне қолжетімді болу мақсатында - тұлғаның дәстүрлі және заманауи ақпараттық, коммуникациялық және телематикалық технологиялармен өзара әрекеттесуі арқылы даму; оқу ортасын, оқыту мен білім беру үрдісін жетілдіру; тәуелсіз және белсенді медиапайдаланушы позициясын қалыптастыру; әртүрлі медиамәтіндерді жасау бойынша шығармашылық дағды мен өндіріс дағдыларын алу және жетілдіру үрдісі ретінде түсіндіріледі.

Оларда медиабілім дамуының табиғи үрдісі, медиабілім саласындағы өзара әрекеттестігі, ынтықтастығы мен тәжірибе алмасулармен негізделетін мақсаттар, жүзеге асыру мазмұны мен формалары ұқсас. Біріншіден, медиабілімнің бұқаралық коммуникация құралдарынан - оларды қабылдау, түсіну, талдау және т.б. реципиентке, аудиторияға - жас, тендерлік және өзге ерекшеліктерді зерттеу, тұлғаның аналитикалық, эмоционалды, этикалық, шығармашылық қасиеттерінің дамуы, т.б. қайта бағытталуы.

Екіншіден, кіріктірілген және қосымша медиабілімнің міндетті білім сатысында, ал кіріктірілген - арнайы және қосымша медиабілімнің мектеп білімінің жоғарғы сатысында біріктірілуі. Бұл ретте, кіріктіру - іс жүзінде Ұлттық оқу жоспарының барлық пәндерімен жүргізіледі; арнайы медиабілім жалпы (сыни ойлауды дамыту, мәтіндерге семиотикалық талдау жасау, өз позициясын анықтау және т.б.) және тар кәсіби (фотоаппаратурамен жұмыс істей білу, мультимедиялық технологияларды білу және т.б.) сипатта болады; қосымша медиабілім мектептің білім үрдісі мен мектептен тыс ұйымдарда ұйымдастырылып, өткізетін қосымша бағдарламалар мен жобалар аясында жүзеге асырылады. Ұлттық оқу жоспарлары мен олардағы медиабілім статусы құрылымындағы ерекшеліктер шамалы ғана айырмашылықтармен сипатталады.

Әдебиеттерге талдау көрсеткендей, кейбір шетелдік ғалымдар медиабілімнің басқа басымдылықтарына назар аударады. Мәселен, Францияда *медиабілім* азаматтық тәрбие берудің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Олар медиабілім жастарды қоғамның белсенді мүшесі, өз елінің патриоты болуға ықпал ететіндігін атап өтеді.

БАҚ-тың бала тәрбиесіне әсері жөнінде айтылған тұста, оның тәрбиелік ықпалына көбірек көңіл бөліп, керісінше зиянды саналатын бағдарламаларға тосқауыл қоюдың уақыты келді. Ондай мысалдарды дамыған елдердің тәжірибесінен де кездестіруге болады. Мысалы, АҚШ, Ұлыбритания, Франция сияқты мемлекеттерде балаларға қатысты бағдарламаларды сараптаудан өткізіп, олардың дамуына кері әсерін тигізетін хабарлар қатаң түрде шектеу салынады. Сонымен қатар, жеткіншектердің тұлға ретінде дамыту мақсатында ақпараттық өнім жасаушылармен тығыз байланыс орнату жағы да қарастырылған. Ондай қарым-қатынасты жүзеге асыру тікелей мемлекеттік дәрежеде жүргізіледі. Ол үшін құзырлы органдар тарапынан тиесілі нормативтік актілер қабылданады. Аталған елдердегі бұл шаралар БАҚ-тың қызметіне қол сұғу болып табылмайды. Өйткені, балалар тұтынатын БАҚ өнімдеріне деген көзқарас аталған елдердің ұрпақтың болашағына деген сергектігін көрсетеді.

Белгілі болғандай, Германия білім үрдісіндегі медиамәдениет мәселелерімен медиапедагогика айналысады. Біз осыған толығырақ тоқталуды жөн көрдік.

Бұл мемлекетте тек, 1980 жылдардың ортасында ғана жекеменшік теледидарлар пайда болды, ал компьютерді қалың бұқараның белсенді пайдалануы - 1990 жылдары ғана басталды. 40 жыл бойы компьютер мен Интернетсіз де жұмыс істеген адамдар, әлі де болса кәсіби және тұрмыстық еңбек етуде және олардың әкімшілік шешімдер қабылдауда дәстүрлі қызметтерді атқарады. Атап айтқанда, бұл жерде өзінің ұрпағының құзыреттілігіне, оқудағы құзыреттілігіне негізделген медиақұзыреттілік түсінігі басымдылық көрсетеді. Медианы пайдалану оқудағы құзыреттілікті негізгі біліктілік деп бағалайды.

«Медиапедагогика» сөзі неміс тілінің медиадидактикасы бойынша базалық басылымында көрсетілген, Ф. Фредеркинг, А. Кроммер, К. Майвальд еңбектеріндегі пікірде ол «балалар мен жасөспірімдердің өмір кеңістігін медиаттауды сипаттау және оқыту, білім беру мен тәрбиелеу үшін жалпы қорытындылар жасау» дегенге келіп саяды [3]. Педагогикалық үрдістегі медианы ескере отырып, неміс ғылыми педагогикалық қоғамы «Kommission der Deutschen Gesellschaft für Erziehungswissenschaft DgE»- оның мақсаты тиімді әрекеттік опциялар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылатындығына назар аударады.

Қазіргі кезде Интернет - ұсыныстардың коммерциялануына байланысты, pull mediадан: ақпарат алынатын медиадан, push mediaға: ақпаратты өзі беретін медиаға ауысу тән. Бұл Германияда медиабілім үрдісіндегі мәселелі өрістің тағы бірі болып саналады. Медиапедагогикалық міндеттердің нәтижелі шешіліп жатқанына қарамастан, Германияның медиапедагогтары, елдегі білім саясатына белсенді әсер ете отырып, балалар мен жастардың медиақұзыреттілігін көтеру мүмкіншілігін жақсартуға тырысады. Демек, сандық мәдениетте оқушылар мен студенттерге қажетті құзыреттіліктер Германия қоғамының да, мемлекеттік білім саясатының да басты назарында.

Канада мен Австралияда барлық мектептерде медиабілімге міндетті мәртебе берілгендігі әлемге әйгілі. Франция мен американдық медиапедагогтардың теориялық идеялары мен практикалық тәсілдері де кең тараған, Скандинавия медиабілімінің дәстүрлілігі, белгілі. Шығыс Еуропа мемлекеттеріндегі бұл жағдай дамыған деп айтуға келмейді.

Сонымен, шетел педагогикасында медиабілім түсінігіне берілген анықтамалардың әртүрлілігіне қарамастан, басты орындардың бірін иеленетіндігін байқаймыз. Мәселен: педагогиканың бұл саласының бөлімдері: медиатәрбие (*тұлғаны тәрбиелеу құралы*); медиадидактика (*педагогикалық мәселелерді шешу үшін медианы қолдану*); медиазерттеу (*медиаға қатысты болжамдарды тексеруге қатысты ғылыми ізденістер жүргізу*) болып бөлінеді. Осылайша, медиапедагогика шет елдерде педагогика ғылымының дербес саласы ретінде қарастырады деген тұжырым жасаймыз.

Ал, заманауи энциклопедия, медиапедагогиканы педагогика саласы ретінде, медиабілімді тұлғаны медиа көмегімен және оның материалдары негізінде оқыту және тәрбиелеу үрдісі ретінде қарастырады. Бұл елдің педагогикасында медиабілім: тұлғаны бұқаралық ақпарат құрал материалдары негізінде білімдендіру, тәрбиелеу және дамыту үдерісі: медиамен қарым қатынас жасау мәдениетін, коммуникативтік, шығармашылық қабілеттерін, сыни ойлауын, медиамәтіндерді талдау, бағалау біліктерін қалыптастыруы тиіс деп саналады [4].

Оларда кеңінен таралған негізгі медиабілім модельдері, әдетте, көп аспектілі болып келеді. Жалпы, оларды келесі түрде жіктеуге болады: медиа теориясы мен тарихы кіретін білімдік-ақпараттық моделі; медиамәдениеттің моральдік және философиялық мәселелерін қарастыратын тәрбие-эстетикалық моделі; оқушылар мен студенттердің шығармашылығын, өз бетімен ойлау, елестету қабілеттерін және т.б. дамытуды көздейтін оқыту моделі. Медиабілім модельдерінің ерекшелігі, жалпы дидактикалық қағидаларды: тұлғаның жан-жақты дамуы, теория мен практиканың байланысы, қолжетімдік, жүйелілік және т.б. және медиамәдениет ерекшеліктеріне байланысты қағидаларды: аудиовизуалды қабылдауды, медиамәтіндерді талдау біліктілігі және т.б. дамыту. сақтау болып табылады.

Ресей педагогикалық энциклопедиясында медиабілім (ағылш. media education, лат. media - құралдар), оқушылар мен студенттердің бұқаралық коммуникация заңдылықтарын оқытуға арналған педагогиканың арнайы бағыты деп түсіндіріледі [5]. Осыған орай, бізді ресейлік медиапедагогтардың (А.В. Федоров, В.В. Гура, А.А. Журин, Д.Е. Григорова, Е.В. Мурюкина, Е.А. Столбникова, А.В. Шариков, Е.И. Худолева Н.Б. Кириллова және т.б.) жұмыстары үлкен қызығушылық тудырады.

А.В. Федоров медиабілім, «медиамен қарым - қатынас мәдениетін, шығармашылық, коммуникативтік қабілеттерді, креативті ойды, түсіндіру біліктіліктерін және медиамәтінді талдау мен бағалауды қалыптастыру, медиатехника көмегімен өзін-өзі көрсетудің әртүрлі формаларына үйрету мақсатында бұқаралық коммуникациялық құралдар көмегімен және солардың материалдары арқылы білім беру және тұлғаны дамыту үрдісі»- деп түсінуді ұсынады. Ғалым 2003 жылы ресей және шет елдік сарапшылар арасында жүргізген сауалнама қорытындысы бойынша, сарапшылардың көпшілігі ЮНЕСКО анықтамасының тұжырымдамасына жақтас екендігін көрсетеді. «Медиабілім медианың барлық түрлерімен (баспа және графикалық, дыбыстық, экранды және т.б.) және әртүрлі технологиялармен байланысты; ол адамдарға бұқаралық коммуникация социумда қалай пайдаланылатынын түсінуге, басқа адамдармен коммуникация барысында медианы пайдалану қабілеттерін меңгеруге мүмкіндік беретіндігі анықталған [6].

Е.И. Худолева өз зерттеулерінде, медиабілімнің қалыптасу жолындағы келесі педагогикалық мәселелерді бөліп көрсетеді: педагогтардың ішкі психологиялық мәселелері, жаңа техника мен технологиялар алдындағы үрейі; өзінің кәсіби қызметінде жаңа техниканы пайдалану мүмкіншіліктерін үйрену үшін қосымша күш пайдалану мен энергия жұмсағысы келмеушілігі; қоғамның ақпараттық даму деңгейінің жеткіліксіз болуы; көптеген әлеуметтік топтар үшін электрондық ақпарат құралдарының қолжетімсіздігі; оқытушылардың медиалық құзыреттілігінің даму деңгейінің жеткіліксіздігі; тәжірибелі оқытушылардың кәсіби дайындықтан өткісі келмеуі немесе оның мүмкін болмауы; оқытушылар мен білім алушылардың компьютер техникасына еркін қолжетімділігінің болмауы; оқытушылар мен білім

алушылардың нашар уәжделуі; көп педагогикалық қауымдастық үшін «медиабілім» ұғымы белгісіз болып қалуы; медиабілім теориясы мен практикасын жасаудың жүйелі мемлекеттік үйлестірілуінің болмауы [7].

Автордың белгілеген медиабілімге қатысты кемшіліктері Қазақстанның білім беру үрдісіне де тән құбылыстар деуге болады. Сондықтан, медиабілімдерді қалыптастыру: медиаөнімдерін тұлғаны дамыту, тәрбиелеу мақсатында пайдалану, медиаматериалдарын саналы тұтыну, олардың психикасына әсер етуінен сақтану жолдарын ұсынатын арнайы педагогика саласының болуы ақпараттық қоғам жағдайында күн тәртібіне көтерілуі заңдылық.

Қазақстандық зерттеуші П.Б. Сейтқазы жаһандану жағдайында ізденіске және шығармашылыққа қабілетті, ақпараттық заманда өзін еркін сезінетін болашақ мамандарды даярлау мәселесінің маңыздылығын атап өте отырып, бұл қажеттілік соңғы жылдары педагогикалық үдерісте белсенді түрде қолданыла бастаған медиабілімді жүзеге асыруға жол ашатынын айта келе, медиабілім – бұқаралық коммуникация құралдарын меңгеруге үйретуді көздейтін педагогикадағы жаңа бағыт деген пікір білдіреді [8]. Бұл зерттеу біздің жұмысымыздан өзгеше БАҚ өнімдерін тәрбие құралы ретінде пайдаланудың жолдарын мен әдістерін іздестіруге арналғанғанымен, ондағы медианы тұтынушыларды тәрбиелейтін, оның әлеуетін дұрыс бағытта пайдалануға қатысты ойларының зерттеуіміз үшін алар орны ерекше.

Біздің зерттеуіміз үшін Ресей мен Қазақстан медиапедагогика теориясы мен практикасын оқып-зерттеу ерекше қызығушылық тудырады, оның себептері төмендегідей:

- біріншіден, Ресей мен Қазақстанды бұрыннан келе жатқан тарихи жағдайлар байланыстырады;

- екіншіден, соңғы он бес жыл ішінде Ресейде медиақұзыреттілікке аса көп көңіл аударылды, ал оны олардың теориялық және практикалық жұмыстарынан көруге болады.

Ресей мен Қазақстанның ұзақ уақыттар бойы әлемдік медиабілім кеңістігінен алшақ болғаны да анық. Тек соңғы 10 - 15 жыл көлемінде өзгерістер бола бастады. Осы себепті де, қазіргі кезде медиапедагогика жайында нақты қадамдар жасалу үстінде. Қазақстан мен Ресей медиасының дамуы да, медиабілім қозғалысының дамуы да, ұзақ жылдар бойы тоталитарлық режимнің қатаң цензуралық бақылауында болды. Тек, демократиялық реформалар басталғаннан кейін ғана, медиа саласына идеологиялық тыйымдар салынып, шектелмеген ашық «мәдениеттер диалогы» мәнмәтінінде дами бастады.

Қазақстан мен Ресей медиабілімінің даму тарихы бойынша жасалынған талдаулар, бізге қазіргі жағдайда, түрлері, мүмкіншіліктері мен әрекет ету диапазондары үнемі кеңітіліп және толықтырылып отыратын басты «аспаптарының» бірі ретінде бұқаралық коммуникация құралдары екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұлар ғасыр басында: фотография, пресса, радио, кинематограф болған болса; көп кейін: теледидар, видео болды; ал ендігі кезек әлеуметтік желілеріне компьютер, Интернет, DVD және т.б. келді. Бұл тенденцияларды іс жүзінде екі елдегі медиабілім даму кезеңдерінің барлығынан көруге болады:

I кезең - 1900-1918 жылдар - медиабілімнің (МБ) кино, пресса, радио материалдарында пайда бола бастауы;

II кезең - 1919-1934 жылдар – МБ киноәуесқойлар бірлестіктері, жас корреспонденттер қозғалысы және т.с.с. қалыптаса бастауы;

III кезең - 1935-1955 жылдар – МБ кино, радио, фото-аппаратураларды пайдалану дағдыларын меңгеру, практикалық кезеңі;

IV кезең - 1956-1968 жылдар – МБ фото, радио, кино-үйірмелер мен факультативтер, мектеп прессы қайта өркендеуі, білім саласында «идеологиялық» бақылаудың әлсіреуі;

V кезең - 1969-1985 жылдар – кино клубтардың, әуесқойлар киностудияларының, мектеп кинотеатрларының белсенді қызметі, медиабілім әдебиеттерінің басылымдары, МБ саласындағы ғылыми зерттеулердің, эстетикалық бағыттағы МБ дамуы;

- VI кезең - 1986 жылдан бастап, қазіргі кезеңге дейін – мультимедиялық МБ қазіргі кезеңі: видеоның таратылуы, компьютерлердің пайда болуы, оларды білім үрдісінде пайдалануды бастау; фестивальдар, халықаралық мектептер, медиабілім конференцияларын, медиа мәселелері бойынша саммитер және т.б. өткізу.

Қазақстан және Ресей медиабілімінің қалыптасуын талдау, медиа көмегімен әртүрлі елдердің өзара әрекеті мен қарым-қатынастары, соның ішінде әртүрлі мәдениеттердің қарым-қатынасы саласында ХХ-ХХІ ғасырлардың мүмкіншіліктері - мәдениеттердің, ұлттар мен халықтардың әрі қарай ынтымақтастығын дамыту үшін (атап айтқанда, медиабілім саласында) жаңа перспективалар ашатындығын көрсетті. Мысалы, заманауи компьютерлік телекоммуникациялар «осы мүмкіншіліктерді

толық жүзеге асыруды, сынып бөлмелерінің қабырғаларын жылжытуға, танымның кең әлеміне, оған қоса «мәдениеттер диалогына» шығуға жол ашуды қамтамасыз ететін құралдарға» жатқызуға болады.

Медиабілім көпшілікке төмендегілерді білуге мүмкіндік береді:

а) медиамәтіндерді талдау, сыни түсіну және жасау;

ә) медиамәтіндердің дереккөздерін, олардың саяси, әлеуметтік, коммерциялық немесе мәдени мүдделерін, олардың мәнмәтінін анықтау;

б) медиа тарататын медиамәтіндер мен құндылықтарды түсіндіру;

в) өзінің жеке медиамәтіндерін жасау және таратуға сәйкес медиаларды таңдау және оларға қызығатын аудиторияны табу;

г) қабылдау үшін де, өнім үшін де медиаға еркін қолжетімділік алу.

**Медиабілім** – педагогиканың бұқаралық коммуникация заңдылықтарын қарастыратын саласы. Оның ғылыми тұрғыда айқындалған негізгі бағыттары: өскелең ұрпақты қоғамдағы адамды қоршаған ақпараттарды дұрыс қабылдауға, ұғынуға даярлау; ақпараттың психикаға әсерінің салдарын түсіну біліктерін қалыптастыру.

Медиабілім - дүниежүзіндегі кез келген елдің, әрбір азаматының өз ойын еркін айтуы және ақпарат алуы бойынша негізгі құқықтарының бірі және демократияны қолдау құралы болып табылады. Медиабілімді барлық мемлекеттердің ұлттық оқу жоспарларына, қосымша, формалды емес және бүкіл өмір бойы білім алу жүйесіне енгізу ұсынылады.

Медиабілім студенттерге медиамәдениет әлеміне бейімделуге, бұқаралық ақпарат құралдарының тілін меңгеруге, медиамәтіндерді талдап үйренуге және т.с.с. көмектесуге арналған.

Л. Мастерман, «дағдылық» және «эстетикалық» тәсілдерді дұрыс емес деп санап, оларды сыртқа тастай отырып, аудиторияның кез келген медиамәтіндеріне қатысты «сыни ойлауын» дамытуға негізделген, өзінің медиабілім парадигмасын ұсынды. Ұсынылған қағидаларды талдау аталып отырған білімдердің барлығын оқытушылардың бермейтіндігін, не болмаса жастардың өздігінен меңгеру мүмкіндігінің төмендігін көрсетеді. Ғалымның айтуы бойынша, медиабілім – медиамәдениет шығармаларын бағалау процесі емес, керісінше оларды зерттеу үрдісі: «оқытушылар да, білім алушылар да, бір-бірін оқыта алатын және бірге ізденетін кезде, диалогтың жаңа жолдарын дамыту қажет», - деп жазады [9].

Бұл ойлардан біз басты мақсатқа: жастардың медиамәтінді түсінуін – олар қалай және кімнің мүддесі үшін жасалатынын, олардың қалай ұйымдастырылғанын, олардың нені білдіретінін, шынайылықты қалай көрсететінін және осы көріністі «аудитория қалай оқитынын» дамытуға апаратын жолды жеңілдету үшін, педагогикалық назардан алыстатылмауы керектігін ұғамыз.

ЮНЕСКО – ның материалдарында медиабілімге төмендегідей анықтама беріледі: бұқаралық коммуникация құралдарын меңгерудің теориялық және практикалық біліктерін меңгеруге үйретуге бағытталған жалпы педагогикалық білімнің бөлігі. 2002 жылғы ЮНЕСКО өткізген халықаралық конференцияда медиабілімді кезкелген мемлекеттің кезкелген адамының ақпарат алуға деген құқығы, өзін-өзі көрсету еркіндігі ретінде айқындалады. Әр елдің бұл ұғымға қатысты тәсілдерінің әрқалылығын ескере отырып, бұл білімді мүмкіндігінше ұлттық оқу жоспарлары, қосымша білім, өз бетінше білім алу шеңберінде енгізуді ұсынады [10].

Медиабілімнің негізгі міндеті – жас ұрпақты ақпараттық қоғам жағдайында өмір сүруге даярлау, оны түсінуге, оның психикаға әсерін ұғу, одан қорғанудың тәсілдеріне баулу деп қорытынды жасауға болады. Медиабілімді шартты түрде мына төмендегі үш бағытқа бөліп қарастыруға болады: *болашақ кәсіп иелерінің білімі (журналистер, сценаристер, режиссерлер, операторлар, актерлер, кинотанушылар т.б.); болашақ медиапедагогтар; оқушылар мен студенттердің жалпы білімінің бөлігі ретінде.*

Жалпы алғанда, медиабілімнің дамуы ХХ ғасырда ақпараттық -коммуникациялық үдерістердің жеделдеуіне, оларды өңдеу, ұғыну, мамандар даярлау мәселесінің туындауына байланысты қарқынды жүргенін байқаймыз. Өртүрлі мемлекеттердегі медиабілімнің қолданылуы мен ендірілуінің кәсіби мамандардың жеткіліксіздігі, қаржының бөлінбеуі т.б. қиыншылықтарына қарамастан, кең теориялық база жинақталды, медиабілімнің мақсаты мен міндеттері тұжырымдалды, жоғары оқу орындарда, орта арнаулы оқу орындары мен мектептерде жүзеге асырудың практикалық жолдары белгіленді.

Осылайша, медиабілімнің ХХ ғасыр бойындағы даму тарихы мәдениет феноменінің қалыптасуы мен даму тарихымен тікелей байланысты болғандығын көрсетеді. Демек, медиабілімнің дамуын мемлекеттің тарихы дамуынан, оның мәдениетінен бөліп қарауға болмайды деген тұжырым жасалады.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, медиабілім медиа өндіру талаптарын, медиа өнімдерінің формасы мен мазмұнын ашатын, балаларды, жастар мен өмір бойы білім алатындарды демократиялық,

ашық қоғамның азаматтарын ақпараттық кеңістікте білімденуде, тұлғалық, кәсіби тұрғыда дамуда, дүниетанымын кеңейтіп, эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыра алуда медиаөнімдерін пайдаланудағы сауаттылыққа тәрбиелейтін білімнің саласы деуге болады. Басқаша оны медиапедагогика деп те атауға болады деп санаймыз.

Медиапедагогика жалпы педагогикамен байланысты, ерекше мәндік және әрекеттік өрісі бар пән саласы ретінде анықталады. Ондағы референттік топ – жалпы педагогикаға қатысы барлар: медиабілім беруші педагогтар, білім алушылар, жалпы медиапайдаланушылар. Ал бұл білімнің сапалы, нәтижелі болуы сөз жоқ мамандардың дайындық сапасына, құзыреттілігіне тікелей тәуелді. Алайда, қазіргі заманның жан - жақты тұлғаларын қалыптастырудың осындай бір маңызды бағыты бойынша, мамандар даярлау ісінің ақсап тұрғаны өкінішті жағдай. Осы ретте, елімізде медиапедагогтарды даярлау жедел қолға алынуға тиісті шара деп есептеп, оған ат салысуды өз міндетіміз деп санайтындығымызды білдіреміз.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Tyner K. *Literacy in the digital World: Teaching and Learning in the Age of Information*. – Mahwah; NJ: Lawrence Erlbaum Associates, 1998. - 291 p.
- 2 Greenaway P. (1997). *Media and Arts Education: A Global View from Australia*. In: Kubey, R. (Ed.). *Media Literacy in the Information Age*. New Brunswick and London: Transaction Publishers, pp.187-198.
- 3 Frederking V./ Krommer, A./ Maiwald, K. (Hg.). *Mediendidaktik Deutsch. Eine Einführung (Grundlagen der Germansistik, Bd. 44)*. Berlin: Erich Schmidt Verlag, 2008, 319 S.
- 4 Педагогика большая современная энциклопедия. Минск. - 2005.- с.720.
- 5 Российская педагогическая энциклопедия. В 2 т. / гл. ред. В.В. Давыдов. - М. : Большая рос.энцикл., 1993-1999. - Т. 1 : А-М.- М. , 1993. - 607с.
- 6 Федоров А.В. *Медиаобразование в России: краткая история развития / А.В.Федоров. - Таганрог : Познание, 2002. - 266 с.*
- 7 Худолеева Е.И. *Педагогические проблемы медиаобразования в ФРГ и в России на современном этапе (конец XX - начало XXI вв.) : автореф. дис. ... канд. пед. наук : 13.00.08 / Е.И. Худолеева. - Владивосток, 2006. - 24 с.*
- 8 Сейтқазы П.Б. *Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау //Монография. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2009.*
- 9 Мастерман Л. *Обучение языку средств массовой информации //Специалист. - 1993. - № 5. - С.31-32.*
- 10 UNESCO. *The Seville Recommendation // Youth Media Education. -Paris : UNESCO, 2002.*

## ОРТА ЖӘНЕ ОРТАДАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ СРЕДНЕЕ И ПОСЛЕСРЕДНЕЕ ОБРАЗОВАНИЯ: ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

МРНТИ 14.07.03

С.Т. Иманбаева<sup>1</sup> Ш.И. Джанзакова<sup>2</sup> А.М. Жубандыкова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>п.э.д., профессор, ХПФБА-ның академигі, Абай атындағы ҚазақҰПУ,  
Алматы, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>п.э.д., профессор м.а., Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті  
Атырау, Қазақстан Республикасы

<sup>3</sup>п.э.к., қауымдастырылған профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан Республикасы

### МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ

#### Аңдатпа

Мақалада мектептегі тәрбие жүйені ұйымдастыруда адамдарды мақсатқа бағытталған іс-әрекет, жеке адамды идеялық, саяси, Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық, рухани-адамгершілік, ұлттық тәрбие, отбасы тәрбиесі, еңбек, экономикалық және экологиялық, зияткерлік, ақпараттық мәдениет, көпмәдениетті және көркем-эстетикалық, дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытталған жүйелі тәрбиелеу кешені болып табылатынын нақтылай отырып, тәрбие жүйесінің ғылыми негіздері айқындалады.

Мектептегі тәрбие жүйесі, біріншіден жүйенің қалыптасуынан, екіншіден әр ұжымның іс-әрекетінің мазмұнын нақтылаудан, үшіншіден, жанашыл үдерістерді пайдалану барысында жүйені қалыптастырудан тұратыны қамтылады.

**Түйін сөздер:** тәрбиелік жүйе, оңтайлылық, құрылымдылық, функционалдылық, интегративтілік, психологиялық ахуал, әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық жүйе, сынып жетекшісі.

S.T. Imanbayeva<sup>1</sup> Sh.I Dzhanzakova<sup>2</sup> A.Zhubandykova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of the IASP  
Abay Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University,  
Atyrau, Kazakhstan

<sup>3</sup>Candidate Of Pedagogical Sciences, associate Professor Kazakh State Women s Teacher Training University,  
Almaty, Kazakhstan

### BASES OF ORGANIZATION OF THE EDUCATIONAL SYSTEM IN THE SCHOOL

#### Abstract

This article deals with scientific basis of the system education, specifying that the purposeful activity in the organization of the system of education in the school is a system of educational complex aimed at the formation of personality, ideological, political, Kazakh patriotism and civil, legal, spiritual and moral, national education, family education, labor, economic and environmental, intellectual, information culture, multicultural and artistic ,aesthetic ,physical education, the formation of a healthy lifestyle.

The system of education in the school includes, firstly, the formation of the system, secondly, the clarification of the content of the activities of each team, thirdly, the formation of the system using modern processes.

**Key words:** educational system, optimality, structure, functionality, integrative, psychological climate, socio-pedagogical and psychological-pedagogical system, tutor.

Иманбаева С.Т.<sup>1</sup>, Джанзакова Ш.И.<sup>2</sup>, Жубандыкова А.М.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>д.п.н., профессор, КазНПУ имени Абая,  
Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>д.п.н., и.о. профессора, Атырауский государственный университет им. Х. Досмухамедова  
Атырау, Казахстан

<sup>3</sup>к.п.н., ассоциированный профессор, Казахский государственный женский педагогический университет,  
Алматы, Республики Казахстан

## ОСНОВЫ ОРГАНИЗАЦИИ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ В ШКОЛЕ

### Аннотация

В статье раскрываются научные основы системы воспитания, конкретизируя, что целенаправленная деятельность в организации системы воспитания в школе является системным воспитательным комплексом, направленным на формирование личности, идейного, политического, Казахстанского патриотизма и гражданского, правового, духовно-нравственного, национального воспитания, семейного воспитания, труда, экономической и экологической, интеллектуальной, информационной культуры, поликультурной и художественно-эстетической, физической культуры, формирования здорового образа жизни.

Система воспитания в школе включает в себя, во-первых, формирование системы, во-вторых, уточнение содержания деятельности каждого коллектива, в-третьих, формирование системы при использовании современных процессов.

**Ключевые слова:** воспитательная система, оптимальность, структурность, функциональность, интегративность, психологический климат, социально-педагогическая и психолого-педагогическая система, классный руководитель.

Тәрбиелік жүйе адамдарды мақсатқа бағытталған іс-әрекет, жеке адамды идеялық, саяси, Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық, рухани-адамгершілік, ұлттық тәрбие, отбасы тәрбиесі, еңбек, экономикалық және экологиялық, зияткерлік, ақпараттық мәдениет, көпмәдениетті және көркем-эстетикалық, дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытталған жүйелі тәрбиелеу кешені болып табылады [1].

Жүйе, тәрбиелік жүйе ұғымдарының мәніне тоқталатын болсақ, жүйе (лат. *systema*, гр. *σύστημα* – бөліктерден құралған тұтастық, қосылыс) – бір-бірімен қарым-қатынаста және байланыста болатын, сөйтіп белгілі бір тұтастық, бірлестік құратын көптеген құрамдас бөліктер жиынтығы [2].

Тәрбие жүйесінде кез келген тұлға төмендегі қамтылған үш жүйеасты бөліктерде отабасында, формальды және формальды емес білім беру жағдайында дамиды.

Тәрбие жүйесі – тәрбиенің негізгі компоненттерінің (мақсат, субъектілер, олардың іс-әрекеті, қарым-қатынас, материалдық база) өзара әрекеттестігі үдерісінде туындайтын және ұжымның өмір салты, оның психологиялық климаты сияқты интегративті қасиеттерді меңгерген тұтас әлеуметтік ағза ретінде өзінің негізгі қызметі – тәрбиелеуге қатысты ретке келтірілген әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық педагогикалық ашық жүйе тұрғысынан іске асады.

Тәрбие жүйесін құруда сынып жетекшісінің ескеретін жағдайлары оқушылардың қызығушылығы, қабілеті, қажеттілігі, мектептегі педагогикалық үдерістің мүмкіндігі, әлеуметтік және шығармашылық әлеуеті, сонымен қатар ата - ананың құзыреттілігі, олардың тұлғаны, әлеуметтік органы қалыптастыруға ықпалы да негізге алынады.

Тәрбие жүйесі тұлғаны бойындағы мәдени құндылықтарды қалыптастыратын жүйелі үдеріс, ал тәрбиелік жүйе тұлғаның жан - жақты дамуына ықпал ететін жағдаяттар, оқыту үрдісі, тәрбие үрдісі, тұлға аралық қатынас, әлеуметтік орта, басқару жүйесі, тәрбиенің мақсат, міндеттері, мазмұны, т.б. камтиды. Қазіргі таңда педагогикада тәрбиелік жүйенің бірнеше қалыптасқан жүйесі бар. Олар А.С.Макаренконың, В.А.Сухомлинскийдің, И.Г.Николаев, Л.И.Новикованың, В.А.Караковскийдің т.б.жүйесі теориялық тұрғыда негізделіп, практикалық тұрғыда іс - тәжірибеге енгізілген.

Мектептегі тәрбие жүйесін құруда осыдан жарты ғасыр бұрын А.С.Макаренко негізін қалаған тәрбие ортасы бүгінгі жаһандандыру үрдісінде де негізін жойған жоқ. А.С.Макаренконың негізгі принципі – тұлғаға сену, сеніп тапсырмалар беру арқылы оның ішкі жан дүниесіне ықпал ету [3].



Мектептегі тәрбие жүйесі – тұлғаның әлеуметтік сұраныстарын қанағаттандыратын, оқушыны тәрбиелеуге байланысты педагогикалық мақсат пен міндеттерді реттейтін әлеуметтік педагогикалық нысан болып табылады.

Л.И.Новикованың тұжырымы бойынша кез-келген тәрбие жүйесі төмендегі мүмкіндіктерді қамтиды:

- тәрбие үрдісін ұйымдастырудың мазмұнын айқындайтын тәрбие кешені;
- қойылған міндеттерді орындауға жағдай жасайтын материалдық база;
- тұлғаның жан-жақты дамуына, өмірлік іс-әрекеттерін ұйымдастыруға бағытталған тәрбие үрдісі;
- тәрбие субъектісі ( тәрбие үрдісіне қатысатын мұғалім, оқушы және ата-ана) [4].

Қазақтың көрнекті ағартушы-ғалымы М.Жұмабаев тәрбиені екі бағытта дене тәрбиесі және жан тәрбиесі деп ұсынады. Тән құрылысы биологиялық заңдылықтар, жан тәрбиесі – тәрбиелік тәлімнен нәр алады. Адам тәнінің физиологиялық өсу кезеңдері оның тәрбие жүйесінің негіздерін жасайды. Адамның өсу жолындағы әрбір кезеңнің өзіне тән тәрбие әдістері бар.

Сонымен қатар, тұлға ретінде қалыптастыру үшін төмендегі тәрбие түрлері толығымен қамтылуы керек екеніне тоқталады.

“Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны.

... Балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын”,- деп баланың дұрыс жолда болуына жоғарыдағы тәрбиелер дұрыс болғанда ғана жақсы нәтижеге жететініне тоқталады [5].

Ж.Аймауытов бала тәрбиесіне ықпал ететін “замандастары (кұрбы-кұрдастары), туған ауылы, өскен ортасы, оның діні, тілі һәм басқа да нәрселер” дей келе, негізгі тәрбие құралы ол өнеге дейді.

“Баланы бұзуға, яки түзеуге себеп болатын бір шарт жас күнде көрген өнеге. Ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі арқылы қалыптасады. Ата-ананың берген тәрбиесі баланың мінезіне салған ізге байланысты. ...Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді деген сөз ата-ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді...” – деп баланың жан-дүниесін қалыптастыруда отбасы, әулеттің ықпалының мол екенін көрсетеді [6].

И.П.Подласый тәрбиені мәдениет тұрғысынан қамтиды яғни, адамгершілік мәдениет, ақыл-ой мәдениеті, эстетикалық мәдениет, дене мәдениеті тұрғысынан қарастырады[7].

Ал республикадағы бірден-бір тәрбиенің негізгі орталығы болып табылатын Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының Тұлғаны әлеуметтендіру орталығының ғылыми қызметкерлері «Қазақстан мектептеріндегі тәрбие жүйесі» және “Тәрбие үрдісі мен оқушылардың тәрбиелік деңгейін бағалаудың өлшемдері” атты ғылыми-зерттеу жұмысы егемен еліміздің білім беру жүйесінде тәрбие мәселесін жетілдіруге арналған іргелі жұмыс болып табылады.

Сонымен қатар оқушылардың тәрбиелік деңгейлерін айқындауда С.Д.Поляковтың еңбектері де негізгі орын алады. Білім беру мекемелерінде тәрбие жүйесі – тұтас педагогикалық жүйе түрінде қамтылады. Педагогикалық жүйе – дидактикалық жүйе (білім, білік, дағдыны қалыптастыру) немесе ұйымдастырушылық (өмірлік іс-әрекетті реттеу, ұйымдастыру, басқару) мен тәрбие жүйесінің (тұлғаны дамыту) бірлігін қамтиды .

Л.И.Новикованың ғылыми мектебінің тұжырымдамасы бойынша негізделген тәрбие жүйесі тәрбиенің негізгі құрауыштарынан мақсат, міндет, мазмұн, іс-әрекеттерден, тәрбиенің негізгі компоненттерінің өзара ықпалдасуынан, ұжым және ондағы психологиялық ахуал кіріктіру сипатымен ие болатын тұтас әлеуметтік ағза деп жүйе деп айтуға болады[4].

Мектептің тәрбиелік жүйесі – мектептің тұтас әлеуметтік-педагогикалық құрылымы және баланың әлеуметтенуі мен дамуының мақсатқа бағытталған факторы. Тәрбие жүйесі - ұжым, ұжымдық қатынастар және қоршаған ортаның бірлігінен тұрады. Тәрбие жүйесі алға қойған мақсаттар жиынтығы негізінде іске асады.

Қазіргі таңда мектептегі тәрбие жүйесінің негізгі құрылымы - мектептегі, сабақ үстіндегі, сабақтан тыс уақыттағы, мектептен тыс уақыттағы, сыныптағы, сыныптан тыс, қоғамдық ұйымдардағы және қоғам, мектеп, ата-аналар бірлестігінде, т.б. іске асырылады, бір-бірімен сабақтастықта және жүйелі түрде байланысады.

Тәрбие жүйесіне – тәрбие ісінің мазмұны, құрылымы мен қолданудың әдіс-тәсілдері және білім беру үрдісінде қолдануды ұйымдастыру істерінің жиынтығы болып табылуымен қатар, тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің өзара қарым-қатынасына құрылған сабақ үстіндегі және сыныптан тыс жұмыс түрлері сабақ, үйірме жұмыстарды, кештер мен жарыстар, байқаулар т.б. енеді.

Мектептегі тәрбиені ұйымдастыруда директордың оқу істері және ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасарларының атқаратын міндеттері:

– білім стандарттары, бағдарламалар және төл оқулықтар мазмұнындағы тәрбие мәселелерге арналған тақырыпты кеңінен қамту, пән бойынша қосымша бағдарламаларды дайындаып, мектептің ғылыми кеңесінде бекітуге жағдай жасау;

– гуманитарлық және жаратылыстану циклдағы пәндерді өзара кіріктіру барысында іс-шаралар жүргізу;

– сабақ және сабақтан тыс уақытта іске асатын тәрбиеге байланысты ғылыми семинарлар ұйымдастыру, өз бетінше білімін көтеруге жағдай жасау;

– мектепте тәрбие іс-шараларына байланысты ғылыми-практикалық конференциялар, семинар, кездесулер, алдыңғы қатарлы іс-тәжірибелерді мектептің оқу-тәрбие үрдісіне енгізу;

Мектепте тәрбиені ұйымдастыруда директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының міндеттері:

– мектептегі тәрбиеге байланысты бағдарламаны жасау, бекіту және оны ұйымдастырудың шараларын жасау;

– тәрбиені ұйымдастыруға байланысты әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

– қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың жұмысын жетілдіруге кеңес беру және қоғамда қалыптасқан қоғамдық ұйымдармен байланыс жасауға мүмкіндік туғызу;

– оқушылардың өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруы;

– тәрбие беру барысында мектеп пен мектептен тыс мекемелер жұмысын үйлестіру.

Сынып жетекшісінің сыныптағы тәрбиені ұйымдастырудағы атқаратын міндеттері:

– сыныптағы тәрбие беру жұмысын ұйымдастыруға басшылық жасау;

– сыныпта тәрбие беру мәселесіне байланысты бағдарлама жасау және оны бекіту;

– тәрбие беруге байланысты пән мұғалімдерінің, ата-ана және мектеп басқару, қоғамдық ұйымдар, мектептен тыс мекемелермен байланысты үйлестіру;

– оқушылардың тәрбиелігіне байланысты білімдік және тәрбиелік өсу деңгейлерін айқындау;

– оқушылардың тәрбиелілік құндылықтарын қалыптастыруға байланысты тарихи орындар, музейлерге баруды ұйымдастыру және соғыс ардагерлеріне, қарт адамдарға қамқорлық жасауға басшылық ету;

– пән мұғалімдерімен бірлесе отырып оқушылардың шығармашылық дамуларына мүмкіндік жасау (конференциялар, семинарлар өткізу, патриоттық мәселелерге байланысты баспасөз беттеріне мақалалар жазуға көмектесу, т.б.).

Пән мұғалімінің пән сабақтарында тәрбиені ұйымдастыруы:

– пән бойынша тұлғаның құндылықтарын қалыптастыруға байланысты материалдарды іріктеу, оқу үрдісіне пайдалану;

– жас және жеке бас ерекшеліктеріне байланысты ықпал ету;

– тақырыпқа сәйкес диспуттық, сыни тұрғыдағы сабақтарды өткізу арқылы олардың шығармашылық дамуына ықпал ету;

– пән сабақтарындағы тәрбиеге арналған материалды жүйелі түрде өткізу арқылы отанын сүйетін, отанын мақтанш тұтатын тұлғаны қалыптастыру.

Педагогикада жинақталған тәрбиелік жүйелер В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко, И.П.Иванов, Л.И.Новикова, В.А.Караковский, Н.Е.Щуркова, В.С.Кукушкиннің тәрбиелік жүйелері қалыптасты, сол бойынша мектептің оқу тәрбиелік үдерісінде іске асырылды.

*Л.И.Новикованың тәрбиелік жүйесі.* Ресей ғалымы Л.И.Новикова тәрбиелеу жүйесі тәрбиенің мақсаты, міндеттері, мазмұны, іс-әрекеттерінің өзара байланысынан тұратын әлеуметтік ортаны құрайды деп анықтама береді.

Жалпы мектептегі тәрбиелеу жүйесі, сыныптағы тәрбие жүйесі бір-бірімен кіріктіріле отырып, сабақтастырыла жүргізіледі. Тұтас педагогикалық жүйе секілді тәрбие жүйесінің негізіне оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру жатады. Қазіргі таңда тәрбиелік жүйені педагогиканың негізгі категорияларының бірі болып табылатын тұлғаны әлеуметтендіру тұрғысынан қарастырады[4].

*В.С.Кукушкиннің тәрбиелік жүйесі.* В.С.Кукушкин өзінің «Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесі» атты еңбегінде тәрбиелеу жүйесінің негізгі бағыттарын нақтылайды:

- әр мектептің өзіндік тәрбие жүйесінің тұжырымдамасының болуы;

- тәрбиелеу жүйесінің жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі;

- тәрбие жүйесінің тұлғаға бағытталған еркіндік кеңістігінің қалыптасуы;

- мектеп пен қоғамның өзара байланысына негізделуі;

- жүйелі түрде салауатты өмір салтының қалыптасуы;

- әр мәселенің жариялылық тұрғыда әділ шешілуі;
- мектептегі қарым-қатынастың ізгілікке бағытталуы;
- мектептегі әр атқарған іс-шаралардың сабақтастығымен бірге, іргелі шараларға ұласуы.

Мектептегі тәрбие жүйесінің даму кезеңдеріне жүйені жасау, жүйені қалыптастыру, жүйені рәсімделуді аяқтау және тәрбие жүйесін құру болып тізбектеліп іске асады[8].

*В.С.Безрукованың тәрбиелік жүйесі.* В.С.Безрукова тәрбие жүйесін ұйымдастыру және қамтамасыз ету факторларын жетіге бөліп қарастырады: саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік психологиялық, материалды-техникалық, кадрлармен қамтамасыз ету, ғылыми оқу - әдістемелік және ұйымдастырушылық. Сонымен қатар, формалды және формальды емес білім мен тәрбие беруді қарастырады. Формальды - мемлекеттік қоғамдық мекемелерде жаппай азаматтарды тәрбиелеу негізінде іске асады. Формальды емес – театр, кино, стадион, клубтар, музейлер, жаппай ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар, мектептен тыс қосымша мекемелер, өзін - өзі дамытудағы үйдегі білім алу әрекеттері, тәлімдемеден өту мен білімін жетілдіру үдерістері кіреді[9].

*В.А.Караковскийдің тәрбиелік жүйесі.* В.А.Караковскийдің тәрбиелік жүйе ұғымы педагогикалық әрекеттің неғұрлым іргелі факторларының бірін: мектепті өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі ұйымдастыруды, өзіндік қызмет ету және даму логикасы бар, әлеуметтік тұрғыда іске асырылады. Тәрбиелік жүйе отбасындағыдай мейірімді қатынасқа сәйкес, мектеп - отбасы - әлеуметтік орта бірлігінде іске асуын қамтиды [10].

*Ж.Ж.Наурызбайдың тәрбиелік жүйесі.* Ғалым көп ұлтты Қазақстан халықтары үшін ұлттық болмысты қалыптастырудың негізгі жолын атап көрсетеді. “...бүгінгі таңда біз ұлттар мен ұлыстардың, әсіресе, білім беру саласындағы этникалық сұраныстарды жүзеге асыру мәселелерін терең ойластыруымыз керек. Бұл арада ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың, мәдениеттілік мүдделердің құралы болып табылатын білім беру ісі алдында басты-басты үш қызмет тұр. Олар: табыстаушылық(ұлттық мәдениетті өркендету, сақтау және дамыту); даралаушылық (адамның, этникалық топтың немесе этностың ұлттық мәдени қажеттіліктерін, жеке тұлғаның ерекшеліктерін айқындау); ынтымақтастырушылық (мәдениеттердің өзара бірлігін, кірігуін, байытуын, жеке тұлғаның әлемдік және ұлттық мәдениет жүйесіне ұмтылысын қамтамасыз ету)[9]. Адамгершілік құндылықтары қалыптасқан мәдениетті тұлғаны қалыптастыру үшін: тілдік сана, тарихи сана, географиялық сана, көркемдік сана қажет деп, әр ұғымғы бүгінгі күн тұрғысынан түсініктеме береді.

Мектептегі тәрбие жүйесі, біріншіден жүйенің қалыптасуынан, екіншіден әр ұжымның іс-әрекетінің мазмұнын нақтылаудан, үшіншіден, жанашыл үдерістерді пайдалану барысында жүйені қалыптастырудан тұрады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 *Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.* – Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21 б. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген.
- 2 *Иманбаева С.Т., Майгаранова Ш. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқулық.* - Алматы: «ОНОН» баспасы. 2018. – 336 б.
- 3 *Макаренко А.С. Воспитание гражданина.* – М.: Просвещение, 1988. – 304 с.
- 4 *Новикова Л.И. Воспитательная система. //Педагогика, № 5, 2001. С. 35-39.*
- 5 *Жұмабаев М. Педагогика.* – Алматы: Рауан, 1998. – 112 б.
- 6 *Аймауытов Ж. Шығармалары. Құрастырғандар М.Атымов, Қ.Керейқұлов.* – Алматы: Жазушы, 1989. - 560 б.
- 7 *Подласый А. Педагогика. М.: 1998. - 325 с.*
- 8 *Кукушкин В.С. Теория и методика воспитательной работы.* – Ростов –на-Дону.Изд.центр “МарТ”, 2002.
- 9 *Безрукова В.С. Педагогика. Ростов н/д: Фениксб 2013. -381 с. Высшее образование.*
- 10 *Управление воспитательной системой школы: проблемы и решения. / Под ред. В.А. Караковского, Л.И. Новиковой, Н.Л. Селивановой, Е.И. Соколовой, - М.: Педагогическое общество России, 1999.*
- 11 *Наурызбай Ж.Ж. Этнокультурное образование.* – Алматы: Ғылым, 1992.

МРНТИ 14.25.09

С.Авдарсоль<sup>1</sup> Г.Байман<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика, физика және информатика институтының Phd докторанты,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Алматы энергетика және байланыс университеті, аға оқытушы  
Алматы қ., Қазақстан

## ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

*Аңдатпа*

Жаңартылған орта білім беруді енгізу кезінде білім алушылардың оқу жетістігін бағалауда критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап ету. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Осыған орай, критериалды бағалаудың технологиясы оқушылардың жеке жетістіктерін белгілі бір критерийлермен салыстыру болып табылады.

Мақалада орта мектепте оқушылардың жаңартылған білім беру жүйесінде оқу жетістігін бағалауды критериалды бағалау жүйесін анықтайды. Бұл критериалды бағалау сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін оқушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуде, критериалды бағалау жүйесі оқушының дамуына, оның қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталған бағалау мүмкіндіктері қарастырылады.

**Түйін сөздер:** критериалды бағалау, функционалды сауаттылық, білім жетістігі, құқықтық, экологиялық, компьютерлік, ақпараттық және іс-әрекеттік сауаттылықтар.

C. Avdarsol<sup>1</sup> G. Bayman<sup>2</sup>

<sup>1</sup>KazNPU named after Abai, Phd doctoral student of the Institute of mathematics, physics and Informatics,  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Almaty University of energy and communications, senior lecturer  
Almaty, Kazakhstan

## THE SYSTEM OF CRITERIA-BASED ASSESSMENT OF ACHIEVEMENTS OF STUDENTS IN LEARNING COMPUTER SCIENCE

*Abstract*

The system of criteria-based assessment of educational achievements of students is used in The implementation of the updated secondary education. The main purpose of the educational program-the introduction of a system of criteria-based assessment, so along with updating the content of education, it is necessary to improve the efficiency of various means and methods of training. Basically, the updated education system is a program focused on competence and quality. In this regard, the technology of criteria-based assessment is a comparison of individual achievements of students with certain criteria.

The article reveals the system of criteria-based assessment of educational achievements of students in the updated system of education in secondary school. This system of criteria-based assessment provides assessment opportunities aimed at ensuring the quality of criteria-based assessment, compliance with international standards, the needs of students in learning, increasing their interest and interest in learning.

**Key words:** criteria-based assessment, functional literacy, educational success, legal, environmental, computer, information and activity literacy.

С.Авдарсоль<sup>1</sup> Г.Байман<sup>2</sup>

<sup>1</sup> КазНПУ им Абая, Phd докторант Института математики, физики и информатики,  
г.Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Алматинский университет энергетики и связи, старший преподаватель  
г.Алматы, Казахстан

## СИСТЕМА КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ ДОСТИЖЕНИЙ УЧАЩИХСЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНФОРМАТИКЕ

### Аннотация

При внедрении обновленного среднего образования используется система критериального оценивания учебных достижений обучающихся. Основная цель образовательной программы-внедрение системы критериального оценивания, поэтому наряду с обновлением содержания образования, требуется повышения эффективности применения различных средств и методов обучения. В основном обновленная система образования-это программа, ориентированная на компетентность и качество. В этой связи, технология критериального оценивания является сопоставлением индивидуальных достижений учащихся с определенными критериями.

В статье раскрывается система критериального оценивания учебных достижений учащихся в обновленной системе образования в средней школе. Данная система критериального оценивания предусматривает возможности оценивания, направленные на обеспечение качества критериального оценивания, соответствия их международным стандартам, потребности учащихся в обучении, повышение его интереса и интереса к обучению.

**Ключевые слова:** критериальное оценивание, функциональная грамотность, образовательный успех, правовая, экологическая, компьютерная, информационная и деятельностная грамотность.

Қазіргі кезде орта мектепте оқытудың дәстүрлі әдістері оқушының дамуына жеткіліксіз екені белгілі. Жаңартылған білім беру жүйесінде өмір бойы білім алуға, оқудың барлық деңгейінде сапалы білім алуға жол ашатын білім беру жүйесінің ұлттық моделінің дамуына барынша жағдай жасалғаны туралы айтылды. Орта мектепке жаңа стандарт дәстүрлі технологиядан жеке бағытталған сипаттағы оқытуды дамытатын жаңартылған бағдарламамен, технологияларға ауысуды талап етіп отыр[1].

Жаңартылған орта білім беруді енгізу кезінде білім алушылардың оқу жетістігін бағалауда критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап ету. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Осыған орай, критериалды бағалаудың технологиясы оқушылардың жеке жетістіктерін белгілі бір критерийлермен салыстыру болып табылады.

Оқушылардың жетістіктерін бағалаудағы халықаралық және отандық тәжірибелеріне сүйенетін болсақ, В.А.Ермоленко, Р.Л.Перченко, С.Ю.Черноглазкиннің «Қазіргі жағдайда функционалды сауаттылықтың дидактикалық негіздері» атты еңбектерінде қазіргі жағдайда функционалды сауаттылықтың қалыптасу ерекшеліктері қарастырылған, функционалды сауаттылықтың жаңа деңгейін қалыптастырудың тәсілдері сипатталған, функционалды сауаттылықты қалыптастырудың тәрбиелік аспектісі ашылған, жалпы білім беретін мекемелердегі ақпараттық, кәсіпкерлік және технологиялық дайындық бағдарламалары ұсынылған. Қазіргі заман қоғамының талап-сұраныстарына сәйкес адамдардың функционалды сауаттылығына қойылатын жаңа талаптар П.Терешкович пен С.Крупниктің еңбектерінде қарастырылған.

Білім беру саласында ақпараттандырудың түрлі аспектілері, оқыту үдерісінде құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік мәселелерінің теориясы мен әдістемесі Е.Б.Бидайбеков, Т.О.Балықбаев, Ж.К.Нурбекова, С.К.Кариев, К.С. Мусин, М.Серік, С.Т.Мұхамбетжанова, С.М.Кеңесбаев Г.К.Нұрғалиева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерделенген.

Орта мектепте оқу жетістіктерін бағалау мәселелері мен ақпараттық – коммуникациялық құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері бағалау Қазақстан ғылымдарының К.С.Абдиев, А.Е.Сағымбаева, С.Е.Чакликова, С.С.Усенов, Г.М.Абдильдинова, Н.К.Токжигитова, шетел ғалымдар А.А.Краснобарова, Е.В.Соколова және т.б. ғалымдар зерттеген.

Оқушылардың оқу нәтижелерінің қалыптасуы олардың білім деңгейінде орын алған өзгерістерді ескеретін тиімді және нәтижелі әдіснаманың дербес жағдайда, критериалды бағалау әдісімен жүргізілетін

болса, нақтылы түрде бағалануы мүмкін. Мұндай тұжырымдар Э.М.Аскеров, М.Kordaki, H.Voogd, G.Vallejo, E.Tuero-Herrero, J.C.Núñez, P. Rosàrio еңбектерінде сараланған [2].

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті нақты анықталған критерийлерге негізделген үдеріс.

Критериалды бағалау оқушылардың жетістіктерін бір-бірімен салыстырмайды және бір-біріне тәуелді етпейді, сонымен қатар әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпарат беруге бағытталады.

Критериалды бағалау түрлері мынадай:

- Белгіленген ортақ критерийлерге қатысты өлшенетін бағалау;
- Ортақ критерийлер дегеніміз – барлық оқушылар бірдей критерийлер бойынша бағаланады.
- Белгіленген критерийлер дегеніміз – бағалаушылар бағалау стандарттары мен критерийлерін нақты біледі.

Критериалды бағалау оқу үдерісінде белгіленген қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылады (1 сурет).



Критериалды бағалау жүйесі педагогикалық өлшеулер аясындағы қолданылып жүрген трендтермен салыстырулар ғана емес, еліміздегі әлеуметтік-мәдени даму ерекшеліктерін есепке алатын жаңа стандарттар мен бағалау механизмдерін құрастыруға мүмкіндік береді. Критериалды бағалаудың құрылымы қалыптастырушы және жиынтық бағалау.

*Қалыптастырушы бағалау* – бұл оқу тапсырмаларын, аталған оқу мен таным үдерісінің кезеңін орындау үшін міндетті бағаланатын сыныптағы күнделікті жұмыс барысын бағалау. Бұл оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін оқушының оқу үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші. Ол оқушының қиыншылығын анықтап, жақсы нәтижеге жету мүмкіндігін арттыруға көмектеседі. Оқушының оқуда жіберген ағымдағы олқылықтарын мұғалімнің, құрдасының ұсыныстарын, қалып қойған немесе қосымша тапсырмаларды ескере отырып, толықтыруға мүмкіндігі болуы қажет.

*Жиынтық бағалау* – бұл белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы) аяқтаған кезде, сондай-ақ, оқу бағдарламасына сәйкес бөлімді меңгерген соң өткізілетін бағалаудың жинақтаушы түрі. Критериалды бағалау Қалыптастырушы бағалауды мұғалім үздіксіз өткізеді, мұғалім мен оқушылар арасында кері байланысты қамтамасыз етеді және балл, баға қоймай-ақ оқу үрдістерін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасындағы тақырыпты, бөлім/ортақ тақырыптарды, белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқтау

бойынша балл, баға қою арқылы өткізіледі. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды әр тоқсанда мұғалім 2-3 рет өткізіледі. Тоқсандық жиынтық бағалауды әр тоқсанды аяқтаған кезде мұғалім өткізеді. Білім деңгейін анықтау бойынша жиынтық бағалау бастауыш, негізгі, жоғары сыныпты аяқтаған кезде өткізіледі. Әр тоқсан қорытындысы бойынша баға Оқу жылын аяқтау бойынша баға Аттестат үшін қорытынды баға 25 Жинақтау жүйесі оқушылардың тек жетістіктерін тіркейді, сондықтан оқушыларды өз бетінше оқу-танымдық әрекеттерге, оқу бағдарламасын толық меңгеруге белсенді ынталандырады. Бағалау стандарттары, әдістері мен құралдары бағалау түрлері мен пәндік спецификаға байланысты ерекшеленеді[3].

Критериалды бағалауды енгізу оқушының құзыреттілігін дамытуға бағытталған қалыптастырушы бағалауға көшуге мүмкіндік береді. Оқушыға түсінікті критерийлерден құралатын баға оны ынталандырады және оқыту үдерісін мағыналы етеді. Бағалаудың критериалды моделі төменде схемада берілген (2 сурет).

Осылайша, критерийлерді бағалау білім беру үдерісінің барлық қатысушылары алдын ала белгілі, мұғалімнің оқушылармен бірлесіп әзірленген критерийлермен айқындалған, оқушылардың білім жетістіктерін салыстырудан тұратын бағалау жүйесіне қатысты. Критерийлер білім беру мақсаттары мен мазмұнын салыстырады, оқушылардың оқуын және танымдық белсенділігін дамытуға көмектеседі.

Информатикадан критериалды оқыту технологиясының негізгі сипаттамалары мынадай:

1) барлық оқушылар қол жеткізуі тиіс білімнің белгіленген ең төменгі деңгейі;

2) оқу бағдарламасын толық меңгеру критерийлерін тұжырымдау.


Критериалды оқыту моделі келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

1) барлық оқушылар меңгерудің қол жеткізуі тиіс бекітілген ең төменгі деңгейі;

2) оқу бағдарламасын толық меңгеру критерийлерінің тұжырымдамасы.

Критериалды оқыту моделі келесі құрамдас бөліктерден тұрады: 1) оқытудың жалпы мақсатын тұжырымдау; 2) жалпы мақсатты нақтылау (оқушының белгілі бір әрекетін көрсететін етістіктің сипаттамасын пайдалану); 3) оқушылардың білім деңгейін алдын-ала бағалау; 4) нәтижеге қол жеткізуге бағытталған оқу процедураларының жиынтығы; 5) нәтижені бағалау; 6) осы мақсатқа бағытталған оқу үдерісін түзету [4].

**КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**



2 сурет. Критериалды бағалаудың құрылымының моделі.

Сабақты өткізуге дейін сабақтың әрбір кезеңін бағалау тәсілдерін қолдану арқылы мұқият жоспарлау және әріптестерімен талқылау мұғалімдердің қызметіндегі жақсы тәжірибе болып саналады. Сабақтан кейін сабақ жоспары бойынша қысқаша түсініктеме жазып, сабақты талдау, рефлексия жасау мұғалімнің жұмысын жетілдіре түседі. Бұл мұғалімге келесі сабақты жақсартып, онда қолданылатын әдістәсілдерді, жаттығуларды, ресурстарды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл басқа мұғалімдермен ақпарат алмасып, озық тәжірибелерімен бөлісуге жол ашады.

Осыған байланысты информатика сабағында критериалды бағалауды қолдануда жиынтық жұмыстарды әзірлеу кезінде қолданылатын және оқытудағы жаңартылған мазмұнның қазіргі заманғы жүйесінің талаптарына сәйкес келетін бағалау критерийін құру қажет. Жиынтық бағалау - белгілі бір кезең аяқталғаннан кейін баллмен есептелетін (БЖБ) және оқу бағдарламасының бөлімдерді бойынша



(ТЖБ) бағаланатын бағалау түрі. Қойылған балл негізінде оқу кезеңі және жылдық бағалар бойынша автоматты түрде есептеледі. Сондықтанда орта мектепте Информатика пәнін оқытуда БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын оқу бағдарламасының сәйкес құрастыру қажет. Бұл мақалада біз тапсырмаларды дайындау және өз жұмыстарын жүргізу тәжірибесіне тоқталамыз.

Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар үлгілері мен әр пән бойынша тапсырманы орындау үшін нақты қадамдарды анықтайтын дескрипторлар көрсетіледі. Сонымен қатар, жинақта қалыптастырушы бағалау үдерісі туралы анықтама беріліп, тапсырмаларға арналған дескрипторлар көрсетіледі, белгілі оқу мақсаттарына сәйкестендіріліп жасалған бағалау критерийлері ұсынылады және қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма құрастыру кезеңдері анықталады. Ал, жиынтық бағалау тапсырмалары бөлім/ортақ тақырып бойынша берілген оқу мақсаттарына және бағалау критерийлеріне сәйкес құрастырылады. Белгілі бөлім мен ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде оқушыларға әртүрлі тапсырмаларды ұсынуға болады [5].

Тоқсандық жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар бірнеше сыныптардың бір параллеліне арналған тест спецификациясына және балл қою кестесіне сәйкес құрастырылады. Жиынтық бағалау жұмысының түрлері бірнешеу болады: тест тапсырмалары, сынақтар, бақылау жұмыстары, диктант түрлері, мазмұндама, эссе және т.б. Тест спецификациясы жиынтық бағалаудың негізгі мазмұнын көрсетеді және тапсырма құрастырудың негізі болып табылады.

Информатика пәнінен тест спецификациясы мына ақпараттардан тұрады: тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты; бағалау критерийлеріне шолу; тоқсанның жиынтық бағалауына шолу; тапсырмаларды орындаудың ұзақтығы; тапсырманың құрылымы; әр жұмысқа қойылатын балл саны; балды сұрақтардың түрлеріне қарай бөлу. тапсырмалар үлгілері; балл қою кестелерінің үлгілері; тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу ережелері.

Информатика пәнін оқыту негізінен пайдаланушылық дағдыларды, атап айтқанда компьютерді және жаңа технологияларды қолдану дағдыларын дамытуды көздейді. Сондықтан кейбір тақырыптарды компьютерде практикалық жұмыс түрінде өткіземіз.

Информатика пәнін оқытуда БЖБ және ТЖБ тапсырмаларды дайындау және өз жұмыстарын жүргізу тәжірибесіне тоқталайық.

Мысалы: Ақпаратты өлшеу және компьютер жады бөлім бойынша тапсырма.

Кесте 1. Ақпаратты өлшеу және компьютер жады бөлім бойынша БЖБ тапсырмалары

Оқыту мақсаты	7.1.3.1 Компьютерлік желілерді топтастыру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы:</i> - Компьютерлік желілер түрлерін, ақпараттық құрылғыларды анықтайды. - Компьютерлік желілер ауқымды және жергілікті желілерді анықтайды. - Компьютерлік желілерді сыммен және сымсыз желілерге бөледі. - Желі түрлерін өмірде қолдана алады. - Желі түрлерін, топологияны, ақпараттық
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Сондай-ақ тапсырмаларды тест түрінде қабылдауға болады,

Кесте 2

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
7.1.3.1 Компьютерлік желілерді топтастыру	1	Компьютерлік желінің түрлерін анықтайды;	1
	2	Желілік топология атауын жаза алады	1
	3	Мектеп, сыныпта, ғимараттардың, мекемелердің желі топологиясын қолдануға мысалдар келтіреді	1
	4	Компьютерлік желінің артықшылығы мен кемшілігін анықтайды	1
	5	Жергілікті, ауқымды, жаһандық, мұрағаттау, мәтін, кесте, аймақтық, мемлекеттік, өңірлік, алгоритм, бума, сурет, формат, сымсыз, кабельдік т.б ұғымдарының сипаттамасын анықтайды	1
	6	Бірнеше ұялы телефонды біріктіру үшін желінің қандай түрін таңдайды, тәжірибе жүзінде анықтайды	1
<b>Барлығы</b>			<b>6</b>

ТЖБ тест тапсырмаларды әзірлеу кезінде тест спецификацияларын (ТС) ұстану қажет, онда оқыту мақсаты мен тексерілетін дағдылар алдын ала жазылған. Сондай-ақ, көрсетілген өзгертуге болады.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинеттегі барлық көмекші көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар, карталарды) жауып қойған абзал.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) басталмас бұрын бірінші бетте жазылған ережелермен, оқушыға жұмыстың орындалу ұзақтығын хабарлап айтылады.

Оқушыға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесуге болмайтындығын хабардар етіп ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан оқушы ТЖБ басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын айтуға болатындығын ескерту керек.

Оқушы жұмысты өздігінен орындау барысында көмек беретін қосымша құрылғылар, мысалы: сөздіктер, калькуляторлар, (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігін, бір-біріне көмектесуге, көшіруге, сөйлесуге болмайтынын туралы айтылады. Сонымен қатар, жеке оқушыға көмек беруге негізделген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға, көрсетуге болмайды[6].

Осыған байланысты информатика сабағында критериалды бағалауды қолдануда БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу кезінде қолданылатын және оқытудағы жаңартылған мазмұнның қазіргі заманғы жүйесінің талаптарына сәйкес келетін бағалау критерийін құру оқушылардың ойлауға, ұсынылған жағдайларды талдауға тырысады, сол арқылы өзінің сыни ойлауын дамыта отырып, талдау мен бағалауға үйренеді.

Оқушылардың оқу нәтижелерін тиімді, стандартты бағалау үшін мақсаттар мен оқуда күтілетін нәтижелерге сәйкес критерийлер, дифференциалды тапсырмалар құрастырылады. Мұндай бағалау құралдары тек білім деңгейін ғана анықтап қоймай, оқушылардың барынша жоғары деңгейдегі білімі мен ойлау дағдыларын: талдау, жинақтау, бағалауды қолдану қабілетін анықтауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған барлық ережелерді ескере отырып, критериалды бағалау жүйесін тәжірибеде қолдану оқушыларды оқытудың түбегейлі жаңа жағдайларын тудырады, бұл өз кезегінде мотивация, өзін-өзі бағалау, эмоциялық жағдай сияқты жеке сипаттамалардың қалыптастыруға әсер етеді.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 ж. 10 қаңтар  
2 Авдарсоль С. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы критериалды бағалаудың рөлі. Вестник-Хабаршы, №2 (62), Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы. 2018. Б 176-181.

3 Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің әдіснамасы. Әдістемелік құрал. – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептер» дербес білім беру ұйымы. 2017. – 38 б.

4 Соколова Е.В. Критериальное внутреннее оценивание учебных достижений учащихся 7-9 классов в обучении геометрии: дисс... канд.пед. наук.-Москва, 2017.-195с.

5 Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің әдіснамасы. Әдістемелік құрал. – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептер» дербес білім беру ұйымы. 2017. – 38 б.

6 Красноборова А.А. Критериальное оценивание как технология формирования учебно-познавательной компетентности учащихся. Дисс.канд.пед. наук. - Нижний Новгород, 2010.- 210 с.

МРНТИ 14.01.11

Г.Б. Исабекова<sup>1</sup>, Н.Т. Дуйсенова<sup>2</sup>, А.Н.Ахметова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD, доцент, *gulnur\_taraz@mail.ru, Тараз, Казахстан*

<sup>2</sup> старший преподаватель, *nazym.duisenova@gmail.com, Тараз, Казахстан*

<sup>3</sup>магистр, преподаватель, *adelera91@mail.ru, Тараз, Казахстан*  
*Таразский государственный педагогический университет*

## CLIL В СИСТЕМЕ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ОПЫТ ЛАТВИИ И КАЗАХСТАН

### *Аннотация*

В статье дается обоснование особенности образовательной системы Латвии. Сегодня билингвальное образование в Латвии понимается как обучение на другом языке с интеграцией приобретения неязыкового академического содержания и языка. Методология CLIL относится не только к образованию этнических меньшинств, где латышский язык используется как второй язык для изучения академического содержания, но и для школ с латышским языком. В настоящее время билингвальное образование по-прежнему остается более широко используемым и понятным термином, чем аббревиатура CLIL. CLIL рассматривается как важный инструмент, способствующий многоязычию европейских граждан, поскольку он способствует значимому использованию языка и обучению языку. Осуществлен сравнительный анализ опыта Латвии и Казахстана по применению технологии CLIL в обучении некоторых предметов. Также, выявлено ряд проблем в обучении предмета на английском языке и образовательной системы Латвии и Казахстана, изменения и особенности школьного обучения.

**Ключевые слова:** образовательный процесс, технология CLIL, психолого-педагогические проблемы.

G.B. Issabekova<sup>1</sup>, N.T. Duisenova<sup>2</sup>, A.N. Akhmetova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD, Associate Professor, *gulnur\_taraz@mail.ru, Taraz, Kazakhstan*

<sup>2</sup> Senior lecturer, *nazym.duisenova@gmail.com, Taraz, Kazakhstan*

<sup>3</sup> Master's degree, lecturer, *adelera91@mail.ru, Taraz, Kazakhstan*  
*Taraz State Pedagogical University*

## CLIL AT THE SCHOOL EDUCATION SYSTEM: EXPERIENCE OF LATVIA AND KAZAKHSTAN

### *Abstract*

The article bases the peculiarities of the education system in Latvia. Today, bilingual education in Latvia is known as learning in another language with the integration of the acquisition of non-language academic content and language. The CLIL methodology applies not only to the education of ethnic minorities, where the Latvian language is used as a second language for studying academic content, but also for schools with a Latvian language. Currently, bilingual education is still a more widely used and understood term than the abbreviation CLIL. CLIL is seen as an important tool contributing to the multilingualism of European citizens, as it promotes meaningful language use and language learning. Comparative analysis of the experience of CLIL technology in teaching of some subjects in Latvia and Kazakhstan was conducted. Also, the study of disciplines in English and a number of problems in the education system of Latvia and Kazakhstan, changes in school education and peculiarities have been identified. The relevance of this article does not raise doubts as gradual transition of the Republic of Kazakhstan to the trilingual model of the national education system has required the development of methodological and methodological approaches to the teaching of natural sciences in English.

**Key words:** educational process, technology CLIL, psychological and pedagogical problems.

Г.Б. Исабекова<sup>1</sup>, Н.Т. Дүйсенова<sup>2</sup>, А.Н. Ахметова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD, gulnur\_taraz@mail.ru, Тараз, Қазақстан

<sup>2</sup>аға оқытушы, nazym.duisenova@gmail.com, Тараз, Қазақстан

<sup>3</sup>магистр, оқытушы, adelera91@mail.ru, Тараз, Қазақстан

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

## CLIL МЕКТЕПТІҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ: ЛАТВИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТӘЖІРИБЕСІ

### Аңдатпа

Мақалада Латвиядағы білім беру жүйесінің ерекшеліктерін негіздейді. Бүгінгі күні Латвияда екі тілде білім беру басқа тілде оқыту ретінде қарастырылады, ол тілдік емес білім мазмұнын және тілдерді сатып алуды біріктіру арқылы жүзеге асады. CLIL әдіснамасы тек латыш тілі академиялық мазмұнды оқуға арналған екінші тіл ретінде пайдаланылатын этникалық топтардың біліміне ғана емес, сонымен қатар латыш тілі бар мектептерге де қолданылады. Қазіргі уақытта екі тілде оқыту CLIL аббревиатурасынан гөрі кеңінен қолданылады және түсінікті термин болып табылады. CLIL еуропалық азаматтардың көптілілікке ықпал ететін маңызды құрал ретінде қарастырылады, себебі ол тілдерді мұқият пайдалану мен тіл үйренуге көмектеседі. Латвия мен Қазақстанның CLIL технологиясының кейбір пәндерді оқытуда тәжірибесін салыстырмалы талдау жүргізілді. Сондай-ақ, пәндерді ағылшын тілінде оқыту және Латвия мен Қазақстанның білім беру жүйесіндегі бірқатар проблемаларды, мектеп білімінің өзгеруі мен ерекшеліктері анықталды. Бұл мақаланың өзектілігі күмән туғызбайды, өйткені Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің үштілділік моделіне бірте-бірте көшуі ағылшын тіліндегі жаратылыстану пәндерін оқытудың әдіснамалық және әдіснамалық тәсілдерін әзірлеуді талап етті.

**Түйін сөздер:** оқу үдерісі, CLIL технологиясы, психологиялық-педагогикалық мәселелер.

В Европейском Союзе (ЕС) проживает около 500 млн. человек различного этнического происхождения и языковой принадлежности. Поэтому языковая компетентность является существенным фактором успешного социального, образовательного и экономического развития в странах Европы. Европейская образовательная политика нацелена на всяческую поддержку многоязычного образования и воспитания, которые считаются важными предпосылками мирного единства в многообразии.

Качественная подготовка учителей языка и повышение языковой компетенции, усилить обучение на иностранных языках шагах некоторых предметов особо указаны в резолюции Совета от 21 ноября 2008 года о европейском стратегическом образовании [1].

В настоящее время наблюдается острый дефицит квалифицированного педагогического персонала, подготовленного и обученного для работы с многоязычными детьми, что является неременным условием для успешной реализации политики Евросоюза в сфере воспитания и образования будущего поколения европейцев.

Примером успешной интеграции русскоязычных населения в Латвии служит модель билингвального воспитания и образования. Условием ее реализации является подготовка высококвалифицированных педагогов, специализирующихся в области детского билингвизма.

В Латвии интегрированное обучение контента и языка (далее CLIL) известно с конца 90-х годов XX века [2]. В течение длительного времени в основном это связано с билингвальным образованием, которое осуществлялось в школах этнических меньшинств в условиях гетерогенной национальной среды, одновременно организуя образовательный процесс на родном языке учащихся и на государственном латышском языке, постепенно увеличивая доля латышского языка. Этот вид обучения рассматривался как эффективный способ развития навыков владения английским языком.

В 1995 году в закон «Об образовании» Латвии была введена норма о том, что два предмета должны преподаваться на государственном языке в основной школе и три — в средней. В 2004 году внедрили новую пропорцию для школ национальных меньшинств: 60% предметов — на латышском языке, 40% — на родном.

Druviete [3] отмечает, что развитие билингвального образования в Латвии в значительной степени основано на теоретическом вкладе Колина Бейкера, который подчеркивает актуальность исторического контекста страны для билингвального образования: «... существует опасность изоляции двуязычия и билингвального образования из их исторических корней». Точно так же Полстон подчеркивает, что «если

мы не попытаемся каким-то образом объяснить социально-исторические, культурные и экономические-политические факторы, которые приводят к определенным формам билингвального образования, мы никогда не поймем последствий обучения»[4].

Н.Новожилова в своих трудах указывает: «под билингвальным, или двуязычным, обучением понимается такая организация учебного процесса, когда становится возможным использование более чем одного языка как языка преподавания. Второй язык, таким образом, выступает не только в качестве объекта изучения, но одновременно и в качестве средства общения, и в качестве языка преподавания» [5].

Сущность понятия «обучение на билингвальной основе» в высшем учебном заведении можно представить в виде следующей схемы (рис. 1).

Таким образом, язык при таком обучении рассматривается, прежде всего, как инструмент приобщения к миру *специальных знаний*, и содержание обучения отличается совмещением предметного и языкового компонентов во всех звеньях учебного процесса. В настоящее время в разных странах накоплен определенный опыт билингвального образования. Это имеет место, как уже говорилось, в регионах с естественной двуязычной средой (в Швейцарии, Бельгии, Канаде и т.д.), а также в государствах, где происходит приток иммигрантов, вынужденных вживаться в чужую культуру (в Германии, США). В этих странах функционируют разного рода билингвальные курсы, на которых языки изучаются не столько как средство коммуникации, сколько как способ приобщения к культуре страны изучаемого языка, ознакомления с ее историей, страноведением, наукой, литературой, искусством.




Рисунок- 1. Виды обучения в билингвальной аудитории

После получения независимости государственная политика, укрепляющая латышский язык, направлена на то, чтобы ввести латышский язык в школы с русским языком обучения, постепенно сделав их двуязычными.

Современные политические документы регулируют использование латышского языка и языков национальных меньшинств в Латвии. Конституция Латвии (принятая в 1922 году и восстановленная в 1991 году) предусматривает, что латышский язык является официальным государственным языком. Такие языки, как русский, белорусский, украинский, литовский, польский и другие, являются иностранными языками в Латвии. Основной целью Закона о государственном языке, принятого в 1999 году, является «обеспечение сохранения, защиты и развития латышского языка» [6].

Закон о государственном языке также признает права лиц, принадлежащих к этническим меньшинствам, и предусматривает, что они могут сохранять и развивать свой родной язык и свою этническую и культурную самобытность. Закон обеспечивает «интеграцию национальных меньшинств в латвийское общество при соблюдении их права на использование своего родного языка или любого другого языка» [7].

В нем говорится, что навыки латышского языка русскоязычного населения должны быть разработаны таким образом, чтобы стимулировать более быструю интеграцию общества.

Закон об образовании предусматривает, что общее образование в Латвии должно быть получено на латышском языке и что наряду с латышскими языками другие языки могут использоваться в учебных программах национальных меньшинств, которые предлагаются на семи языках: русский, польский,

ивритский, белорусский, украинский, эстонский и литовский. Государство профинансировало 109 школ на одном из вышеупомянутых языков и 65 школ, в которых были языковые и латышские программы [8].

Билингвальное образование в начальных школах этнических меньшинств было введено в 1999 году, а в средних школах - в 2004 году. С 2007 года средние школы имеют право преподавать 60% всех предметов (по своему выбору) на латышском языке.

Этнические мажоритарные школы имеют право предлагать специализированные программы, где некоторые предметы преподаются на иностранном языке. Традиционно это школы, специализирующиеся на английском, немецком или французском языках.

Существуют две государственные школы, которые предлагают Международную дипломную программу бакалавриата на английском языке - Рижская государственная гимназия №2 и Рижская государственная гимназия №1, академические достижения на экзаменах по окончании школы и на различных отечественных и международных академических соревнованиях всегда показывают самые высокие результаты по всей стране [9].

Как правило, результаты билингвального обучения в школах этнических меньшинств больше не подвергаются сомнению. Научные исследователи S.Mickeviča и I.Ustinova считают, что мотивация учащихся к обучению в классах CLIL иногда сильнее, чем в обязательных, поскольку они осознают ценность приобретенных компетенций в своих будущих исследованиях и работе [10,с.139].

«Многоязычие» коммуникаций – это актив для Европы и совместное обязательство подчеркивает ценность языкового и культурного разнообразия в ЕС и подчеркивает, что одним из приоритетов Европейской комиссии является оказание помощи странам ЕС в разработке новых образовательных инструментов для обеспечения того, чтобы школьники освоили лучшие языковые навыки» [11].

Комиссия призывает государства-члены улучшить качество обучения и преподавания языков и изучить потенциал инновационных подходов к развитию языковых компетенций. CLIL упоминается в нескольких документах ЕС по вопросам политики. Например, в резолюции Совета от 21 ноября 2008 года о европейском стратегическом образовании говорится о шагах по совершенствованию языкового обучения и призывает государства-члены – уделять особое внимание дальнейшей подготовке учителей языка и повышению языковой компетенции учителей в целом, в целях содействия преподаванию неязыковых предметов на иностранных языках (CLIL - Content and Language Integrated Learning).

CLIL рассматривается как важный инструмент, способствующий многоязычию европейских граждан, поскольку он способствует значимому использованию языка и обучению языку.

**Цели** применения технологии CLIL могут быть разными: они помогают учащимся понять смысл изучение языка для развития языковых навыков. За исключением некоторых общих целей, связанных с концепцией CLIL, официальные рекомендации разных европейских стран могут быть абсолютно разными в зависимости от страны:

- Социально-экономические цели – подготовка студентов к жизни в более интернационализованном обществе и предлагая им лучшие перспективы работы на рынке труда.
- Социокультурные цели – формирование у студентов ценностей терпимости и уважения других культур, используя целевой язык CLIL.
- Лингвистические цели – дать возможность студентам совершенствовать языковые навыки, которые подчеркивают эффективность общения, мотивирование студентов к изучению языков, используя их на практике.
- Образовательные цели – дать возможность студентам развивать предметные знания и способности, стимулирующие усвоение предмета посредством языка и инновационного подхода.

Агентством латышского языка в 2003-2004 гг. были опубликованы первые учебно-методические материалы по методологии CLIL. Проект, финансируемый в Европе в 2006 году, ознаменовал целенаправленное внедрение контента и языковое интегрированное обучение в школах этнических меньшинств в Латвии [1, с. 42-47]. В рамках проекта была разработана система поддержки методологии, которая включает программы профессионального развития для учителей средних школ по биологии, физике, химии, математике, спорту, истории, политике, праву, внедрению в экономику, географии; индивидуальная поддержка латышского языка и предметных учителей (например, планирование уроков, дизайн учебного плана); разработка модели сотрудничества между латышским языком и преподавателями предметов, а также между преподавателями одного предмета в разных школах; разработка учебных материалов. Проект разработал 14 методических рекомендации по контенту и языковому интегрированному обучению по физике, химии, биологии, математике, географии, экономике и истории. Сборник статей в книге «Интегрированное обучение контента и языка – билингвальное

образование: опыт Латвии и всего мира» для билингвальных учителей. Примеры хорошей практики» (2008) ознаменовали начало серии книг по двуязычному образованию.

В 2014 году кабинет Министров Латвийской Республики утвердил документ по политическому планированию «Руководящие принципы развития образования на 2014-2020 годы», в нем подчеркивается роль и развитие многоязычия, полиязычного человека, способствуя навыками иностранного человека.

S.Mickeviča в своих научных трудах указывает, что технология CLIL помогает достичь нынешних целей и задач в области образования; плавно переходит в систему образования, адресует и удовлетворяет актуальные образовательные потребности [12].

В 2014 году Кабинет министров Латвийской Республики утвердил документ по среднесрочному политическому планированию «Руководящие принципы развития образования на 2014-2020 годы», который определяет политику в области образования, план действий и конкретные шаги заинтересованных сторон. В нем подчеркивается роль и развитие многоязычия к 2020 году. Статья-7 этого документа определяет развитие многоязычного человека, способствуя навыкам иностранного языка (языки ЕС), а также облегчая приобретение родного языка и государственного языка. Чтобы лучше подготовить учителей к лингвистически разнообразным классам, в пункте 5.2 документа указывается, что профессиональное развитие учителей в методологии CLIL будет обеспечиваться путем разработки учебников, учебных материалов, также программ профессионального развития учителей, направленных на при улучшении их навыков владения английским языком.

Некоторые школы Латвии внедрили CLIL в школьную программу. Например, Даугавпилском русском лицее (Daugavpils Russian Lyceum) предмет Географии как факультативный предмет преподается на английском языке. В городе Даугавпилс технология CLIL используют с 2006 года. Н сегодняшний день в этом городе есть 17 школ, из них 11 школ используют CLIL по следующим предметам: математика, физика, социальные науки, биология, спорт, анатомия.

Казахстан продолжает свой поэтапный переход на трехязычное образование. Об этом Елбасы Н.Назарбаев отметил в своем Послании Президента народу Казахстана.

В Казахстане термин CLIL стал часто употребляться с 2010 года в связи с переходом на Болонскую систему, лишь с 2019 года определенные (физика, химия, биология, информатика) предметы стали проводиться на английском языке. Поэтому очень важно исследовать зарубежный опыт в этом направлении, но это не значит скопировать зарубежный опыт в образовательную систему РК.

В отличии от образовательной системы РК в Латвии образовательные учреждения независимо от управления образования индивидуально выбирают предмет, который могут интегрировать с иностранным языком в технологии CLIL.

Латвия признает преимущества технологии CLIL. Он способствует улучшению языковых навыков и предметных знаниях, разработке разных стратегии обучения, а также развитию межкультурного взаимопонимания, так как большинство населения Латвии 54% является трехязычным.

Основные требования к CLIL- учителям:

Программы общего образования разрабатываются школами, которые их предлагают, в соответствии с национальными стандартами. Все программы должны быть лицензированы и аккредитованы Министерством образования и науки. Методы внешнего контроля качества на национальном уровне включают аккредитацию образовательных программ и учреждений и сертификацию руководителей школ.

В целом квалификация CLIL учителей должны обладать степенью, соответствующей квалификацией и базой обучения без отрыва от работы, которая соответствует процедурам, установленным Министерством образования и науки Латвии (т.е. курсы повышения квалификации не менее 36 часов в течение 3-х лет). Также, учителя CLIL не обязательно должны быть носителями языка. В начальном образовании учителя специализированные на иностранных языках, и те кто прошли курсы повышения квалификации имеют право преподавать другой предмет на своем специальном языке. В среднем образовании учитель-предметник может использовать другой язык в учебном процессе.

В Казахстане учителя-предметники, которые ведут свои предметы на английском языке проходят специальные языковые курсы повышения квалификации, организуемые государством.

Очевидно, что учителя CLIL должны хорошо владеть целевым языком. Учителя CLIL должен:

- 1) быть носителем языка перевода либо закончить языковой курс;
- 2) проходить обучение без отрыва от работы по типу CLIL
- 3) проходить языковой тест или экзамен .

Учитель-предметник должен проявлять творческий подход к преподаванию предмета на иностранном языке. Они должны использовать различные эффективные стратегии обучения, включая проектное и проблемное обучение. CLIL также призывает к интерактивному стилю обучения. Обучение должно сопровождаться использованием визуальных и мультимедийных средств обучения, интернет-ресурсов. Сотрудничество между учителями-предметниками и учителями языков имеет на мало важную роль. Если учителя-предметники недостаточно хорошо владеют английским языком, они должны работать в сотрудничестве с учителями языка.

Возможные модели сотрудничества учителей описаны ниже:

- Учитель-предметник дает материалы учителю языка. Учитель языка готовит их к использованию на его занятиях.

- Учитель-предметник дает материалы учителю языка. Учитель языка готовит язык упражнения для учителя-предметника, который ведет занятия

- Учитель-предметник и учитель языка вместе готовят занятия, но занятия проводятся индивидуально и дополняют друг друга.

В Латвии CLIL считается формой билингвального образования, где дополнительный язык используется как язык обучения в неязыковых школьных предметах.

Подводя итог, формы билингвального образования в Латвии:

- 1) имеются школьные программы для этнических меньшинств;

- 2) школьные программы этнического меньшинства (традиционно школы, специализирующиеся на английском, немецком или французском языках), где некоторые предметы (например, география и социальные науки) преподаются на иностранных языках;

- 3) Международные дипломные программы бакалавриата;

- 4) внеклассные образовательные программы (модули или проекты).

Роль иностранных языков приобрела более широкое значение – помимо того, что они являются инструментом коммуникации, они стали средством приобретения неязыкового предметного содержания. Эта точка зрения заметно отличается от понимания двуязычия с момента его создания в конце 20-го века в Латвии.

Если первоначально билингвальное образование или подход CLIL были поняты и реализованы как способ изучения предмета на втором или иностранном языке, то в настоящее время Латвия придерживается мнения, что обучение CLIL сочетает предметное обучение с развитием языковых навыков, то есть акцент делается на комплексный взгляд на развитие языкового и неязыкового предметного содержания.

Основными преимуществами технологии CLIL являются – положительные изменения отношения учащихся к изучению языка. Кроме того, применение технологии CLIL даст ряд возможностей для студентов в контексте интенсификации изучения языка:

- язык преподается с разных точек зрения; различные предметы интегрированы и дополняют друг друга.

- CLIL повышает мотивацию студентов как на целевом языке, так и на профессиональном предмете.

- CLIL улучшает языковые навыки и расширяет лингвистическую компетентность, поскольку позволяет студентам больше связаться с целевым языком.

- CLIL развивает более широкий спектр навыков (междисциплинарные навыки).

- CLIL помогает развивать навыки межкультурного общения и многоязычных отношений, что является жизненно важно в контексте глобального рынка труда.

- Учителям предлагается изменить практику преподавания и использовать различные передовые учебные инструменты.

- CLIL можно рассматривать как эффективный инструмент многоязычного образования.

CLIL построен на следующих **принципах**:

- содержание имеет значение не только для получения некоторых знаний и навыков («персонализированное обучение»);

- содержание связано с обучением и мышлением («познание»), процессы мышления (познания) должны быть «проанализированы на предмет их языковых потребностей»;

- язык должен быть связан с контекстом обучения, а обучение происходит через иностранный язык;

- взаимодействие в контексте обучения является наиболее важным для обучения;

- межкультурная осведомленность имеет первостепенное значение для CLIL.



Подводя итоги сравнительного анализа зарубежного и отечественного опыта по применению предметно-языковой интеграции в обучении, стоит отметить, что проблемы и барьеры в процессе обучения интегрированных предметов в обеих странах почти одинаковы (учителя, ученики):

- 1) Психологические барьеры субъектов учебного процесса (страх, фобия, неуверенность в себе);
- 2) Отнимает слишком много времени (3-4 часа на подготовку одного урока) учителя;
- 3) Дефицит учебно-методической литературы, дидактических материалов, интернет платформ.

Для успешного достижения эффективных результатов по обучению предметов на английском языке, совершенствовать языковую компетенцию учителей и удовлетворение потребности средних школ Казахстана в педагогах, владеющих инновационной образовательной технологией CLIL, важно учитывать некоторые аспекты:

- психолого-педагогическая поддержка учителей;
- постоянное сопровождение учителя иностранного языка;
- согласие родителей;
- учебно-методическое обеспечение;
- свобода составления плана урока и его организация (без рамок и требований);
- учебно-методические онлайн ресурсы.

*Список использованной литературы:*

1 Council Resolution of 21 November 2008 on a European strategy for multilingualism. Available from [http://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex:32008G1216\(01\)](http://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex:32008G1216(01)). Accessed July 21, 2017.

2 Саурбаева Б.С., Лиақың Л., Тастанбекова А.А. “Clil технологиясын қолданып химиядан ағылшын тілінде білім беруді жүзеге асыру” Қазақстанның педагогикалық университетінің атындағы Абая ВЕСТНИК Серия «Педагогические науки», №2(58), 2018 г.

3 Lapinska I., CLIL in the Context of Latvian Language Agency. [CLIL Latviešu valodas aģentūras kontekstā]. In S., Lazdiņa (Ed.), CLIL or Subject Content and Language Integrated Learning: Paradigm Shift in Education. For Bilingual Teachers. [CLIL jeb mācību satura un valodas integrēta apguve: izglītības paradigmas maiņa. Bilingvālo mācību skolotājiem]. Rīga: Latviešu valodas aģentūra, 2015. - pp. 38-83.

4 Druviete I. Bilingual Education and CLIL: Historical Overview and Development Perspectives. [Bilingvālā izglītība un CLIL: vēsturisks atskats un attīstības prognozes]. - Rīga: Latviešu valodas aģentūra, 2015. - pp. 19-37.

5 Новожилова Н. Проблемы и практика преподавания в билингвальной аудитории. // Межвузовская научно-практическая конференция «Mūsdienu izglītības problēmas», - Рига: Институт транспорта и связи, 2010. - стр.44-49

6 The Constitution of Latvia (1922, with subsequent amendments) Available from <http://www.saeima.lv/en/legislation/constitution>. Accessed July 20, 2017.

7 StaLaewLanguage. (1999, with subsequent amendments) Available from <https://likumi.lv/doc.php?id=14740>. Accessed 20 July, 2017.

8 Lapinska I. (2014) Experience of CLIL in Latvia. [CLIL pieredze Latvijā]. Latviešu valodas aģentūra. 29.01.2014.

9 Mickeviča S., Ustinova I. CLIL Approach and Experience of its Implementation in Daugavpils. [CLIL pieeja un tās izmantošanas pieredze Daugavpils skolās]. In S., Lazdiņa (Ed.), CLIL or Subject Content and Language Integrated Learning: Paradigm Shift in Education. For Bilingual Teachers. –Rīga: Latviešu valodas aģentūra, 2015. -pp. 136-151.

10 Mickeviča S., Ustinova I. CLIL Approach and Experience of its Implementation in Daugavpils. // CLIL or Subject Content and Language Integrated Learning: Paradigm Shift in Education. For Bilingual Teachers. - Rīga: Latviešu valodas aģentūra, - 2015. (pp. 136-151).

11 Issabekova G.B., Tynyshytkova G. “Clil method in teaching physics” Қазақстанның ғылымы мен өмірі, Халықаралық ғылыми журнал, №6/3 2019

МРНТИ 14.01.45

Усенова Г.А.<sup>1</sup>, Шілдебаев Ж.Б.<sup>2</sup>, Нурғалиева А.К.<sup>3</sup>

*Абай атындағы Каз ҰПУ,  
Алматы қаласы, Қазақстан*

## БИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДА ҚҰЗІРЕТТІЛІК ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Аңдатпа*

Мақалада келешек мұғалімнің биоэкологиялық мәдениетін арттыру арқылы құзыреттілікті қалыптастыру динамикасын жан-жақты және терең талдауды қамтамасыз етеді. Оның мәнін түсіну үшін әртүрлі авторлардың негізгі анықтамалары, құзыреттілігінің түрлері мен деңгейі берілген. Сондай-ақ, биоэкологиялық мәдениетті арттыру арқылы қоршаған ортаны қорғау құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктері қарастырылады. Жаңа құзыреттілікті, моральдық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі міндеттері, мұғалімнің болашақ кәсіби қызметінде экологиялық компоненттерді ескеру қабілеті мен дайындығы ұсынылды.

**Түйін сөздер:** қалыптастыру, биоэкологиялық мәдениет, құзыреттілік, экологиялық білім беру, экологияландыру, тұрақты даму.

*Usenova G.A.<sup>1</sup>, Childebaev Zh.B.<sup>2</sup>, Nurgalieva A.K.<sup>3</sup>*

*KazNPU. Abaya,  
Almaty, Kazakhstan*

## FORMATION OF STUDENTS ' COMPETENCE THROUGH ECOLOGICAL CULTURE

*Abstract*

The article a comprehensive and in-depth analysis of the dynamics of the formation of responsibility by increasing the bioecological culture of a budding teacher. The key definitions, types and levels of responsibility of various authors are given in order to understand its essence. Possibilities of formation of ecological responsibility at the expense of increase of bioecological culture. The main tasks of forming new competencies, values and moral attitudes, ability and readiness to take into account in the future professional activity of the teacher are presented.

**Keywords:** forming, bioecological culture, competence, ecological education, greening of education, sustainable development.

*Усенова Г.А.<sup>1</sup>, Чилдебаев Ж.Б.<sup>2</sup>, Нурғалиева А.К.<sup>3</sup>*

*КазНПУ им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

## ФОРМИРОВАНИЕ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ БИОЭКОЛОГИЧЕСКУЮ КУЛЬТУРУ

*Аннотация*

В статье рассмотрены всесторонний и глубокий анализ динамики формирования компетентности за счет повышения биоэкологической культуры личности будущего учителя. Приведены ключевые определения, виды и уровни компетентности различных авторов, для того чтобы понять ее сущность. Рассмотрены также возможности формирования **экологической компетенции** за счет повышения биоэкологической культуры. Представлены основные задачи формирования новых компетенций, ценностей и нравственных установок, способности и готовности учитывать экологический компонент в будущей профессиональной деятельности педагога.

**Ключевые слова:** формирование, биоэкологическая культура, компетенции, экологическое образование, экологизация образования, устойчивое развитие.

Тұрақты даму мазмұнындағы экологиялық білім беру стратегиясын іске асыру Қазақстандағы қазіргі жағдайда ұлттық кадрлар ресурсын дайындауды талап етеді, отандық және шетелдік жетістіктер негізінде биоэкологиялық мәдениет пен қауіпсіздікті жоғарылату арқылы адам мен табиғат қарым-қатынасының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Осыған байланысты жаңа әлеуметтік және биоэкологиялық мәдениет жағдайында педагог ролін айтарлықтай өзгертті экологиялық тоқыраудан өтуде және оның әрекетінің мазмұнында, таркәсіби пән құзіреттілігі аумағында және болашақ ұрпақтың биоэкологиялық білім нәтижелеріне жауапкершілікті жоғарылату, білім беру саласында жаңа кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру қажеттілігін тудырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа Жолдауында Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі туралы, яғни қазіргі білім беру жүйесін жаңғырту мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Атап айтқанда, олар – білім беру үдерісіне оқытудың заманауи әдістемелері мен технологияларын ұдайы енгізу, педагогтар құрамының сапасын арттыру, сапалы білім беруде қолжетімділігін кеңейту, оқытудың тәрбиелік компонентін күшейту, мектеп оқушыларының функциялық сауаттылығын дамыту білім беру қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселенің бірі – бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай кәсіби мамандар дайындау. Бұл жоғары оқу орындарында білім сапасын арттыру, әлемдік білім кеңістігінің тәжірибелерін игеру арқылы ғана жүзеге асады.

Қазақстан Республикасында білім беруді жаңартуда педагогикалық кадрларды, соның ішінде, жалпы білім беретін мектептер үшін мұғалім-биолог даярлау жүйесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Кредиттік технология жағдайында жоғары биологиялық-педагогикалық білімнің мазмұнын қайта қарау, оның құзіреттілік тұрғыдан құрылуы, педагогикалық жоғары оқу орнында биология бойынша пәндік және кәсіби пәндерді оқыту барысында болашақ мұғалім-биологтарды даярлау, оның кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру мақсатына сәйкес болуы керек [1-2].

«Құзірет» және «құзіреттілік» ұғымдарын педагогикалық үрдіске енгізу бағытында ғалымдар зерттеу жұмыстарын арнап, әдіснамалық мәнін ашып, өздерінің әртүрлі түсініктемелерімен сипаттауда. Аталған ұғымдардың табиғи мәніне жетуге байланысты Е.В.Бондаревская, А.А.Деркач, И.А.Зимняя, А.К.Маркова сынды ғалымдар оқытудың түпкілікті нәтижесін баяндау және маманның білім алу үрдісінде қалыптасқан тұлғалық әртүрлі қасиеттері түрінде қолдану десе, И.Н. Алмазова құзірет – адамның іс-әрекеті саласындағы білімі мен іскерлігі, ал құзіреттілік – маман құзырлық қасиеттерін сапалы қолдана алуы тұрғысында пайымдайды. К.В.Шапошников: «Кәсіби құзіреттілік категориясын: қоршаған ортамен өзара әрекет етуінде адамның кәсіби іс – әрекетін жобалау және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттері, білімі, іскерлігі және тәжірибесінің біріккен жиынтығы», - деген [3].

«Құзіреттілік» терминіне алғаш анықтама берген американдық ғалым Н.Хомский. Оның пайымдауынша, құзіреттілік термині грамматика білімдеріне негізделеді. Жалпы алғанда, құзіреттілік дегеніміз – жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс - әрекет, қызмет саласына сай құзіреттерді меңгеруі [4-6].

Құзіреттілік – оқушылардың іс-әрекетін меңгеруден көрінетін білім нәтижесі. Білім мазмұнын жаңалау – негізгі мақсат болып табылады. Басты мақсаттың бірі – білім игеру кезінде күтілетін нәтижеге қол жеткізу. Негізгі бағыт оқытушы жеке тұлғаға ауысады, яғни, жеке тұлға бұрын білімді қабылдаушы ролін атқарса, ал жаңа талап бойынша өздігінен білім алушы, үйренуші ретінде танылады. Сондықтан жеке тұлғаның бейнесін бүгінгі заман талабына сай дайындауымыз керек. Бүгінде білім беру стратегиясын «құзіретті білім беру» деп те атап жүр. Құзіреттілік жеке тұлғаның танымы мен тәжірибесіне қатысты нәрсе. Оқушылардың кәсіби құзіреттілік мәселелері туралы пікірлер отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табууда. Оқыту үрдісіндегі құзіреттіліктерге ғалымдар әртүрлі анықтамалар берген.

Құзыреттіліктің әртүрлі анықтамалары

№	Авторлар	Анықтамалар
1	С.М.Вешнякова	«Құзыреттілік (латын сөзі) competens – қабілетті, қатысты деген мағынада. Белгілі бір саланың тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері»
2	А.В.Баранников	«Құзыреттілік дегеніміз өз бетінше іске асырылатын қабілеттілік, ол оқушының алған білімдеріне, өмірдегі тәжірибелеріне, құндылықтарына негізделеді»
3	Дж. Равен	«құзыреттілік» терминіне жеке тұлғаның көп қасиеттерін топтайтын ұғым деген анықтама береді.
4	С.Н. Глазачев	Болашақ педагог тұлғасының экологиялық құзіреттілігінің базалық жүйесі, «тұлғаның экологиялық мәдениеті» түсінігі маңызды аспектісі ашылады, келесі бойынша: - табиғи ортаға жауапкершілікпен қарау қабілетін игереді, оның универсалдық құндылықтарын мойындау негізінде; - табиғи шектеулер мәнін қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық даму мен экологиялық тоқырау себептері негізінде түсіну; - табиғи үйлесімділік (биосфералық үйлесімділік) тұрғысынан қарағанда өз әрекетінің нәтижелері мен әсерлерін бағалауға қабілеті, табиғатқа зиянды әрекетті азайту немесе зиян тигізбеу; - табиғи үйлесімділік қызметі мен мінез-құлқы дағдыларын игеру; - табиғи ортаның бұзылу қаупін эмоционалды сезінуге қабілетті, оны сақтау мен қорғау ерік-жігерін көрсету; - экология және табиғатты қолдану сферасында әрекет қажеттілігі қабілеті; - табиғат сезімі бар, оның ұлылығы мен сұлулығын қабылдауға қабілеті; - табиғатпен қарым-қатынас жасау қажеттілігі бар, табиғи ландшафттарда жүре алатын; - тұтас әлемдік көзқарасы мен әлемдік қарым-қатынасты игерген;

Ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, біз «құзыреттілік» ұғымына – оқушылардың жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген анықтама бере аламыз.

ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартында күтілетін білім беру нәтижелері құзіреттілік төрт деңгейде қарастырылады:

Құзіреттіліктің деңгейлері

<i>Проблемалардың шешімін табу құзыреттілігі</i>	Түрлі жағдайларда проблемаларды анықтауға, жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға мүмкіндік береді.
<i>Ақпараттық құзыреттілік</i>	Сын тұрғысынан ұсынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға; өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, логикалық операцияларды, ақпараттарды өңдеуге, қолдануға мүмкіндік береді.
<i>Коммуникативтік құзыреттілік</i>	Нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға; жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі көзқарастағы адамдар тобымен қатынас (коммуникация) жасауға мүмкіндік береді.
<i>Пәндік құзыреттіліктер</i>	Мақсатқа жетуде алған білім, біліктілігі мен өмірлік тәжірибесін кіріктіру қабілеті.

Оқушылардың экологиялық құзыреттілігі барлық жаратылыстану пәндерінің мазмұнын меңгеру барысында қалыптасады. Дегенмен, экологиялық құзыреттіліктің негізін "Биология" (10-11) оқу пәнінің мазмұнында қарастырылатын "тіршіліктің құрылымдық деңгейлері", "биологиялық жүйелер", "қоршаған ортаның экологиялық факторлары", "жүйелердің өзіндік реттелуі", "бейімделу" т.б. жалпы биологиялық түсініктердің негізінде қалыптасатын экологиялық ұғымдар, теориялар мен заңдылықтар құрайды. Бұл курста биологиялық жүйелер молекулалық, клеткалық, ұлпалық, мүшелік, организмдік, популяциялық-түрлік, биогеоценоздық және биосфералық деңгейлерінде қарастырылады. Биологиялық жүйелердегі органикалық дүниенің өзара байланыстылығы, өзара тәуелділігі туралы диалектикалық заңдылықтары негізінде зерттеу олардың негізгі қасиеттерін – тұтастылығын, өзін-өзі реттеушілігін, өзін-өзі құрылымдаушылығын және эволюциясын анықтауға мүмкіндік береді.

Осы аталған экологиялық мәселелерді жаратылыстану пәндерінің, сонымен қатар қоғамдық-гуманитарлық және техникалық пәндердің де мазмұнында қарастыру оқушылардың экологиялық құзыреттілігін қалыптастыруда маңызы зор.

Пәндерді оқыту барысында экологиялық мәселелерді нақты өмірдегі жағдаяттармен тікелей байланыстырып, пәнаралық тұрғыда жан-жақты талдау оқушылардың экологиялық құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай нәтижелерге жетуде оқу үрдісін құзыреттілік тұрғыда ұйымдастыру (проблемалық оқыту, жобалық-зерттеушілік әдісі, кейс-технологиясы т.б.) өте маңызды.

Айтылып отырған мақсат-міндеттерге байланысты экология курсы бойынша әрбір оқушы меңгеруі тиіс оқу материалдары төмендегідей мәселелерді қамтиды:

– Айналаны қоршаған ортаны кез-келген өзгерістеріне ластануына бақылау және оның себеп-салдарын ашып, ғылыми тұрғыда баға беруін дағдыландыру;

– Табиғатты қоршаған орта, ондағы қарым-қатынастар, зат алмасу процестерінің жүру заңдылықтары;

– Табиғат ресурстары, тірі организмнің биологиялық және геохимиялық ролі;

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру ісін мектеп тәжірибесінде жаратылыстану ғылымдары арқылы іске асыру қазіргі уақытта дәстүрге айналууда. Биология, география, химия, физика т.б. пәндерде оқушы бойына табиғатты қорғауға баулитын сан түрлі сезімдерін оятудан гөрі табиғат туралы білім фактілерін жинақтап беру басым.

Оқушылардың экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді қолдануға байланысты. Педагогикалық технологиялар мен әдістерді тандау барысында білім беру үрдісінің күтілетін басты нәтижелері - білім, білік, дағдылар, құндылықтар негізінде қалыптасатын негізгі, түйінді және пәнік құзыреттіліктерге бағытталуы тиіс.

Педагогикалық білім беру жүйесінің сапасын арттыруда кәсіби құзіретті маман даярлау іс-әрекеттік тәсілмен қоғам дамуында өзіндік үйлесім табу керек. Ол үшін «оқушы-оқушы», «оқушы-мұғалім», «мұғалім-оқушы» байланыстары үзілмеуі керек.

Тұрақты даму мазмұнында биоэкологиялық білім беруден күтілетін нәтиже - тұрақты биоэкологиялық құзіреттілік қалыптастыру. Бұл қабілеттердің дамытуды педагогикалық үрдістерде тиімді қолдану үшін пәннің кең шеңберінде біліктілік пен дағдыны, қоршаған табиғи ортаны биоэкологиялық мінез-құлық практикада белсенді әрекетіне сүйенуі қажет.

Еуропа білім кеңістігінде құзіреттілік интегралданған түсінік ретінде қолданылады, адамның белгілі бір мазмұнда түрлі білім элементтерін өзбетінше пайдалану қабілеті болып табылады.

Сондықтан, педагогикада құзіреттілік дегеніміз жаңа жағдайда адамның білімі мен біліктілігін өзбетінше қолдану қабілеті. Биоэкологиялық құзіреттілік тек пәндік оқыту нәтижесі ғана емес, ол білім беру мекемелерінің (балабақша, мектеп, колледж, ЖОО және т.б.) көп жақты оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесі болып табылады.

Құзіреттілік құрылымы мен анықтамаларының мәнін негізге ала отырып, құзіреттілік тәсіл заманауи білім берудің тұлғалық-ориентацияланған идеологиясымен тығыз байланысты екендігі туралы қорытынды жасауға болады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан -2012. – 28 қаңтар. -№ 41-42. -2 б.*

2. *Қазақстан Республикасындағы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана,2004.*

3. *Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты - Астана,2007*

4. Құрманалина Ш.Х. Жаңа педагогикалық технологиялар бойынша оқытушылардың біліктілігін көтеру – маманның кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыру жолы // Қазақстан жоғарғы мектебі. – 2001. – №3. – 65 б.

5. Интернет материалдары <http://www.trk.kz>

6. Сарыбеков Н.С, Сарыбеков М.Н, Сарыбеков Д.Н. Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері. – Алматы, 1996.-45с.

МРНТИ 14.25.09

Канатиянова Э.С.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің химия және география кафедрасының магистранты  
Семей қ., Қазақстан Республикасы

## БИОЛОГИЯЛЫҚ ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПТІҢ ОҚУШЫЛАРЫН ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада биологиялық өлкетану материалдарын сабақта қолданудың тиімділігі туралы айтылады. Зерттеу әдістерінің түрлерін мектепте пайдалану қарастырылған. Өлкетану материалдары арқылы мектеп оқушыларының бойына сіңірілетін елжандылық қасиеттер туралы жазылған. Бірінші президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында өлкетану ісін дамыту, туған жерді құрметтеу, табиғатты аялау мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп қарастырылған. «Туған жер» бағдарламасы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болатыны жайлы айтылған. Өлкетану материалдарын сабақта қолдану, білім беру үрдісіне қойылатын жалпы дидактикалық қағидалардың түрлері келтірілген. Зерттеу әдістерінің түрлерін мектепте пайдаланудың тиімділігі, өлкетанудың зерттеу нысандары туралы баяндалады. Биологиялық өлкетанудың міндеттері туралы айтылады. Мектепте биологиялық өлкетануды қолданудың маңыздылығы қарастырылған. Мектептегі өлкетану сабағы арқылы оқушылардың ой-өрісін және танымдық қызығушылығын дамыту туралы айтылады. Қазіргі таңда өскелең ұрпаққа туған өлкенің тарихы мен табиғатын оқытып, тәрбиелеу өзекті мәселе болып табылады.

**Түйін сөздер:** өлкетану, ұлттық құндылықты қалыптастыру, патриоттық сезім, оқу-тәрбие үдерісі, аймақтық компонент, әдіс, дидактикалық қағида.

Канатиянова Э.С.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Master student of the Department of chemistry and geography of the state University named after Shakarim Semey, Republic of Kazakhstan

## PATRIOTIC EDUCATION OF PUPILS OF THE SCHOOL WITH THE USE OF BIOLOGICAL MATERIALS OF LOCAL LORE

*Abstract*

This article describes the effectiveness of the use of biological materials in the lessons of local lore. The types of research methods that can be used in school are described. It is shown that the school students are instilled Patriotic qualities with the help of local history materials. The article "looking to the future: the modernization of public consciousness" first president said that the program "Tugan jer" special attention is paid to the development of local history, respect for the native land, respect for nature, greening cities, computerization of schools, enrichment of the collections of museums and galleries. This article presents the types of didactic principles applied to the educational process, the use of local history materials in the classroom. The article describes the effectiveness of the school research methods, forms of study of local lore. The article deals with the problems of biological local lore. The importance of the use of biological local lore in school is shown. The help of local history lesson in the development of Outlook and cognitive interests of school students is described. Currently, an urgent problem is the education and training of the younger generation of the history and nature of his native land.

**Key words:** regional studies, the formation of national values, patriotic feelings, educational process, regional component, method, didactic principle.

Канатиянова Э. С.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Магистрант кафедры химии и географии государственного университета имени Шакарима г. Семей, Республика Казахстан

## ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА УЧАЩИХСЯ ШКОЛЫ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МАТЕРИАЛОВ БИОЛОГИЧЕСКОГО КРАЕВЕДЕНИЯ

### Аннотация

В данной статье рассказывается об эффективности использования на уроках биологических краеведческих материалов. Описаны виды методов исследования, которые можно использовать в школе. Показано что учащимся школы прививаются патриотические качества с помощью краеведческих материалов. В статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» первого президента говорится о том, что по программе «Туған жер» особое внимание уделяется развитию краеведения, уважения к родной земле, бережного отношения к природе, озеленению городов, компьютеризации школ, обогащению фондов музеев и галерей. В этой статье представлены виды дидактических принципов, предъявляемых к образовательному процессу, использование краеведческих материалов на уроках. Излагаются об эффективности использования в школе методов исследования, форм исследования краеведения. В статье рассматривается задачи биологического краеведения. Показано важность использования биологического краеведения в школе. Описывается помощь краеведческого урока в развитии кругозора и познавательных интересов учащихся школы. В настоящее время актуальной проблемой является воспитание и обучение подрастающему поколению истории и природы родного края.

**Ключевые слова:** краеведение, формирование национальные ценности, патриотические чувства, образовательный процесс, региональный компонент, метод, дидактический принцип.

Бірінші президент Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауында еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басқан уақытта білім саласында жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген маман даярлау қажеттігі жөнінде айта келіп, туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көрінісінің бірі екенін атап көрсетті [1, 3б.]. Қазіргі таңда өскелен ұрпаққа туған өлкенің тарихы мен табиғатын оқытып, тәрбиелеу өзекті мәселе болып табылады. Себебі, білім беру жүйесінің басым міндеттерінің қатарына «азаматтық пен елжандылық, өз Отанына, Туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу кіреді.

Жас ұрпаққа туған өлкенің тарихын, яғни өлкені тануын біз балабақшадан, мектептен қалыптастыруға тиіспіз. Мектеп оқушылары қазақ деген халықтың ұлы тарихы бар екенін көрсін, жүрегімен сезінсін. Сонда ғана олар сол өңірлердің тарихи-археологиялық ғажайыптарын көріп, өздерінің қазақ деген ұлы халықтың перзенттері екендігін сезінеді. Ол киелі жерлердің тарихы, табиғаты, өлкесі кейінгі жас ұрпақтардың өлкетануда өлкетанулық материалдарды дұрыс игеріп, пайдалана алуына жол ашады [2, 23 б.].

Өлкетану жұмыстары өтілетін материалды терең түсінуге көмектесіп, балаларға рухани қанағат береді, айналадағы дүниеге өзгеше «бақылаушы» көзбен қарауға дағдыландырады, мектеп білімін тереңдетіп, оқулық беттерін қызықтыра түседі, туған өлкені жақын әрі ыстық ете түседі [3].

Қазақстан Республикасы көлемінде өлкетану материалдарының білім беру саласындағы маңызын және оны қолдануды зерттеген ғалымдар саны өте көп. Олар: Ш.Х. Құрманалина, Б.Қ. Шаушекова, А.М. Текесбаева, С.Н. Жиенбаева, А.С. Нұрабаева, М.С. Мәженақова, А.М. Жубандықова т.б. Өлкетану туған жер арқылы халықтық білім ретінде байырғы заманда пайда болған. Өлкетану жұмыстары: 1) оқушыларға өлке, Отан, атамекен, халықтық педагогика жайында түсінік беріп, оқушылардың туған жерге, табиғатқа, өлкеге деген сүйіспеншіліктерін оятуға ат салысады; 2) туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастыра отырып, іс жүзіндегі педагогикалық, тарихи шарттарын айқындап береді [4, 4б.].

Өлкетануды оқыту процесінде табиғи көрнекі құралдардың үлкен маңызы бар. Оларға мәдени және жабайы өсімдіктер үлгілерінің гербарийлері, топырақ үлгілері, үлестірме материалдар, жануарлар тұлыптары, пайдалы және зиянды насекомдар коллекциялары, сонымен бірге тәжірибелер мен лабораториялық жұмыстарға арналған ыдыс пен құралдар, экскурсиялық жабдықтар жатады [5, 29б.].

Өлкетану материалдарын сабақта қолдану, білім беру үрдісіне қойылатын жалпы дидактикалық қағидалармен негізделеді. Ол қағидалардың түрлері:

- пәнаралық байланыс қағидасы, бұл – мектеп бағдарламасындағы пәндердің мазмұнында өлкетану материалдарын қолдану арқылы басқа пәндермен байланысты жүзеге асыруды болжайды;

- жүйелілік-құрылымдылық қағидасы, өлкетану материалдарын білім берудің әртүрлі кезеңдерінде нақты мақсат қоя отырып, жоспарлы түрде қолдануды және аумақты географиялық негізді құрайтын нақты сипаты бар нысан ретінде зерттеуді көздейді;
- толеранттылық қағидасы, оқушылардың бойында өзге ұлт мәдениетін түсіну және қабылдау қабілетін дамытуды қарастырады;
- когнитивтік қағидасы, оқушылардың білім алу үрдісі барысында өлкетану материалдарының көмегімен жаңа ақпаратты, жаңа білімді түсінуін қарастырады;
- кешенділік қағидасы, өлкенің қоршаған ортасында болатын барлық жағдайларды, өзгерістерді кіріктіріп оқытуды көздейді;
- ізгілендіру қағидасы, өлкені тұлғаның дамуындағы өмірлік-мәнді құндылықтар жүйесінде оқудың мағынасын түсінуді қамтамасыз етеді;
- табиғи және мәдени түсінік қағидасы, табиғатты қорғау және экологиялық білім мазмұнын кіргізуді қарастырады.

Аталған қағидаларды жүзеге асыру арқылы, оқушылардың өздіктерінен білім алу, сыни тұрғыдан ойлау, шешім қабылдау, практикалық іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту мүмкіндігі туындайды. Анықталған қағидаларды ой елегінен өткізіп түсіну және өмір сүру ортасындағы мінез-құлық ережелерін сақтау, өз іс-әрекетінің мәні мен жауапкершілігін түсіну, өзінің кіші отанына деген сүйіспеншілік әр адамның мәдениетінің ажырамас бөлігі болуы тиіс [6, 126.].

Оқушылар өз өлкесі жөніндегі білім қорын меңгеруді алғаш рет мектеп табалдырығынан аттаудан бастайды. Мектептегі өлкетану сабағы оқушылардың ой-өрісін, танымдық қызығушылығын дамытуға, шығармашылық іс-әрекетке баулиды. Өз өлкесін зерттей отырып, оқушылар табиғи органы, адамдар өмірін көреді, табиғат компоненттері дамуы процестері мен өзара байланысын, адамның шаруашылық іс-әрекеті нәтижелерін бақылайды.

Оқушының білім алу көздеріне қарай оқыту әдістері былайша жіктеледі:

- а) сөздік әдіс (білім негізінде ауызша сөйлесу немесе басылым сөзі жатады);
- б) көрнекілік әдіс (көрнекіліктер, бақыланып, зерттелетін нәрселер құбылыстар);
- в) практикалық әдіс (оқушылар практикалық жұмыстарды орындай отырып білім алады, біліктілігін арттырады) [7, 338б.].

Өлкетану жұмыстарын жүргізудегі басты қолданылатын әдістерге: өз өлкесінің тарихымен танысу, әдеби әдіс, далалық бақылау, картографиялық, статистикалық көрсеткіштер, экскурсия және жорық ұйымдастыру, танымдық ойындар ойнату, фото және видеокөрініс жатады. Өлкенің табиғат жағдайын білу өлкетану жұмысының ең басты бөлімі болып саналады. Оған өлкенің геологиялық құрылысы, жер бедері, пайдалы қазбалары, климаты, өзендері, көлдері, батпақтары, топырақ және өсімдік жамылғысы және жануарлар дүниесі, экологиясы кіреді.

Практикалық жұмыстың кезеңдері.

- а) Тақырыбы, мақсаты.
- б) Нұсқау (инструктаж).
- в) Жұмыстың орындалуы (тәжірибені жасау).
- г) Қорытындысын жазу.
- д) Есеп беру – құжаттар тапсыру.

Мысалыға, «Атмосфера» тақырыбын өткенде оқушылар ауа райына бақылау жүргізеді, тиісті мағлұматтарды жазып алады. Орташа температураны есептеп шығарады, бір айға, бір жылға есептеген график жасайды. Желдің қозғалу жылдамдығын, бұлттану, ылғалдылық диаграммасын сызады, ауа-райының тәулік, бір ай ішіндегі өзгерістерін жазып отырады. Экономикалық география курстарында практикалық жұмыстар оқытушы ұсынған немесе ұжым болып жасаған үлгі кесте бойынша ұйымдастырылады. Мұндай тапсырмаларға өнеркәсіп кешендерін, жергілікті кәсіпорындарды, транспорт жүйелерін, территориялық өнеркәсіптік кешендерді оқып үйренуді жатқызуға болады.

Зерттеліп отырған Семей өңірі түрлі климаттық зонада орналасуымен қатар әртүрлі геологиялық, гидрогеологиялық және гидрологиялық жағдайына байланысты өсімдік жамылғысы ерекше дамыған. Өсімдік жамылғысы – бір уақытта топырақ түзуші және түрлі топырақ жағдайы мен құрылымының индикаторы болып табылады.

Өсімдік жамылғысында табиғат немесе биоклиматтық зоналар мен зонашалар анық көрінеді және өсімдік зоналары мен белдеулерін құрайды. Жазықтар мен ұсақшоқыларда анық байқалады: дала зонасының оңтүстік зонашасы құрғақ далалы боз-бетегеден тұрады; өсімдікке кедей жусан-боз-бетегеден құралған шөл зонасы; жусан, жусан-тұзды және тұзды шөл зонасы. Ал таулы және тауаралық жазықтарда




субальпілік шалғынды белдеу; бұталы және алуан шөпті, дәнді-шалғынды белдеу; бұталы және алуан шөпті-бетегелі дала мен ну бұталы белдеу; боз-бетегелі, кей жерлерде бұталы құрғақ дала. Мынадай өсімдік қоғамдастығынан тұратын геоботаникалық аймақтар айқын көзге түседі:

- тау етегіндегі орманды далалық, изенді-селеулі-далалық (селеулі-түрлі шөпті, бұта-қарағанды далалар);

- тау етегіндегі далалық (жусанды-бетегелі, жусанды-селеулі-бетегелі, жусанды –дәнді псоммофильді шөлейт далалар)-Зайсан және Алакөл ойпаттарының солтүстік пұшпағы;

- шөлейттік (ксерофильді дәнді дақылдар басым кезігетін далалы және шөлейттер)- Зайсан, Алакөл ойпаттарының оңтүстігі;

- таулық және тау беткейлік орманды-шалғынды-далалық (самырсын, бал-май қарағайлы, бұта қарағанды жерлерге және далаларға ұласып жататын самырсынды тау ормандары). (Сурет 9.)



Сурет 9. Семей өңірінің өсімдік картасы

1-қарағайлы бор; 2-жайылма шалғыны мен бұталар; 3-бетеге-ақ селеу даласы; 4-бетегелі шымды-дәнді дала; 5-жусан- шымды-дәнді дала; 6- дәнді-жусанды дала; 7- жусанды сор шөл; 8- шөл зонасының сор өсімдігі; 9- биіктаулы шалғын; 10- таулы дала.

Шабындық өсімдіктері: жалбыз, бидайық, қоға, қияқ, қамыс өзен аңғарларында және ылғалды аласа жерлерде кездеседі. Солтүстік- шығыстан оңтүстік-батысқа қарай созыла орналасқан тізбекті қарағайлар Ертістің оң жағасындағы даланың өзіне тән өсімдігі болып есептеледі. Ол-дәнді бұталы өсімдіктер алаптарымен алмасады [6, 226.].

Қорытындылай келе, мектептегі өлкетану жұмыстары оқушылардың өлкедегі биологиялық объектілерді дұрыс тани білуіне көмектеседі. Өлкетану жұмыстарына балалардың ерте кезден араласуы олардың ой-өрісін дамытады, еліміздің тыныс-тіршілігімен, шаруашылық өмірімен таныса отырып, қоғамға қажетті білімге құштарлық, байқағыштық, тапқырлық, ізденімпаздық қасиетке өз бетімен шығармашылық іске ұмтылуына, болашақ мамандық таңдауына да игі әсер етері сөзсіз. Аймақтық компонентті жетілдіруде оқу-тәрбие жұмысының сыныптан тыс, сабақтан тыс түрлері маңызды рөл атқарады. Олар пән сабақтарын толықтырып отырады және негізінен сабаққа байланысты жүргізіледі. Өлкетану жұмысы сабақтағы оқу материалының мазмұнынан тысқары болады, бірақ ол сыныптан, сабақтан тыс алынатын білімді туған өлкенің табиғаты, тарихы, байлығы жайлы қосымша кең көлемді біліммен толықтырып отырады. Сондықтан «Өлкетану» курсы арқылы аймақтық компонентті жетілдіру сабақ және сабақтан тыс уақыттағы іс-әрекетті де қамтуы тиіс. Сонымен қатар «Өлкетану» курсы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға, олардың танымдық қызығушылығын арттыруға, отансүйгіштікке тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Қазақстан азаматтарының өз халқының, мемлекетінің тарихын, өлке табиғатының ерекшеліктері мен мүмкіншіліктерін, экономикалық даму келешегін білуге деген қызығушылығы артуда, сол себепті мектепте туған өлке жайлы терең білім беру және туған өлкеге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеудің маңызы арта түсуде.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір.
2. Айдаров О. Мектепте өлкетану туризмін қалыптастыру қажет // Сыр бойы. – 2016. – 12 қараша.
3. Измуханова Ж.Е. Өлкетану материалы негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастырудың жолдары//ВЕСТНИК КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», № 2 (62), 2019.- С.425

4. Шаушекова Б.Қ., Бейсенбаева А.М. Өлкетану жұмыстары арқылы этномәдени құндылықтарды қалыптастыру шарттары: теория және практика // Бастауыш мектеп. – 2013. – №7. – 3-4 бб.

5. Горощенко В.П., Степанов И.А. Табиғаттанудан сабақ беру методикасы. – Алматы: Мектеп, 1981.– 29 б.

6. Айтжанова Г.Қ. Өлкетану жұмысын ұйымдастыру жолдары. // География, биология, экология орта мектепте. Республикалық ғылыми – әдістемелік журнал. – 2013 жыл. - №6.

7. Панин М.С. Эколого-биогеохимическая оценка техногенных ландшафтов Восточного Казахстана. Алматы: Эверо, 2000.- 338 с.

**МРНТИ: 14.43.51**

*Куатов А.К.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>докторант 2 курса специальности «Социальная педагогика и самопознание»*

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева*

*г. Нур-Султан, Казахстан*

## **ОСОБЕННОСТИ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ПЕНИТЕНЦИАРНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ**

*Аннотация*

В статье отводится решающая роль педагогической деятельности в успешной ресоциализации лиц, отбывших тюремное заключение. Подчеркивается значимость обучения, воспитания и как следствие исправление осужденных в результате педагогического процесса. Проводится всесторонний анализ состояния проблемы ресоциализации осужденных в Казахстане. Описываются различные факторы, в той или иной мере определяющие эффективность ресоциализации лиц отбывающих наказание в исправительных учреждениях. Авторы стоят на позиции необходимости изучения временной перспективы как фактора ресоциализации. Доказывается практическая ценность изучения данного феномена для педагогической и пенитенциарной практики. Представлен теоретический обзор зарубежных теорий и концепций временной перспективы. Временная перспектива рассматривается как способ распределения личного и социального опыта на временные отрезки прошлого, настоящего и будущего. Временная перспектива, а именно, ее сбалансированность позволит осужденным выстраивать оптимальные способы реагирования на текущие события с учетом прошлого опыта и планов на некриминальное будущее.

**Ключевые слова:** педагогическая деятельность, социализация, ресоциализация, временная перспектива, осужденные, пенитенциарная педагогика.

*Kuatov A.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>2<sup>nd</sup> year course student of the specialty «Social pedagogy and self-knowledge»*

*L.N. Gumilyov Eurasian National University,*

*Nur-Sultan, Kazakhstan*

## **FEATURES OF PEDAGOGICAL ACTIVITY IN PENITENTIARY INSTITUTIONS**

*Abstract*

The article plays the decisive role of pedagogical activity in the successful re-socialization of persons who have served prison sentences. The importance of training, education and, as a result, correction of convicts as a result of the pedagogical process is emphasized. The article provides a comprehensive analysis of the state of the problem of the re-socialization of convicts in Kazakhstan. Various factors are described that to some extent determine the effectiveness of the re-socialization of persons serving their sentences in correctional institutions. The authors are in the position of the need to study the time perspective as a factor of resocialization. The practical value of studying this phenomenon for pedagogical and penitentiary practice is proved. A theoretical review of foreign theories and concepts of a time perspective is presented. The time perspective is considered as a way to distribute personal and social experience into time periods of the past, present and future. The time perspective, namely, its balance will allow convicts to build optimal ways to respond to current events, taking into account past experience and plans for a non-criminal future.

**Keywords:** pedagogical activity, socialization, resocialization, temporary perspective, convicts, penitentiary pedagogy.

Қуатов А.Қ.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы 2-курс докторанты  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

## ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ПЕДАГОГИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада педагогикалық іс-әрекеттің түрме жазасын өтеген адамдарды табысты қайта әлеуметтендіру кезіндегі шешуші рөліне назар аударылады. Педагогикалық үдерістің нәтижесі ретінде сотталғандарды оқыту, тәрбиелеу және түзету маңыздылығы атап өтіледі. Қазақстандағы сотталғандарды қайта әлеуметтендіру мәселесінің жағдайына жан-жақты талдау жасалды. Түзету мекемелерінде жазасын өтеп жатқан адамдарды қайта әлеуметтендірудің тиімділігін белгілі бір дәрежеде анықтайтын әртүрлі факторлар сипатталған. Автор уақыттық перспективаны әлеуметтендіру факторы ретінде зерттеу қажеттілігі ұстанымын қолдайды. Педагогикалық және пенитенциарлық тәжірибеге арналған осы құбылысты зерттеудің практикалық құндылығын дәлелдейді. Уақыттық перспективаның шетелдік теориялары мен тұжырымдамасына теориялық тұрғыдан шолу жасайды. Уақыттық перспектива жеке және әлеуметтік тәжірибені өткен, бүгінгі және келешектегі уақыт кезеңдеріне тарату тәсілі ретінде қарастырылған. Уақыттық перспектива, атап айтқанда, оның теңгерімі сотталғандарға қылмыстық емес болашаққа арналған өткен тәжірибе мен жоспарларды ескере отырып, ағымдағы оқиғаларға жауап берудің оңтайлы жолдарын құруына мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** педагогикалық іс-әрекет, әлеуметтендіру, қайта әлеуметтендіру, уақыттық перспектива, сотталғандар, пенитенциарлық педагогика.

Осужденные считаются такой субкультурой, подвергающейся различным внутренним и внешним ограничениям, которые делают лиц отбывающих наказание уникальными участниками педагогического процесса. Педагогическая деятельность в пенитенциарных учреждениях в первую очередь направлена на помощь осужденным в преодолении барьеров гармоничного существования с окружающими, на формирование у него социально ориентированных жизненных перспектив и планов, возрождение чувства собственного достоинства и морально-нравственных установок.

Развивая чувство ответственности у осужденных, педагоги могут помогать им находить более конструктивные интересы в жизни, интересы, которые приносят пользу и окружающим.

Актуальность педагогической деятельности в исправительных учреждениях отражена в «Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 по 2020 годы», а также в «Комплексной стратегии социальной реабилитации граждан, освободившихся из мест лишения свободы и находящихся на учете службы пробации, в Республике Казахстан на 2017-2019 годы», подчеркивающих важность гуманизации уголовной политики с целью организации педагогического процесса направленного на последующую успешную ресоциализацию осужденных в гражданском обществе [1].

Термин «ресоциализация» не является чисто социально-педагогическим, а имеет междисциплинарный статус и используется во многих областях науки – юриспруденция, социология, психология, медицина, культурология и философия.

Понятие ресоциализации является производным от понятия социализации. Если «социализация» подразумевает некую принадлежность к группе, то «ресоциализация» указывает на изменения в членстве в группе [2].

В пенитенциарной педагогике используется категория «перевоспитание осужденных» - «двусторонний педагогический процесс, включающий совместную целенаправленную деятельность субъекта по организации системы внешних воздействий и деятельность объекта по усвоению данных воздействий».

А.В. Пищелко рассматривает проблему ресоциализации как педагогически ориентированную и целесообразную комплексную систему воздействия на осужденного с целью его исправления и включения в социальную жизнь. Ресоциализация направлена на профилактику рецидива преступлений. Нейтрализация отрицательных последствий изоляции осужденных от общества, успешная адаптация освобожденных к условиям жизни вне пределов исправительного учреждения ведут к уменьшению вероятности совершения новых преступлений [3, с.78].

Мардахаев Л.В., исследуя проблему формирования здорового подрастающего поколения Отечества, говорит о ресоциализации как о восстановлении у человека утраченных социальных ценностей, статуса, установок, референтных ориентаций, навыков, опыта общения, поведения и жизнедеятельности [4, с.9].

Согласно пенитенциарной практике, ресоциализация как процесс вторичной социализации требует учета различных факторов.

Так, В.И. Загвязинский отмечал, что «социализация осуществляется под влиянием совокупности природных, социально-экономических, психологических, педагогических и иных факторов».

Все факторы, оказывающие влияние на процесс социализации/ресоциализации он объединил в две группы:

1) внутренние - индивидуальные физические и психические характеристики, такие как здоровье, способности, мотивы, направленность личности и др.;

2) к внешним относятся четыре группы факторов социализации:

- мегафакторы (космос, планета);
- макрофакторы (государство, общество);
- мезофакторы (регион, место жительства, субкультура);
- микрофакторы (близкое окружение, сверстники, воспитательные организации образования) [5].

Васильева Я.С. классифицирует факторы ресоциализации на социальные, психологические и криминологические. К первой группе относятся семья, образование и профессиональная деятельность. Ко второй – межличностные отношения, мировоззрение и осмысленность жизни. К третьей – статья, срок судимости, длительность отбывания наказания, характер взаимодействия с другими осужденными и администрацией исправительного учреждения [6, с.6]

Следует отметить, что деятельность педагогов по реабилитации осужденных направлена на развитие потенциала к планированию жизни после освобождения.

Так, В.И. Загвязинский пишет: «Часто планы на будущее у осужденных строятся довольно расплывчато. Это ведет к тому, что благие пожелания под напором обстоятельств или из-за персональной неготовности человека остаются нереализованными. Педагоги и пенитенциарные психологи на этапе формирования просоциального образа жизни на свободе используют технологии целеполагания, с помощью которых осуществляется планирование индивидуальной, социальной и профессиональной успешности» [7].

Таким образом, одной из особенностей педагогической деятельности является решение задачи по формированию жизненных или временных перспектив личности осужденного.

В советской педагогике и психологии изучением вопроса временной перспективы занимались К.А. Абульханова-Славская, С.Л. Рубинштейн, Е.И. Головаха, А.А. Кроник, Д.И. Фельдштейн и др. [8, с.256].

Наряду с понятием временной перспективы использовались близкие по смыслу термины, как «жизненная перспектива», «локус времени», «психологическая перспектива», «жизненный путь личности», «временные ориентации» и др. [9, с.38-43].

С 80-х годов 20-го века в пенитенциарной педагогике можно отметить значительное оживление опытно-экспериментальных работ. Комплексное исследование проблемы перевоспитания осужденных также включало и изучение их временной перспективы. Результаты обсуждались на научно-методических конференциях, отражались в монографиях и методических пособиях. Временная перспектива изучалась в связи с психологическими особенностями преступников. Однако, следует заметить, что подобные исследования были единичными и в дальнейшем проблеме временной перспективы осужденных не оказывали должного внимания. Более того, проведенные исследования можно считать устаревшими, поскольку они проводились еще во времена существования СССР, после распада которого, страна пребывала длительное время в положении дестабилизации, что в свою очередь отразилось на жизни каждого гражданина, в том числе, и на осужденных и на потенциальных преступниках [10, с.12].

Сам термин «временная перспектива» стал широко использоваться в научной литературе после публикации культурологической и философской статьи Лоуренса Франка по этому вопросу. Автор характеризует временную перспективу как динамическое базовое свойство человеческой жизни, подчеркивающее взаимосвязи и взаимодействия прошлого, настоящего и будущего. По мнению Л. Франка, временная перспектива человека может различаться в разных сферах жизни и зависит от норм и ценностей конкретной культуры.

Ученик Л. Франка, автор теории поля, Курт Левин, включает временную перспективу в психологическое жизненное пространство индивида и определяет его как «совокупность взглядов

индивида на его психологическое будущее и психологическое прошлое, существующее в данный момент времени» [11, с.138].

Таким образом, временная перспектива выглядит как включение прошлого и будущего, реального и идеального плана жизни в план текущего момента.

Идеи К. Левина в дальнейшем оказали большое влияние на последующие исследования временной перспективы. Так, среди зарубежных исследователей можно отметить Т. Коттла, Ж. Ньюттена, Ф. Зимбардо и других. Жозеф Ньюттен в своих исследованиях сосредоточился на перспективе будущего и рассматривал ее как некое мотивационное образование, определяющее поведение человека в настоящем и зависящее от его познавательных процессов.

По аналогии с пространственной перспективой временная перспектива состоит из существующих в настоящее время «ментальных представлений» о событиях, которые в действительности происходят в соответствии с определенной временной последовательностью с более длинными или более короткими интервалами между ними. Отличительная черта временной перспективы заключается в том, что она возникает не в реальных процессах восприятия, а в существующих в настоящее время когнитивных представлениях событий. По словам Ж. Ньюттена, «будущие и прошлые события оказывают влияние на настоящее поведение в той степени, в которой они действительно присутствуют на когнитивном уровне поведенческого функционирования» [11, с.139].

В последние десятилетия широкую популярность в научных кругах получила концепция временной перспективы Ф. Зимбардо. Когнитивные процессы, как считает Ф. Зимбардо, делят человеческий опыт на прошлые, настоящие и будущие временные рамки. Временная перспектива определяется как субъективный, часто бессознательный, способ, которым человек относится ко времени, процессу, посредством которого непрерывный поток личного и социального опыта присваивается каждой временной категории.

Ф. Зимбардо выделяет пять типов временной перспективы: концентрация на отрицательном прошлом; концентрация на позитивном прошлом; гедонистическая концентрация на настоящем; фаталистическая концентрация на настоящем; концентрация на будущем. Люди, которые концентрируются на негативно воспринятом прошлом, часто вспоминают грустные моменты из прошлого. Сосредоточение внимания на позитивно оцененных событиях из прошлого связывает с удовольствием думать о прошлом, обращая внимание прежде всего на хорошие вещи, которые произошли, и собирая памятные вещи из прошлого. Гедонистическая концентрация на удовольствии «здесь и сейчас» связана с игнорированием опыта прошлого. Люди с данной временной перспективой часто сосредотачиваются на удовольствии, независимо от последствий своих собственных действий. Фаталистическая временная перспектива выступает пассивной настойчивостью в настоящем, вытекающая из убеждения, что люди не могут влиять на будущее. Люди, которые сосредоточены на будущем, заинтересованы в том, что произойдет, и придают большое значение прежде всего планированию, формулированию и достижению целей [12, с. 374].

Таким образом, в зависимости от выраженности того или иного типа временной перспективы индивид будет соответствующим образом объяснять и реагировать на события происходящие с ним сейчас. К примеру, зацикленность осужденного на негативных событиях прошлого может порождать чувство тревоги или вины и потенциально создавать трудности в построении планов на будущее, взаимоотношений с окружающими в настоящем, что может выступать препятствием в процессе ресоциализации.

Однако, Ф.Зимбардо в противовес концентрации на одном типе временной перспективы выделяет «сбалансированную временную перспективу» которая позволяет человеку находить баланс между временными рамками и выстраивать свое поведение в зависимости от актуальной ситуации [13, с.62]. Данная идея, напротив, позволяет выдвинуть предположение об успешной ресоциализации осужденных.

Итак, изложенное позволяет заключить о педагогической деятельности в пенитенциарных учреждениях как имеющей свои особенности и специфику направленную на воспитательную работу и ресоциализацию осужденных.

*Список использованной литературы:*

1. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1600000655>
2. McCorkle, L., & Korn, R. (1954). *Resocialization within Walls. The Annals of the American Academy of Political and Social Science*, 293, 88-98. Retrieved from <http://www.jstor.org/stable/1028400>
3. Зорина Н. С. *Организация педагогической системы в пенитенциарном учреждении //Редакционная коллегия. – С. 78.*

4. Социализация и ресоциализация несовершеннолетних в обеспечении безопасности подрастающего поколения Отечества: материалы Всероссийской конференции с международным участием XXI социально-педагогические чтения, посвященные 130-летию Антона Семёновича Макаренко, 23 марта 2018 года, г. Москва / под ред. Л.В. Мардахаева. – М.: Изд-во ФГБНУ «Центр защиты прав и интересов детей», 2018. – 272 с.
5. [https://studme.org/47271/pedagogika/factory\\_sotsializatsii](https://studme.org/47271/pedagogika/factory_sotsializatsii)
6. Васильева, Яна Сергеевна. Социальные и психологические факторы ресоциализации лиц с делинквентным поведением : диссертация ... кандидата психологических наук : 19.00.13 / Васильева Яна Сергеевна; [Место защиты: Сев.-Зап. акад. гос. службы].- Санкт-Петербург, 2011.- 185 с.
7. [https://studme.org/47350/pedagogika/sotsialno-pedagogicheskaya\\_reabilitatsiya\\_zaklyuchennyh#935](https://studme.org/47350/pedagogika/sotsialno-pedagogicheskaya_reabilitatsiya_zaklyuchennyh#935)
8. Куликов Л. В. Психология личности в трудах отечественных психологов: Хрестоматия. 2-е изд. — СПб.: Питер, 2009. — 464 с.
9. Михальский А.В. Психология времени (хронопсихология): Учебное пособие. – Москва, МПГУ, 2016. – 72 с.
10. Купченко В.Е., Куатов А.К. Особенности временной перспективы осужденных с разным типом Я-концепции // Вестник Омского университета. Серия «Психология». 2009. № 1. с. 10–16.
11. Journal of Education Culture and Society 2013\_2, p.138-139
12. Malgorzata Sobol-Kwapinska Hedonism, fatalism and «carpe diem»: Profiles of attitudes towards the present time Time&Society 22(3) 371–390.
13. Мандрикова Е.Ю. Современные подходы к изучению временной перспективы личности /Мандрикова Е.Ю. // Психологический журнал. - 2008. - № 4. - С. 54 - 65.

## МРНТИ 14.33.07

Байкеева Л.Т.<sup>1</sup>, Чилдебаев Ж.Б.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>2 курс докторанты,  
<sup>2</sup>п.э.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

### ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНЕ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕСІ

#### Аннотация

Мақалада педагогикалық колледж студенттеріне өлкетану материалдарын қолдану арқылы экологиялық білім беру бойынша зерттеудің нәтижелері берілген. «Экологиялық өлкетану» атты оқу бағдарламасын енгізуінде педагогикалық колледждердің оқу-тәрбие үдерісінде, аудиторияда және аудиториядан тыс кураторлық сағаттарда, студенттерге экологиялық білім берумен қатар, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруды жүзеге асыру жолдары көрсетілген, сонымен бірге өлкетану жұмыстарын өткізудің құралдарымен әдістері берілген. Алдыңғы қатарлы шығармашылықпен жұмыс жасайтын оқытушылар көп аспектілі шығармашылықты дамытуда, себебі, табиғи ортаның аймақтық ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары оқушының зерттеушілік, танымдылық қабілетін дамытып, отансүйгіштікке, экологиялық мәдениетке, әсемдікті бағалауға тәрбиелейді.

**Түйін сөздер:** экология, экологиялық тәрбие, өлкетану, өлкетану жұмыстары, ерекше қорғалатын аумақтар, қоршаған ортаны қорғау

Baikeyeva L.T. <sup>1</sup>, Childebayev Zh.B. <sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD doctoral student,

<sup>2</sup>st.Ph.D., Professor, Kazakh national pedagogical university after Abai, Kazakhstan,

## THE RESULTS OF ENVIRONMENTAL EDUCATION THROUGH LOCAL HISTORY WORK FOR STUDENTS OF THE PEDAGOGICAL COLLEGE

### Annotation

The article presents the results of a study on environmental education using regional materials for students of pedagogical colleges. The curriculum “Environmental study of local lore” provides for ways to implement the ecological culture of pedagogical colleges, as well as the environmental education of students in curatorial hours, in the classroom and beyond, as well as tools and methods of local history. Advanced creative teachers develop multi-aspect creativity, as work on the study of regional features of the natural environment develop research, cognitive ability of students, educate patriotism, environmental culture.

**Keywords:** ecology, environmental education, local history, protected areas, environmental protection

Байкеева Л.Т.<sup>1</sup>, Чилдебаев Ж.Б.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> докторант 2 курса,

<sup>2</sup> д.п.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г.Алматы, Казахстан

## РЕЗУЛЬТАТЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ ЧЕРЕЗ КРАЕВЕДЧЕСКУЮ РАБОТУ ДЛЯ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО КОЛЛЕДЖА

### Аннотация

В статье представлены результаты исследования по экологическому образованию с использованием региональных материалов для студентов педагогических колледжей. В учебной программе «Экологические краеведение» предусмотрены способы реализации экологической культуры педагогических колледжей, а также экологическое воспитание студентов в кураторские часы, в аудитории и за ее пределами, а также инструменты и методы краеведения. Передовые творчески работающие преподаватели развивают многоаспектное творчество, так как работы по изучению региональных особенностей природной среды развивают исследовательскую, познавательную способность учащихся, воспитывают патриотизм, экологическую культуру.

**Ключевые слова:** экология, экологическое образование, краеведение, охраняемые территории, охрана окружающей среды

Қазіргі жаһандану кезеңінде халықаралық деңгейдегі құбылыстардың даму үдерісі, оның ішінде әлемді тұтас қамтитын табиғи, табиғи-антропогендік құбылыстар ғаламдық кезек күттірмейтін мәселенің бірі - экологиялық мәселеге кейінгі кезде көп көңіл бөлініп жүр. Себебі, адамның экологиялық санасынан олардың табиғатқа практикалық қатынасында алшақтық байқалады. Студенттердің экологиялық санасын қалыптастыру үшін кей жағдайда білім деңгейі жеткіліксіз, оқу орындарында биология, география, экология пәндері бойынша теориялық білім берілгенімен, практикалық жағдайда табиғатқа сәйкестенген оқу-танымдық іс-шаралардың жағдайының толық жолға қойылмағандығы алаңдатады.

Экологиялық білім мен тәрбие қоғамның әрбір мүшесіне бағытталып, жалпы халыққа табиғатты қорғау және көркейту шарасын үйретуді көздейді, мұның түпкі мақсаты – табиғат байлықтарына жауапкершілікпен қарайтын, экологиялық тұрғыда саналы жеке тұлғаны қалыптастыру. Ол үшін біріншіден, білім алушыға жаратылыстану пәндерін негізге ала отырып, экологиялық білім беру керек, екіншіден, осы білімін табиғатты қорғау, көркейту ісіне бағыттай білуге тәрбиелеу қажет. Экологиялық білім берудің ең жүйелі де, ұтымды жолы білім ордаларында пәндерді экологияландыру арқылы экологиялық мәселелерді түсіндіруді үйлесімді жүргізу, сонымен бірге арнайы экологиялық білім беретін курстарды қалыптастыру уақыт талабы.

Қоршаған ортаға жанашырлық, оны аялай білуге құштарлық жан-жақты мәдениетті тұлғаның бойынан табылуы тиісті қасиет. Адам мен қоғамдық болмыс арасындағы диалектикалық жалғастық ағымдары соншалықты маңызды болса, адам мен табиғат арасындағы байланыста соншалықты мәнді. Өйткені,

табиғат – адам мен қоғамдық болмыс, өмір сүретін орта. Адам мен табиғаттың өзара қарым қатынасының адамгершілік астарын ашуда, ақыл-ой мен сезімді тәрбиелеуде, сананы қалыптастыруда экологиялық тәрбие жетекші орын алады [1]. Осы тұрғыда білім алушылардың экологиялық ой-өрісін дамыту, экологиялық мәдениетін қалыптастыру проблемасының көкейкестілігі күннен – күнге арта түсуде. Ғалымдардың пайымдауынша, экологиялық білім мен тәрбие барлық тіршілікке қатысты ішкі жауапкершілік сезімі мен парызды дамытуы қажет, өйткені тіршілікті ортаны сақтау мен адамның денсаулығы қоғамның құндылық жүйесінде ең маңызды категорияның бірі болып саналады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында: – орта, техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орындарында «Қазақстан құқығы», «Өлкетану» сияқты міндетті оқу курстарын енгізу жөнінде тапсырмалар берген болатын. Ұсынып отырған оқу бағдарламасы педагогикалық колледж студенттеріне қосымша курс түрінде жүргізілетін «Экологиялық өлкетану» пәнінің мазмұнына туған өлкенің тарихи, табиғи, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, мәдени ерекшеліктері жайлы деректерді енгізу арқылы, аймақтық компонентті жүзеге асыруға мүмкіндік тудыратын кеңестер береді. Туған өлке жайлы білім мазмұнының практикалық жақтарын күшейту жолдары қарастырылады, оның білім берудегі рөлі және оны қалыптастырудың әдістемелік тәсілдері ашып көрсетіледі.

Қазіргі уақытта жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына ізгіліктік, ғылымилық, жүйелілік ұстанымдарына негізделген үздіксіз экологиялық, өлкетанулық білім беру жүйесін құру, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралау өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Өлкетануды танып-білуге ұстанған бағыт 70 жж. экологиялық білім беру мәселесін шешуге мүмкіндік берді және мектепте экологиялық білім беруді дамытты. «Өлкетану» терминін алғашрет 1914 ж. тарихшы-әдіскер В.Я. Уланов және сібірлік мұғалім-географ В.Н. Мальков қолданды [2]. Өлкетану – елдің бір бөлігі, қаланың, ауылдың, басқада елді мекеннің тұрғылықты жердің тұрғындары үшін туған өлке болып табылатын территорияны жан-жақты оқып үйренуі. Өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеу мен шұғылданатын ғылыммен мәдениет саласы.

Өлкетану жұмыстарын жоғары мектептің экологиялық жүйесінің негізімен бірізділігі нақты іс-әрекеттер барысында іске асыруды қамтиды. Аталған жұмыстарды жүргізу, яғни, педагогикалық колледждердегі экологиялық өлкетану ретінде пәнаралық педагогикалық үдеріс этнопедагогика құралдарын пайдалану, студенттерге бұрынғы және бүгінгі күнгі экожүйемен танысуға бағытталған әрекеттерінің бірлігін ұйымдастыру, аймақтық проблемалармен байланысты жергілікті экологиялық өлке проблемаларын анықтау, оларды шешудің жолдары мен жетілдіруге болатын шешімдерін іздестіруден тұрады.

Қазіргі таңдағы қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуындағы жаңару процестері өткен тарихымыз бен мәдени мұраларымызды қайта қарауды, рухани құндылықтарымызды саралап, оны мектептің оқу-тәрбие процесіне ендіру арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасалып отыр. Қоршаған ортаны қорғау — қоршаған ортаны сақтаумен қалпына келтіруге, шаруашылық және өзгеде қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін болғызбауға және оның зардаптарын жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі [3]. Демек, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық жаңғырту жұмысын жүргізуде аудандағы жастардың экологиялық білімін арттыруда мақсатқа бағытталған бағдарламалар жасайды. Бұл ұсынылып отырған бағдарлама табиғатты зерттеушілерге үлкен көмек болмақ. Ол екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде түрлі жаңа ақпарат беру арқылы дайындық жасайды. Екінші кезеңде студенттер қосымша ақпарат алады және экологиялық жұмыстарға қатысуына мүмкіндік беріледі.

«Экологиялық өлкетану» оқу бағдарламасы бойынша студенттердің оқу-танымдық, интеллектуалды және эмоционалды өсіп-жетілуіне, білімдерін арттыруға және өлі табиғатпен байланыс жасауға мүмкіншілік жасалады. Курстың мақсаты - оршаған ортаның экологиялық проблемалары, туған өлкенің әлеуметтік ортасы мен мәдениеті туралы білімді меңгеру, қоршаған ортамен өз бірлігін түсінетін тұлғаның эстетикалық және адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу, білім алушыларды экология проблемаларымен байланысты қызмет түрін саналы таңдауға дайындау. «Экологиялық өлкетану» курсының міндеттері:

- туған өлкенің ерекшелігін оқып-білуге бағыттау арқылы, экологиялық өлкетану пәнінің іс-әрекетіне қызығушылық танытуын қалыптастыру;

- студенттердің экология ғылымына көңіл бөліп, ізденуіне және қоршаған орта экологиялық мәселелерін зерттеп, зерделеуге, ҚР Заңнамасындағы экологиялық баптарды білулеріне тәрбиелеу;



- экологиялық, өлкетанулық материалдарды сабақтарда және оқу-тәрбие жұмыс формаларында пайдалануды үйрену және қалыптастыру;

- зерттеу және шығармашылық іс-әрекеттеріне студенттерді қатыстыру.

«Экологиялық өлкетану» курсының оқу бағдарламасы:

Тақырып №1. Туған өлкенің тарихы, мәдениеті мен географиялық орналасуы. Өлкенің табиғат ландшафты және олардың антропогенді өзгерулері. Жамбыл облысының географиялық -экономикалық жағдайы. Табиғи және антропогенді ландшафты. Оларды салыстыру. Адамның іс-әрекетінен болатын табиғат деградациясы. Өлкенің табиғи ерекшеліктері: ауа-райы, ландшафт, топырақ, су режимі. Биотоп үлгісі ретіндегі экожүйе құрылымының өлкеге тән сипаттамасы.

Тақырып №2. Өлкенің мәдени мұрасы. Бірегей табиғи объектілері. Тарихи ескерткіштер және мәдениет. Жамбыл аумағының негізгі зерттеу нысандары. Көксай шатқалы табиғи кешені. Берікқара шатқалы табиғи қаумалы, Ақыртас сарайлық кешені. Айша бибі кесенесі, Қарахан баба кесенесі тарихи ескерткіштері.

Тақырып №3. Тараз қаласындағы атмосфералық ауаның ластану себептерін анықтау. Ауа - райы өзгерістерінің жергілікті белгілері, ауа райын болжау, төтенше жағдай сипатындағы ауа райы құбылыстары, адамның іс-әрекеті. Көпжылдық бақылаулар бойынша өлкенің жалпы климат жағдайындағы және табиғатындағы өзгерістерге талдау жасау, өзгерістердің негізгі себептерін анықтау. Өлкенің жел энергетикасы. Жергілікті жердегі ауаның ластануына сыртқы факторлардың әсері.

Тақырып №4. Жамбыл облысының су ресурстары. Жергілікті су айдындарының экожүйелері. Шағын өзендердің экологиялық жағдайы. өлке аумағындағы су нысандарының жіктелуі, жергілікті жердің гидрографиялық жүйесінің сызбасын жасау, атауларының пайда болу тарихын оқып-білу. Су ресурстарын пайдалану, су энергетикасы.

Тақырып №5. Аймақтың топырақ ресурстары және оларды қалпына келтіру жолдары. Өлкенің ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жердің экологиялық жағдайы. Жамбыл облысының кен орындары.

Тақырып №6. Туған өлкенің фаунасы мен флорасы. Биоалуантүрлілікті сақтау. «Қызыл кітапқа» енген жануарлар мен өсімдіктер түрлері. Туған өлкенің табиғат мұражайларына саяхат жасау.

Тақырып №7. Облыс халқының денсаулығы. Өз денсаулығының жағдайын бағалау. Өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың адам денсаулығына әсері. Денсаулық сақтау шаралары.

Тақырып №8. Жамбыл облысының туристік бағыттары. Өлкетанушылық туризм. Тараз жәдігерлері. Ұлы жібек жолы туристік бағыты. Тараздың алтын сақинасы.

Тақырып №9. Өлкенің ерекше қорғалатын аумақтары және табиғатты қорғау. Туған өлкенің «Қызыл кітаптық», эндемикалық өсімдіктері мен жануарлары. Ерекше қорғалатын аумақтар және нысандарға (мүмкіндікке байланысты): қорықтарға, қорықшаларға, ұлттық саябақтарға, табиғат ескерткіштеріне, хайуанаттар бағына, ботаникалық бақтарға, дендрарилерге, орман шаруашылықтарына саяхат жасау, олардағы табиғатты қорғау жұмыстарының технологияларымен танысу.

Тақырып №10. Туған өлке табиғатын қорғаудың өзекті мәселелері. Экологиялық проблемаларды шешу жолдары. Экологиялық тәрбие, экологиялық мәдениет, экологиялық сараптама, экологиялық мониторинг туралы түсініктер. Экология туралы заңдар мен маңызды ресми құжаттар. Экологиялық білім берудің нормалық-реттеуші құжаттары[5].

Студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру барысында төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:

– біртұтас педагогикалық процесінде тәрбиенің құрамдас бөлігінің бірі ретінде экологиялық бағыттарда әртүрлі іс-шаралар (факультатив, үйірме, апталық, олимпиада, дөңгелек үстел, конференциялар т.б) үнемі ұйымдастырылып отырылуы керек;

– жергілікті экологиялық өлкетану жұмыстарында қазақ халық педагогикасының құралдарын кенінен пайдалану қажет;

– оқушылардың экологиялық тәрбиесінде өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері бойынша мұғалімдер үшін арнайы құрастырған семинарлар бағдарламасын пайдалануды қажет етеді;

– өлкетану жұмыстарында педагогикалық оқыту әдістері арқылы студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын қолдану керек;

– студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында экологиялық үйірмелер ашу мәселесін көтеруді талап етеді.

Зерттеу жұмысының барысында жасалған теориялық талдау төмендегідей қорытындыларды жасауға мүмкіндік берді:

1) жергілікті жерді зерттеу арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өлкетану жұмыстарының өзіндік ерекшеліктері анықталады;

2) өлкетану жұмыстарындағы экологиялық мәдениетін дамытуда студенттердің экологиялық білімдерін, экологиялық санасын, сезімін, экологиялық тәжірибесін бірізділікпен қалыптастыру мүмкіндіктерін арттырады;

3) экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өлкетану жұмыстарының ұйымдастырылуы олардың педагогикалық құндылығын анықтауға, мазмұндары мен әдіс-тәсілдерін бағдарлап, болжамдар жасауға ықпал етеді;

4) студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында сыныптан тыс өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру түрлері олардың экологиялық білімдерге қызығушылықтарын, экологиялық білімінің маңыздылығын түсіну сезімдерін, өлкетану және қоршаған ортаны қорғау жұмыстарындағы белсенділіктерін арттыруда аса маңызды орын алады. Күтілетін педагогикалық нәтижелер студенттердің танымдық іс-әрекеттерін бақылау, бағалау және есепке алуға байланысты.

Қорыта келе, «Экологиялық өлкетану» курсы студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуға, олардың танымдық қызығушылығын арттыруға, отансүйгіштікке тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Қазақстан азаматтарының өз халқының, мемлекетінің тарихын, өлке табиғатының ерекшеліктері мен мүмкіншіліктерін, экономикалық даму келешегін білуге деген қызығушылығы артуда, сол себепті колледждерде туған өлке жайлы терең білім беру және туған өлкеге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеудің маңызы арта түсуде.

Студенттерге экологиялық білім беру мен тәрбие беру жауапты іс, тәжірибе көрсеткендей, олардың алдына қойылған міндетті жоғары деңгейде бірден шешу мүмкін емес. Осы басымдылық экологиялық бағыттар негізінде әр халықта қоғамдық-тарихи даму барысында өзіндік экологиялық білім беру жүйесі қалыптасады, ол қоғам мен табиғат арасындағы экологиялық тепе-теңдікті ұстап тұруға бағытталады. Сонымен, педагогикалық құндылықтарды өлкетану жұмыстарында пайдалану экологиялық білім беруде, ең бастысы, жеке тұлғаның экологиялық жоғарғы мәдениетін қалыптастыруда басты мақсатқа қол жеткізу үшін экологиялық өлкетану курсының маңызы зор!

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 *Экологиялық өлкетануда қазақ этнопедагогикасы құралдары арқылы оқушыларды тәрбиелеу.* - Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы, № 2. - 2007. - 180б.

2 *Лихачев Д.С. Краеведение как наука и как деятельность. Русская культура.* - Москва: Искусство, 2000. - с.159.

3 *Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы.* - Алматы: Білім, 2006. - 176б.

4 *Бейсенова Ә.С., Шілдебаев Ж.Б., Сауытбаев Г.З. Экология.* – Алматы: Ғылым ғылыми баспа орталығы, 2001. - 555б.

5 *Экологиялық өлкетануда сыныптан тыс жұмыстардағы этнопедагогика құралдарының маңызы. Қазақстан Республикасындағы Білім беру жүйесінің даму жағдайы және перспективалары. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары.* - Қарағанды, 2006. - 349б.

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ДОШКОЛЬНОГО И НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

УДК:373.29

МРНТИ: 14.23.09

*А.И. Булшекбаева<sup>1</sup>, С.А. Битен<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>PhD доктор, аға оқытушы*

*<sup>2</sup>Педагогика және психология мамандығының магистранты, Абай атындағы Қаз ҰПУ  
Алматы қ., Қазақстан*

### **ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК КОРЕЯДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ**

*Аңдатпа*

Білім беру саласындағы реформалар мемлекеттің әлеуметтік экономикалық саласына айналуға. Қазақстанның білім беру жүйесі бір жағынан, әлемдік білім беру үрдісіне сай жаһандану жағдайында түрлі әлемдік білім беру тенденцияларының ықпалы негізінде дамыса, екінші жағынан, білім беру жүйесі нарықтық экономикада білім беру және білім беру қызметтері еліміздің экономикасын дамытуға, сондай-ақ, білімді капиталдандыруға жағдай жасауда.

Мақалада Қазақстан мен Оңтүстік Кореяның мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуына салыстырмалы талдау жасалынды.

**Түйін сөздер:** мектепке дейінгі білім, мектеп жасына дейінгі бала, мектепке дейінгі ұйымдар, білім беру жүйесі.

*Bulshekbayeva A.I.<sup>1</sup>, Biten S.A.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Doctor PhD, senior teacher, <sup>2</sup>master, the Institute of Pedagogy and Psychology after Abai KazNPU,  
Almaty, Kazakhstan*

### **DEVELOPMENT OF PRESCHOOL EDUCATION IN KAZAKHSTAN AND SOUTH KOREA**

*Abstract*

Reforms in the sphere of education are becoming the socio-economic sphere of the state. The education system of Kazakhstan, on the one hand, develops on the basis of the influence of various world educational trends in the context of globalization in accordance with the world educational process, on the other hand, the education system in a market economy creates conditions for the development of the country's economy, as well as the capitalization of education.

The article presents a comparative analysis of the development of preschool education in Kazakhstan and South Korea.

**Key words:** preschool education, preschool children, preschool, education system.

*А.И. Булшекбаева<sup>1</sup>, С.А. Битен<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>доктор PhD, старший преподаватель,*

*<sup>2</sup>магистрант Института Педагогика и психологии, КазНПУ им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

### **РАЗВИТИЕ СИСТЕМЫ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ И ЮЖНОЙ КОРЕЕ**

*Аннотация*

Реформы в сфере образования становятся социально-экономической сферой государства. Система образования Казахстана, с одной стороны, развивается на основе влияния различных мировых

образовательных тенденций в условиях глобализации в соответствии с мировым образовательным процессом, с другой стороны, система образования в рыночной экономике создает условия для развития экономики страны, а также капитализации образования.

В статье проведен сравнительный анализ развития системы дошкольного образования Казахстана и Южной Кореи.

**Ключевые слова:** дошкольное образование, дошкольник, дошкольные организации, система образования.

### **Кіріспе**

Оңтүстік Кореяның білім беру жүйесі ерте жастан бастап баланың жан-жақты үйлесімді дамуына, сонымен қатар олардың кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға мақсатты түрде көшкен. Бұл туралы мемлекеттің әлемдік деңгейдегі жеткен жетістіктері куә.

Оңтүстік Кореяда мектепке дейінгі білім беру жүйесі де бір ізге қойылған. Оны біз бұл мемлекеттің білім реформаларынан, білім беру бағдарламаларынан айқын көріп отырмыз. Қазақстан да өз кезегінде мектепке дейінгі білім берудің мықтап қолға алған мемлекеттердің бірі. Елімізде ашылып жатқан балабақшалар, қабылданып жатқан нормативті құжаттар, болып жатқан өзгерістердің барлығы осының куәсі.

Корей тәрбиесі қазақ тәрбиесімен ұқсас, үлкеннің сөзіне қарсы шықпау, сыйластық қарым-қатынасты бұзбау екі елдің де тәрбие ұқсастығын көрсетеді.

### **Негізгі бөлім**

Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесінің даму тарихы ХХ ғасырдың басынан басталады және оны қалыптастыру мен дамытудың екі кезеңін қамтиды.

Бірінші кезең - мектепке дейінгі білім берудің кеңестік кезеңі, келесі кезеңдерді қамтиды:

- бірінші кезең - 20-шы жылдардың басынан 20-шы ғасырдың 30-шы жылдарының басына дейін - мектепке дейінгі білім беру жүйесі құрылды;

- екінші кезең - 30-шы жылдардан бастап ХХ ғасырдың 50-ші жылдарының ортасына дейін. Бұл кезең үшін типтік:

- Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындауды талап ететін жалпы білім беруді енгізу бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың желісін ұлғайту;

- Нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлеу: «Мектепке дейінгі ұйымдардың қызмет түрлері бойынша жұмыс бағдарламалары», «Балабақша хартиясы»;

- Үшінші кезең - 50-ші жылдардың екінші жартысынан 90-шы жылдардың басына дейін - мектепке дейінгі ұйымдарды жаңғырту, ғылыми қолдау және мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық процесті жетілдіру кезеңі.

Екінші кезең - егеменді Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беруді дамыту.

Қазақстандағы мектепке дейінгі ұйымдар кеңестік биліктің алғашқы жылдары балалар ойын алаңдары мен мектепке дейінгі киіз үйлер түрінде құрыла бастады.

1917 жылы Верныйдағы Петроградтық Фребель курсының студенті Ольга Дмитриевна Мухля бірінші балабақшаны ашты, оған әртүрлі ұлттардың 100 баласы қабылданды.

1919 жылы О.Д.Мухля балабақша жағдайында балаларды тәрбиелеудің ерекшеліктерін және балабақшадағы білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшелігін ескере отырып, «Балабақша және оның жұмысы» атты әдістемелік сипаттағы алғашқы кітабын тәрбиешілерге арнады.

Біраз уақыттан кейін М.Ф.Покровскийдің жетекшілігімен Ақмолада балалар мекемелері ашылды.

1919 жылы Қазақстанда балабақшалар саны 37 ге дейін артты, олар 1000 нан астам балаларды тәрбиеледі, мұсылман балаларға арналған топтар ұйымдастырылды.

Қазақстанда мектепке дейінгі білім беруді Назипа Сегізбайқызы Құлжанова (1887-1934) табысты дамытты.

Н.С.Құлжанова Қазақстанда балабақшалардың ашылуына тікелей ат салысты. Қызылордада мектепке дейінгі білім беру қызметкерлерінің конференциясында ол қазақ даласында мектепке дейінгі білім берудің мәселелерін және негізгі міндеттерін көтеріп, баяндама жасады.

Н.С.Құлжанова Қазақстанда балабақшаларға арналған алғашқы бағдарламалық құжаттарды әзірледі.

Орынборда 1923 жылы жарияланған «Мектепке дейінгі тәрбие» және 1927 жылы жарық көрген «Ана мен бала» кітаптарының авторы.

«Ана мен бала» кітабы қазақ әйелінің аналық және педагогикалық білім беру мәселелеріне арналған, педагогикалық әдебиеттер мемлекеттік тілде болмағандықтан маңызды рөл атқарды.

«Мектепке дейінгі тәрбие» жұмысы үш жастағы баланың даму ерекшеліктерін, атап айтқанда, оның қимылдық белсенділігін көрсетеді.

Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беруді дамытуға түрткі болған (1919-1928) «Мектепке дейінгі тәрбие бойынша өткен Бүкілресейлік конгресс еді. Конгресте ұлттық мәндегі мектепке дейінгі ұйымдарды дамыту және жергілікті ұлттардың балаларымен жұмыс істей алатын тәрбиешілерді даярлау және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді басып шығару мәселелері қарастырылды. Конгресс жұмысы барысында шешімі ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, білім беру мен оқытудың негізгі қағидаларын, балалардың қоғамдық тәрбиесінің мазмұны мен нысандары анықталды [1].

60-жылдары Қазақ КСР-да мектепке дейінгі білім беру жүйесі жаңа, жоғары деңгейге көтерілді. Балаларды ерте жастан бастап тәрбиелеу мен оқытудың негізгі идеялары мен қағидалары, мазмұны, оқыту әдістемесі мен білім беру әдістері туралы ізденістер жүргізілді.

Қоғамдық білім беру тарихында тұңғыш рет мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы жасалды, ол барлық жастағы балаларды, мектепке барудан бастап, балабақша мен балалардың бірыңғай балалар мекемесінің мектеп жасына дейінгі топтары арасындағы тығыз байланысты орнатты. Бірыңғай бағдарлама құру тәрбиешілерге кемшіліктерді жеңуге көмектесті, өйткені мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарының арасында сабақтастық пайда болды.

1964 жылы «Балабақшада тәрбиелеу бағдарламасы» қазақ тіліне толықтырулармен аударылды. Бағдарламаның «Сауаттылыққа үйрету» бөлімі қазақ әліпбиіне негізделген. «Көркем әдебиет» бөлімі қазақ халқының ертегілері мен қазақ жазушыларының шығармаларымен толықтырылған.

«Музыкалық тәрбие» бөлімі қазақ халқының музыкасын, сондай-ақ балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қазақстандық композиторлардың шығармаларын қамтиды.

1971 жылы бұл басылымда Абай Құнанбаевтың «Жаз», Ыбырай Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы», «Мақта қыз бен мысық», С.Сейфуллиннің «Балалар», Ғ.Мүсіреповтың «Қанат пен қуыршақ» Ә.Тәжібаевтың «Май алақай», С.Мәуленовтың «Бала батыр», Қ.Мырзалиевтың «Аңшы», А.Тоқмағамбетовтың «Ақша қар» және т.б. шығармалары қайта басылып шыққан[2].

«Бейнелеу өнері» бөлімінің мазмұнына бауырсақ, пиала, шәйнек, қымызға арналған ыдыс-аяқ модельдеу, аппликация: қазақ үлгісімен ыдыстарын безендіру, қазақ өрнегі бар вазаны салу, тақиялар, кілем безендіру, «біздің ауылдың» сюжетін салу, қазақ ертегілерінің әшекейлері, ою-өрнекті киіз үйлер және т.б. кіріктірілген.

«Музыкалық тәрбие» бөліміне қазақ халқының күйшілері Құрманғазы мен Дәулеткерейдің күйлері мен қазақ композиторлары Б.Байқадамовтың «Айгөлек», С.Мұхамеджановтың «Қазақстан», «Қамажай», «Қыздарай» әндері қосылды.

«Дене мәдениеті» бөліміне қазақ ұлттық ойындары енгізілді.

70 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы ҒЗИ-нің және Қазақ КСР Білім министрлігі мектепке дейінгі білім беру бөлімдерінің негізгі күш-жігері балабақшадағы оқу-тәрбие процесінің мазмұнын жетілдіруге, жаңа оқу-әдістемелік құралдарды, оқу құралдарын, дидактикалық материалдарды құрастыруға бағытталды.

Мәселен, еңбектерде «Отбасы және балабақшада бала тілін дамыту» (1962), «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту» (1962), «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту» (1966), «Балаларды мектепке қалай дайындау керек? (1971 ж.), «Ана тілін оқыту әдістемесі және мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту» (1981) Б.Б.Баймұратова қазақ балабақшаларында ана тілін үйрету мәселелерін қолға алды.

1964 жылы «Мектеп» баспасы 4-7 жас аралығындағы балаларға арналған тәрбиешілер үшін «Біздің кітабымыз» атты оқулық шығарды. 1974 жылы «Біздің кітабымыздың» бірінші бөлімі 2 жастан 4 жасқа дейінгі балаларға арналған.

Ерте жас кезеңіне Л.А.Давиденко, бірнеше ғылыми жұмыстар арнады, ол балаларды тәрбиелеудің негіздері мен мәселелері, Қазақстанның ауылдық жерлеріндегі мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық және әдістемелік жұмыстардың мазмұны мен түрлерін зерттеді.

«Ерте жастағы балаларды оқыту» жұмысында Л.А.Давиденко кішкентай балаларды оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін түсіндірді, топтағы балаларға білім беру әсерінің сипатын талдады. Ауылдық жерлерде мектепке дейінгі ұйымдар базасында ерте жастағы топтарда сабақ өткізудің практикалық әдістері мен нысандары қарастырылды, тәжірибелік ұсыныстар жасалды.

1976-1980 ж.ж. Алтынсарин атындағы ҒЗИ-ның мектепке дейінгі білім беру бөлімі «Мектепке жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың педагогикалық сұрақтары» мәселесін көтерді. Келесідей мәселелер қарастырылды: «Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға азаматтық тәрбие берудің

бастауы», «Көркем әдебиет арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершіліктік тәрбие беру», «Көркем әдебиет шығармалары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік қорын байыту».

Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің мектепке дейінгі білім беру кабинеті республиканың мектепке дейінгі білім беру қызметкерлері үшін әдістемелік хаттар дайындады: «Балабақшадағы аралас топтардағы тәрбие және оқыту жұмысы» (1976), «Мектепке дейінгі тәрбие процесін басқару» (1977), «Мектеп жасына дейінгі балаларды Қазақстанмен таныстыру» (1980). «Мектеп» және «Жалын» баспалары қазақ тілінде мектеп жасына дейінгі балаларға арналған әдістемелік әдебиеттер, өлеңдер жинағы, әңгімелер, ертегілер, әндерді басып шығарды.

Содан бері, Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесі басынан түрлі жағдайларды кешіруде. Қазіргі кезде мемлекет тарапынан мектепке дейінгі білім беру жүйесі мықтап қолға алынды, жаңартылған білім мазмұнына сәйкес мамандар даярлануда. Мақалаға негіз болып отырған Оңтүстік Кореяның мектепке дейінгі білім беру жүйесінің ерекшеліктерін қарастырып көрсек [1].

Кез-келген Шығыс Азиялық конфуциандық мұрасы бар ел ретінде, Оңтүстік Корея формальды білім беру жүйесінің ұзақ тарихы бар. Білім беру жүйесіне мемлекеттік қолдаудың жоқтығына қарамастан, үкімет Чосон әулетінің билігі заманында Сеулде білім беру жүйесінің негізі қаланды.

XIX ғ. соңында - XX ғасырлардың басында корейлердің өздері және христиандық миссионерлер жекеменшік мектептер ұйымдастырды. олар әйелдердің білім алуын насихаттады және Батыстық әлеуметтік және саяси идеяларды таратты[3].

1910 жылдың соңына қарай Жапон білім беру саясаты Корея колониясына бағытталды, сондықтан техникалық дағдыларын дамытатын пәндер оқытылды. АҚШ-тың 1945 жылы басқыншылығына байланысты Кореяның оңтүстік бөлігіне американдық білім беру жүйесі енгізілді: БеМан режимі кезінде 1948 жылдан кейін ресурстар жетіспеушілігінен көптеген осы реформалар күшін жойды. Алайда 1990 жылғы америкалық басқыншылар кезінде белгіленген тәртіпті қайтарды.

Ли мен Пак Чон Хи басқармасы кезінде, білім беру жүйесін басқару мемлекеттік Білім беру Министрлігіне көшті. 1980 жылдардың соңында, министрлік ресурстардың бөлінуіне, оқу жоспарын әзірлеу және басқалар үшін жауапты болды[4].

Конфуциандық заманнан келе жатқан дәстүрлі білім беру жүйесі біздің күнімізге дейін жеткен, бүгінгі таңда оны ғалымдар мен түрлі техникалық мамандықтар қызметкерлері де пайдаланады. Экономикалық дамудағы серпіліс 1960-шы жылдардан бастап елге басшылық етуге қол жеткізе алатын жоғары білімді технократтар мен экономистерді толығымен дерлік айқындауы мүмкін.

Ғылыми кәсіп Оңтүстік Кореяда 1980-ші жылдардан ең беделді болып саналады. Кореялық ұлттық білім беру бағдарламасының жетістіктері:1945 жылы азаматтардың 22 % сауатты болды; ал 1970 — 87,6%, 1980 — 93% [5].

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мақсаттарының бірі «Балаларды ерте жастан дамыту проблемаларын кешенді шешу білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларын үйлестіруді және келісілген іс-әрекетін, сондай-ақ ата-аналар қауымдастығын кеңінен қатыстыруды қажет етеді»-деген болса, сонымен қатар, білім беру сапасын жоғарылату мәселелерін көтерді [6]. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында «мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек. Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады. Білім беру ісінде 4к моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылу керек»- деп атап көрсетті[7].

Оңтүстік Кореяда жақсы білім алу кез-келген корей үшін табысқа жетуде шешуші рөл атқарады, сондықтан беделді оқу орнына түсу міндеті ең жоғары басымдылық болып табылады. Кореяның мемлекеттік басқару органдары баланың ерте жастан бастап, жоғарғы оқуды бітіргенге дейінгі бүкіл оқу үдерісін нақты құрып, бақылап отырады.

1980 жылы Оңтүстік Кореяда 900-ге жуық балабақша болған – 66434 бала тәрбиеленді, 1987 жылы 397020 бала 7792 орындарында қабылданылды. Сол кезеңде тәрбиешілер мен мектепке дейінгі білім беру мұғалімдер саны 3 339-ден 11 920-ге өсті, басым көпшілігі оның ішінде 92 пайызы — әйелдер болды. 2005 жылы олардың саны 8 мыңнан асып кеткенін білуге болады. 1999 жылдан бастап үкімет «ұлттық жобаны» іске қосты, ол аз қамтылған отбасылар балаларын оқытуға бес жастан бастап ақы төлеуге жеңілдіктер ала бастады. Содан кейін 2004 жылдан бастап үш және төрт жастағы балаларды оқытуға, сондай-ақ екі және одан да көп балалары бар отбасыларына көмек көрсету бағдарламасы іске асырыла

бастады. Осылайша, аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға мектепке дейінгі тәрбие беру мүмкіндігі берілді және табыс деңгейі мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан барлық адамдарға тең шарттар жасалды. Бірақ балабақшаның құны университетте білім алу құнымен салыстырылатын деңгейде [4].

Кореяда мектеп жасына дейінгі балалар үшін білім берудің тұтас индустриясы пайда болды. Дүкендерде көптеген түрлі-түсті кітаптар сатылады, онда білім беру ойындарын (мысалы, Корея картасы түріндегі басқатырғыштар) және тіпті кассетаға жазылған балалар әндерін (көбейту кестесі немесе корей әліпбиін) сатып алуға болады.

Корей балабақшасында баланы жағдайына қарай бөлуге болмайды және барлығына ортақ ережелер мен заңдар бар қоғамдастықта өмір сүруі керек. Жақын уақыттан бері базалық балабақшаны толықтай мемлекет төлейді, сондықтан, ата-аналар қосымша сабақ түрлері үшін ғана ақы төлейді, бірақ олар міндетті емес.

"Ориничип" және "ючивон" деген базалық балабақшалардың екі түрі бар. Біріншіден, сабақ өте аз болуы мүмкін және бұл жай ғана балалармен отыруға және ойын алаңына мүмкіндік беретін орын. Кореяда қазір ағылшын балабақшалары көп, ол жерге баланы беру-өте беделді.

Корей балабақшалары үш түрлі болады:

- Бөбекжайлар;
- Орташа деңгейдегі балабақшалар;
- Ересек балаларға арналған балабақшалар.

Кореядағы мектепке дейінгі білім беру баланың ерте жан-жақты дамуына бағытталған. Екі-үш жастан бастап балаларды тек ана тілінде ғана емес, ағылшын тілінде жазуға және оқуға үйретеді. Осы жаста балалар математика түсініктерімен танысады. Отбасында дене шынықтыру дайындығына және музыкалық білім беруге үлкен көңіл бөлінеді [8].

Корей мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-аналармен үнемі әңгімелесулер жүргізіледі. Осындай кездесулерде баланың мінез-құлқының мәселелері, оның табыстары талқыланады, тәрбиешілер үйде тиімді білім беруді өз бетінше ұйымдастыруға кеңес береді. Балаларға техника қауіпсіздігі негіздері оқытылады. Әрбір кәріс баласы өрт болған жағдайда қайда қонырау соғатынын және қалай жедел жәрдем шақыратынын біледі. Балабақшалардағы топтар аз-бір тәрбиешіге 10-ға дейін, бұл әрбір қамқорлыққа алынған балаға барынша көңіл бөлуге көмектеседі.

Барлық балабақшаларда балалармен хайуанаттар паркіне, мұражайларға немесе спорт кешендеріне, сондай-ақ экскурсияларға және жай ғана серуенге шығу үнемі ұйымдастырылады. Әр балабақша мен мектептің өзінің жарқын және ыңғайлы формасы бар. Бұл мектепке дейінгі білім беру бағдарламасына кіреді. Корей балалары 2-3 жылдан оқуға, санауға, музыкаға, балетке және сурет салуға үйренеді. Балабақша тәрбиешілері корей және жалпы дамыту сабақтарын жүргізеді. Музыканы, ағылшын, дене шынықтыру, балет, сурет салуды тек кәсіби мамандар жүргізеді. Сабақ 20 минутқа созылады. Күніне 20 минуттан үш-төрт сабақ болуы мүмкін: екі тәрбиеші және екі көмекшісі бар.

Балабақшада тәрбиешілер мейірімді және шыдамды. Тәрбиешілер үнемі біліктілікті арттырудан өтеді.

### **Қорытынды**

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін реформалау жағдайында Корея Республикасы мектептерінің даму тәжірибесімен танысу еліміз үшін қызығушылық тудыруы мүмкін. Себебі, Оңтүстік Корея бір жағынан, әлемдік білім кеңістігінде білім сапасының нәтижелері бойынша жоғары көрсеткіштерді көрсетсе, екінші жағынан білім берудегі ұлттық үлгілерін сақтай алғандарымен көптеген мемлекеттерді қызықтырады. Сондықтан, зерттеу жұмысымыз өзекті тақырыптардың бірі Қазақстан мен Оңтүстік Кореяның мектепке дейінгі білім беру жүйесін оң тәжірибесін зерттеуге бағытталады. Қазақстан мен Оңтүстік Корея мемлекеттерінің мектепке дейінгі білім беру жүйесін зерттеу нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1. Мектепке дейінгі білім беру жүйесін реформалау өмір сапасының көрсеткіштері мен мемлекеттің даму деңгейіне және халықаралық деңгейде бәсекелестігіне әсер етеді.

2. Зерттеудің теориялық әдістерін пайдалану, мектепке дейінгі білім беру жүйесі аясындағы отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектерін талдауға, шетелдік тәжірибені жинақтау және терең ғылыми зерттеулер жасауға мүмкіндік берді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Жиенбаева С.Н., Бекмағамбетова Р.К., Сыздықбаева А.Ж., Бөлікбаева Ә.И. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. Алматы: «Альманах» баспасы», 2018. – 269 б.
- 2 Беркімбаева Ш.К., Құсайынов А.К., Аймағамбетова К.А., Әмірова А.С., Масырова Р.Р., Левченко Т.А., Искакова А.Т., Таубаева Ф.З., Метербаева К.М. Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру (анықтамалық талдама шолу) Алматы, 2010
- 3 Құсайынов А.К., Булатбаева А.А. Білім беру саясаты: салыстырмалы талдау. –Алматы: . «ROND & A» баспасы, 2009. – 116 б.
- 4 Лим. Э.Х. Тенденции развития общеобразовательной школы Республики Корея (1945-2005 гг.): дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. –М., 2007. -169 с.
- 5 Park, Se -H. Managing Educational Reform: Lessons from the Korean Experience, 1995–1997. -Seoul: Korea Development Institute, 2001.
- 6 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 –2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы, N 205 Жарлығы. –Астана, 2016.
- 7 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 10 қаңтар, 2018 жыл.
- 8 Булікбаева А.И., Досжанова А.Ж. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудағы отандық және шетелдік мәселелер// Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы», «педагогикалық ғылымдар» сериясы. №4(56). – Алматы, 2017. – Б.48-53.

УДК:373.29

МРНТИ: 14.23.09

*М.А. Бакетова<sup>1</sup>, А.И. Булікбаева<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қаз ҰПУ, Педагогика және психология институтының докторанты,  
Алматы қ., Қазақстан*

*<sup>2</sup>PhD доктор, Абай атындағы Қаз ҰПУ, Педагогика және психология институтының аға оқытушысы,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМҒА БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

### *Аңдатпа*

Педагогтардың, педагог-психологтардың, педиатрлардың назары біраз жылдан бері бейімделу процесіне ауып келеді. Бұл мәселе өзінің өзектілігін жоғалтпайды, өйткені қазіргі заманғы зерттеулер мен ерте жастағы баланы балабақшаға қалай дайындау туралы ұсыныстар жеткілікті, дегенмен де жаңа көзқарастарды қажет етеді.

Ерте жас-адамға тән барлық психофизиологиялық процестердің қарқынды даму уақыты. Бірақ ерте жастағы даму фонды, өкінішке орай, қолайлы емес-бұл жаста ағзаның көптеген ауруларға төзімділігі төмен. Жас ерекшелігіне байланысты ерте жастағы балалардың өзіне тән ерекшеліктері бар.

Мақалада ерте жастағы балалардың мектепке дейінгі ұйымға бейімделуінің өзекті мәселелерін шешу қарастырылады.

**Түйін сөздер:** мектепке дейінгі білім, мектеп жасына дейінгі бала, мектепке дейінгі ұйымдар, бейімделу.



Baketova M.A.<sup>1</sup>, Bulshekbayeva A.I.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>doctoral student the Institute of Pedagogy and Psychology at AbaiKazNPU,  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Doctor PhD, senior teacher of the Institute of Pedagogy and Psychology at AbaiKazNPU,  
Almaty, Kazakhstan

## PEDAGOGICAL CONDITIONS OF ADAPTATION OF YOUNG CHILDREN TO PRESCHOOL ORGANIZATION

### Abstract

The focus of teachers, psychologists, pediatricians for a long time is the problem of adaptation. This problem does not lose its relevance, because, despite the fact that modern research and recommendations on how to prepare an early age child for admission to kindergarten, quite a lot, but they are scattered.

Early age is the time of intensive development of all psychophysiological processes peculiar to man. But the background of development at an early age, unfortunately, is not favorable – at this age the body has increased vulnerability and low resistance to diseases. A young child has a number of specific age features.

The article deals with the solution of the actual problem of adaptation of young children to preschool organization.

**Key words:** preschool education, preschool children, preschool, adaptation.

M.A. Baketova<sup>1</sup>, A.I. Bulshekbayeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>докторант Института Педагогики и психологии КазНПУ им. Абая  
г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>доктор PhD, старший преподаватель, Института Педагогики и психологии КазНПУ им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан

## ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ АДАПТАЦИИ ДЕТЕЙ РАННЕГО ВОЗРАСТА К ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

### Аннотация

В центре внимания педагогов, педагогов-психологов, педиатров уже продолжительное время находится проблема адаптации. Эта проблема не теряет своей актуальности, так как, несмотря на то, что современных исследований и рекомендаций о том, как подготовить ребенка раннего возраста к поступлению в детский сад, достаточно много, но они носят разрозненный характер.

Ранний возраст – время интенсивного развития всех психофизиологических процессов, свойственных человеку. Но фон развития в раннем возрасте, к сожалению, не благоприятный – в этом возрасте организм имеет повышенную ранимость и низкую сопротивляемость к заболеваниям. Ребенок раннего возраста имеет ряд специфических возрастных особенностей.

В статье рассматривается решение актуальной проблемы адаптации детей раннего возраста к дошкольной организации.

- создание атмосферы заинтересованности коммуникативными технологиями;
- стимулирование учащихся к активной речевой деятельности;
- использование на уроках лингводидактических средств усвоения материала;
- постоянный мониторинг учебных достижений;
- использование интенсивных психолого-педагогических возможностей учащегося;
- стимулирование самостоятельности, инициативности и право выбора в решении учебных задач и естественного самовыражения ученика.

Таким образом, использование коммуникативных технологий обучения для развития речевой деятельности младших школьников в контексте обновления содержания образования способствует формированию коммуникативной компетенции основой, которой может являться успешная, активная речевая деятельность, требующая систематической и целенаправленной работы педагога в качественном взаимодействии с учащимися.

*Список использованной литературы:*

- 1 Пассов Е.И. *Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению*. М.: Просвещение, 1991. – 221 с.
- 2 Бабаева А.Т. *Некоторые рекомендации по формированию разговорной речи на изучаемом языке у студентов языкового вуза*. //Вестник КазНПУ им.Абая. Серия «Педагогические науки». Алматы. – №4 (48), 2015. С.40-44
- 3 Нейматова А. *К вопросу об обучении иностранному языку в контексте формирования коммуникативной компетенции*. //Вестник КазНПУ им.Абая. Серия «Педагогические науки». Алматы. – №4 (48), 2015. С.37-39
- 4 Halliday, M.A.K. 1985. «Systemic Background». In *Systemic Perspectives on Discourse, Vol. 1: Selected Theoretical Papers from the Ninth International Systemic Workshop*, James D. Benson and William S. Greaves (eds). Ablex. Vol. 3 in *The Collected Works*, p. 192.
- 5 Huili Hong, Karin Keith, Renee Rice Moran, and Jodi Lashay Jennings. (2017) *Using Imagination to Bridge Young Children's Literacy and Science Learning: A Dialogic Approach*. SPRING/PRINTEMPS, Vol. 42. No. 1. pp.11-22
- 6 Скалкин В.Л. *Основы обучения устной иноязычной речи*. – М.: Рус.яз., 1981. – 248с.
- 7 Андреев В. И. *Педагогика: Учебный курс для творческого саморазвития*. – 2-е изд. – Казань: Центр инновационных технологий, 2000. – С. 217
- 8 Кулюткин Ю. К. *Эвристические методы в структуре решений*. – М.: Педагогика, 1970. – 234 с.
- 9 Клобукова Л. П. *Обучение языку специальности: учеб.пособие /Л.П.Клобукова*. – М.: МГУ, 1987. – 116 с.
- 10 Скалкин В. Л. *Речевые ситуации как средство развития неподготовленной речи /В. Л. Скалкин, Г. А. Рубинштейн //Иностранные языки в школе*. – 1966. – № 4. – С. 3-4

11 Скалкин В. Л. проблемы интенсификации обучения русскому языку как иностранному в свете коммуникативного подхода /В. Л. Скалкин //Материалы VII конгресса МАпРЯЛ. – М., 1990. – С. 213-221.

12. Китайгородская Г.А. Методика интенсивного обучения иностранным языкам: Учеб.пособие. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Высш.шк., 1986. – 103 с.

13. Якиманская И.С. Разработка технологии личностно-ориентированного обучения //Вопросы психологии, 1995. – №2. – с.13-21

## МРНТИ 14.15.01

А.М. Текесбаева<sup>1</sup> Г.М.Текесбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,  
Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,  
<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

### БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Аңдатпа*

Бастауыш мектепте сабақпен қатар, педагогикалық үрдістің негізгі формасы ретінде, оқыту барысында сыныптан тыс жұмыстардың да алатын орны ерекше. Бастауыш сыныптарда жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар тек оқу бағдарламасымен шектеліп қана қоймайды. Ол бағдарламаның жалғасы ретінде күрделі әрі қызықты тақырыптарды қамтуы мүмкін. Оқушылардың білімін дамыту, тәрбиелеу, шығармашылық белсенділігін күшейту, өмірге деген құштарлығын арттыру, олардың қабілетіне, дарынына әсер ету, оны әрі қарай дамыту істері білім берумен қоса жүреді. Бірақ бұл жұмыстарды оқу үрдісінде жүзеге асыру мүмкін емес болғандықтан, сыныптан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Әсіресе, белгілі бір білім саласы, нақты бір пән бойынша оқушылардың білімін арттыруда пәндік олимпиадалардың алатын орны ерекше. Авторлар мақалада пәндік олимпиаданы интеллектуалдық жарыс ретінде қарастып, оны ұйымдастыру мен өткізудің кезеңдерін нақтылайды.

**Түйін сөздер:** пәндік олимпиада, сыныптан тыс жұмыстар, сабақтан тыс жұмыс, оқу үрдісі, олимпиада кезеңдері, бастауыш сынып оқушысы.

А.М. Tekesbayeva<sup>1</sup> G.M.Tekesbayeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Candidate of pedagogical sciences, associate professor, Kazakh State Women's Teacher Training University, city Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> Master of education, senior lecturer, Kazakh national pedagogical university named after Abai, city Almaty, Kazakhstan

### THE IMPORTANCE OF THE ORGANIZATION OF OLYMPIADS IN THE ELEMENTARY SCHOOL

*Abstract*

Along with the lesson in the teaching process in primary school a huge role to play extra-curricular activities as the main form of teaching activities. Extracurricular activities, done in elementary school are not limited only to the curriculum of their content can be a continuation of the curriculum, including more complex and interesting topics. Development, education, increasing creative activity of students, enhancing their passion for life, the impact of their gifts, talents, and their further development accompanied by the formation it is not possible to perform in the learning process. So it is important to properly and effectively organize extra-curricular activities. Especially in increase students ' knowledge on a particular subject, the special place is occupied subject Olympics.

In the article the authors consider the Olympics as an intellectual exercise, and also determine the periods of organizing and conducting Olympiads.

**Key words:** Olympiad, class work, extracurricular work, the educational process, the periods of the Olympics, pupils of initial classes.

*А.М. Текесбаева<sup>1</sup> Г.М.Текесбаева<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор,  
Казахский Государственный женский педагогический университет,  
Алматы, Республика Казахстан.*

*<sup>2</sup>магистр педагогических наук, старший преподаватель,  
Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,  
г.Алматы, Казахстан*

## ЗНАЧЕНИЕ ОРГАНИЗАЦИИ ПРЕДМЕТНЫХ ОЛИМПИАД В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

### *Аннотация*

Наряду с уроком в учебном процессе начальной школы огромная роль принадлежит внеклассной работе как основной форме педагогической деятельности. Внеклассные работы, проводимые в начальной школе не ограничиваются только с учебной программой. Их содержания могут стать продолжением учебной программы, включая более сложные и интересные темы.

Развитие, воспитание, усиление творческой активности учащихся, повышение их увлеченности жизнью, влияние на их способности, таланты и их дальнейшее развитие сопровождаются образованием. Все это не возможно выполнить в процессе обучения. Поэтому очень важно правильно и эффективно организовывать внеклассные мероприятия. Особенно в повышении знаний учащихся по конкретному предмету особое место занимают предметные олимпиады. В статье авторы рассматривают олимпиаду как интеллектуальное соревнование, а также определяют периоды организации и проведения предметных олимпиад.

**Ключевые слова:** предметная олимпиада, внеклассные работы, внеурочная работа, учебный процесс, периоды олимпиады, учащиеся начальных классов.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі - жалпы білім беретін мектептерде оқушылар арасында дарынды балаларды айқындау, оларға қолдау көрсету. Қазіргі қоғам жеке тұлғаның өзбетінше дамуын, шығармашылық тұрғыдан жүзеге асуын, белгілі бір ой қорытындысы мен нақты, тұрақты шешім қабылдауын талап етеді. Жеке тұлғаның білімі дамыған сайын оның кәсіби шеберлігі терендей түседі. Осы тұрғыдан алғанда, білім мекемелерінде түрлі конкурстар мен жарыстар, олимпиадалар жүйесін жетілдірудің маңызы аса зор. Мұндай жарыстардың, олимпиадалар мен конкурстардың негізгі мақсаты – оқушыларды шығармашылық ізденіске, ғылымға, танымға, өзін өзі жетілдіруге баулу болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының білімін дамыту, тәрбиелеу, шығармашылық белсенділігін күшейту, өмірге деген құштарлығын арттыру, олардың қабілетіне, дарынына әсер ету, оны әрі қарай дамыту істері білім берумен қоса жүреді. Бірақ бұл жұмыстарды оқу үрдісінде жүзеге асыру мүмкін емес. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру, эстетикалық талғамын, сезімін дамыту, дүниетанымын қалыптастыру сияқты білім мен тәрбие берудің басты-басты мәселелері пәндік олимпиадаларды тиімді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта пәндік олимпиадалар Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында қарқынды дамып, ерекше белсенділікпен өткізілуде. Оның негізгі мақсаты – оқушылардың ғылыми-зерттеушілік әрекеттері мен қызығушылықтарын оятып, шығармашылық қабілеттерін айқындау мен дамыту болып табылады.

Оқушылардың оқуда табысты болуы түрлі олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуымен де көрініс табады.

Пәндік олимпиадалар сыныптан тыс жұмыстардың бір формасы болып есептеледі. Сыныптан тыс жұмыстар қызықты әрі пайдалы болып келеді. Ол оқу-тәрбие үдерісінің құрамды бөлігі болғандықтан, оқу бағдарламасының негізгі міндеттерін шешуге бағытталады.

Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың дүниеге көзқарасын кеңейтіп, таным мен шығармашылыққа жетелейді. Жауапкершілік, тәртіптілік, адамгершілік, ізгілік сияқты қасиеттерді қалыптастырады.



Сыныптан тыс жұмыстың мазмұны – оқушылардың теориялық білімін кеңейтіп, толықтыра түседі және олардың жеке қабілетін дамыта түседі. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың қабілеті, икемі, дарыны, жеке ынтасы негізінде ұйымдастырылады және бірнеше салаға бөлінеді. Сыныптан тыс жұмыс барлық оқушыларға міндетті емес болуымен ерекшеленеді. Сыныптан тыс жұмыстардың негізгі ерекшеліктері: оның еріктілік принципінің негізінде құрылуында; оқушылардың бейімділігі мен мүддесінің дамуында; оқушылардың өздігінен жұмыс істеуге, зерттеп бақылауға іскерлік пен дағдымен қарулануында; оқушылардың өздерінің еңбекке деген қабілетін сынай алуында; оқыту мен тәрбиенің жалпы қоғамдық еңбек және кәсіптік бағдармен байланысына көмектесуінде; мұғалімнің негізгі материалдарды оқып білуге толықтырушы материалдар ретінде пайдалануында; сыныптан тыс жұмыстарда әртүрлі жастағы оқушылардың қатысуында т.б.

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- әртүрлі іс-әрекеттерде оқушылардың қабілетін, мүмкіндігін, бейімділігін, қызығушылығын айқындау;

- сыныптан тыс жұмыстардың түрлері бойынша әрбір баланың дамуы үшін жағдай жасау;

- оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру;

- балалардың шығармашылық қабілеті мен шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін дамыту;

- оқушылардың алған білімдерін жүзеге асыруға жағдай туғызу;

- балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;

- оқыту барысында қиындыққа тап болатын оқушылармен түзету жұмыстарын ұйымдастыру.

Сыныптан тыс жұмыстың міндеттерін анықтай отырып белгілі ғалым А.Ф.Родин: "Сыныптан тыс жұмыстың міндеттері - сабақ сияқты, бірақ басқа жолдар, өзгеше материалдар арқылы мақсатқа жетуге бағытталған" - деп тұжырымдайды.

Тәрбие салалары бойынша сабақтан және мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру бойынша З.Әбілова, Б.З.Ақназаров, Р.Д.Ержанова, М.Н.Кузьмина, Ж.Р.Аширова, С.Х.Нұрмағанбетов, Р.Овчинникова, Т.Қ.Жұманова, П.Қажығалиева, У.Жарқынбеков, Қ.И.Қаңлыбаев, Н.М.Сагитова еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Қазақстан мектептерінде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың теориялық жақтарын зерттеген ғалымдарымыз баршылық. Атап айтсақ, Б.Ы.Мұқанова, А.Н.Илиясова, Ә.Жұмақанов, Қ.Б.Бержанов, Ш.Әмірәлиев, З. Әбілова, Қ.Құнантаева, Б.З.Ақназаров т.б.

Сыныптан тыс жұмыстарының әдіс-тәсілдері саналуан. Солардың ішіндегі ең маңыздысы әдеби әдіс. Әдеби әдіс - яғни негізгі әрекет әдебиетпен, мерзімді баспасөзбен жұмыс болып табылады. Әдеби әдістің негізгі мақсаты - оқушыларды кітаппен, анықтамалықтармен, мерзімді баспасөзбен, құжатты материалдармен өзбетінше жұмыс істеуге үйрету.

Жұмыс табысты болуы үшін белгілі тақырып бойынша әдебиеттердің каталогы құрылады, мезгіл-мезгіл көрмелер мен стендтер ұйымдастырылады, аудан, облыс, қала газеттерінің тақырыптық мақалаларының альбомдары құрылады. Таңдалып жинақталған әдебиет материалдары баяндама, реферат, есеп, сипаттама, хабарлау түрінде жасалады.

Сонымен қоса статистикалық, математикалық әдістер, сауалнама, суретке түсіру т.б. әдістер жатады. Бұл аталған әдістердің барлығы өзара бір-бірімен тығыз байланысты.

Олимпиадалар баланы дамытуда маңызды орын алады. Олимпиада жеке пәндер бойынша кіші мектеп оқушыларына танымдық әрекеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Сондай-ақ, оқушылар өз білімдері мен қабілеттерін сыни тұрғыдан бағалауға және тексеруге мүмкіндік алады. Ол оқушылардың қоршаған ортаны тануда көптеген қажеттілік пен мүдделерді қанағаттандыруына жағдай туғызып, бағдарлама көздеген білімдерді тереңдетіп және оларды практикада қолдануға мүмкіндік береді, еңбексүйгіштікке, төзімділікке, жауапкершілікке тәрбиелейді. Олимпиадалар өзінің педагогикалық мәні жағынан мектеп пен өмірді байланыстыратын буын болып табылады.

Олимпиада – белгілі бір ғылыми сала бойынша оқушылардың интеллектуалды жарысы. Ол нақты білім мазмұнын анықтап қана қоймай, сол білімдерді шығармашылық ойлауды қажет ететін стандартты емес жағдайларда пайдалану болып табылады.

Олимпиаданың басты шарты – жаңа идеялар, жобалар, шығармашылық жұмыстардың қорытындысымен тәжірибе алмасу болып табылады.

Олимпиадалар тақырыбы санаулан болады. Олимпиадалар жергілікті жерді зерттеу бойынша ең жақсы озат тәжірибені таратуға, түрлі материалдарды жинауға, мұражайлар, бұрыштар құруға көмектеседі.

Олимпиадалар бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруға көмектеседі, елінің рухы биік патриоты болуға тәрбиелейді, практикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастырады, өсіп келе

жатқан жас ұрпақ денесін жетілдіреді, сабақ барысында алған білімдерін өмірімен тығыз байланыстырады. Олимпиадалар сыныптың, мектептің жұмысын қорытындылау мақсатымен жүргізіледі.

Олимпиада алдында оқушылардың өзіндік жұмыстары жүреді. Олимпиадаларға дайындық алдында ең алдымен оқушылардың белгілі бір білім саласы бойынша білім деңгейлері анықталады. Түрлі шығармашылық сипаттағы конкурстар ұйымдастырылады: постерлер, кластер құру, эссе, реферат, шығарма жазу, өлең, синквейн шығару, макет, гербарий жасау, кесте құру, сурет салу, белгілі бір тақырып көлемінде материалдар жинастыруды, әдеби кештер, конференциялар мен топсаяхатар, кездесулер, т.б. өткізу.

Олимпиадаларды өткізбестен бұрын қойылатын сұрақтар, әдебиет тізімі құрастырылады, жауаптар мен оларды бағалаудың талаптары жасалып бекітіледі. Олимпиадалардың өту мерзімі анықталады, әділқазы алқасы жұмыстары белгіленіп, бекітіледі. Олимпиада оқушылардың дүниетанымының қалыптасуына, олардың көзқарасының дамуына әсер етіп, оқу әрекетінің артуына көмектесуі үшін оқушыларды әдебиетпен алдын-ала таныстыру қажет. Сұрақтар мағыналы, мазмұнды, нақты болу керек.

Олимпиадалар тур бойынша өтеді: мектептік, аудандық немесе қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық. Турдан турға қарай берілетін тапсырмалар мен сұрақтар мазмұны күрделене түседі. Олимпиада соңында жеңімпаздар түрлі сыйлықтармен марапатталады.

Олимпиада қатысушыларына көмек ретінде мектептерге адын ала олимпиаданың мақсатын, міндеттерін, қойылатын негізгі талаптар мен шарттарын, әдебиет көрсеткіштерін белгілеп, барлық турларға ауызша және жазбаша жауаптардың сұрақтары жарияланып жіберіледі, кеңестер ұйымдастырылады.

Пәндік олимпиадалардың бірінші турында немесе кезеңінде барлық мектеп оқушылары қатысып, өздерінің білімдерін сынай алады. Яғни бұл кезеңнің тапсырмалары аса күрделі емес, қарапайым, қызығушылығы бар, бірақ үлгерімі нашар оқушыларға да қолжетімді болатындай етіп құрастырылуы тиіс. Оқушыларға берілетін тапсырма түрліше берілуі мүмкін. Көп жағдайда мұндай олимпиадаларды пән мұғалімдері өздері ұйымдастырып өткізеді.

Олимпиаданың екінші кезеңін арнайы білім басқармасының ұйымдастыруымен қаланың бір мектебінде өтеді. Бұл турға әдеттегідей, бірінші турдың жеңімпаздары қатысады. Олимпиада тапсырмалары бірінші турға қарағанда күрделі, шығармашылық, логикалық сипатта құрастырылады. Бірақ тапсырма мазмұны олимпиаданың алғашқы кезеңінің жалғасы ретінде болуы тиіс. Бірінші және екінші тур тапсырмаларының арасында байланыс болуы қажет. Бұл кезеңнің жеңімпаздары өздерінің іздемпаздығымен, даралығымен, шығармашылығымен ерекшеленуі тиіс.

Олимпиаданың келесі турлары мемлекет тарапынан ұйымдастырылады. Оған екінші тур жеңімпаздары қатысады. Турдан турға өткен сайын тапсырмалар мазмұны күрделене түседі. Оқушылардан тек шығармашылықты емес, сондай-ақ ғылымилықты, тапқырлықты, мобильдікті, ұшқырлықты талап етіледі.

Олимпиаданың соңғы кезеңінде жеңіп алған оқушы марапатталады, оқушы 11 сынып болса, кейбір жағдайларда белгілі оқу орнына грант негізінде жолдама алады.

Сонымен пәндік олимпиада сыныптан тыс жұмыстардың маңызды формасы болып табылады. Ол мектеп өміріне жарыс енгізеді, оқушыларды белгілі бір пән бойынша жемісті жұмыс істеуге ынталандырады. Сыныптан тыс жұмыстың мұндай формасы еліміздің ғылым мен білім саласын дамытатын дарынды оқушыларды айқындауға көмектеседі.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Мир природы и ребенок. Учебное пособие. Под ред. Л.М. Маневцовой, П.Г. Саморуковой. Санкт-Петербург: "Акцидент", 1998, 318 с.*
2. *Сыдықова М. "Қазақстан мектептерінде оқушылармен жүргізілген сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының дамуы (1940-1960 жж.)" Автореферат. Қазақстан Республикасы. Алматы, 2002.*
3. *Лихачев Б.Т. "Педагогика" 2000 г. 304 с.*
4. *Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев. Педагогика. Алматы, 1999 ж., 420 б.*
5. *Подласый И.П. "Педагогика Новый курс" книга М., 2000 г. с.576, 72-76 с.*

МРНТИ 14.25.09

Г.Ж. Омарова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 3-курс докторанты,  
Абай атындағы ҚазҰПУ,  
Алматы, Қазақстан

## КӨПТІЛДІЛІК ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІКТЕРМЕН ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Аңдатпа*

Еліміздегі жаңа білім беру реформасы «өмір бойы білім алу» үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді. Осы реформаға сәйкес жаңартылған білім мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылуда. Оқушылардың өзіндік ізденісіне, өз бетінше білім алуына мән берілген жаңа білім беру стандартында бастауыш мектеп оқушыларының әртүрлі анықтамалық-энциклопедиялық дереккөздермен (сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар) жұмыс істеу білігін қалыптастыру көзделген. Осы дереккөздердің ішіндегі сөздіктермен жұмыс көптілділікке үйретудің басты құралы болып табылады.

Мақалада көптілділік жағдайында бастауыш сынып оқушыларының тақырыптық сөздіктерді пайдалануының маңызы мен оның ерекшеліктері қарастырылады. Идеографиялық оқу сөздіктері тілүйренім үшін ерекше маңызды оқу құралдарының бірінен саналады. Идеографиялық сөздіктердің негізгі нысаны сөздердің тақырыптық бірлігі болып табылады. Осыған сәйкес мақалада жаңартылған бастауыш білім беру мазмұнындағы ортақ тақырыптар бойынша құрастырылған сөздіктермен жұмыстың тиімділігі талқыланады.

**Түйінді сөздер:** көптілділік, көптілді білім беру, бастауыш мектеп, жаңартылған білім беру мазмұны, лингвистикалық сөздіктер, аударма сөздіктер, идеографиялық сөздік, ортақ тақырып, тақырыптық үлгідегі сөздік, сөздіктермен жұмыс.

G.Zh. Omarova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>3<sup>rd</sup>-doctoral course specialty 6D010200 – Pedagogy and methods of primary education,  
Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan, gulnar-aidos@mail.ru

## THE IMPORTANCE OF ORGANIZATION WORK WITH DICTIONARIES FOR STUDENTS IN PRIMARY CLASSES IN THE CASE OF MULTILINGUISM

*Abstract*

The goal of the reform in our country to introduce updated learning content is the implementation of the lifelong learning model of education. It is aimed at training and developing a creative, critically thinking, multilingual person who knows how to apply language knowledge in life, capable of continuously improving the level of education. Within the framework of this reform, the role of trilingual education is strengthened through the use of various reference and encyclopedic sources in the process of teaching primary school students, which is noted in the new education standard of the Republic of Kazakhstan.

This article discusses the role, value and features of working with primary school students on the use of thematic dictionaries in the context of multilingualism, analyzes the feasibility of organizing the work of primary school students with dictionaries on common topics.

Particular attention is given to working with ideographic training dictionaries, which are the main sources in the study of languages.

**Keywords:** - multilingualism, multilingual education, primary school, content of updated education, linguistic dictionaries, translation dictionaries, ideographic dictionary, general topics, thematic dictionary, work with dictionaries.

Г.Ж. Омарова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>докторант 3-курса по специальности 6D010200 – Педагогика и методика начального обучения,  
КазНПУ имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан, gulnar-aidos@mail.ru

## РОЛЬ ОРГАНИЗАЦИИ РАБОТЫ СО СЛОВАРЯМИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ В УСЛОВИЯХ ПОЛИЯЗЫЧИЯ

*Аннотация*

Целью проводимой в нашей стране реформы по внедрению обновленного содержания обучения является реализация модели образования «обучение на протяжении всей жизни». Она направлена на обучение и развитие творческой, критически мыслящей, полиязычной личности, умеющей применять языковые знания в жизни, способной к непрерывному повышению уровня образования. В рамках этой реформы усиливается роль трехязычного образования, осуществляемого через использование в процессе обучения учащихся начальных классов различных справочно-энциклопедических источников, что отмечено в новом стандарте образования РК.

В данной статье рассматриваются роль, значение и особенности работы с младшими школьниками по использованию тематических словарей в условиях полиязычия, анализируется целесообразность организации работы младших школьников со словарями по общим темам.

Особое внимание уделяется работе с идеографическими учебными словарями, которые являются основными источниками при изучении языков.

**Ключевые слова:** полиязычие, полиязычное образование, начальная школа, содержание обновленного образования, лингвистические словари, переводные словари, идеографический словарь, общие темы, тематический словарь, работа со словарями.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының шет елдермен халықаралық байланыстарын дамытып, елімізді әлемдік аренаға шығару үшін көп тіл білетін жас ұрпақ тәрбиелеу қажет-ақ. Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кемі үштілді болуы, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруі тиіс. Еуропада көптілділік қалыпты нормаға айналған, біз де осы қатардан міндетті түрде табылуға тиіспіз. Ағылшын тілін кең тұрғыда білмей, ұлттың нағыз бәсекеге қабілеттілігі туралы айту қиын», - деген-ді [1]. Халықаралық қатынастар күннен-күнге ерекше көтеріліп жатқан қазіргі таңда дүние жүзінің әлеуметтік мәдени талап тілегіне орай бірнеше тілді қатысымдық құзыреттілікті дамыту күрделі міндеттердің бірі болып табылады. «Адам өмірінің шегі бар, ал білімнің шегі жоқ»-деп атап өткен Елбасы оқушы жастарды ғұмыр бойы білімнің тұңғығына терең үңілуіне шақырды. «Мен бүгінгі ұрпақтың үш тіл білуін қолдаймын. Мемлекеттік тіл – мемлекет құрушы ұлттық тілі, ал орыс тілін білу – ұлы байлық. Ағылшын тілі ілгерілеушілік пен технологиялардың тілі болғандықтан біз оны үйренуге тиіспіз. Ал қазақ тілі барлық Қазақстанды біріктіріп, жақындастырып өзара түсіністік пен сүйіспеншілікке жетелейді» [2], - деді. Ендеше, үш тілді білу - бүгінгі заман талабы.

Осыған сәйкес бастауыш мектептегі жаңартылған білім беру мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылуға бағытталған. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартында: «Үштілді білім берудің мақсаты көптілді тұлғаны – кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің алуан түрлі саласында үш тілде диалог жүргізе алатын, өз елінің мәдениетін бағалайтын, басқа елдердің мәдениетін түсінетін және сыйлайтын Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделеді» - делінген [3]. Бастауыш сыныптардың оқушыларына үш тілді сөйлесім әрекеті арқылы мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгерту, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру, олардың әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-қоғамдық, әлеуметтік-мәдени орталарда тілдік шектеуді сезінбей, өзін еркін ұстауына мүмкіндік туғызу – үштілділікке үйретудегі негізгі ұстаным болып табылады. Көп тілді тұлғаны қалыптастыру үшін оқу үдерісін ұйымдастырғанда, оқытудың ұстанымдары, мазмұны, әдіс-тәсілдері ерекше іріктеліп, оқытудың нәтижесі назарда ұсталғанда көп тіл білетін тұлғаның қалыптасуы мүмкін.

Көптілді тұлға қалыптастыруда тілдік пәндердің орны ерекше. Тілді бірден, біржола меңгеру мүмкін емес, ол үнемі өзгеріп отырады. Тілдік бірлікті бірнеше ықтимал түрден таңдау қажеттілігі тілді таңдау ұстанымдары арқылы реттеледі. Сондықтан оқушылар анықтамалық әдебиеттермен, лингвистикалық сөздіктермен жұмыс істеуі қажет. Бұл дереккөздер оқушылардың нақты ақпарат алуына және қолдануына ыңғайлы, оларға лексикалық бірліктер туралы дәл, ғылыми-сенімді ақпаратты тез және оңай алуға мүмкіндік береді. Оқушылардың өзіндік ізденісіне, өз бетінше білім алуына мән берілген жаңа білім беру

стандартының «Тіл мен әдебиет» білім беру саласында бастауыш мектептің 4-сыныбын бітіргенде «оқушы түрлі дерек көздерінен қалай ақпарат табуды біледі» деп, күтілетін оқыту нәтижелерінде атап көрсетеді [3]. Бұл өз кезегінде көптілді білім беру жағдайында оқушылардың әртүрлі сөздіктермен жұмыс істеу білігін қалыптастыруды талап етеді. Сөздіктермен жұмыс көптілділікке үйретудің басты құралы болып табылады.

Сөздік – сөздердің мағынасы, қолданылуы, жасалуы, басқа тілге аудармасы туралы мәлімет беретін және белгілі бір ұстанымға сәйкес орналасқан сөздер жиынтығынан (морфемалар, сөз тіркестері, идиомалар және т.б.) тұратын анықтамалық кітап. Сөздіктер шартты түрде энциклопедиялық және лингвистикалық болып бөлінеді. Энциклопедиялық сөздікте белгілі бір салаға қатысты ұғым, дерек, зат, құбылыстар сипатталса, лингвистикалық сөздіктер әліпбилік тәртіппен белгілі бір тілдің лексикасы және фразеологиясын түсіндіруді мақсат тұтады.

Ана тілі арқылы өзге тілдер меңгеріледі. Балалардың өз ана тілін толыққанды меңгеруін қамтамасыз ету мақсатында өтілген жаңа сөздерді саналы түрде қолдануға үйрету қажет. Осы бағытта қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерін пайдалану маңызды. Алайда бүгінгі таңда бастауыш сыныптарға арналған түсіндірме сөздіктер жоқтың қасы.

Лингвистикалық сөздіктердің ішінде көптілділікке үйретуде екі тілді не көптілді аударма сөздіктер жиі қолданылады. Аударма сөздіктер бір тілдегі сөздерді басқа тілдің балама сөздерімен беріп, ұлттар арасында сөз алмасу үдерісін, өзара қарым-қатынас жасауды дамытады. Аударма сөздіктердің екі түрі бар: оның бірінде белгілі бір шет тілдегі сөздер мен фразеологизмдер ана тіліне аударылып беріледі де, екіншісінде, керісінше, ана тіліндегі сөздер мен фразеологизмдер шетел тіліне аударылады.

Сөздіктерді құрастырғанда материалдың орналасуы басты назарда болады. Сөздіктерде негізінен сөздер әліпбилік ретпен орналастырылады. Материалдардың орналасуының әліпбилік емес ұстанымдарының ішіндегі бастысы лексикалық бірліктермен берілген ұғымдардың жіктелім жүйесін айқын көрсетуге жағдай жасайтын жүйелілік ұстанымы (логикалық жіктелім). Осыған сәйкес сөздіктер берілген сөздердің әліпби тәртібімен көрсетілуіне немесе сөздермен белгіленетін ұғымдар топтарының рет ретімен көрсетілуіне қарай екі түрге бөлінеді: әліпбилік сөздіктер, идеологиялық сөздіктер немесе ұғымдар сөздігі. Әліпбилік емес ұстаныммен жасалған идеологиялық сөздіктер идеографиялық сөздіктер немесе «тақырыптық» деп те аталады. Бұл сөздікте ұғымдардың жіктелу логикасы жасалып, сөздікке енгізілетін барлық сөздер осы жіктелу айдарымен орналасады. Идеографиялық сөздіктер қостілді және көптілді болып келеді. Идеографиялық оқу сөздіктері тілүйренім үшін ерекше маңызды оқу құралдарының бірінен саналады. Түсіндірме сөздіктердегі әліпбилік түзілім тәртібі тілдің лексикалық құрамын бейнелеудің сан ғасырлар бойы қалыптасып, тұрақтанған, ыңғайлы әдісі болып табылады. Алайда әліпбилік сөздіктерде лексикалық бірліктердің арасындағы жүйелі семантикалық байланыс толық көрініс таба алмайды. Сөздерді әріптердің орнына сәйкес әліпби, графика және орфография заңдылықтарына орай тізбелеп беретін сөздіктердің бір кемшін тұсы осы мәселеге байланысты [3]. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларына өзге тілдерді тез меңгеру ісінде тақырыптық сөздіктердің қосар үлесі зор.

Бастауыш сыныптағы жаңартылған білім мазмұны әр сынып бойынша ортақ тақырыптармен берілген. Осы тақырыптардағы түйін сөздерді үш тілде меңгерту барлық пәндердің тілдік мақсаттарынан көрініс табады. Тілді үйретуге арналған сөздіктің бір түрі ретінде идеографиялық сөздік лексикалық қорды оқу мақсатына сәйкес кешенді түрде сипаттайды. Идеографиялық оқу сөздіктерін түзуде лексикалық жүйені оқытудың әдістемелік аспектілері де ескеріледі. Атап айтқанда, оқыту кезеңі, жас ерекшелігі, білім деңгейі, оқу мақсаттары т.б. Бұл сөздіктің көлеміне, сөздік бірліктердің берілуіне, сипаттаманың әдіс-тәсілдеріне өз деңгейінде әсер етіп отырады. Тақырыптық үлгідегі оқу сөздіктерінде кез келген лексикалық бірліктер беріле бермейді. Онда нақты бір тақырып бойынша ұйымдасқан, шоғырланған мағыналы сөздер ғана түзіледі. Әр тарау өз ішінен тақырыпшалар мен шағын тақырыптарға жіктеледі. Сөздерді топтастыруда оның жүйелі сипаттары толық ескерілуі керек. Идеографиялық сөздік құрастыруда сөздердің тақырыптық және лексика-семантикалық байланыстарының маңызы зор. Сол себепті идеографиялық оқу сөздіктерін түзуде мағынадан тұлғаға қарайғы функционалды-семантикалық бағыт пен тілдік бірліктердің семантикалық жүйелілігі ұстанымына ерекше назар аудару қажет [4].

Тақырыптық сөздікте лексикалық бірліктерді іріктеу мәселесі орыс тіл білімінде И.П.Слесарев, П.Н.Денисов, В.В.Морковкин, Л.Г.Саяхова т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз болады. Сөздік бірліктерді тақырыптық жағынан топтастырғанда, тілдің коммуникативті, функционалды жағы ескеріледі. Сөздерді топтастырғанда, оларға тілдік факторлар емес, тақырып, сөйлеу ортасы сияқты тілден тыс факторлар қарастырылады. Сол себепті сөздердің ішкі, тілдік байланыстары тілден тысқары факторларды ескеріп

отыруы тиіс. Сөздік түзуде алдымен қажетті тақырыптар анықталып, кейін әр тақырыпқа қажетті сөздер нақтыланады. Идеографиялық оқу сөздікте сөздер тақырыптық, семантикалық тұрғыдан үйлесіп, ұйымдасып келуімен қатар ол сөздер әліпбилік тәсілмен өз ішінен саралануы мүмкін [5].

Сөздер тақырып ортақтығына байланысты жүйелеу жолымен іріктеледі. Түсіндірме, орфоэпиялық, орфографиялық сөздіктердің материалдары қосымша көз, көмекші материал ретінде пайдаланылады. Идеографиялық сөздіктердің негізгі нысаны сөздердің тақырыптық бірлігі болып табылады. Бастауыш сыныптарға арналған тақырыптық сөздік құрастырғанда жаңартылған білім беру бағдарламасында пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында берілген ортақ сегіз тақырып бойынша сөздік минимум жасау тиімді болып табылады. Мысалы, «Өзім туралы», «Менің мектебім», «Менің отбасым және достарым», «Бізді қоршаған әлем», «Саяхат», «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті», «Тағам және сусын», «Дені саудың жаны сау».

Идеографиялық сөздіктердің әртүрлілігін суретті сөздіктер құрайды. Мұнда берілген суреттердің сәйкесті атаулары екі немесе бірнеше тілде беріледі. Суреттер тақырыпқа сәйкес өмір шындығынан алынып (мысалы, бөлменің іші, дастархан басындағы отбасы, зауыттағы цех, көмір шахтасы, құс фермасы, спорт алаңы және т.б.) және осы суретке сәйкес атаулар үш тілде (айтылуы, жазылуы бойынша) беріледі.

Лексикографияда сөз мағынасын ашу мен сипаттау жолының мынадай аспектілері көрсетіліп жүр: бір топқа жататын сөздердің мағынасын бірдей үлгіде ашу; семантикалық жағынан өзара жақын сөздердің мағыналарын ашқанда, олардың ортақ және айырым мағыналарын жіктеп көрсету [6]. Мұндай ұстаным сөздіктегі тілдік материалды нақты бір жүйеде беруге және сөз мағынасын жан-жақты, толық сипаттауға мүмкіндік береді. Бастауыш сыныптарға арналған идеографиялық суретті сөздіктер құрастырғанда лексикалық минимумға іріктеліп алынған әрбір сөздің ана тіліндегі түсіндірмесімен қатар үш тілде де айтылуы, дұрыс жазылуы, оның сөз тіркесі, сөйлем ішінде қолданысының берілуі маңызды.

Идеографиялық оқу сөздігінің тілдік жүйені меңгертудегі орнын арнайы зерттеген Э.Ә.Иісова лексика-семантикалық топтардың берілуіне байланысты идеографиялық сөздіктердің төмендегідей өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді:

– сөздіктің негізгі мақсаты – тілді оқыту міндетіне сәйкес тілдің лексика- семантикалық жүйесін (лексика- семантикалық топ жиынтығын) нақты бейнелеу; сол себепті сөздік негізгі лексика-семантикалық топтар мен олардың өзара иерархиялық байланысын қамти отырып, оқу мақсатына сәйкес лексика-семантикалық топтарды іріктейді;

– сөздерді лексика- семантикалық топтарға біріктіре отырып, тұтас бірліктер түзеді, онда сөздер, тұтас дүниенің бөлшегі ретінде қызмет етіп, сөздік қор жүйелі түрде меңгеріледі;

– сөздерді семантикалық негізде жүйелей отырып, идеографиялық сөздіктер адам жадында сөз бірліктерінің сақталу тәсілі мен сөз қолданыстың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келетіндіктен, қажетті сөзді тез табуға мүмкіндік береді [7];

Бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. «Қазақ тілі» пәнінің бағдарламасында оқылым дағдысы бойынша түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу бөлімшесінде «иллюстрациялық материалдар, анықтамалықтар, сөздік, энциклопедиялардан берілген сұраққа жауап болатын ақпаратты табу» оқу мақсаты беріліп және ол әр сынып бойынша күрделеніп отырады [8].

Бағдарламаға сәйкес жасалған жаңа оқу-әдістемелік кешен оқушылардың білімді белсенді, өз бетінше игеру формаларына және түрлі ақпараттармен жұмыс істеуіне негізделген. Жаңартылған білім мазмұны бойынша дайындалған оқулықтардағы тапсырмалар мен жаттығулар механикалық есте сақтаудан нұсқауларды орындауға қарай, негізгі бағыты ақпаратты табуға, жаңа нысандар мен үдерістерді модельдеуге, ережелерді түсіну және қорытып шығаруға, алдына әр түрлі міндеттерді қойып, өз бетінше жоспарлауға және өз әрекетін реттеуге жетелейді.

Оқушыда сөздіктермен жұмыс істеу үшін, алдымен олардың түрлері мен қажеттілігі, құрылымы, ақпараттың берілу ерекшелігі туралы білімі болуы шарт. Сөздіктердің әртүрлілігін бағдарлай отырып, қажеттісін анықтау, одан керек ақпаратты табу, лингвистикалық ақпараттардың берілу жолдары мен құралдарының лексикографиялық басылымдардағы ерекшеліктерін қабылдай білуі керек.

Сөздіктермен жұмыс бастауыш сыныптың барлық пәндерінде жүргізіледі, себебі әр пәнде берілетін жаңа ақпараттармен қатар жаңартылған білім мазмұнында оқушылардың тілдік құзыреттілігіне басымдық беріліп, оқу жоспарында барлық пәннің тілдік мақсаттары, пәнге қатысты лексика мен терминологиясы айқындалған және ол үштілділік саясатын жүзеге асыруға бағытталған.

Оқушылардың сөздіктермен жұмыс істеуі бастауыш сыныптан күтілетін оқыту нәтижелеріндегі жаңа талап деп те айта алмаймыз. Себебі бұрынғы бағдарламаларда арнайы қарастырылмағанмен, орфографиялық, түсіндірме сөздіктермен жұмыс тілді оқытудың бастауыш сатысында жүргізіліп келеді.

Алайда оқушыларды сөздіктермен өз бетінше жұмыс істеуге үйрету тиімділігі төмен болып отыр, бұған мектеп түлектерінің, тіпті жоғары оқу орнына келген көпшілік студенттердің лексикографиялық дереккөздерге жүгінетін тапсырмаларды өзбетінше орындауға қабілетсіздігі дәлел болады.

Бастауыш білімнің мемлекеттік стандартының өзгертілген жаңа нұсқасында алуан түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар қатарында қойылғандықтан, енді ғана осы жұмысқа көңіл бөлініп отыр. Оқулық авторлары жаңартылған білім мазмұнын меңгеруде тұлғалық, пәндік нәтижелерді қамтамасыз етудегі ролін аша отырып, білім беру үдерісінде дереккөздерді жүйелі пайдаланудың қажеттілігін негіздейді.

Осыған сәйкес «Қазақ тілі» оқулықтары да жаңартылған білім беру стандартының талаптарымен әртүрлі лингвистикалық сөздіктер, анықтамалық энциклопедиялар қарауды қарастырады. Жаңартылған білім беру аясында жарық көрген «Қазақ тілі» оқулықтарының мектеп тәжірибесіне енгізілуі олардың сапалық көрсеткіштерінің айғағы. Бастауыш сынып оқушыларының ұғымына қиын тиетін сөздердің, тіркестердің оқулықта кездесетіні сөзсіз. Дамыта оқыту идеясына негізделіп жазылған «Қазақ тілі» оқулығындағы жаттығулардың көпшілігінде бала ұғымына қиындық келтіретін сөздер, сөз тіркестері баршылық деуге болады. Оны оқулық авторлары ескеріп, біршамасын оқулықтағы түсіндірме сөздікке енгізген және оқушылардың өз бетінше дереккөздерден тауып, біліп алуына тапсырма береді.

Мағынасы бала ұғымына қиындық келтіретін сөздердің әрқайсысының сөздігін шұбыртып, оқулықтың аяғына беруді оқулықтың ауқымы да, мақсаты да көтермейді. Алайда оқу барысында мұндай сөздерді оқушы игеріп отырмаса, мәтіндерді балалар дұрыс, толық қабылдай алмайды, сәйкесінше тілі дамымайды. Әрбір түсіндірілмей қалған жеке сөз болашақта баланың сөздік қорының молаюына кесірін тигізеді. Оқушылар көптеген сөздердің мағынасын біле бермегендіктен белгілі бір қиыншылыққа тап болады. Оқулықта қажет ақпараттарды түрлі дереккөздерден өз бетінше іздеуге тапсырмалар беріледі. Осы арқылы оқушыларды кездескен проблеманың шешімін табуға жетелейді.

Қазақ тілі сабақтарында сөздіктерді пайдалану мүмкіндігі оқушыларға тіл туралы өз білімдерін толықтыруға, қарым-қатынаста лексикалық қиындықтарды еңсеруге мүмкіндік береді. Сөздіктермен жұмыс оқушылардың сөздік қорына келіп қосылған ұғымдарға қозғау салып, оларды үнемі жаңғыртып, толықтырып отырады. Бала өзінің ана тілінде сөздің мағынасын толық түсінгеннен кейін ғана оны өзге тілде меңгереді. Ендеше бастауыш мектептен бастап оқушылардың сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыруымыз керек.

Бастауыш сыныптарда сөздіктерді пайдалану арнайы зерттеу нысанына айналмаған тың мәселелердің қатарында. Көптілділікке үйретуде бастауыш сыныптың жаңартылған мазмұнындағы ортақ тақырыптар бойынша жасалған тақырыптық сөздіктердің берері мол. Сол себепті бастауыш сыныптарға арналған тақырыптық үлгідегі оқу сөздігі құрастырылып, бастауыш сынып оқушыларының сөздіктермен жұмыс істеу білігін қалыптастыру бағытында тәжірибелік жұмыстар жүргізілуде.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында сөйлеген сөзі. Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр. –Астана қаласы, 2015 жылғы 23 сәуір. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) (Қаралған күні: 02.02.2019.)

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз. -Астана, 2011 жыл, 28 қаңтар. (Қаралған күні: 12.02.2019.)

3 Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. –Астана, 2018. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1800016989>

4 Мұханбетжанова А.Р. Екі тілді идеографиялық оқу сөздіктеріне қойылатын дидактикалық талаптар. [ksu.edu.kz/files/nauka/20\\_m\\_hanbetzhanova\\_a\\_r.pdf](http://ksu.edu.kz/files/nauka/20_m_hanbetzhanova_a_r.pdf)

5 Саяхова. Л.Г. и др. Иллюстративный тематический словарь русского языка. – Москва: Рус.яз., 1989. -314 с.

6. Исламова А. Шетел сөздерінің лексикографиялық деректерде берілу жолдары // Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ- түрік университетінің хабаршысы. – 2008. № 2. 3-7 б.

7 Иісова Э.Ә. Идеографиялық оқу сөздігінің тілдік жүйені меңгертудегі орны. фил. ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. –Алматы, 2009. -27 б.

8 Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2018 <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1800016989>

## ҚҰТТЫҚТАУЛАР

### Серғазы Қалиұлы – 90 жаста

Қазақстан педагогика ғылымдар академиясының толық мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Серғазы Қалиұлы 90 жылдық мерей тойыңыз құтты болсын!

Серғазы Қалиұлы ұлттық педагогика ғылымының негізін салған ғалымдардың бірі. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында ұлттық білім беру мен ұрпаққа тәрбие берудің негізгі ғылыми жүйесін қалыптастырды.

1992 жылы «Үздіксіз тәрбиенің тұжырымдамасын» ұлттық тәрбие негізінде дайындап, соның негізінде үздіксіз білім беру жүйесінде тұлғаға бағдарланған тәрбие жүйесі іске асты.

Түркі жұртының 14 ғасырлық тарихын қамтитын «Қазақтың ой - пікірлер Антологиясын», «Қазақ тәлімдік ойлар Антологиясын» құрастыруы да ғалымның ұлттық ғылымның дамуына қосқан іргелі үлесі деп бағалауға болады. Тарихтың терең қойнауына еніп, үш мың жылдық тарихтын қилы - қилы кезенің қамтыған, терең сыр шертетін тарихи құнды еңбек. Ұлтымыздың парасатты, таңғажайып өсиетін, тілінің күдіретті қасиетін зерделеуде Антология ғылыми ізденушілерге де, мектеп мұғалімдері, жоғары оқу орындағы профессор-оқытушы қауымына және студенттер, магистранттар, докторанттарға аса қажетті құнды дерек көзі болып табылады.

Ғалым халықтық педагогика мен қазақ этнопедагогикасының дамуының ғылыми теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындауда үлкен үлес қосты. «Қазақ тәлімінің тарихы», «Қазақтың тәлім - тәрбиесі», «Қазақ халқының салт- дәстүрлері», «Қазақтың халықтық педагогикасы», «Қазақ этнопедагогикасы», «Этнопедагогика», «Педагогика тарихы», «Оқушылардың тұлғалық қасиетін дамытудың педагогикалық негіздері», «Үлгілі үйдің ұл қыздары» т.б. ғылыми еңбектері ұлттық ғылымның дамуына қосқан құнды еңбектер болып табылады.

«Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы» атты еңбегі үздік ғылыми зерттеулер үшін Б.Алтынсарин атындағы І – ші дәрежелі сыйлыққа ие болды.

Ғалымның ұзақ жылдық ұстаздық және ғылыми еңбектері арқылы қазақ елінің дамуына қосқан өзінің қайталанбас қолтаңбасын көруге болады. Педагогика ғылымының Апостолы, бар саналы өмірін оқу - ағарту саласы мен педагогика ғылымының дамуына арнаған Серғазы Қалиұлына зор денсаулық, ұзақ өмір, шығармашылық табыс, қаламыңыз қажымай, бақытты қарттықта 100 келіңіз демекпіз.

**Құрметпен, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Педагогика кафедрасы**





**Педагогика ғылымдарының докторы, профессор  
Сақыпжамал Асқарқызы Ұзақбаева – 70 жаста**

Қазақ халқы қашанда ұрпағының толыққанды тұлға болып қалыптасуына атсалысып жырлары, ертегілері, салт-дәстүрі арқылы бала кезінен ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп отырған. Осы сабақтастықты үзбей жалғастыруда педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей халықаралық педагогика ғылымдары академиясының академигі **Ұзақбаева Сақыпжамал Асқарқызының** орны ерекше.

Профессор С.А. Ұзақбаеваның «Тамыры терең тәрбие», «Қазақ халық педагогикасы», «Қазақ этнопедагогикасы: тәлімдік тағылым-дар», «Этнопедагогика» және т.б. ғылыми еңбектерінің бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне берері мол.

Тумасынан музыка өнеріне жақын, ұлы Абай мен Мұхтардың, Шәкерім, Әнет бабамыз өмір сүрген топырақтан нәр алған Сақыпжамал Асқарқызы қазақ елін әлемге танытқан «Айгүл» вокалды ансамблін ұйымдастыруда және оның қызметінің дамуына, халықаралық деңгейде танымал болуына қосқан үлесі ерекше екені белгілі.

Еліміздегі педагогика ғылымы саласы бойынша ғалым-педагогтарды дайындаған Сақыпжамал Асқарқызы ғылымының биік төрінен орнын алып, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған тұлға.

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, Сақыпжамал Асқарқызына «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік атқтың берілуі, оның көп жылғы зерттеушілік, ғылыми, басшылық қызметінің, халыққа тынбай еңбек етуінің, шәкірттерінің сүйікті ұстазы болуының жоғары нәтижесі. Өмір деректеріне тоқталған сайын оның еліміздің білім беру ісінің дамуына қосқан табысты еңбегін көреміз. Қазақ қызы деген атауды биік деңгейде ұстай отырып, педагогика ғылымы саласы бойынша айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген ғалымдардың бірі.

Еліне жасаған қызметі мемлекет тарапынан марапатталып, еліміздің және өзі қалыптастырған ғылыми мектебінің құрметіне, алғысына бөленген қайраткер. «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Ы.Алтынсарин» төс белгісімен, ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі тарапынан «Мәдениет қайраткері» құрмет белгісінің берілуі профессордың алған асуын айқындай түседі.

Еліміздің түрлі жоғары оқу орындарында атқарған кәсіби қызметіңізде, Сіз отандық педагогика ғылымының дамуы мен жоғары білікті мамандарды даярлауға өз үлесіңізді қосуды жалғастырып келесіз.

Құрметті Сақыпжамал Асқарқызы, Сізге зор денсаулық, шығармашылық шабыт, ғылымдағы жетістіктеріңіздің мол болуына тілектеспіз!

**Құрметпен, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті  
Педагогика кафедрасы**

**ҰСЫНЫСТАР ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**